

«Мықты, пайғамбарлық, шабыт беруші кітап».

Кристин Кейн, «A21» компаниясының және
«Propel Women» қызметінің негізін қалаушы

Теңдессіз, қайталанбас өзіңді
қабылдап, адамдар қамығатын,
бір-біріне еліктейтін ғасырда
өз мақсатыңды орында

БӘСЕКЕДЕН ТЫС

**ЛИЗА
БИВЕР**

«Ана арыстанның оянуы» және «Семсер ұстаған қыздар»
атты бестселлер кітаптардың авторы

Қымбатты құрбым,

Сіз – Құдайдың бірегей жаратылысысыз. Мықты, мақсатқа ұмтылған әйел болу үшін жаралдыңыз. Алайда, көбіміздің өмірі абыржу мен сенімсіздікпен өтті. Өзімізді басқалармен салыстыра беріп, тыныштық пен қуанышымыздан айырылдық.

Орнымыздан тұрып, бәсекеден тыс, сұлулығымызды жасырмай, күшімізден қорықпай, абырой жинап, ықпал етіп өмір сүретін кез келді. Мәсіхпен тығыз байланысқан сіз шынымен кімсіз? Ажарыңызда үміттің нұры бар. Қызметте адалсыз. Не істесеңіз де, сүйіспеншілікпен істей аласыз. Жаңа болмысыңызды табыңыз.

Бұл үлкенді-кішілі әпкелерім мен сіңлілеріме арналған үндеу. Сізге тіл қату, құрбым, әпкем, сіңлім, мен үшін үлкен мәртебе. Осы кітап сізге жарылқау болсын. Дос-туысқандарыңызбен осы тәлімді бөлісе отырыңыз. Бұл менің сыйлығым!

Батылдықпен, сүйіспеншілікпен, құлшыныспен өмір сүріңіз!

Игі тілекпен,



Лиза Бивер
LisaBevere@ymail.com



«Мықты, пайғамбарлық, шабыт беруші кітап».

Кристин Кейн, «A21» компаниясының және
«Proel Women» қызметінің негізін қалаушы

Теңдессіз, қайталанбас өзінді
қабылдап, адамдар қамығатын,
бір-біріне еліктейтін ғасырда
өз мақсатыңды орында

БӘСЕКЕДЕН ТЫС

**ЛИЗА
БИВЕР**

«Ана арыстанның оянуы» және «Семсер ұстаған қыздар»
атты бестселлер кітаптардың авторы

Without Rival by Lisa Bevere, Kazakh
© 2024 Messenger International
MessengerInternational.org
Originally published in English as Without Rival

Additional resources in Kazakh by John and Lisa Bevere are available for free download and video streaming at **MessengerX.com** and on the **MessengerX**
To contact the Author: LisaBevere@ymail.com

This book is a gift from Messenger International and is
NOT FOR SALE

Бәсекеден Тыс, қазақша, Лиза Бивер
© 2024 Messenger International
MessengerInternational.org
Түпнұсқада ағылшынша Without Rival атымен басылып шықты

Қазақ тіліндегі қосымша материалдарды **MessengerX.com**-да және **MessengerX** қосымшасында тегін қарауға және жүктеп алуға болады.
Автормен байланыс: LisaBevere@ymail.com

Бұл – Messenger International қызметінен сыйлық. САТУҒА
АРНАЛМАҒАН.



App Store АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі болып табылады.

Google Play мен Google Play логотипі Google LLC компаниясының сауда белгісі болып табылады.

Қымбатты құрбым!

Сіз — Құдайдың сүйікті қызысыз. Көктегі Әкенің сіздей басқа перзенті жоқ. Дәл қазір сізге бұрын соңды болмаған керемет хабар мен уәде тапсырылып отыр. Бұл қобалжитын да, қорқатын да сәт. Сондықтан жүрегіңізде батыл сүйіспеншілік, берік сенім және шексіз үміт болсын.

МАЗМҰНЫ

1. Бәсекеден тыс тұлға	1
2. Құдайдан басқа тәңір жоқ.....	17
3. Бәсекеден тыс уәде.....	39
4. Салыстыра көрмеңіз!.....	63
5. Басқалар сізге бәсекелес ретінде қарағанда	81
6. Адам жынысы бәсекеге түспейді	105
7. Қорқыныш пен сүйіспеншілік арасындағы бәсеке	135
8. Терең құдықтар мен тілек құдықтары.....	155
9. Бәсекелесі жоқ Құдайдың қызы	177
10. Бәсекесіз өмір	199

Бәсекеден тыс тұлға

«Әрқайсымыз кім бола алатынымызды білеміз. Сондай адам болуға шабыт беретін кісіні кездестіру — ең үлкен қалауымыз».

РАЛЬФ УОЛДО ЭМЕРСОН

Бәсекелесіңіз болып па еді?
Спорттағы жолдастық жарысты айтып отырған жоқпын. Кішкентай балалардың ата-анасының назары үшін таласатынын да айтып тұрған жоқпын.

Мен бұдан салмақты қарсыласты айтамын. Бұл дос немесе отбасы мүшесіне мүлдем ұқсамайтын қарсылас. Майданда ол тек жеңіске жетуді емес, бәсекелесін жоюды көздейді.

Сіз армандаған өмір бәсекеден тыс болса ше? Ойыннан шығу үшін жеңілудің қажеті жоқ болса ше? Мүлде ұтыла алмайтын болсаңыз ше? Өзгеше ойлап қана қоймай, өзгеше өмір сүрсеңіз ше?

Көп жыл бұрын бір қызық кітап оқыдым. Автордың айтуынша, дүниенің ақыры қоғамның ыдырауынан басталады (басқа планетадан келген жаудан емес). Кітапта әлемнің болашақта екіге бөлінетіні жазылған. Екі қарама-қарсы пікірді жақтайтындар

өздерінен өзгеше ойлайтындарды жек көретін болады. Осындай алауыздық кезде адамдардың арасына одан сайын жік салып, жағдайды ушықтырып жіберу оңай. Ақырзаманға әкелетін соғыстың осылай басталуы ғажап емес.

Мұндай шамадағы кез келген жүйелі бөлініс аздан басталады. Жүрегі жаралы жандар алдымен Құдайдан ем іздемей өз отбасыларын құрса, ол жаралар балаларына зардабын тигізбей ме? Адамды әуелі өзіне, сосын өзгеге қарсы тұрғызу үшін оның сана-сезімі мен ерік-жігерін қинап, жалған нанымдарды тарататын күштер бар.

Жан-жақтан үнемі не естиміз? «Басқалар сияқты табысты, жас, ақылды, пысық, бай емессің». Қазіргі дүниеде өмір сүріп, осындай әсер алмау қиын. Әлем бізді өз айтқанына көндіргісі келеді. Өз күткенін бізге орындатқысы келеді. Бірақ оны тыңдасаң, не істесең де жеткіліксіз. Бұл шексіз жарыстан құтылғымыз келеді, өйткені адамның табиғаты сондай. Күнделікті күйбеңдеген тіршілік пен әрдайым жеткіліксіздік сезімінен әбден шаршағанда, кейбіреулер әлемнің ырығына көніп, бейімделе бастайды, ал басқалары шабуылдан қорғанбақ болып, айыптай бастайды.

Біреудің бізді мінегенін сезсек, басқаларға үкім шығарамыз.

Біреу бізді ұятқа қалдырса, басқаларды масқара қыламыз.

Өзімізді жақсы көрмесек, басқаларды жек көреміз.

Біреу біздікін тонап жатқандай болса, басқаның затын тартып алуға дайынбыз.

Мұнда ешкім ұтпайды, бәрі ұтылады. Өмір Пауыл айтқандай болса ше?

«Құдайға ұнамды өмір сүріп, барға қанағат ету зор рухани байлыққа жеткізеді» (Тім. 1-х. 6:6).

Құдайға ұнамды өмір сүру дегеніміз – Құдайдың көзқарасын қабылдай алу. Иеміздің басқаларға деген көзқарасын қабылдасақ, Оның бізге деген көзқарасын да қабылдай аламыз.

Ішкі қанағат пен жайлылық сезімі надандық туғызбайды,

керісінше еркіндікті босатып шығарады! Сізді азаптайтындардан аулақ болыңыз. Жаратқанның назары бізде, сондықтан біз Оған қарай аламыз.

Сонда не болмақ?

Өзіңізге жат нәрсе үшін күресудің орнына... әуел бастан сізге арналған нәрсені таба алатындай күшке ие боласыз.

Бұл кітап күнделікті күйбең тірліктің зиянын ашып көрсетсе екен деп тілеймін. Сізге ештеңе әкелмейтін бәсекеде ұтудың орнына, нағыз соғыста жеңуге дайындалғаныңызды қалаймын. Жаныңыз бекініске ұқсас әрі ол үшін нағыз шайқас жүріп жатыр. Әлемде өз орныңызды алатын кез келді. Өтірік пен жалғанды әшкерелеп, шын мәнінде кім екеніңізді білейік.

Жоғалып табылған

Үйде ит ұстағанды ұнатамын. Жақында Оңтүстік Кореяға іс-сапармен кеткенімде, сүйікті итіміз Тиа жоғалып кетті. Жұмысшылардың бірі алдыңғы есікті мықтап жаппаған шығар. Тиа жайлы үйдің жылуын тастап Колорадодағы суық қыста көшеге шығып адасып кетті. Неге екені белгісіз, итіміз сол түні үйге қайтып келе алмады. Тианы көрген бір мейірімді көршіміз ит қыстың аязында далада қалмасын деп үйіне әкелген екен, ал таңертең оны жануарлар үйіне апарған.

Тианың мойнына қарғы тағылған еді. Бірақ оның пайдасы шамалы, себебі қарғыға жазылған телефон нөмірі ескірген. Оның үстіне, итке алынған лицензияның мерзімі өтіп кетіпті (кешіріңіз, мен иттерге лицензия бір рет беріледі деп ойладым). Міне, Тиа – үйі бар сүйікті итіміз, бірақ ол үйінің қайда екенін не түсіндіре алмайды, не құжаттарын көрсете алмайды.

Оңтүстік Кореяда жүргенімде, жағдайдан бейхабар едім. Мені шетелде уайымдамай жұмысын істетін деп, ұлдарым Тианың жоғалғанын айтқан жоқ. Бірақ, әрине, үйдегілердің бәрі күйгелектеніп бітті. Итті іздеп барлық жерді шарлап шықты, бірақ

Тиа еш жерден табылмады. Тианы жыртқыштар жеп қойды ма деген ой да келе бастады. Ақырында, олар біреудің кеңесіне құлақ асып, жануарлар үйін тексеруге барды.

Ұлым Остин Тианы көргенде, біздің ит екенін нақты біле алмады. Бұл шытырман оқиғадан Тиа қатты әсер алып қалса керек, иегесін көрсе де, еш қуанған жоқ. Торының бір шетінде бүрісіп, бір уыс болып дірілдеп отыр. Остин итіміздің баспанада қалған күндерінің ақысын төледі: ақшасы жақсы қонақүйде тұрғанмен бірдей болды. Сондай-ақ ұлым бірнеше үлкен айыппұл өтеуге мәжбүр болды (мерзімі өткен лицензияның жазасы ауыр екен). Тиа үйге қайтып келді.

Мен үйге оралып, болғанның бәрін естігенде, біраз қобалжыдым. Ұлдарыма емес, итімізге бола. Тиа бізбен бірге тұрғанына он жылдан асты, ол бірінші рет үйден қашып кетіп, өз бетімен оралмады. Ойлана бастадым...неге қазір? Катааракта оның көру қабілетін әлсіреткен бе? Әлде егде жасынан ба? Тиа мені іздеп шығып кетті ме?

Ақырында итіміздің неге кеткені маңызды емес. Ол үйге баратын жолды таба алмаса да, отбасымыздың мүшесі болып қала береді. Іздестірдік, айыппұл төледік, лицензияны жаңарттық. Тиа әлгі жаман тордан босатылып, төсегімізде менің аяқ жағымдағы орнына оралды. Бір түнге жоғалып кетуі сүйікті итімді өзімнен айыруға себеп емес.

Бұдан қандай ой шығаратынымды түсініп отырған шығарсыз. Егер біз (кемшіліктері жетіп жатқан қарапайым пенделер) иттеріміз үшін сонша қам жесек, Көктегі Әкеміз біз үшін не істемейді? Өзіңді тану жолындағы бірінші қадам – Жаратушы үшін кім екеніңді түсіну. Жоханның бірінші хаты Құдайдың бізге, оның балаларына деген көзқарасын ашады.

«Әкенің бізге деген сүйіспеншілігі қандай зор: Құдайдың рухани балалары деп аталамыз және нақ солаймыз да! Осы күнәлі дүние кім екенімізді білмейді әрі бізге байыппен қарай

алмайды, себебі ол не Құдайды, не Оның ниетін білген жоқ»
(Жоханның 1-хаты 3:1, «The Message» аудармасы).

Құдайдың керемет сүйіспеншілігі туралы ойланып көрейік. Ол таң қалдырады, жүректі баурап, көңілді толқытып әкетеді. Құдайдың сүйіспеншілігі күнделікті және табиғи шындыққа мүлдем қарама-қайшы. Оның тереңдігін айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл ғажайып махаббаттың жалғасы бар. Әлдене сатып алсақ, оған қоса сыйлық берілсе, қуанамыз. Ал менің айтып отырғаным одан да жақсы, өйткені бұл сыйлықтың үстіне берілген сыйлық тәрізді. Бізге құтқарылу берілді. Құдай біздің бұзылған күйімізді, торға қамалып, бос діндар қоғамның бір бұрышында тығылып жатқанымызды көрді де, құтқарылудың құнын төледі. Иеміз мұнымен тоқтаған жоқ. Ол бізді Өзіне тартты, лицензиямызды жаңартты және бізді Өзіне жақын қылды. (Кірімізден тазармай тұрып осының бәрін істеді!) Сіз шынымен Құдайдың отбасына жатасыз. Ол балаларының әрқайсысын қатты жақсы көреді. Сонымен бірге Оның әрбірімізге деген махаббаты ерекше.

Бірдей ме, бірегей ме?

Адами болмысымызда әділеттікке деген ұмтылыс бар. Біз бәрін әділ етуге тырысамыз. Осы әдетімізбен Құдай бәрімізді бірдей жақсы көреді деп ойлауға бейімбіз. Бұл құлаққа жағымды естілсе де, жеткілікті күшті дегенді білдірмейді. Бірдей десек, бір біріміздің орнын ауыстырса, ештеңе өзгермейді деген сөз. Яғни бізді басқа біреу оңай алмастыра салады. Келесі мысалдағыдай болады: «Қап, өткен аптада жаңа ыдыс-аяқ сатып алып едім, бір кесесі сынып қалды. Дүкенде тура сондайы әлі бар шығар, тағы алармын». Немесе мен айтқан әңгімеде былай болса ше: «Он жылдан астам ұстаған итім қашып кетті. Жарайды, ештеңе етпейді. Дәл сондай итті сатып аламын да, тура солай жақсы көремін».

Жоқ, мен үшін мәселе олай емес. Құдай үшін де олай емес. Неге екенін айтайын.

Бір күні түстен кейін аздап мызғып алайын деп төсекте жантайдым. Өйткені, жұмыс істеп отырып, компьютердің алдында қалғып кетіппін. Бір кезде селк ете қалып оянып кеттім. Басымды көтеріп қарасам, «т» әрпін басып сегіз бетті толтырып қойғанмын.

Сол кезде біраз демалғаным жөн дедім. Сөйтіп, жанымда жатқан итті алып, жатын бөлмеге бардым. Енді ұйықтап бара жатқанда Киелі Рұхтың: «Мен балаларымды бірдей жақсы көрмеймін» деп сыбырлағанын естідім. Ұйқым шайдай ашылды. Бұл жаман ой қайдан келді? Өз ойымнан шошып, «Бізді бірдей жақсы көруің керек, әйтпесе бұл әділ болмайды» дедім.

Менің наразылығыма бірден жауап келді: «Жоқ, олай емес. Барлығына *бірдей сүйіспеншілік* дегеніміз — өлшеуге болатын



**Мен
балаларымды
бәрін бірдей
емес,
әрқайсысын жеке
ерекше жақсы
көремін**

сүйіспеншілік. Бірақ Менің махаббатымды өлшеу мүмкін емес. *Бірдей* деген сөз – басқа біреумен алмастыруға болады дегенді білдіреді. Менің балаларымның орнын басқа біреумен ауыстырып қоюға болмайды. Менің жүрегімде бөлек-бөлек орындар жоқ. Ондағы ешкім басқаны ауыстыра алмайды, басқа біреудің орнын ала алмайды. Енді түсінесің бе, Мен Өз балаларымды бірдей сүймеймін, әрқайсыңды ерекше сүйемін».

Терең тыныс алып, келесі сөйлемді баяу оқып шығыңыз. *Құдай барлығымызды бірдей емес, әрқайсымызды өз алдына ерекше жақсы көреді.* Маған сенсеңіз болады, бірдейінен бірегейі артық.

Екі немесе одан көп балаңыз болса, не туралы айтып жатқанымды түсінесіз. Отбасыңызда екінші бала, содан кейін үшінші бала дүниеге келгенде, махаббатыңыз олардың арасында бөлінген жоқ. Керісінше, бірнеше есе көбейді. Бұл ата-ана жүрегінің керемет қабілеті. Бар күшіңді салсаң да, балаларыңның әрқайсысына деген сүйіспеншілік сезімін өлшеу мүмкін емес.

Жүректің күшін кім өлшей алады? Әр балаға деген махаббат ерекше. Әрқайсысы ата-аналық махаббатыңды өзгеше оятады. Бір қызығы, екі балаңыздың мінезі қарама-қарсы болса да, екеуін де дәл сол ерекшеліктері үшін жақсы көресің. Мысалы, тәп-тәтті қыз немерем бар. Бір орында отыра алмайды, күні бойы жүгіріп, секіріп, ойнап жүре береді. Оның ағасы, бірінші немереміз, өте сабырлы, зейінді, сезімтал бала. Мен екеуін салыстырмаймын. Олардың өмірге деген әртүрлі көзқарастарын жақсы көремін және ерекше бағалаймын. Екеуінің бұл дүниеде бірдей болғанын қаламас едім. Жүрегімде біреуі екіншісінен үлкен орын алмайды. Екі немеремді толығымен және айрықша жақсы көремін.

Бірдей дегеніміз, сонымен қатар, Құдайдың сүйіспеншілігінің өлшене алатынын және өлшенгенін білдіреді. Бірақ бұл мүлде олай емес. Құдайдың сүйіспеншілігі шексіз. *Бірегей* махаббат әлдеқайда терең. Сіздей бір ғана кісі бар! Маған Августиннің айтқан мына сөзі ұнайды: «Құдай әрқайсымызды, сүйетін басқа ешкімі жоқтай, жақсы көреді».

Көктегі Әкенің сүйіспеншілігі адамның сүйіспеншілігіндей емес. Қамқор ата-ана үйге шоколад қосылған торт әкелсе, ешкім ренжіп қалмасын деп балаларына тәттіні тең бөліктерге бөліп береді. Құдайдың керемет сүйіспеншілігі олай бөлінбейді. Басқаға жетсін деп, Ол сізден алып қоймайды. Көктегі Әке сізді дүние жаратылғаннан бұрын жақсы көргенін және Оның сізге деген махаббаты шексіз екенін түсінесіз бе? Құдайдан теріс қара, Одан қаш, тозақта төсек салып қой, қалағаныңды істе, өз еркің. Жаратқан Ие сені сүюді тоқтатпайды. (Бірақ біреу шынымен тозақта ұйықтағысы келеді ме?)

Еремия пайғамбар арқылы Құдай Өзінің сүйіспеншілігі туралы былай деді: «Сені мәңгі сүйіспеншілікпен сүйдім, берік мейіріміммен сені Өзіме баурап келемін» (Ер. 31:3, ағылшыншадан аударма).

«Сүйдім» деген өткен шақта тұрған етістікке назар аударыңыз. Құдайдың сүйіспеншілігі — жүзеге асқан, біткен іс. Ол сізді,

шынайы сізді, қайталанбас сізді, керемет махаббатпен сүйді. Жас та, кәрі де, арық та, семіз де болсаң да бітпейтін мәңгілік махаббатпен сүйді. Жаратқан Ие сізді жас, ақымақ кезіңізде жақсы көрді. Мен есейсем де, істейтінімді алдын-ала болжап білу мүмкін емес. Осы мінезіммен Құдай мені де сүйеді. Құдай — сүйіспеншілік. Көктегі Әкеміздің Өзінен бөлек сүйіспеншілігі жоқ, Оның Өзі бізге деген сүйіспеншілік.

Әкеміздің бізге деген ғажайып махаббаты шексіз. Дүниеде Оның сүйіспеншілігіне ұқсас ештеңе жоқ. Әкемізбен бүкпесіз сырласуға болады. Сіз ерекше жаратылғандықтан ерекше сүйіспеншілікке иесіз.

Бирегей дегеніміз «ерекше, қайталанбас» дегенді білдіреді, ал менің сүйікті анықтамам «теңдесі немесе бәсекелесі жоқ». Құдай Әкеміздің теңдесі жоқ, ал Оның қыздары, біздің, бірде-бір бәсекелесіміз жоқ. Құдай бізге солай қарайды. Сондықтан бір-бірімізбен жарысып бәсекелесуге бірде-бір себеп жоқ.

Сен бірегейсің!

Өміріңізде бірінші және соңғы – дәл өзіңіз. Сіз сияқты жаппай өндіріс үшін жасалған модель жоқ. Адамдардың арасында көшірмелер жоқ. Бірдей екі кісі жоқ. Толықтай тең екі кісі жоқ. Сізге бәсекелес жоқ. Сіз сияқты тек сіз сүйе аласыз. Құдай сізді сүйгеніндей тек сізді сүйеді. *Өзің сияқты тек өзің* бола аласың! Сізден артық ешкім сіз бола алмайды.

Құдай ДНҚ-ңызды бірегей етіп тоқыды. Бүкіл әлемді таң қалдыру үшін сізді құпия жерде жаратты. Құдай сәулетші секілді жүрегіңізді жасап шығарған, күлкіңіздің сылдырын, дауысыңыздың әуезін қандай болатынын ойластырған. Ол сіз туралы тек ең жақсысын және ең жарқынын ойлап, барлық қасиеттеріңізді жаратқан. Ата-анаңызбен бірге Ол алғашқы күлкіңізге қуанып, алғашқы қадамдарыңызды мейіріммен бақылап отырды.

Осы нәзік және мұқият қамқорлықтың арқасында өміріңізде Құдайдың сүйіспеншілігін ерекше көрсететін көптеген тұстар бар. Жаратқан Ие ерекше қасиеттер мен таланттарды бір бумаға, яғни

сізге, Өз қызына, салып берді. Ол әрбір ерекшелік сіздің әйелдік болмысыңыз арқылы ең жақсы көрінетінін білді.

Құдай сіздің Өзінің өкілі болатыныңызды білді және сізбен қызы ретінде қарым-қатынас құрғысы келді. Сондықтан сізге әйел жынысын таңдап берді. Әкесі мен қызы арасында өте нәзік байланыс бар.

Құдай сізді жаратқанда тек сізді ғана ойлады... Сіз Оның қуанышысыз.

Бұл дегеніміз, егер бойыңыз қазіргіден ұзын не қысқа, ажарыңыз қараторы не аққұба болғаны қазіргі келбетіңізден артық болмас еді.

Сондай-ақ, ер адам болсаңыз, Құдайдың сізге тапсырған сүйіспеншілігін әйел қалпыңыздан гөрі жақсырақ жеткізе алмас едіңіз. Құдай ұлдарын қыздарынан артық көрмейді. Қыздарын ұлдарынан кем сүймейді. Және де, ұлдары мен қыздарын бірдей махаббатпен сүймейді. Ол ерлер мен әйелдерді өз алдына ерекше, басқаша жақсы көреді. Бәлкім, бала кезіңізде «Ұл туады деп күтіп едік, сен тудың» деп біреудің кейігенін естіген боларсыз. Мүмкін өзіңіз де қыз емес, ұл болғыңыз келген шығар. Бірақ Құдай мұны бір сәтке болсын қалаған емес.

Сіз алғаш тыныс алғанда Көктегі Әкеңіз қатты қуанды. Жылдар өте келе сіз рухани қайта туылып, Оның қызы болғанда, көктегі періштелер Жаратқан Иемен бірге шаттыққа кенелді.

Құдайдың сүйікті қызы, сіздің бойыңызда бірде-бір кездейсоқ зат жоқ.

Құдайдың бәсекелесі жоқ қызы

Мұның бәрі нені білдіреді? Бұл бәрімізде өлшеусіз және сарқылмайтын махаббаттан да артық нәрсе бар дегенді білдіреді. Әлемдегі орныңыз үшін күресудің қажеті жоқ. Құдайдың сүйіспеншілігі үшін күресудің қажеті жоқ. Ешкім сіздің ығыстырып, орныңызды басып ала алмайды... Сіздің бәсекелесіңіз жоқ.

«Сүйікті бауырларым, қазір Құдайдың рухани балаларымыз, және бұл басы ғана. Алда әлі не күтіп тұрғанын кім білсін! Мәсіх қайтып келгенде, Оны көріп, Оған ұқсайтынымызды білеміз. Себебі сол кезде Оның шынымен қандай екенін көретін боламыз. Жаратқанның атынан келе жатқан Исаға үмітпен қарайтын біз дайынбыз, әрі Мәсіхтің кіршіксіз таза болғанындай, біз де күнәдан арылып, тазарамыз» (Жоханның 1-хаты 3:2, 3, «The Message»).

Осы кітапты оқи отырып жанымыздағылардың сүйіспеншілігі мен қабылдауына ие болу үшін басқа біреу емес, өзіңіз бола алатыныңызға көз жеткізесіз. Өзімізді басқалармен салыстыруды доғаратып боламыз, өйткені салыстыру шабыт бермейді. Салыстыру ішкі жан-дүниеміздің байлығын ұрлайды, өзімізге деген сенімді ұрлайды. Осылайша бүкіл әлемнен ұрлайды. Біздің құндылығымыз бен даралығымыз ішкі бірегейлікпен тығыз байланысты болса, салыстыру мен жарысудың қажеті бар ма? Олай жан-дүниеміз тек қаңырап бос қалады. Сіз – теңдесі жоқ нұрды алып жүрген, басқа ешкім шайқаса алмайтын шайқасқа жаралған, бәсекелесі жоқ Құдайдың қызысыз.

«Бәріміз Мәсіхтің рухани денесіміз, осылайша, керемет жаратылған, өзара тығыз байланысып жұмыла әрекет ететін мүшелеріміз. Сондықтан алға нық басып, кім болуға жаратылсақ, сондай болайық, өзімізді бір-бірімізбен салыстырмай, қызғанбай, мақтанбайық» (Рим. 12:5, 6, «The Message»).

Бұл үзіндіде адамдарға бәкеселессіз, еркін өмір сүруге кедергі болатын екі негізгі қасиет көрсетілген: тақаппарлық пен қызғаныш. Иә, Құдайдың бәсекелесі жоқ қызысыз, бірегейсіз, бірақ әлі де көздеген жеріңізде емессіз. Әлі өтіп шығатын жолыңыз бар. Мәсіхтің рухани денесінің мүшесі ретінде әлі үлкен жұмыстың бір бөлігін атқаруыңыз қажет.

Тақаппарлық бізді Мәсіхтің рухани денесінен бөледі, «Сен бәрінен

жоғары тұрсың, сен бәрінен артықсың» деп сендіреді және бізге: «Менің істеп жатқаным — ең маңыздысы. Маған ешкімнің керегі жоқ, өзіме өзім жеткіліктімін, маңыздымын, бәрінен асқақ және маңғазбын» дегізеді.

Екінші жағынан, *қызғаныш* бізді Құдайдың осы дүниеде берген рөліне немқұрайлы қарауға итереді, ол біздің міндеттерімізді төмен қылып көрсетеді. Қызғаныш: «Мен өз рөлімді және өз үлесімді бағаламаймын, сондықтан мен сені жолдан итеріп, орныңды алғым келеді» дейді.

Бұл екі қасиет – адамды шаншып, өз қызметін атқарып, өз орнын алуына жол бермейтін ажалды қылыштың екі өткір жүзі. Кейде жау екі жағын да пайдаланады және Мәсіхтің Денесіндегі ерлерге шабуыл жасайды, оларда бәсекелестік пен ер болып туылғандары үшін тәкаппарлық сезімін оятып, әйелдерді қызғаныштың құрбанына айналдырады.

Өзіңіздің шынымен кім екеніңізге адал болып, шынайы дос бола аласыз. Құдайдың қыздары өздерінің бірегейлігінен ләззат алатын уақыт келді. «Басқалар сияқты» болуға ұмтылуды немесе «көбірек» нәрсеге қол жеткізу үшін бәсекелесуді доғаратын уақыт келді. Өйткені, өзіңді жасырған кезде, басқа адамдарға өзіңді құрметтемеуге құқық бересің. Адамдар әрқашан көшірмені түпнұсқадан ажырата алады. Оны көрмесе де, сөзіңдегі, іс-әрекетіңдегі, түр-түсіңдегі жасанды қылықты сезеді. Біреуді үлгі тұту мен көшірудің арасында үлкен айырмашылық бар. Сондықтан басқа біреу болуға тырысқанда тек көңілің қалады. Өмір – бірнеше жауап нұсқалары ұсынылатын сынақ сияқты. Олардың арасында басқа біреу таңдаған жауаптар ғана қате.

Өз бірегейлігімізді басып тастағанда, Құдайдың сүйіспеншілігінің мәнін елемейміз. Сыртқы келбетіңіз сіздің алаңдататын нәрселердің ең соңғысы болсын. Көптеген адамдар



**Ешкім сені
ығыстырып,
орныңды басып
ала алмайды...
Сенің бәсекелесің
жоқ.**

өздерінің кім екенін, басқалардан өзгеше екенін киім, шаш үлгісі, зергерлік бұйымдар мен макияждағы талғамы арқылы көрсетеді деп ойлайды. Бұлардың барлығы тек сыртқы әшекейлер. Олар сіздің шын мәнінде кім екеніңізді терең ашып көрсетуден алыс.

Шындық мынада, сырт кейіпіңді өзгертсең де, бірегейлігіңді түсінбей кетуге болады.

Айналаға қарай берсең, басқаларды тыңдай берсең, олардың пікірі үнемі өзгеріп отырады. Қоғам ойымызға өзінің жалған бейнелері мен идеяларын салғысы келеді. Осыған бос уақыт жұмсауды қояйық. Құдай бізге бергеннің барлығын сеніммен қабылдап, әлемге бірегей, қайталанбас түрде көрсетейік.

Кімдікісіз?

Маған кіммен дос екеніңізді білудің қажеті жоқ. Ата-анаңыздың есімдерін, оқыған мектебіңізді немесе сіз жұмыс істейтін компанияны білудің қажеті жоқ. Сізді ақтап алған, сіз үшін жанын бергеннің атын ғана білгім келеді. Исаның құрбандығы осымен шектеледі деп ойласаңыз, маңызды нәрседен көз жазып қаласыз. Ол сізді тауып, кіріңізден тазартып, тұрған жеріңізге қайтарып қойған жоқ. Ол сізді биікке көтерді. Сізге Өзінің киелілігін берді.

Ешкімге естіртпей, тек жүрегіңізде дыбыссыз сыбырласаңыз да, мынаны айтыңыз: «Мен Оныкімін, Ол менікі».

Сізді атауға тек мәңгілік Әкеңіз ғана құқылы. Анаңыз сізді құрсағында көтеріп, дүниеге әкелді, өсірді, бағып-қақты. Бірақ қандай болатыныңызды ойластырып, сізді жаратқан және өмірдің тынысын берген – Көктегі Әкеңіз. Сіз жоғалған кезде, сізді қайтадан Өзінікі ету үшін құтқарып алды. Біздің жердегі уақытымыз аяқталатын күн келеді; Құдай әрқайсымызды тірілтеді. Сонда жердегі өміріміз тек кішкентай дән болғанын көреміз. Ол дән көкте гүлдеп, болмысымыздың толықтығына жететін болады.

Бүгін өмір сізді қайда апарса да, сәт, орын және жағдай үнемі өзгеріп тұратыны есіңізде болсын. Тағдырдың ирелеңдеген жолдарының арасында ең бастысы — кім екеніңді және кімге

тиесілі екеніңді білу.

Осы тарауды Ральф Уолдо Эмерсонның тамаша сөзімен бастадым: «Әрқайсымыз кім бола алатынымызды білеміз. Сондай адам болуға шабыт беретін кісіні кездестіру — біздің ең үлкен қалауымыз». Ол «кісі» – Құдай. Оның бар болмысы мен барлық істері шабыт береді. Жаратушы бізді өзінің құдайлық болмысымен байланыстыру үшін біз көрген, естіген және білетін барлық нәрселерді, барлық жаратылысты керемет етіп өмірге келтірген. Иеміз біздің Өзімен қарым-қатынасымызды қалпына келтіру үшін жалғыз Ұлын жіберді.

Осылайша шынайы болмысымыз қайта қалпына келеді. Осыған қарамастан, тым көп адам өздерінің кім екенін кәсібіне, мүлкіне, жақындарына қарап түсінеді. Және осыған қанағаттанады. Алайда, ертең әп-сәтте ғайып болатын заттарды берік негіз қылып алу — ақымақтық. Жұмыс орны өзгереді, дағдылар ұмытылады, заттар жоғалады. Тіпті ең жақын қарым-қатынас үзілуі мүмкін. Дүние-мүлкің, жұмысың және айналаңдағы адамдар өзгеруі мүмкін, бірақ ешқашан жоғалмайтын ең маңыздысы — шынымен кім екенің және қастерлі Жаратушы Иең.

Егер тек қайда бара жатқаныңды білсең, жолда өзіңді жоғалтып ала аласың. Егер тек не істеуге шақырылғаныңды білсең, сол мақсатқа жету үшін ымыраға көнуің мүмкін.

Сондықтан ежелден келе жатқан сұрақ туындайды:

«Адам бүкіл дүниеге ие болып, сол себепті (мәңгілік) өмірінен айырылса, бұдан оған не пайда? Яки адам өз өмірі үшін қандай құн төлей алады?» (Мат. 16:26).

Өзіңнің кім екеніңді білу, қайда бара жатқаныңды білуден немесе қолыңнан не келетінін білуден әлдеқайда маңызды. Сенің жаратқан — Құдай, сондықтан «Мен кіммін?» десең, Құдайды тыңда. Сен кімсің деген сұраққа жауап болашақта кім бола алатыныңа да жауап береді.

Кімсіз?

Бұл сұраққа жауап беру үшін не істегеніңізге, бастан не өткергеніңізге қараудың қажеті жоқ. Өзіңізді жұмысыңызға немесе отбасылық жағдайыңызға қарай бағаламаңыз. Бойдақ, ажырасқан, үйленген немесе біреумен кездесіп жүрген дегендер Facebook парақшасында қалсын. Бұл сұраққа жауап менен және басқалардан бұрын өзіңізге қажет.

Өзіңіздің кім екеніңізді алдымен *сіз* білуіңіз керек.

Жалғастырмас бұрын, қолыңызға қалам алыңыз. Көзіңізді жұмып, Жаратушы бойыңызға дарытқан ерекше қасиеттер жайлы Құдайдан сұраңыз. Сүйіспеншілік пен құндылықты білдіретін сөздерді жазудан қорықпаңыз. Олар Көктегі Әкенің сізге деген көзқарасын көрсетеді. Тынышталып, біліңіз. Қиын нәрсе тапсырып отырмын: Құдай сізге баяу үнмен айтқан үш сөзді немесе сөз тіркесін жазыңыз. Мұны аяқтаған соң, басқа адамдардың анықтамаларынан бас тартып, естіген сөздеріңізге қараңыз. Құдай сіз туралы не айтқанын тыңдаңыз. Жазылған тізімге таң қалған шығарсыз. Мүмкін көптен бері өзіңізге осылай қарамаған шығарсыз?

Құдай ешқашан Өз Сөзіне қайшы келетін ештеңе айтпайды. Осыны есіңізге салғым келеді. *Киелі Рух Киелі Жазбада аталған нәрсені жандандырады*. Бізде Киелі Кітап бар, бірақ біз оны оқып қана қоймай, тыңдауымыз да керек. Киелі Кітаптың «The Message» аудармасында «Құдай селқос бақылаушы емес» делінген (Евр. 12:28). Аян кітабында жеті рет көтерілген мәңгілік сұрақ бүгін де бізге шақыру болып қала береді деп ойлаймын:

«Құлақ салып тыңдаңдар. Рухтың қауымдарға жел тәрізді ескен сөздерін тыңдаңдар» (Аян 2:7, 11, 17, 29; 3:6, 13, 22, «The Message»).

Бұл сұрақ Киелі Жазбаның бір кітабында жеті рет қайталанады, сондықтан ол өте маңызды... Мен ояу болсам да, құлағым

ұйықтап қалған жоқ па деп ойлауға мәжбүр етеді бұл аяттар. Бұл кітап құлағыңызды ашады және назарыңызды Құдайдың Сөзіне аударады деп үміттенемін.

Құлақ салсақ, Құдайдың дауысын ести аламыз. Кейде өміріміздің қандай да бір саласында Құдайдың арнайы Сөзі жоқтай көрінеді. Осындай салада Киелі Рухты бізге тіл қатуға шақырсақ ше? Оның сізбен жеке сөйлесуіне рұқсат бересіз бе? Құдайдың сізге достық, неке және отбасы туралы сөйлеуіне рұқсат па? Біз Құдай толтырғысы келетін салаларға назар аудармай, Оның ескертулеріне керең болуды әдетке айналдырдық. Мәсіхтің бүкіл денесі Құдайдың дауысын қалай естиді? Ол бөлек адамдардың Құдайды тыңдауға деген бел бұғандарынан басталады. Есту үшін құлағымызды ашуға батылымыз бар ма?

Құдай берген қайталанбас тағдырымыз бар екеніне шүбә жоқ. Бұған күмәнданатын болсақ, бізге сеніп тапсырылған барлық сыйларға күдікпен, қорқынышпен және ашумен қараймыз. Құдай біздің болмысымызды ақтап, қалпына келтіріп, өзгерткісі келеді, осылайша ешқандай оқиғалар мен жағдайлар, ешқандай сәттер, өткеннен қалған ешбір есімдер біздің кім екенімізді анықтамайды. Иә, бізге айтылған сын-мінеулер, түрлі оқиғалар біздің дамып, жаңаруымызға септігін тигізе алады, олардың өмір сапасына әсер ету мүмкіндігі бар. Бірақ өмірдің мәні басқа жерде, Құдайда.

Құдай сізді шын жүректен іздеді, өйткені сізді ерекше жақсы көреді және сіз Оның басқаларға деген сүйіспеншілігін ерекше түрде паш етесіз. Құдайдың перзенті болу — тек басы ғана. Құдай бізді кім етіп жаратса, сондай адам болайық. Сонда Құдайдың перзенті болғанымыз әлдеқайда керемет нәрсеге айналады. Әркім өзін ашуға немесе қайта құруға тырысатын әлемде Құдай ниет еткенін соңына жеткізеді. Бұл кітап Құдайға еруге шақыру!

Ойлануға арналған сұрақтар

1. *Қайда* бара жатқаныңнан гөрі *кім* екеніңді білу неліктен маңызды?
2. *Тең* немесе *бірдейге* қарағанда *бірегейдің* артықшылығы не?
3. Даралығыңыз бен Құдайдың сүйіспеншілігін қабылдауда кедергі болған бірнеше бәсекелесіңізді атап айтыңыз.
4. Істейтін жұмысыңыздан бөлек өзіңізге сипаттама беру қиынға түседі ме? Олай болса, неге?
5. Құдай сіз туралы не дейді?

Құдайдан басқа тәңір жоқ

«Мұнда жазылған сөздер — жалпы ұғымдар ғана. Сіз оларды өз тәжірибеңізден өткізіп, жеке тексеруіңіз керек».

АВРЕЛИЙ АВГУСТИН

Оған ұқсайтын ешкім жоқ

1980 жылдардың соңында мәсіхшілік мадақтау музыкасы өзгере бастады. Integrity Music компаниясы әртүрлі елдер мен континенттердегі қауымдарда мадақтау музыкасын зерттеп, оны Солтүстік Америкаға әкеле бастады. Біздің отбасымыз ай сайын жаңа кассеталарды тағатсыздана күтетін (иә, музыканы кассетадан жазылым бойынша тыңдаған ұрпақтанмын). Кассеталар келгенде, әуендерді қайта қайта жалықпай тыңдайтынбыз. Ең сүйікті әндерімізді жиі тыңдағанымыз сонша, таспа айтарлықтай тозатын. Әлемді саяхаттап қызмет еткен күйеуім үйге оралғанда, мұқият ойналып, жазылған әуендер бастапқыдан бір басқаша естілетін. «Қуан, Африка» деп аталатын альбомды ерекше сүйіп

тыңдайтынбыз. Екінші ұлым Остиннің «Микки маус» пижамасын киіп алып, ойыншық атына мініп, әрі-бері тербеліп бар дауысымен сол әннің сөздерін айтқаны есімде.

Бір әнде Оңтүстік Африканың мадақтау тобының жетекшісі: «Сендей ешкім жоқ!» деген сөзді ықыласпен айтты.

Үш жасар балам еш ойланбастан, әлгі дауысқа еліктеп, ән ойнаған сайын сол сөздерді қысылмай айқалап айтатын.

Бір күні Остин маған сұрақ қойды. Бұл күннің келетінін алдын ала болжауым керек еді.

«Анашым, неге Құдай жалғыз?»

Балама мәселе Құдайдың жалғыз екендігінде емес, Құдай сияқты тек жалғыз тұлға бар екенін екенін анық түсіндіруге тырыстым.

«Тек бір Құдай бар» дегеніміз жалғыздан-жалғыз іші пысып отырған Құдайға қызмет етеміз дегенді білдірмейді. Сол сияқты «Оған жақын ешкім жоқ» дегеніміз ешкімнің Оған жақын болғысы келмейтінін білдірмейді.

Жаратқан Ие селқос, ештеңе істемей бақылап қана отыратын Құдай емес. Ол барлығын алдын ала қарастырып, дайындап, кемелдікпен аяқталған еңбегінің рахатын көруде. Перзенттері Жаратқан Иеден бүтін оқиғаны көрсетуін сұрағанда, Ол қуанады.

Ол жер мен көкте бәрінен жоғары әрі киелі, қасиетті, қарастерлі, бірақ бұл Оның бізді тек сырттай, немқұрайды бақылап тұрғанын білдірмейді.

Жаратқан Ие өткен, қазіргі күн және болашаққа бірдей көз салады. Уақыттың барлығы Құдайдың алдында бір бүтін болып бірігеді. Ол ең басынан оқиғаның қалай аяқталатынын біледі және бір нәрсені аяқтаған кезде жаңа ісін бастайды.

Құдай біз арқылы іштен сыртқа қарағысы келеді. Біздің көзімізге мұқтаж болғандықтан емес, біз Оның көзқарасына мұқтаж болғандықтан.

«Құдай Тағала» деген сөз біз құдіретті деп білетіннің бәрінен жоғары тұрған Көктегі Әкемізді сипаттайды. Забур жыршысы 95-ші

жырында жазғандай, кім болсын Құдайдың ұлылығының бір шетін түсіне бастағанда аяғына жығылады:

«Шырқаңдар жаңа ән Жаратқан Иеге,
Күллі әлем, ән-жыр айтыңдар Иемізге!
Ән салып Оның есімін мадақтаңдар,
Бізді құтқарғанын күн сайын хабарлаңдар,
Халықтарға паш етіп Оның ұлылығын,
Бар ұлттарға Иеміздің кереметтерін!
Иеміз ұлы, мадақталуға әбден лайықты,
Оны қастерлеу қажет бар «тәңір, пірден» гөрі.
Өзге ұлттар табынған «тәңірлер» жалған,
Ал Жасаған Ие аспанды жаратқан!
Сән-салтанат, ұлылық Оның алдында,
Қүдірет пен әсемдік киелі тұрағында.
Жаратқанның ұлылығы мен күш-қуатын
Мойындаңдар, уа, рулары күллі ұлттардың,
Жаратқанның есімін даңқтап қадірлеңдер,
Оның аулаларына сый-тарту әкеліңдер,
Қасиетті салтанатына бөленіңдер,
Жаратқан Иеге бағынып бас иіңдер,
Оның алдында дірілдеп дәріпте, бүкіл жер!» (Заб. 95:1-9).

Киелі Жазба әртүрлі сөзбен бір сұрақты қайта-қайта қояды: «Құдай Тағалаға кім тең келер?».

Бұл әзіл үшін қойылған риторикалық сұрақ емес. Бұл сұрақтың маңызын асыра сілтеу мүмкін емес. Жауабы — күн күркірегендей айбынды естілетін «Ешкім!». Оның ұлылығы туралы бұл мәлімдемеге берген жауабымыз Құдайдың бізге бергенін қабылдайтынымызды немесе қабылдамайтынымызды білдіреді. Білесіз бе, бір кездері Құдай Тағалаға ұқсаймын деген біреу болған. Ол періштелердің әміршісі, салтанатты жаратылыс болды. Біз оны Шайтан ретінде білеміз, бірақ оның есімі Шолпан жұлдызы және бас періште, бас ғибадат етуші Люцифер еді. Осылайша

ол Құдайдың ұлылығын өз көзімен көрді және тақ бөлмесінде Құдайдың жанында киелі жерде тұрды. Езекиел пайғамбар мұны былай сипаттайды:

«Ей, пендем, Тир патшасын жоқтап, оған былай де: Жаратушы Тәңір Ие мынаны айтады: Сен даналыққа кенелген, мінсіз келбетті әрі кемелділіктің үлгісі болатынсың. Сен Едемде, Құдайдың пейіш бағында болыпсың. Үстіңдегі киімің рубин, топаз, алмас, зүбәржат, оникс, яспис, сапфир, лағыл, изумруд сияқты әр түрлі асыл тастармен безендіріліпті. Жиектемелерің мен қондырғыларыңның бәрі алтыннан жасалыпты. Олар сен жаратылған күні дайындалған болатын. Мен сені қанаттарын жайған (керуб атты) күзетші періштемен бірге орналастырдым. Құдайдың қасиетті тауында оттай жарқылдаған асыл тастардың арасында жүретін едің. Сен жаратылған күніңнен бастап жүріс-тұрысыңда кінәратсыз болып келдің. Алайда бір күні өзіңнен әділетсіздік табылды.

Саудаңның молдығынан зорлық жасауға әбден салынып, күнәға баттың. Сондықтан Мен сені арамданған деп санап, Құдайдың тауынан лақтырып тастадым. Күзетші періште (керуб) сені оттай жарқылдаған асыл тастардың арасынан аластатып құды. Өйткені әсем келбетіңнен асқақтап кеткен едің. Нұрлы салтанатыңа салынғаныңа бола даналығыңды бүлдірдің. Содан Мен сені жерге, басқа патшалардың алдына лақтырдым, олар саған қызыға қарайтын болды» (Езек. 28:12—17).

Құдай оны керемет дана, келбетті, қабілетті және кемелдікке толы етіп жаратты. Бір кезде оның ғибадаты әлсіреген болуы керек. Бәлкім, бар болмысымен қастерлеу мен дәріптеудің орнын жай ғана таңдану басқан шығар. Люцифердің күнәсі толығымен анық емес, бірақ бұл ұлы да дана жаратылыс Жаратушыға бәсекелес ретінде қарай бастағанын білеміз. Ғибадат етуде Құдайдан тыс біз ештеңе емеспіз деген нақты түсінік бар. Оны Ишая былай сипаттайды:

«Ей, Шолпан жұлдыз әрі таң шапағы (іспетті болған Бабыл патшасы)! Аспаннан сен қалай құлап түстің! Халықтарды таптап келген сен өзің қалайша жерге лақтырылды! Өйткені іштей былай дегенсің: “Мен аспанға көтерілемін, өз тағымды Құдайдың жұлдыздарынан да жоғары орнатамын! Қиыр солтүстікте орналасқан, (жалған тәңірлер) жиналатын таудың басындағы тағыма жайғасамын. Биік бұлттардан да жоғары көтеріліп шығамын, өзімді Хақ Тағаламен бірдей қыламын!”» (Ишая 14:12–14).

Ол өзін Құдай Тағалаға ұқсата алмады. Бұл ұмтылысы тек өзін-өзі жоюға ғана әкелді. Таңғы жұлдыз Люцифер өтіріктің бастауы Шайтанға айналды. Бұл құртылу оның жүрегінен басталды. Періште кемелдікпен бастады, кемістікпен аяқтады. Біз болсақ, туғанымыздан күнәға былғанған, кемшілігі асып жатқан пендеміз, бірақ Мәсіхте қайта туылу арқылы ақталып, кемелді болдық. Тәкаппарлық адамды өзіне табынуға мәжбүрлейді, ал кішіпейілділік тәкаппарлық пен өзімшілдікті тақтан түсіреді. Ишая Жаратқан Иені көргенде, өзінің қаншалықты төмен тұрғанын сезінді.

«Сонда мен дауыстап: «Қасіретке қалдым-ау, енді құритын болдым! Себебі мен күнәкармын, аузымнан шыққан сөздерім арам, әрі сөйлеген сөздері арам халықтың арасында тұрып жатырмын. Сонда да мен Патшаны, Әлемнің Иесін, өз көзіммен көрдім!» — дедім» (Ишая 6:5).

Оның мардымсыздығы Құдайдың қамқорлығын көрсетеді. Бір кездері Люцифер басып жүрген жанып тұрған көмір шоқтарының бірі Ишаяға әкелінді.

«Осы кезде жалындаған періштелердің бірі құрбандық үстелінен жанып тұрған көмір шоғынан көсеумен алып, маған ұшып келді. Ол шоқты аузыма тигізіп былай деді: «Міне, бұл еріндеріңе тиді. Енді сен әділетсіз істеріңнен арылып, күнәнің арамдығынан тазардың» (Ишая 6:6, 7).

Егер Құдайды іздесек, табамыз. Осы аян арқылы Жаратқанды терең дәріптеп, тек жалғыз Құдай киелі, тек жалғыз Құдай ізгі, тек жалғыз Құдай жол, ақиқат және өмір екенін растаймыз. Ол тек жалғыз Құдай Тағала.

Құдайымыздың бар болуы өз алдына бір ғажап. Құдайға тең келер ешкім жоқ. Құдайды біреумен салыстыру мүмкін емес. Оның пайда болған сәті жоқ. Ол — әрдайым болып келген, мәңгі бар және болашақта келетін Құдай Ие. Енді өзіміздің бірегей екенімізді және бірегейлікті жаратқан Құдай екенін білеміз.

Құдайға дейін тәңірлер болған жоқ, сондықтан Оның алдында өзімізге тәңір-сымақ ойлап таппауымыз керек. Біздің Құдай көзге көрінбейтін болса да, Оның бар екені даусыз. Римдіктерге арналған хатта былай делінген:

«Құдай туралы білуге болатын шындық адамдарға белгілі. Көзіңді аш, сонда көресің! Құдайдың жаратылысына ұзақ уақыт ойланып қараған әркім әдетте көрінбейтін нәрселерді, мысалы, Құдайдың болмысының мәңгілік күші мен құпиясын байқайтын. Сондықтан ешкімнің желеуі жоқ» (Рим. 1:19, 20, «The Message»).

Басқа аудармада: «Құдай туралы білуге болатын шындық адамдарға белгілі, мұны оларға Оның Өзі білдірген. Өйткені Құдайдың көзге көрінбейтін қасиеттері — Оның мәңгілік құдіреті мен құдайлық болмысы дүние жаратылғаннан бері айқын: бұларды Оның жаратқан нәрселерінен байқап түсінуге болады. Сондықтан адамдар Құдайды біле алмадық деп сылтаурата алмайды».

Барлық жаратылыс Жаратушының бар екеніне дәлел. Бұл тарау рухыңызға Жаратқан Иені бұрынғындан да жақынырақ танып білуге шабыт береді деп үміттенемін.

Көктегі Әкеміз бізді ерекше жақсы көретіндіктен, бәсекелесі жоқ қыздар екенімізді жоғарыда айттық. Құдай берген шынайы болмысымызды әрі қарай тану үшін біз Құдайдың осы сыйына не кіретінін жақсырақ түсінуіміз керек. Ендеше, Құдайымызға

тең келер ешкім жоқ деген не білдіретінін білейік. Мерриам-Уэбстер сөздігі Құдайды осылай сипаттайды: «Күш, даналық және ізгілікте кемел болмыс, оған адамдар ғаламның жаратушысы және билеушісі ретінде табынады».

Бұл анықтама барлығын қамтиды деп ойлау мүмкін, бірақ бұл тек бастамасы. Жердегі тіліміз бен түсінігіміз шектеулі болғандықтан, Шексіз Құдайды шектеулі түрде ғана елестете аламыз. Бізді үнсіз қалдыратын Құдайды сипаттауға сөз табу мүмкін бе?

Құдай Өзі туралы әрбір ұғымнан асып түседі.

Бір нәрсеге немесе біреуге анықтама беру үшін оның мәнін түсініп, сөзбен жеткізу керек. Құдай жердегі кез келген тілден және тілде бар қасиеттерден жоғары.

Жарайды, анықтаманы қоя тұрайық. Сипаттама ше? Ол да мүмкін емес. Күннің сәулесінен мың есе асатын жарықтың жанында бұлыңғыр кескінді қалай анық ете аламыз?

«Құдай Өзінің белгілеген кезінде Мәсіхті салтанатпен көрсететін болады. Ол — мадақталған, бірден-бір қуатты Билеуші, патшалардың Патшасы, иелердің Иесі, мәңгіліктің жалғыз Иесі! Ол ешкім жақындай алмайтын нұрда тұрады, ешбір адам баласы Оны көрген де емес, көре де алмайды. Қадір-құрмет пен билік мәңгі Онiкi! Аумин» (Тiм. 1-х. 6:15, 16).

Егер Құдайды өз көзімізбен көре алмасақ, онда Оның жасаған кереметтерін бір-бірлеп жинағаннан басқа амалымыз бар ма? Сөздер аздық етеді. Құдай ғажайыптар құйынында көрінгеннен кейін Әйүптің айтқан сөздерін қайталау ғана қалады: «Сен туралы бұрын өзгелерден естігенмін, ал енді Сені өз көкірек көзіммен көріп тұрмын. Сондықтан бұрынғы айтқандарыма өкініп, қатты қайғырып күл-топырақта отырмын» (Әйүп 42:5, 6).

Осы аятты «The Message» аудармасында оқыған ұнайды:

«Мен бір кездері Сен туралы басқаның айтқанына сеніп өмір сүргенімді мойындаймын; Енді бәрін өз құлағыммен естідім,

өз көзіммен көрдім! Бұрынғыдай өмір сүргеніме өкінемін, мені кешіре гөр. Ендігәрі олай істемеймін, уәде беремін! Бұдан былай өсек-аяқтың қиқымдарын жеп жүрмеймін».

Құдай туралы бұл аян Әйүпті одан да көп нәрсе білуге ынталандырды. Көпшілігіміз Құдай туралы тек сыр мен өсек болған «аянмен» қанағаттанамыз. Шындық мынада: Құдай сізді Өзінің адалдығынан нәр алсын дейді. Сондықтан тәбетіңізді ашуға тырысып жатырмын, себебі Құдай туралы сөзді тыңдау мен Құдайдың сөйлегенін тыңдаудың арасында үлкен айырмашылық бар.

Біздің заманда Құдай ешкімге тікелей тіл қатпайды деген пікір бар. Бірақ бұл сөз Жаратқанның болмысын жалған қылып көрсетеді. Құдай тіпті үндемесе де, жаратылыстың сұлулығы Оның дауысына айналады. Ол бізді жұбату және нығайту үшін Өз Рухын жіберді. Киелі Кітапта Құдайдың Киелі Рухы бізді барлық шындыққа жеткізетіні және жетелейтіні айтылған. Құдай керең, мылқау пұт емес. Құдай тыңдап, сосын жауап бермейтін әке емес. Құдайдың кім екенін білмейінше, Оған қалай келетінімізді біле алмаймыз. Құдай сонымен қатар, Өзінің Сөзі, жаратылысы, қызметшілері, аяндары, армандары және қауымы арқылы сөйлейді. Осы кітаптың беттерінен сізбен сөйлесетініне сеніп, дұға етемін. Құдай әрқашан сөйлейді. Мәселе мынада: біз Оны тыңдаймыз ба, әлде Оны шектейміз бе? Біз Құдайдың теңдесі жоқ екенін Оның және шексіз ғажайып жасай алатынын түсінуіміз керек. Оның бізбен жеке сөйлескісі келетініне сену де маңызды.

Тамаша теолог Аквиндық Томас өмірінің көп бөлігін Құдай туралы жазумен өткізді. Діни қызметкер және философ ретінде ол ғылыми білімді біздің Жаратушы туралы білімімізбен біріктіруге тырысты. Алайда, Аквиндық Томас қайтыс болуынан үш ай бұрын мәңгілік әлемді көргенде өте күшті әсер алды. Сосын ол өмірінің соңғы сөзін жазып, қайтып қалам ұстаған жоқ:

«Еңбектерім осымен аяқталды. Маған ашылғанды көргеннен кейін бұрын жазғанымның бәрі сабан сияқты көрінеді».

Құдайдың ұлылығы мен Қауымның салтанаты туралы Киелі Жазбада айтылғанды мұқият зерттеп жазған осы адам болды. Ол мүлде басқа заманда өмір сүрген. Ол дәуірде сөздің қазіргіге қарағанда тереңдігі мен мәні зор болған. Ол кезде айтылатын сөз мұқият таңдалған. Оқу және жазу қабілеті тек бай адамдарға, патшаларға және діни қызметкерлерге қол жетімді болды. Аквиндық Томас сөз өнерін жақсы меңгерген, сонда да өзінің жазғанын «сабан» дейді. Құндылығы жоқ затты сабан дейміз. Сабан дегеніміз астық жинаудың жанама өнімі. Көбінесе қораға төселеді, немесе топырақты қорғау үшін, шұрайлы қылу үшін жерге жабылады. Сонда, дінтанушымыз өмірінің еңбегі, әрі кеткенде, аяқтың астына тастауға жарайтынын айтады.

Құдай туралы жазба мен ашылған Құдайдың шындығы арасындағы айырмашылық осындай. Бәлкім, жиырма жылдан астам уақытта жазған барлық еңбектерінен гөрі бұл екі сөйлем дәлірек айтылған шығар. Бұл сөз кішіпейілділік пен таңдануға толы, өйткені Аквиндық Томас осыдан мың жыл бұрын Аврелий Августиннің айтқанын басынан өткерді: «Құдайды надан болып таныған бәрінен артық».

Құдай туралы аян біз Оны шынымен танымайтынымызды мойындаған кезде басталады. Біздің кез келген анықтамамыз адами шектеулерден қарабайырланып кетеді. Әлі тілі шықпаған сәби өз анасын қалай суреттей алса, біз де Құдайдың болмысын сөзбен солай жеткізе аламыз. Бүкіл ғаламда адамдар жаратылыстың бір бөлігін ғана мекендейді. Бұл құмның үстінде тұрып, мұхиттың кеңдігі мен тереңдігін суреттеуге тырысқанмен тең.

Біздің Құдайымыз кім?

Сонда да Әкеміз Оған жақындағанымызды, Оны жақсырақ танып, Оның қатысуын сезгенімізді және Оның дауысын естуді үйренгенімізді қалайды. От туралы білу бір бөлек, оттың жарығын, жылуын, жануын сезу мүлде басқа. Сондықтан Құдай Өзі *туралы* білуге емес, Өзін білуге шақырады. Төменде Құдайдың кейбір

қасиеттері берілген. Киелі Кітап Құдайды осылай сипаттайды.

Мен – жалғыз Құдаймын. Заң. қ. 6:4; Марқа. 12:29; Ғал. 3:20;
1 Тім 2:5; Жақып 2:19.

Алғашқы да, Соңғы да Мен. Аян 1:8; 21:6; 22:13.

Мен (Мәңгі) Бар Болушымын. Мыс. шығу 3:14.

Мен... Мәңгіліктен мәңгілікке бар Құдаймын. 1 Шеж. 16:36.

Бастапқыда сенім жолын салған әрі белгілеген мақсатқа жеткізетін – Мен. Евр. 12:2.

Аспан мен жерді жаратқан – Мен. Жар. 1:1.

Менің қолымнан келеді. Матай. 3:9.

Мен ізгімін. Марқа 10:18; Лұқа 18:19; 1 Тім. 4:4.

Араларыңда тұратын Құдаймын. Заң. қ. 6:15; Лұқа 17:21;
1 Қор. 14:25.

Мен шындықпын. Жохан. 3:33.

Мен сенің сауықтырушыңмын. Мыс. шығу 15:26.

Мен Рухпын. Жохан 4:24.

Мен Құдай Әкемін. Жохан 6:46; Філ. 2:11.

Менің ұлылығым Мәсіх арқылы көрінеді. Жохан 13:31.

Мен күәмін. Рим. 1:9; Філ. 1:8; 1 Сал. 2:5.

Менің сені ақтау жолым ашық. Рим. 1:17.

Мен сені жақтаймын. Рим. 8:31.

Мен бәрінен үстеммін. Рим. 9:5; Еф. 4:6.

Мен рақымды Құдаймын. Заң. қ. 4:31; Рим. 12:1.

Мен уәделеріме берікпін. 1 Қор. 1:9; 10:13; 2 Қор. 1:18.

Менің даналығым адамдыкінен әлдеқайда жоғары.
1 Қор. 1:25.

Мен тәртіпсіздікті қаламаймын. 1 Қор. 14:33.

Мен тыныштық пен татулықтың Құдайымын. 1 Қор. 14:33.

Мен сенің қабілетіңмін. 1 Кор. 3:5.

Мен жанашыр және мейірімдімін. Мыс. шығу 34; Нехем. 9.

Мен тез қаһарланбаймын. Жоел 2:13; Нақұм 1:3.

Менің мәртебем бәрінен де биік. Філ. 2:9.

Мен Өзіме ұнайтын істерді жүзеге асыруларыңа түрткі боламын. Фил. 2:13.

Мен көзге көрінбейтін Құдаймын. Қол. 1:15.

Күнәкарларға менің қаһарлы сотым төніп тұр. Қол. 3:6.

Мен әділ соттаушымын. 2 Сал. 1:5.

Мен барлық адамдарды Құтқарушы Құдаймын. 1 Тім. 2:3; 4:10.

Менің сөзім бұғаулы емес. 2 Тім. 2:9.

Бәрінің де Жаратушысы Менмін. Евр. 3:4.

Мен әділмін. Евр. 6:10.

Мен мәңгі тірімін. Евр. 10:31.

Мен жалмайтын отпын. Заң. қ. 9:3; Евр. 12:29.

Мен Нұрмын. 1 Жохан 1:5.

Мен жүрегіңнен жоғары Құдаймын. 1 Жохан 3:20.

Мен әрдайым бар, мәңгі болып келген және болашақта келетін Құдаймын. Аян 1:8.

Мен қасиетті, қастерлі, киелімін. Аян 4:8.

Мен бүкіл әлемнің Билеушісімін. Аян 11:17.

Мен күш-қайратыңның қайнар көзімін. Мыс. шығу 15:2.

Мен сенің жырыңмын. Забур 117:14.

Бір атағым «Қызғаныш». Мыс. шығу 34:14; Заң. қ. 4:24.

Мен адам емеспін. Ру. сан. 23:19; Ош. 11:9.

«Тәңір» атаулының үстіндегі Құдай және иелердің Иесі – Мен. Заң. қ. 10:17.

Мен үрей туғызатын ұлы да құдіретті Құдаймын. Заң. қ. 10:17.

Мен ешкімнің бет-жүзіне қарамаймын, ешкімнен пара да алмаймын. Заң. қ. 10:17.

Мен әрдайым мадақталатын Құдаймын. Заң. қ. 10:21.

Саған шайқаста жар боламын. Заң. қ. 20:4.

Батыр жауынгер Иемін. Заң. қ. 15:3.

Мен сенің баспанаңмын. Заң. қ. 33:27.

Мен қорғайтын құзбын, сені биік жерлерге аман тұрғызамын.

2 Пат 22:32, 33.

Мен шынайы Құдаймын және Менен басқа шынайы құдай жоқ. Заң. қ. 4:35; 1 Пат 8:60.

Бұл әлі толық тізім емес! Бұл қасиеттердің әрқайсысына тоқталып, тереңірек зерттесеңіз деймін. Осы тарауда біз олардың үшеуін қарастырамыз. Біріншіден, Құдай жалғыз.

Жалғыз Құдай

«Тыңда, Израил: Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Құдай! Құдай Иеңді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, бар күш-қуатыңмен сүй!» (Заң. қ. 6:4, 5).

Ғаламдық бәсекелестік бар және «жалғыз» Құдай басқа құдайлардың арасында ең бастысы деп түсіну қате. Құдайдың жалғыз екендігі оның біріншілігі туралы емес, жалпы Өзіндей тек бір Тәңір бар екенін білдіреді. Жалғыз дегеніміз басқалары жоқ деген сөз. Екінші, үшінші, төртінші орындағы құдайлар жоқ. Ол жалғыз мадақтауға лайық, өйткені Ол жалғыз Құдай. Бұл Исаның ең ұлы өсиет туралы сөздерінде расталады:

«Құдай Иеңді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!» Бұл — ең ұлы да басты өсиет» (Матай 22:37, 38).

Біздің Құдайға деген сүйіспеншілігіміз жүрек, жан және ақыл бірігіп, бір нүктеге бағытталған күш болу керек. Тек Құдайға үміт артамыз, тек Ол ғана құлшылық етуге лайық. Құдай екіге бөлінген жүректерімізге бола жалғыз Оған ғибадат ету бізге қиын екенін түсінеді, бірақ сонымен бірге Ол басқа бәсекелес құдайларға шыдамайды. Бұл маңызды өсиет. Құдай бұл өсиетті Өзінің мәртебесі үшін қорыққанынан берген жоқ. Ол бізді қорғау үшін

берілген. Көңіліміз өзгеге ауып, адассақ, үлкен қауіпке түсеміз.

Қазіргі қоғамда бұл сөз түсініксіз болуы мүмкін. Бөтен тәңірлерге табынатынын кім мойындайды? Біздің заманда ежелгі өркениеттердің құдайларына табынудан гөрі, өзімізге жасанды пұттар тұрғызуға бейімбіз. Құдай ең басында былай деп ескертті:

«Өздеріңе ешқандай тәңір бейнелерін жасамаңдар! Не бір тәңірдің ойып жасалған мүсінін, не киелі тас бағана орнатушы болмаңдар! Елде қашалған тас мүсін орнатып, оған тағзым етіп табынушы да болмаңдар! Мен сендердің Құдайларың — Жаратқан Иемін» (Леуіліктер 26:1).

Арамызда қандай да бір құдайдың мүсінін жасап, оны бақшасына не үйіне қоятындар жоқ шығар. Оның орнына жүрегімізде пұттарға орын беруіміз мүмкін. Күш-қуатыңды не нәрсеге жұмсап, не нәрседен күш-қуат алсаң, ол – пұт. Өмір сүруді жалғастыру үшін баратын жерің. Мүмкін пана іздейтін жерің. Бұл кез келген нәрсе болуы мүмкін. Кең тарағандары –



**Күш-қуатыңды не
нәрсеге жұмсап,
не нәрседен күш-
қуат алсаң, ол
– пұт.**

жердегі ләззатқа, тамаққа немесе әлеуметтік өмір саласындағы басқа нәрсеге тәуелділік. Жоғарыдағы Құдайдың қасиеттерінің тізіміне қарасаңыз, біздің күшіміз, өміріміз және панамыз – тек Өзі. Ешбір адам, ешбір қарым-қатынас, ешбір ұйым, ешбір зат, Құдайдан басқа ешкім және ештеңе үстіңізден билік етпеуі керек.

Кейбіріміз үшін сезім пұтқа айналады. Мен өзімді әдемі сезінсем, әдемімін деп санаймын. Егер өзімді жақсы сезінсем, жақсымын деп ойлаймын. Егер тек сезіммен өмір сүрсек, олар бізді алдайтын болады. Көп ұзамай теріс жолға түсіп адасып кетеміз.

Шындық мынада, сен әдемісің, өйткені Құдай кішіпейілдерді құтқарумен безендіреді (Заб. 149:4-ті қараңыз). Сен әдемісің, өйткені Құдай бәрін өз уақытында көрікті етіп жаратты (Уағ. 3:11 қараңыз). Жердегі жалған пұттарға сені өздерінің сұлулық

ұғымдарына көндіруге жол берме, өйткені Құдай күні бұрын сені жарылқап қойған! Дәуіт, табынушы және жауынгер, пұтқа табынушылықты былай сипаттады:

«Өзге ұлттардың пұттары күміс, алтыннан,
Адамдардың қолдарымен жасалған.
Пұттың аузы бар, бірақ сөйлей алмайды,
Көздері бар, бірақ көре алмайды,
Құлақтары бар, бірақ ести алмайды,
Мұрны бар, бірақ иіс білмейді,
Қолдары бар, бірақ сезе алмайды,
Аяқтары бар, бірақ жүре алмайды,
Көмейінен бір дыбыс та шықпайды.
Өлі пұтты жасаған пенде соған ұқсайды,
Мүсінге сенген әркім де содан аумайды» (Заб. 113:12–16).

«Мүсінге сенген әркім де содан аумайды» дегеннің мағынасы не? Адами нәрсені асқақтатқанда, біз адамның қолы жасаған нәрсемен шектелеміз. Пұттар – әрекет ете алмайтын пішіндер. Олар тірі сияқты көрінсе де, басқаларды тірі ете алмайды. Осылайша, оларға табынушылар Құдайдың берген сезімін елемей, пұттары сияқты не сөйлемей, не қозғала алмай қалады. Құдайды дәріптегенімізде, Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Құдайға тең келер ешкім жоқ, сондықтан Құдайға еру — сіздегі даралықты сыртқа шығарудың ең жақсы жолы. Басқа адамдарға шәкірт бола аламыз, бірақ оларға табынуға болмайды.

Алғашқы да, Соңғы да – Құдай

Екінші ақиқат, Тәңір Ие — мәңгі Құдай. Ол мәңгіліктен мәңгілікке бар Құдай, басқаша айтқанда, Ол Алғашқы да, Соңғы да (ағылшынша «Альфа және Омега» – аудармашының ескертпесі). Альфа және Омега – грек алфавитінің бірінші және соңғы әріптері. Бұл әріптер бірге айтылғанда, басынан аяғына дейін бәрін

қамтитын ұғымды береді. Альфа «санау, бастау, туылу, таң, қайнар және табалдырық» дегенді білдіреді. «Омега» сөзінің анықтамасы толығымен анық емес, бірақ ол «соңғы, соңғы нүкте, шек» дегенді білдіреді. Әлі болмаған нәрседен гөрі болған нәрсені жақсырақ түсінетінімізге бола, «Омега» сөзінің анықтамасы түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан Құдайдың кеңесін есту үшін оған жақындау керек. Уақыттың ең алшақ шегіне жалғыз Құдай жетті. Біздің Құдайға ұқсайтын ешкім жоқ. Ишая пайғамбар былай дейді:

Баяғыда болғандарды да ұмытпаңдар! Жалғыз Мен ғана шынайы Құдаймын, Менен өзге құдай жоқ, Маған ұқсас ешкім де болмайды! Ақырғы жайттарды әуел бастан-ақ және әлі істелмеген істерді баяғыдан-ақ алдын ала білдіріп келемін. Мен мақсатымды орындап, Өзіме ұнайтындарды іске асыратын боламын деп уәде беремін (Ишая 46:9, 10).

«The Message» аудармасы былай дейді:

«Ұзақ та бай тарихыңды есте сақта. Қазіргі және болашақ Құдайың, теңдесі жоқ, орны толмас Құдайың, ақыры не болатынын әуел бастан айтып отыратын Құдайың — Мен. Не болатынын ашып көрсетемін. Мынаны біл: “Сендермен ұзақ уақыт біргемін, нені қаласам, оны дәл орындаймын”».

Жаратқан Ие әр нәрсенің соңын басында айтады. Ол Альфаны алғаш жазған кезде Омеганы да жариялайды. Құдай бізді артқа қарап, Өзінің адалдығын көруге шақырады. Ол әр күннің соңын таң атқан кезде біледі.

«Мен болатұғын жайттарды баяғыда-ақ алдын ала мәлімдеп, сендерге қайта-қайта білдірген едім. *Кенеттен оларды орындап, жүзеге асырдым* (Ишая 48:3).

Барлығы орындалды, бәрі аяқталды. Тәңір Ие аяқталмаған ештеңе қалдырмайды. Ештеңе Оны ойын өзгертуге немесе

жоспарынан бас тартуға мәжбүр ете алмайды. Исаның жерге келуі Оның соңғы жауабы болды.

«Сондықтан Мен сендерге жасайтын істерімді алдын ала хабарладым, оларды болмай тұрып-ақ білдірдім. Сонымен: «Өз тәңірлеріміз осылай істеді! Ағаштан ойылған және қоладан құйылған мүсіндеріміз солай болсын деп бұйырды!» дей алмайсыңдар. Хабарларымды естіген едіңдер. Енді жүзеге асқандарының бәріне қарап көз жеткізіңдер! Оларды ашық мойындамайсыңдар ма? Бұдан былай Мен сендерге жаңа жайттарды жария етпекпін, өздеріңе беймәлім, жасырын жатқандарды хабарламақпын. (Ис. 48:5, 6).

Құдайымыз міндетті түрде көңілімізді қалдыратын немесе сәтсіздікке ұшырататын адамдарға және нәрселерге сенбеу керектігін басында айтады. Біз не істегеніміз туралы емес, Құдайдың не істегені туралы айтқанымыз жақсы емес пе? Жаратылыстан гөрі Жаратушының нені болжағанын білген дұрыс емес пе?

Құдай әрі қарай былай дейді:

«Олар бұрын емес, қазір пайда болып жатыр. Бүгінге шейін солар туралы естімедіңдер. Сондықтан сендер: «Әрине, мұны білген едік», — дей алмайсыңдар» (7-аят).

Сонымен...

- Құдайымыз ақырында не болатынын басында жариялайды.
- Мәсіхте, біз Оны сүймес бұрын Құдай бізді сүйді.
- Біз құламай тұрып Ол бізді ұстап үлгерді.
- Біз кешірім сұрамас бұрын Ол бізді кешірді.
- Жалаңаш екенімізді білмей тұрып Ол бізге киеліліктің киімін кигізді.
- Біз кір екенімізді түсінгенге дейін Ол бізді тазартты.

Құдайға дұшпан, жат болғандарды Ол өз перзенттері мен достары етті. Ол өміріміздің тарихын біз алғаш тыныс алмай тұрып жазған. Осы теңдесі жоқ Құдайдың кім екенін көруге, сүйікті де керемет перзенттері сияқты Әкемізге еліктеуге шақырамын.

Бар Болушы Құдай

Енді Құдайдың келесі есімі, Бар болушы Құдайды қарастырайық. Мысырдан шығу кітабында былай делінген:

«Ал Мұса Құдайға:

— Енді мен исаилдіктерге барып, «Мені ата-бабаларыңның Құдайы сендерге жіберді» десем, олар менен «Оның есімі кім?» деп сұрайды ғой. Сонда не деп жауап беруім керек? — деген сұрақ қойды. Құдай оған былай деп жауап қатты:

— Мен (Мәңгі) Бар Болушымын. Исаилдіктерге: «(Мәңгі) Бар Болушымын деген мені сендерге жіберді» деп айт» (Мыс. ш. 3:13, 14).

Мұса бұл есімнің мағынасы туралы көп ойлаған болса керек. Бір адамды кездестіріп, оның атын сұрадыңыз делік. Ол сізге: «Менің атым бар болушы», – деп жауап береді. Оны түсіндір десеңіз, жауабы жай ғана: «Мен бар болушымын». Не деріңді білмей қалатын шығарсыз. Әрі қарайғы әңгімені елестетіп көріңіз: «Сәлеметсіз бе, Бар болушы! Қалыңыз қалай?». Бұл шатасу Құдайдың барлығын қамтитын жалғыз тұлға болуына да қатысты. Мені, әрине, «Бар болушы» деп атауға болмайды. Біз үшін дәлірек есім «Құдай бар болғандықтан мен бармын».

Құдай – Кім болса, сол. Құдай бар, себебі Құдай бар. Мен неге бармын? Өзім бар болғанымнан емес, ата-анамның қосылғанынан да емес. Сайып келгенде, мен бармын, өйткені Құдай бар. Ол барлық тіршілік иелерінің Жаратушысы.

Ол *Бар Болушы* болғандықтан, мен Бар Болушы Мәсіхте бармын дей аламын. Бұл сөздің қаншалықты қуатты екенін

түсінбейміз, өйткені егер түсінсек, мүлдем басқаша өмір сүрер едік. Әлем бізге Құдайдың кім екенін айтуға тырысады, бірақ Құдай Өзінің кім екенін Ұлы арқылы ашып көрсетті. Өзінің Ұлы арқылы Құдай бізге Өзін танытқысы келеді және осылайша бізге өзімізді де ашып көрсеткісі келеді. Бір күні Иса шәкірттеріне осыны түсінуге көмектескісі келді.

«Бірде Иса Філіп-Кесариясы қаласының маңына барып, жеткеннен кейін, шәкірттеріне:

— Жұрт көктен келген Билеушіні кім деп жүр? — деген сұрақ қойды. Олар:

— Біреулері Сізді шомылдыру рәсімін жасаған Жақия, ал басқалары Илияс пайғамбар, тағы басқалары Еремия немесе ежелгі пайғамбарлардың өзге біреуі деп жүр, — деді. Сонда Иса:

— Ал сендер Мені кім дейсіңдер? — деп сұрады. Шимон Петір:

— Сіз Мәсіхсіз, мәңгі тірі Құдайдың рухани Ұлысыз! — деп жауап берді. Иса оған:

— Құдай жарылқасын сені, Жүніс ұлы Шимон! Саған Менің шынымен кім екенімді адам баласы емес, көктегі Әкем білдірді! Енді Мен сенің шынымен кім екеніңді айтайын. Сен — Петір, тассың» (Матай 16:13–18, «The Message»).

Естідіңіз бе? Біз Исаның шын мәнінде кім екенін білгенде, өзіміз туралы ақиқатты естуге дайын боламыз. Шимон шын мәнінде Петір еді. Ол әрқашан өз сезімінің жетегінде жүретін балықшы бола бермейді. Ол Киелі Рух басқаратын көшбасшы болады және жартас болады. Исаның келесі сөзінде шаттық естіледі:

«Осы іргетастың үстіне Мен Өзіме сенушілердің қауымын саламын. Ол өлімнің күштері де жеңе алмайтындай қуатты болады. Оны қоя тұр, саған Құдай Патшалығын толық, еркін түрде қолжетімді етемін. Қолыңда кез келген есікті ашатың кілтін болады. Көк пен жердің арасында бірде бір кедергі болмайды. Жердегі «иә» көктегі «иә» болады. Жердегі «жоқ»

көктегі «жоқ» болады (Матай 16:18, 19, «The Message»).

Өзіңнің кім екеніңді білгенде, қолыңда не барын білесің. Қауымның қандай болғаны және көктің байлығына қол жеткізе алуы қауымның Мәсіх туралы не білгенімен тығыз байланысты. Құдайдың Сөзін білгенде, Құдайдың Сөзін айтып дұға еткенімізде көкте «Иә» және «Әумин» жаңғырығы естіледі.

Исаны кім дейсіз?

Құдай туралы түсінігіңіз бойыңыздан көрініс табады. Құдай туралы түсінігіңіз, сайып келгенде, өміріңіз мен шешімдеріңізде көрініс табады. Исаны қалай атайтыныңызға қарап, Құдай Өзін сізге қалай ашып көрсеткенін білуге болады. Егер Исаны игі ұстаз десек, Ол үйретеді. Оны дана қамқоршы десек, Ол даналық береді. Исламда Иса пайғамбар және емші деп аталады. Жеке алғанда, бұл атаулар жай ғана ұсақ-түйектер. Бірақ егер Исаны *Мәсіх, тірі Құдайдың Ұлы* десеңіз, Иса – Құтқарушым Ие деген аяныңыз бар. Жоханның бірінші хатында былай жазылған:



**Құдай туралы
түсінігіңіз
бойыңыздан
көрініс табады.**

«Кім Исаны Құдайдың рухани Ұлы деп мойындаса, Құдай онымен, ол да Құдаймен тығыз байланыста тұрады. Біз Құдайдың өзімізге деген сүйіспеншілігін біліп, Оған нық сенеміз. Құдай — сүйіспеншілік. Сол себептен, кім Оның сүйіспеншілігіне сай әрекет ете берсе, ол Құдаймен, Құдай да онымен тығыз қатынаста тұрады. Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей өмір сүрсек, онда Құдайдың сүйіспеншілігі бойымызда әбден толысып, мақсатына жетеді. Осылай қиямет сотында нық сенімді боламыз» (Жоханның 1-хаты 4:15-17, қазіргі аударма).

Бұл мойындауда мәңгілік байланыс жатыр. Осы арқылы Исаның құрбандығы мен біздің шынайы халіміздің арасындағы қашықтық жойылады. Құдайдың Сөзін айтқанда, бізді шындықтан ажырататын тұңғыыққа көпір салып өтеміз. Біздің емес, Құдайдың Кім екенін негіз етіп, Құдайға жақындай алмыз. Бұл нені білдіреді? Құдай мені кім десе, мен сондаймын. Мен Исаны қалай атайтынымды білсем, «Мәсіхтегі» мәртебем арқылы маған берілген Құдайдың барлық уәделерін түсініп, аша аламын. Иса шынымен сауықтырушым, тыныштық сыйлайтын Әміршім, сенімімнің жолын салған да, Құдай белгілеген мақсатқа жеткізетін Ием бе? Мен үшін Иса кім: Құдай ма, әлде жай ғана игі ұстаз ба?

Ол сүйіспеншілік болғандықтан, мен сүйе аламын және басқалар мені сүйе алады.

Ол өмір болғандықтан, мен тірімін.

Оның қолынан келетіндіктен, мен істей аламын.

Ол менің ағам болғандықтан, мен Құдайдың қызымын.

Ол құдіретті болғандықтан, мен күштімін.

Ол сауықтырушы болғандықтан, мен сауықтым.

Ол даналық болғандықтан, мен данамын.

Ол бар болғандықтан, мен бармын.

Ол бар болғандықтан, мен де Оның айтқанындаймын.

Мен тамаша да керемет жаратылғанмын.

Құдайдың Сөзін өміріңізге шақырып көріңіз. Оны тексеріп көріңіз. Дәл қазір бастау үшін бірге дұға етейік.

Қымбатты көктегі Әке!

Мен туралы не айтсаң, мен сондаймын. Осы үшін алғыс айтамын. Сенің бейнеңді кішірейткенім үшін кешір. Өзім үшін жаратқан пұттарыма құлшылық еткенім үшін кешіре гөр. Қолдан жасалған шектеулі бейнелерді жалған тәңір етуден бас тартамын. Киелі Рух, өмірімнің қай салаларында пұттардан құтылуым керек екенін ашып көрсетші. Сен сүйіспеншілік

болғандықтан, жақындарым үшін сүйікті болып қана қоймай, басқаларды да Сен сүйгендей сүйе аламын. Сен өмірімнің қайнар көзісің, Сенің арқаңда ғана тыныс аламын.

Өмірімде бастаған ісіңді Сен аяқтай аласың, алдыма қойғаныңның бәрін істеуге қабілет бердің. Мәсіхте мен Сенің қызыңмын, өйткені менің Көктегі Әкем бәрін істей алады, Сенің Рухыңның арқасында маған қажетті күштің бәрі бар. Сен менің сауықтырушымысың, енді мені жаралаған дүниеден ем іздемеймін. Даналықтың қайнар бұлағы Өзің болғандықтан, сенің кеңесіңе арқа сүйеймін.

Басқа адамдардың сөздерін негіз қылып, Сен туралы шектеулі түсінік қалыптастырғаным үшін кешірім сұраймын. Сені жақын және терең танып білгім келеді. Сен мен елестеткеннен де құдіреттісің, бұған күмәнім жоқ. Мені бәсеке емес, кереметтерге толы өмірге жетелеуіңді сұраймын. Сенің кім екеніңе байланысты мен сен айтқандаймын. Мен қазір қандай сезімде болсам да, мен тамаша да керемет жаратылғанмын.

Исаның атымен, амин.

Ойлануға арналған сұрақтар

1. Құдайды өзіңіз білетін адаммен немесе басыңыздан өткерген оқиғамен салыстырғаныңыз бар ма? Мысалы, Құдайды әкеңіз сияқты (жақсы немесе жаман) деп ойладыңыз ба? Қазір Ол туралы не ойлайсыз?
2. Өміріңіздің қай салаларында басқа адамдардың білімімен ғана жүрсіз? Қауесетті негіз қылып алған салаларыңыз бар ма?
3. Сіздің ойыңызша Августин «Құдайды надан болып таныған бәрінен артық» дегенде нені меңзеген?
4. Құдай Өзін Бар Болушы деп сипаттайтын қай жерлерде Оны жақсырақ білуіңіз қажет?

БӘСЕКЕДЕН ТЫС

5. «Күш-қуатыңды не нәрсеге жұмсап, не нәрседен күш-қуат алсаң, ол – пұт» дедік. Өміріңіздің қай салаларында байқамай пұт жасап алдыңыз?
6. Құдайдың алдында Оны Бар Болушы деп атағаныңызда, Ол сізді кім дейді?

Бәсекеден тыс уәде

«Мәсіхтің бізге уәде еткені мол. Оның жанында біздің қалағанымыз тым батыл емес, тым жасық. Бізге бұрын-соңды болмаған шаттық дайындалып қойған. Біз болсақ, ішімдікке, азғындыққа, табысқа алданып жүрген ақымақпыз. Ата-анасы оны теңізге алып баратынын білмейтін, шалшықта ойнап отырған бала сияқтымыз. Бізге жағу қиын емес, қайта тым оңай».

К.С.ЛЬЮИС

Әсерлі сөз!

Бізге теңдесі жоқ уәде берілген. Ол біздің қазынамыз. Не күтсек те, бұл қазына одан асып түседі. Ол — біздің әлеуетіміз. Оны көзбен көруге, қолыңмен ұстап көруге болмайды. Кейбіреулер бұл сыйлықты пайдаланбайды... ол бар, бірақ ұйықтап жатыр.

Жаңа ғана банк шотыңызға бір миллиард доллар түсті десем, өміріңіз оңайырақ, өзіңіз бақыттырақ болатын шығарсыз. Өмір бойы жұмсай алмайтындай көп ақшаңыз болса да, ол қаражат

ешқашан шынымен сіздікі болмас еді. Себебі, жердің қазынасы жерде қалу керек. Сіз қайтыс болғанда, ол шыққан жерінде қалуы керек. Заң сондай. Бірақ, қазір қолыңызда бар қазына түрленіп, көбейіп, сізбен бірге мәңгілік өмірге өтеді.

Мен айтып отырған уәденің байлық жағынан да, қашықтық жағынан да теңдесі жоқ. Бұл уәденің жемісі сіз кеткеннен кейін балаларыңыздың соңынан да ереді. Өзіңізді де көктің қақпасынан қарсы алады. Бұл уәдені ұрлауға немесе Есау сияқты бір тостаған сорпа сияқты болмашы нәрсеге сату мүмкін емес (Жар. 25-ті қараңыз). Жақсылап сақтаймын десеңіз, оны арман мен үмітке орау керек. Жүрегіңіздің топырағын өңдесеңіз, бұл қазына өркендеп, көбейеді. Өмірі өзгерген миллиондаған адамдардың жүрегінде осы уәде бар. Қанша адам өз үлесін алса да, бұл қазына ешқашан азаймайды.

Мен патшалардың Патшасы мен иелердің Иесінің батасын айтып отырмын. Бұл қазына байлап қоюға немесе доллар, я алтын мен күміспен өлшеуге тым үлкен. Бәрінен айрылып қалсаңыз да, бұл қазынадан айырыла алмайсыз. Бұл байлықтың адамның қолымен жасалған заттарға қатысы жоқ. Ол мәңгілік және дұғаның сыбыры арқылы беріле алады. Қымбатты құрбым, нағыз тәж киген патшайымнан сіздің еш айырмашылығыңыз жоқ.

Патшаның шақыруы

Біреу есігіңізді қағып жатыр деп елестетіңіз. Жүгіріп барып ашсаңыз, босағада патшаның хабаршысы тұр екен. Күлбике туралы ертегідегідей патша сарайынан хабаршының орнына періште келеді. Періштенің жарығы мен үлкендігі сонша, оның артында ештеңе көрінбейді. Бірақ, сіз не айтар екен деп күтіп тұрған үлкен бір топ куәгер бар екенін білесіз. Құдайдың хабаршысы атыңызды атап, сіздің Аспан Патшалығының мұрагері, ханшайымы екеніңізді дауыстап жариялайды. Қол шапалақтау естіліп жатыр. Таңғалып, сіз: «Мен бе?» дейсіз. Періште басын изеп, шақыру қағазын береді. Дірілдеген қолыңызбен конвертті ашасыз. Ешқандай қатесі

жоқ, атыңыз алтын әріптермен әдемі жазылған. Деміңіз тарылып, көзіңіз жасқа толады. Қайтадан есік жаққа қарасаңыз, ешкім жоқ. Періште мен күәгерлер ғайып болған. Үйдегілердің бірінің: «Кім келді?» деп айғайлағанын естисіз.

Өзгеріс келді. Сырттай бәрі баяғы қалпында болса да, бір маңызды нәрсенің өзгергенін сезесіз. Хабаршы не үшін келді? Жағдайыңызды, тұратын жеріңізді өзгерту үшін емес, бұрын-соңды болмаған іштей өзгеріске шақыру үшін.

Айнаның алдына барып, өзіңізге қарайсыз. Киген киіміңіз тура сондай. Бірақ, киімнің өзі жеңілдеп қалған сияқты. Ештеңе қысып, батып тұрған жоқ. Сізді шектейтін, бұрынғыша анықтайтын ештеңе жоқ. Ойыңыз анық бола бастайды. Сіз тұратын жер шынайы үйіңіз емес екенін түсінесіз. Алыста Құдайыңыз мен Патшаңыз салған қала бар. Ол сізді нағыз отаныңызда күтіп тұр. Сіз қонақ бөлмеден өтіп, аң-таң отырған үйдегілерге назар аудармай, жатын бөлмеге барасыз. Бөлмеңіздің есігін жауып, тыныш жерде конвертті ашып, алтын жалатылған шақыруды абайлап шығарасыз.

«Сүйікті қызым, енді сен Құдай Тағаланың ханшайымы Сарра болып қайта тудың. Исаны жақыннан танып өсіп келе жатырсың. Оның рақымы мен тыныштығы өміріңде біртіндеп арта түседі.

Бұл патшалық тағайындау Құдайға ұнамды өмір сүру үшін қажеттің барлығы саған берілгенін білдіреді. Өміріңде не керек болса, барлығы қолыңда. Киелі Жазбаны оқыған сайын, қырандай қайта түлейсің. Санаң жаңаратын болады. Өзіңе берілген керемет құнды уәделердің тамаша қазынасы туралы көбірек білетін боласың. Олардың әрқайсысы саған ғажайыппен берілді! Қымбатты қызым, әлі күмәнің болса, бұл бәрінен артық шақыру екенін біл! Енді саған керегі – қазірдің өзінде сенен теріс қараған әлемнен бас тарт».



**Қайсысын
таңдаймыз,
мұраны ма әлде
қалдықтарды
ма?**

Тәуекелге барып, Петірдің 2-хатынан алынған үзіндіні өзгерттім. Бірақ оны Киелі Кітаптан қайта оқып көрейік:

«Лайым сендер Құдай мен Иеміз Исаны бұрынғыдан да жақынырақ танып білгендерің арқылы сендерге рақым, амандық және тыныштық молынан жауа берсін! Құдай бізді құдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті. Ол бізді Өзінің ұлы да ізгілікті болмысы арқылы меншікті халқы болуға шақырады. Өзінің болмысы сондай ұлы әрі ізгілікті болғандықтан, Құдай бізге аса құнды да тамаша уәделерін берді. Бұл уәделерінің арқасында сендер Құдайдың әділ болмысын бөлісіп, арам құмарлықтарға салынбай, осы күнәкар дүниелік адамдардың азғындығынан аулақ жүріп құтыла аласыңдар» (Пет. 2-х. 1:2-4).

Иса жүрегімнің есігін қақпағанда, бәрінен құр қалар едім. Бір керемет болса ғана, әлденені мұра етіп алар едім! Ата-анамның ағам екеуімізге қалдыратын ештеңесі болмады. Егер мұра мен қалдықтар арасында таңдау керек болса, қайсысын таңдар едім? Құдайдың уәдесі барша мал-мүліктен артық екенін баяғыда түсіндім.

Біз осы керемет уәделерге қалай қол жеткізе аламыз? Олар сенім арқылы бізге тиесілі. Ғалаттықтарға 3:14-те былай делінген:

«Құдай Ыбырайымға уәде еткен ақ батаны Иса Мәсіх арқылы басқа ұлттарға да берді. Енді Мәсіхке сенген бәріміз уәделенген Киелі Рухты сенім арқылы қабылдаймыз».

Ыбырайым және Сарамен кездесу

Бұл уәделер туралы көбірек білу үшін Киелі Кітаптан Ыбырайым мен Сараның әйгілі әңгімесін оқиық. Құдай бізді басқа адамдардың тәжірибесінен сабақ алсын деп Киелі Кітапқа әңгімелер жазып қалдырды. Мен оларды оқығанда, хикаяларды

мен үшін тірі ететін маңызды сөйлемдерді іздеймін. Сараның келбеті қандай болған екен деп ойланамын. Әңгіменің оқиғаларын елестетіп Киелі Рухты тыңдаймын. Осылайша кітапта жазылғандар көз алдыма келе қалады. Оқи отырып, өзіме сұрақ қоямын: кейіпкерлердің орнында мен болсам, өзімді қалай сезінер едім? Мен үшін ең қиын және ең қорқыныштысы не болар еді?

Бұл Киелі Жазбаны оқудың көптеген жолдарының бірі ғана. Ол толығымен Киелі Кітапқа сәйкес. Бұл Құдайдың Сөзін тірі ететін тәсіл. Киелі Кітаптағы ата-бабаларымыз — біздің сенімдегі бауырластарымыз. Міне, «селахты» мен осылай жасаймын («селах» дегеніміз забур жырларында жиі кездесетін еврей сөзі, ол музыкалық немесе литургиялық паузаны білдіреді – аудармашының ескертпесі). Тоқтап, ой жүгіртемін.

Алдымен Ыбырамды таныстырып өтпекпін. Ол сенім бойынша біздің әкеміз. Адал, мінсіз, қарт және тақуа адамды елестетіңіз. Енді Сарай. Ол уәде бойынша біздің анамыз. Ол таңғаларлық сұлу және Ыбырам сияқты адал, мінсіз, қарт және тақуа.

Құдайдың шақыруын естігеннен кейін бұл екеуі бәрін тастап, Құдай айтқан жерге баруға батыл болды. Құдай бедеу жұптың өмірін жарылқап, балалы етуге уәде берді. Бірге олар бұрын-соңды болмаған шытырман оқиғаға аттанды. Ыбырам мен Сарай бұрын көрмеген нәрсені, Құдай жаратқан халықты іздеді. Оқиға оларға қайта оралғанда, Ыбырам мен Сарай ондаған жылдар бойы шөл даланы аралап жүрді. Ыбырам жүз жаста, ал әйелі Сарай тоқсан жаста болуы керек.

Шөлді аралап екеуі талайын бастан кешірді. Қысқаша мазмұндайтын болсам, былай. Құдай оларға батасын жаудырған кезде, қиындық та туды. Жиендері Лут олардан бөлініп шықты. Сарай перғауынның хареміне алынды, сосын босатылды. Содан кейін Ыбырам мен Сарай қайтадан жолға шықты да, кішігірім соғыста жеңіске жетті. Ыбырам тұтқынға алынған жиенін құтқарып, Құдай Тағаланың діни қызметкері Мәліксадық патшаға қолындағы барының оннан бір бөлігін берді. Өмірдің ауыр

сынағына тап болғанда, балалы болу үшін Сарай күңі Ажарды күйеуіне берді. Бұл қате шешім еді. Осылайша Ысмағұл туды. Үмітсізден Сарай ашуланып, жанжал шығарды. Менің ойымша, күйеуі мен әйелінің арасына бөтен біреу кірсе, мұны кім болса да ұнатпайтын еді.

Ыбырам мен Сарай туралы қысқаша әңгімеде бірнеше маңызды тұсты айта кетейік.

1. *Олар бірге болды.* Ыбырам мен Сарай Ур қаласынан арттарына қарамай шықты. Қайтатын жол болмады. Құдай оларды шақырды, олар жолға шықты. Бітті. Жаратылыс (12:1, 2) былай дейді:

«Жаратқан Ие Ыбырамға сөзін арнап былай деп бұйырған еді:

Сен еліңді, туған-туысқандарыңды

Және әкеңнің үйін тастап,

Мен өзіңе көрсететін елге көш!

Мен сенен үлкен халықты өрбітіп таратамын,

Сені жарылқаймын әрі атыңды шығарамын.

Сен арқылы ақ батам басқаларға да жететін болады».

Құдай жаңа нәрселерді дайындады. Құдай оларды сенім мен үмітпен алға жетеледі. Қателессе де, Ыбырам мен Сарай арттарына қарамады.

2. *Олар барлық дауды ысырып қойды.* Ыбырам мен Сарай Урдан шыққанда, жиендері Лутты өздерімен бірге алып шықты (бұл ең жақсы ой емес-ті). Ыбырамға берілген бата Луттың байлығын да арттырды. Екеуін де жер сыйғыза алмаған соң, мал бағатын қызметшілері қақтығысып қалатын болды. Жағдайды қиындатпау үшін Ыбырам Лутқа қай жерге көшіп баратынын бірінші таңдауға рұқсат берді. Бірге тұрып, жанжалдасып жүргенше, бөлек тұрғандары жақсы болды. Байқадыңыз ба, егер жаныңыздағы адамдар керек болмаса, Құдай екеуіңізді де байытып жіберуі мүмкін. Сонда бөлініп шығуға тура келеді. Ұрыс-керіс Құдайдың жарылқауын және

өміріңіздің тиімділігін төмендетеді.

3. *Олар сенді.* Ыбырам Мәліксадыққа мүлкінің оннан бір бөлігін бергенде, Құдайдың уәдесін негіз қылып алды. Содомның олжасын иеленіп алудың орнына, ол сенімі арқылы құрбандық берді. Бұл оның үмітін қуатты етті.

Құдай Ыбырамға көрініп, Жаратылыс кітабында (17:4, 5) жазылған уәдені жариялағанда, осы үш ойды да анық көреміз:

«Айтқаным айтқан: Менің сенімен жасаған Келісімім бойынша сен көп ұлттың түп атасы боласың. Бұдан былай сен Ыбырам («Ұлық ата») емес, Ыбырайым («Көптің атасы») деп аталасың. Өйткені Мен сені көптеген халықтардың түп атасы етіп тағайындадым».

Мәңгілік келісім

Мұрагер екеніңді білгенде, Құдай атыңды өзгертеді. Құдай Ыбырамның атын Ыбырайым деп өзгерткенде, ата-бабамыздың өмірі кеңейді. Ол енді халықсыз адам болмайды... ол халықтардың атасы болады. Жаратылыс кітабының 17-тарауында Құдай бұл келісімнің кеңдігі мен биіктігін егжей-тегжейлі сипаттады. Ыбырайымның өмірі «ұрпақ», «мәңгілік» сияқты сөздермен сипатталады. Ыбырайымның басып жүрген жат, бөтен топырағы бір күні оның ұрпақтарының мұрасы мен мәңгілік меншігіне айналады. Құдай Ыбыраммен бірге болғаны сияқты, Ыбырайымның ұрпақтарына да жар болуға уәде берді. Ыбырайым болашағының ұлылығын рухани көзімен көргенде, Құдайдың алдында жылап жібергенін елестетемін.

Ыбырайымның Құдайға сиынғаны, тізе бүгіп, көз жасын төгіп, жұлдыздарға қалай қарағаны көз алдыма келе қалады. Шөл далада қараңғы аспанда бір сәуле жарыққа қолын тигізгісі келгендей екі қолын созады. Жүрегі ризашылыққа толы. Уәденің әрбір сөзі

бойына терең еніп, сүйектің кемігіне дейін барғандай. Бір кезде кәрілігі ғайып болғандай, Ыбырайым қайтадан жас шағына оралғандай сезінеді. Әрбір жасушасы ғажайып түрде жаңарады.

Ыбырайым деген жаңа есім жүректі қуаныш пен үмітке толтырады. Ысмағұлға қарап ол: «Осының бәрі сенікі, балам, өмірің гүлденіп, берекелі де кең тарайды» деп ойлайды.

Жаратқан Ие Ыбырамға бұл келісімнің белгісі болу қажет дейді. Нұх пайғамбарға берілген кемпірқосақ сияқты бәріне жалпы емес, азаппен алынатын жеке белгі. Ыбырайымның үйіндегі барлық еркектер сүндеттелуі керек. Сүндет Ыбырайым мен оның ұрпақтарының Құдай Тағаламен келісімде екенін растайды. Содан кейін Құдай былай тіл қатады:

«Сен әйеліңді енді Сарай емес, Сара деп ата. Мен оны жарылқап, саған Сарадан да бір ұл сыйлаймын. Сараға ұлттардың түп анасы болсын деп ақ батамды беремін. Халықтардың патшалары да Сарадан тарайтын болады» (Жар. 17:15, 16).

Ыбырайым сасып қалған шығар. Ол аң-таң болып басын көтереді... Сара? Менімен келісім? Менің ұлым бар емес пе? Ысмағұл. Ол менің Ажардан туған ұлым.

«Сонда Ыбырайым Құдайдың алдына жерге бас ұра тағзым етіп: «Жүзге келген адам ұлды болып, тоқсанға келген Сара да бала таба алар ма екен?» — деп іштей күлді» (Жар. 17:17).

Сара ұлды болатынын естігенде күлгені туралы көп естиміз, бірақ Ыбырайым Құдайдың уәдесіне бірінші болып күлді. Ол күліп қана қоймай, ұсыныс жасады:

«Бұдан кейін Құдайдан:
— Ысмағұл Сенің көз алдында тірі жүргей, — деп өтінді» деді (Жар. 17:18).

Ыбырайым Ысмағұлды жоспарға енгізуге тырысқан сияқты. «Сарамен әлек боламын ба? Аты жаңа болсын, ескі болсын, айырмашылығы жоқ. Сараның өзі де кәрі, күйеуі де кәрі». Ыбырайымның бұл сөзді не үшін айтып жатқанын түсінемін. Бірақ Құдайдың жоспары мүлдем басқа:

«Ал Құдай:

— Әйелің Сара саған ұл туып береді, оның атын Ысқақ деп қоясың. Мен Ысқақпен Келісім жасап, оны үрім-бұтағы үшін мәңгілікке бекітемін» (Жар. 17:19).

«Әйелің Сара...». Бұл түсінікті. Құдай оның ойын оқығандай болды. Елестетіп көріңізші! Құдай Ыбырайымды естіді және Ысмағұлға батасын береді. Бірақ ол мәңгілік келісімге жатпайды.

Екі адам неке қиып, бір болғанда, Құдаймен жасасқан келісім олардың екеуіне де қатысты болады. Әрине, Ыбырайым Ысмағұлды жақсы көрді. Құдайдың уәде еткенінің бәрін ұлына тілегенінің еш жаманы жоқ. Бірақ Ысмағұл күннің баласы еді. Уайым мен ескі болмыс оны шектейтін еді. Бәсекесі жоқ уәде бұрын-соңды болмаған белгі мен ғажайыпқа айналуы керек еді. Бедеу қарт әйел бала тууы қажет.

«Бірақ Мен Келісімді Сара келесі жылы осы уақытта дүниеге келтіретін Ысқақпен бекітемін, — деп жауап берді [Құдай]» (Жар. 17:21).

Біз де тура солай істейміз бе? Құдай бізге жаңа және керемет нәрсе жасайтынын айтады, бірақ біз күмәнданып дірілдейміз. Ол біздің өмірімізді кеңейтетінін айтады, біз «оған алаңдамай-ақ қой» дейміз. «Менде бар нәрсені жарылқасаң жетеді». Қолда барымыз, істеп жатқанымыз жеткіліксіз. Құдай өмірімізге араласқысы келеді. Ол бірнеше ұрпақ ауқымында ойлап, жоспарлайды. Келісім әлі туылмаған Ысқақ арқылы жасалуы керек. Ыбырайымның тәннен туған баласы емес, күлген Ысқағы арқылы!

Ыбырайымның қаншалықты бізге ұқсас адам болғанынан шабыт аламын. Бұл бәрімізге сабақ. Мейірімді Құдайымыз өз күшімізбен салған нәрселерге де батасын береді, бірақ Оның мәңгілік келісімі адам күшінің шегінен тыс бекітіледі.

Жаңа есім = жаңа тағдыр

Еврей дәстүрі бойынша, есімде адамның әлеуеті мен тағдыры бар. Демек, есімді өзгерту адамның болмысын өзгертумен тең. Мысалы, біз ұлдарымызға олардың мінезінде есімдерінің мағынасы көрініс тапсын деген үмітпен арнайы ат таңдадық. Мен мұны Құдай Әкемнен білдім. Ұлдарымды аттарын атап шақырған сайын, олардың өміріне осы есімнің мағынасын жариялап отырамын.

Адамдар өзгерген кезде, Құдай жиі олардың есімдерін өзгертетін. Қауымның атақты құдалаушысы Саул Пауыл болды, балықшы Шимон Исадан «жартас» дегенді білдіретін Петір есімін алған. Ысқақтың ұлы Жақып Исраил болды, бұл «Құдайдың ханзадасы» дегенді білдіреді. Құдайымыз адамдардың атын үнемі өзгертіп отырады. Бұл ұлттық қорғаныс мекемесінің куәгерлерді қорғау бағдарламасына ұқсас. Тек куәгерлердің орнында біз, Исаның атымен қызмет ететіндер.

Құдай Ыбыраммен келісім жасасқанда, оның есімін өзгертіп қабілеттерін арттырды. Бір тамаша досым бар, Брайан Билечи. Ол – мессияндық раввин. Брайан маған есімді өзгертудің мағынасын түсіндірді. Ыбырам есімін Ыбырайым деп өзгерту үшін Құдай оны ортасынан бөліп, Өз есімінен бір әріп қосты. Ыбырам «әке» дегенді білдіреді. Ыбырайым деген кеңейтілген есім «көптің әкесі» дегенді білдіреді.

Жаңа есім Ыбырайымның кім болатынын меңзеді. Бұл пайғамбарлық сөз түпатамыз тірі кезінде толық орындалған жоқ. Бірақ Ыбырайым Құдайды өз өмірімен мадақтағаны үшін, оның мұрасы шексіз көбейеді. Даралық сіздің тағдырыңызбен тығыз байланысты екенін ұмытпаңыз. Брайан раввин Құдайдың уәдесі Ыбырайымның әйелі Сарайдың есімі де өзгергеннен кейін ғана

орындалғанын көрсетті. Сарай «Ехоба — Әмірші» дегенді білдіреді, ал жаңа есімі Сара «Құдайдың ханшайымы» дегенді білдіреді.

Есімнің өзгеруі Сараның енді кім болғанын білдіреді. Жаңа есім оны Құдайға тікелей байланыстырды және оның барлық қыздары уадеге сәйкес патшалық лауазымға ие болатынына белгі болды. Жаңа атаудың арқасында тарихты жазған Сараның қолы емес, Құдайдың қолы болды.

Сараның есімінен еркектік болмысты меңзейтін мағына («Ехоба — ханзада») жойылып, әйел затын білдіретін («Құдай ханшайымы») мағына пайда болғанда, Сараның өмірінде қабылдау қабілеті күшейді. Ыбырайымның жаңа есімінің мағынасы кеңейіп, көптеген адамдарды қамтитын болды, бірақ уаденің тұқымы да шұрайлы топырақты қажет етті. Сараның өмірі топыраққа айналды, ал уаденің арқасында құрсақ тірілді.

Сара жаңа есім алған кезде, ол күйеуі екеуіне тапсырылған уаденің көктеп шығуына дайын шұрайлы топыраққа айналғандай болды. Құдай Ыбырайымға оның көптеген халықтардың әкесі болатынын, ал Сарадан халықтардың патшалары туатынын айтты. Құдай екеуіне де тура мағынада қиял мен арман берді.

Адамдар бір-бірін құрметтеп, Құдайын қастерлесе, Жаратқан Ие мүмкін емес нәрсені жасауға кіріседі. Жабық құрсақ өмірге толып, босану үшін күшейеді, махаббатын жоғалтқан некелер қалпына келеді, ұл-қыздар жын-шайтаннан азат болып, балалар өлгеннен қайта тіріледі. Үміт қайта туады, сенім қайта жанады, махаббат жеңеді, өтірікшінің дауысы өшкендіктен, жау кері шегінеді.

Байқамасаңыз да, сіз де рухани қайта туылғанда жаңа есім алдыңыз. Сіздің атыңыз да кеңейді. Ыбырайымға уаде етілген ұрпақ – Иса Өз есімінен бір әріп алып бізге қосып қана қойған жоқ. Біз Мәсіхтің есімін қолданып қашан да болсын бірде-бір шектеусіз Әкеміздің алдына келе аламыз. Жоханның Інжілінде (16:26, 27) былай делінген:

«Сол уақытта Менің атымнан сұрайсыңдар; Менің сендер үшін Әкеден өтінуімнің қажеті болмайды, өйткені Әкенің

Өзі сендерді сүйеді. Себебі сендер Мені сүйіп, Құдайдан келгеніме сенесіңдер».

Иса біздің орнымызға айқышқа керілгендіктен, біздің ұятымызды киімдей жамылды. Ол Өзінің мінсіз өмірін лас та азғын біз үшін құрбан етті. Осы ерікті құрбандығының арқасында Иса бізді толығымен құтқарды және уәде бойынша әрқайсымызға, Құдайдың әр перзентіне ерекше орын сыйлады.

Әзілдеп тұрсың ғой!

Біздің оқиға Жаратылыс 18-де Құдай Ыбырайымға қайтадан келгенде жалғасады. Ыбырайым шатырының кіреберісінде көлеңкеде отыр. Салқын жел еседі. Басын көтеріп қараса, Мамре емен тоғайының маңында үш адам тұр. Ғалымдардың көпшілігі бұл адамдардың періштелер екенімен келіседі. Ыбырайым оларға жүгіріп барып, тағзым етті де, шатырына тоқтауын өтінді.

«Ыбырайым:

— Мырза! Рақымыңыз маған түссе, мендей құлыңыздың қасынан өте шықпасаңыз екен. Қазір-ақ аяқтарыңызды жуу үшін су әкелінеді. Ағаштың саясына жайғасыңыздар. Құлдарыңыздың үйінен дәм татпай өтіп кетпеңіздер. Сіздерге тамақ әкелейін, әлденіп тынығып алыңыздар. Содан кейін әрі қарай жылжи берерсіздер, — деп өтінді. Олар:

— Жарайды, айтқаның болсын, — деп келісті» (Жар. 18:3—5).

Маған Ыбырайымның саяхатшыларды тоқтатып, құрметпен қарсы алғаны ұнайды. Ыбырайым, әрине, аз уәде беріп, көп нәрсені жасады. Ол Сараға жүгіріп барып, ең жақсы ұннан нан пісіруін сұрады. Содан кейін үйіріне барып, ең семіз бұзауды таңдап алды да, оны сойып, етін дайындауды қызметшісіне тапсырды. Барлығы дайын болған соң, Ыбырайым қонақтарға сары май, сүт және бұзау етін берді. Қонақтарға дастархан жайып, тамақты үйіп қойды.

Ас үстінде қонақтар Ыбырайымға сұрақ қойды.

«Қонақтар:

— *Әйелің Сара қайда?* — деп сұрады. Ыбырайым: — Осында, шатырдың ішінде, — деді. Иеміз:

— Келесі жылы осы уақытта Мен саған тағы да келемін. Сонда әйелің Сараның ұлы болады! — деп уәде берді. Осы сөздерді Қонақтың артындағы *шатырдың аузында тұрған Сара да естіді*» (Жар. 18:9, 10).

Бұл үзіндіні оқығанда, Сара тұрған шатыр көз алдыма келе қалды. Шынымен болып жатқан оқиғаны саңылаудан қарап бақылап отырғандаймын. Ыбырайым қонақтарымен бірге ағаштың салқын көлеңкесінде отыр. Шөл далада ескен самал дауыстарын Сараға жеткізіп тұр.

Сара іште олардың әңгімесін естіп, қатыспай отыр. Себебі олармен бірге емес. Үндемесе де, Сараның не ойлағанын Киелі Жазбаны оқып білеміз.

«Ал Ыбырайым мен Сара қартайған адамдар еді, Сара бала туудан қалған жаста болатын. Сол себепті ол: «Мен әбден қартайған шағымда осындай қуанышқа кенеле алар ма екенмін? Қожайыным да тым кәрі», — деп іштей күлді» (Жар. 18:11, 12).

Осы жерде Ыбырайымның реакциясы көрінеді. Осыған таң қаламын. Сара ұл туады деген уәдені бірінші рет естіп тұрма? Бұрын естімегендей кейіп танытып отыр. Кейде уәденің орындалуы тіпті мүмкін емес болып көрінген сәтте біз шынымен оның жүзеге асуына жақындаймыз.

Сәл ертерек Жаратылыс кітабында (17:21) «Келесі жылы шамамен осы уақытта» (The Message) делінген. Уәде екінші рет қайталанғанда, «Келесі жылы осы уақытта» деп жазылған. Жоспар өзгерген болуы керек. Ыбырайымның Құдаймен сөйлескені мен періштелер келгеннің арасында нақты қанша уақыт өткенін айту

қиын, бірақ көп емес шығар. Сірә, бір айдай уақыт өткен шығар. Жаратқан Ие бұл әңгімені Сара да естісін деді.

«Ал Иеміз Ыбырайымға:

— Сара неліктен күліп тұр? Ол неге «мен енді қартайған шағымда бала туа алар ма екенмін» деп сұрайды? Жаратқан Ие істей алмайтын тым қиын іс бар ма? Мен белгілі кезде: келесі жылы осы уақытта саған тағы да келемін. Сол кезде Сараның ұлы болады! — деп уәдесін бекітті. Сара сасып қалып:

— Мен күлген жоқпын, — деп мойындамады. Бірақ Иеміз оған:

— Жоқ, сен күлдің, — деді» (Жаратылыс 18:13–15).

Сара күліп қана қоймай, өтірік айтты! Әрине, қорыққанынан солай істеді, өйткені оның күлкісі «Әй, әзілдеп тұрсың ғой» деген мағынада емес, сенбегеннен туған мысқыл еді.

Әйелің Сара қайда?

Алдыңғы және кейінгі аяттарды оқып, қаншама айтылмай қалғанын ойлаймын. Ерекше атап өткім келетін бірнеше тұсты ғана айттым. Кейбіреулері назарымнан тыс қалды.

Біріншіден, «Сара қайда?» деген сұраққа жауап бергім келеді. Ол неге басқа шатырда отыр? Неге күйеуінің қасында отырып, әңгімеге қатыспайды?

Біз әңгіменің соңын білеміз, бірақ Сараның одан бейхабар болғанын ұмытпайық. Жасын ескере отырып, Сара апамыз өмірінің аяғына таяп қалғанын сезді. Ол күйеуі неке адалдығын бұзғандай сезінсе керек. Сараның Ажарға тіл тигізуі жағдайды одан сайын ушықтырды.

Сара қандай азапты басынан өткеріп жатқанын білмеді. Көңілі қалған Сараның жаны әбден қиналды. Жүкті болу үшін тереңдік қажет емес. Бала тууды ойламай-ақ жүкті болған әйелдер көп. Бірақ Сара, Ысқақ пен Исраил халқының болашақ анасы, оған дайындалу керек болды.

Он үш жыл бойы Сара Ысмағұлдың есейіп келе жатқанын көрді. Ол Ажардың баласын өз баласындай өсіремін деп үміттенсе керек, бірақ Ысмағұл өзі туған ұлы болмаған соң, ол қиынға түсті. Ыбырайым риза еді, ал Сараның көңілі қалды. Жағдай оның қалағанына қарама-қарсы еді. Бірақ одан да жаманы, өзі де, күйеуі де Сараның кім екенін ұмытып кеткендей болды.

«Әйелің Сара қайда?» деген сұрақ мені таң қалдырды.

Біздің үйге қонақтар келіп, мені іздесе, Джоннан: «Әйелің Лиза қайда?» деп сұрамайды. «Әйелің Лиза» деген сөз үйде Лиза есімді тағы бір әйел болса ғана орынды. Мысалы, егер ұлдарымның бірі Лиза есімді қызбен отау құрса, қонақтарымыз «Келініңіз Лиза емес, әйеліңіз Лизамен көрісуге келдік», – дер еді.

Бізді білетін адамның бәрі жай ғана «Лиза қайда?» деп сұрайды. Егер қонақтар бізді жақын танымаса және менімен сөйлескісі келсе, Джоннан: «Әйеліңіз қайда?» деп сұрайды.

Бұл қонақтардың Ыбырайымды да, әйелін де тани тұра Сараның атын және Ыбырайымға кім болып келетінін атап сұрағандары маған жұмбақ.

Періште қонақтар: «Ыбырайым, біз саған Сараның әйелің екенін еске салу үшін келдік. Иә, қазір некелік өмірің өзгерген шығар. Ажар ұл туып берді, оны білеміз, бірақ Сара әлі де сенің әйелің» деу үшін келгендей. Сонда Сараның өзі *қатысып* отыратын әңгімені неге сырттан сонша ден қойып *тыңдағаны* түсінікті. Көшпелі өмір салтында қонақтар сирек болса керек. Ыбырайым шатырдың кіре берісіндегі емен тоғайының жанында тұрған үш адамды көргенде орнынан атып тұрды. Киелі Кітаптағы әңгімені оқығанда, біз ас бірнеше минутта дайын болды деп ойлаймыз, бірақ шын мәнінде мұндай керемет дастархан жаюға бірнеше сағат қажет болды.

Жаратқан Иенің уәдесі туралы әңгімеге өзің қатыса алсаң, неге тығылып тыңдайсың? Келген қонақ «Сенім атасы Ыбырайымды көріп тұрмын, ал анасы қайда?» деп көзімен Сараны іздеген шығар.

Бұл біздің үйге бір кереметпен келген періштелерді Джон түскі

асқа шақырып, мені басқа бөлмеге шығарып тастағанмен бірдей. Шынымды айтсам, біздің үйде бола алмайтын жағдай. Джонның қонағы – менің қонағым, менің қонағым – Джонның қонағы. Бір себеппен мен бөлмеден шығып кетіп, қонақтардың мен туралы сұрап жатқанын естісем, бірден қайтып келер едім!

Ыбырайым Сараға «Біз сөйлесіп отырғанда, шыға тұршы» деді немесе тіпті Сарамен сөйлесуді қойды деп ойламаймын. Сара өзі барғысы келмеді, сірә. Қайта-қайта көңілі қалғанда, адам кім екенін ұмытады. Мәселе осында. Үміттенейін десе, өкініш тағы жанына батып кетеді деп қорқады. Сөйтіп, тығылып, өтірік айтқаннан басқа не қалады?

Сараның шатырда тұрып, қонақтардың әңгімесін тыңдауына не себеп болса да, Құдай оны оқиғаға қайта енгізді. Сара – әйелі екені Ыбырайымның есіне түскен сәтте уәденің орындалуы басталды. Бұл күндесі Ажарды шетке ысырып, басқаларға Сараның шынайы лауазымын көрсетті.

Неге Ыбырайымнан сұрау керек?

Бұл әңгімеде тағы бір қызық жайт бар. Күлген – Сара, бірақ сұрақ Ыбырайымға қойылды.

«Ал Иеміз Ыбырайымға:

— Сара неліктен күліп тұр? Ол неге «мен енді қартайған шағымда бала туа алар ма екенмін» деп сұрайды?» (Жар. 18:13).

Сараның істегені туралы неге Ыбырайымнан сұрау керек? Осы үзіндіні назар қойып оқығанымда, Жаратылыс кітабының он жетінші тарауында жазылған әңгіме Сараға айтылмаған шығар деген ойға келемін. Бәлкім, Ыбырайым Құдайдың айтқанын жүрегінде сақтап, көбірек ойланғысы келген шығар. Мүмкін, Сараға айтқысы келмеген шығар. Джон да, мен де кейде бір-бірімізге айту керек нәрсені ұмытып қаламыз.

Әлде екеуі сөйлесіп, сосын ол туралы ұмытып кеткендері де ықтимал. Тек бір нәрсені анық білеміз: ұл туралы берілген уәде Сараның өмірінде жүзеге әлі асқан жоқ. Хабаршылар Ыбырайымға сұрақ қойды:

«Жаратқан Ие істей алмайтын тым қиын іс бар ма? Мен белгілі кезде: келесі жылы осы уақытта саған тағы да келемін. Сол кезде Сараның ұлы болады! — деп уәдесін бекітті». (Жар. 18:14).

Бір жылдан кейін Сара ұлды болады. Сараның Құдайдың хабаршыларын алдауға тырысқанын ойласам, күлкім келеді. Сұрақ тіпті өзіне емес, Ыбрайымға қойылды ғой. Сонымен қатар, Әкеміз, мәңгі келісімнің Құдайы Сараның іштей күлгенін естігені маған ерекше жұбаныш. Өйткені, жасырын күлгенімізді естисе, жасырын жылағанымызды да біледі.

Бір ойды естіп күлу мен қуаныштан күлудің арасында үлкен айырмашылық бар. Сараның өмірінде күлкі жоқ еді. Ысқақтың дүниеге келуі мұны өзгертетін болады. Ыбырайым мен Сара жас кездерінде бірге жолға шыққандай, қайтадан бірге күле алса, уәдені бірге орындай алады. Құдайдың уәдесі орындалсын десеңіз, бір талап бар. Күйеулер мен келіншектер, апалы-сіңлілер, ағалы-інілілер, ерлер мен әйелдер сөйлесу керек. Әйелдердің тығылып жүргеніне тым көп болды. Құдай сіздің әңгімеге қатысқаныңызды қалайды. Өзімен келісім жасаған халықты жарату үшін Құдайға Сараның тереңдігі мен қалауы керек болды. Ғалаттықтарға арналған хатта былай делінген: «Ыбырайымның екі ұлы: біреуі күңінен, екіншісі ерікті әйелінен туғаны туралы жазылған. Күңінің ұлы әдеттегідей туылса, ерікті әйелінің ұлы Құдайдың берген уәдесі бойынша кереметпен дүниеге келді» (Ғал. 4:22, 23).



**Өзімен келісім
жасаған халықты
жарату үшін
Құдайға Сараның
тереңдігі мен
қалауы керек
болды.**

Сараны кім қорғайды?

Сара Ысқақты құшағына алғанға дейін қатысқысы келмеген тағы бір әңгіме болды. Осы жолы Сараның неге үндемей, өтірікке жол бергенін түсінбеймін. Оқиғаға Құдайдың Өзі араласты.

«Ыбырайым (сол жерде кездескен адамдарға) әйелі Сара туралы: «Бұл — менің қарындасым», — деді. Содан Герардың патшасы Әбумәлік кісі жіберіп, Сараны алдыртты. Бірақ түнде Құдай патшаға түсінде аян беріп: — Осы әйелдің кесірінен сен өлесің, себебі оның күйеуі бар, — деді» (Жар. 20:2, 3).

Құдайдың Сараның атынан сөйлегені жақсы болған, өйткені Ыбырайым да, Сара да жағдайды дұрыстайтын түрлері жоқ. Осылай істеуге кім мәжбүр етті? Құдай жаңа затты жаратайын деп жатқанда, екеуі бір-біріне *ескіше* қарады. Өздерін неге ағасы мен қарындасы ретінде таныстырды? Құдай олардың есімдерін жаңартты, Сара Ысқақпен аяғы ауыр тұрғалы кез.

Сара, әрине, теңдесі жоқ сұлу әйел еді... Бірақ ол тоқсан жаста еді! Ажары сөнбеген, өте көрікті болса керек. Әлде Ысқақтың дүниеге келуіне дайындалу үшін Құдай жастық шағын қайта жандандырған шығар. Қалай болғанда да, Ыбырайым Сараның бір жыл ішінде құрсақ көтеріп, бала туатынын біле тұра, әйелін Әбумәлік патшадан қорғауы керек еді. Әйтпесе, туған бала өзінікі екенін қалай білсін? Көбінесе біз үнсіздікті мойынсұну деп шатастырамыз, бірақ шынында... бұл өтірік. Мойынсұну дегеніміз нені қашан айту керектігін білу. Бұл жағдайда дәл осындай мойынсұну қажет болды.

Жастарына байланысты Ыбырайым мен Сараның әйел мен күйеу емес, ағасы мен қарындасы сияқты тұрып жатқаны ықтимал. Бірақ ол күндер артта қалды. Құдай олардың есімдерін өзгерткеннен кейін қарым-қатынастары баяғыдай болса да, періштелер келгеннен кейін, әрине, өзгерген деп ойлаймын. Сара мен Ыбырайымның жаңа есімдерін жаңарған жақын қарым-қатынасқа айналдыру керек болды. Екеуі де бір жылға жетпей

балалы болатындарын білген. Сара жартылай шындыққа келісті, бірақ олардың не ойлағандарын білуге тырысайық.

«Әбумәлік Ыбырайымды өзіне шақыртып алып, оған жекіп:
— Бұл не қылғаның? Мені және патшалығымды сондай үлкен күнәға батыратындай, мен саған қандай жамандық жасадым?
Сен маған істемеуге тиістіні істедің, — деді» (Жар. 20:9).

Ыбырайым неге өтірік айтқанын өйтіп-бүйтіп түсіндіргеннен кейін, Әбумәлік патша батасын беріп, оларды өз жеріне қоныстануға шақырды. Ыбырайым патша үшін дұға еткеннен соң, Құдай оның үйіндегі барлық әйелдерді қайтадан бала көтеретін қылды. Ыбырайым көп ұзамай өзінің өмірінде жүзеге асатын нәрсе үшін мінәжат еткені қызық болды. Күйеуі өз қауіпсіздігін әйелінен жоғары қойғанда да, Құдай Сараны қорғады. Сара Құдайдың қымбат қазынасы болғаны үшін, Құдай патшаға аян беріп, оған тіл қатты. Сол сияқты біз де, жақындарымыз, тіпті күйеіміз көңілімізді қалдырса да, Құдай қауіпсіздік беріп, уәдесін орындайтын болады.

Ерікті әйел ме, күң бе?

Петірдің бірінші хатында (3:6) былай жазылған: «Егер сендер ешқандай қорқынышқа көнбей, адал өмір сүрсеңдер [үрейге жол бермей, мазасыздыққа өздеріңді азаптауға рұқсат бермесеңдер], Сараның нағыз қыздары боласыңдар» (қазіргі аударма). Сара ұл туды, оның қыздары болмады, бірақ Киелі Жазбада оның нағыз қыздары кім екені айтылған. Қорқынышқа өмірімізді басқаруға рұқсат бермесек, уайымға батылдығымызды ұрлатпасақ, уәде арқылы ерікті әйелдің қыздарымыз.

Сара Құдайды қастерлеп, күйеуін құрметтеген ерікті әйел болды. Ал Ажар болса, өз ханымы Сараны менсінбеген күң болатын. Ажардың баласы Ысмағұл анасына еліктеп, Ысқақты келеке етті. Сара бостандығы жоқтарды отбасынан ажырату керек

екенін түсінді. Біз де солай істеуіміз керек. Ғалаттықтарға 4:30-да былай делінген: «Тауратта не делінген? Онда мынадай сөздер бар: Күнді баласымен бірге қуып жібер! Күңнің ұлы ерікті әйелдің ұлымен бірдей мұраға ие болмасын!».

Күңнің ұлы мұрадан үлес алған жоқ. Ол әкесінен және бүкіл отбасынан айырылды. Ерікті әйел мен күңнің бір күйеуі болған. Екеуі де ұл туды. Бірақ екеуінің Ыбырайыммен қарым-қатынасы әртүрлі болды. Ажар тән мен оның құлдық санасын бейнелейді. Сара еркіндік пен уәдені білдіреді. «The Message» аудармасында Жаңа өсиетте қарым-қатынастың осы екі түрі былай сипатталған:

«Ыбырайымның екі ұлы: біреуі күңінен, екіншісі ерікті әйелінен туғаны туралы жазылған. Күңнің ұлы азғындықтан туылса, ерікті әйелінің ұлы Құдайдың берген уәдесі бойынша кереметпен дүниеге келді. Бұл әңгімеде астарлы мағына бар. Екі бала Құдаймен қарым-қатынастың екі түрін білдіреді. Ажардан құлдықта туылғаны Арабиядағы Синай тауын бейнелейді. Ол қазіргі Иерусалимге де ұқсайды. Құлдықтағы өмірден ерікті ұрпақ тумайды. Ажардың жолы осы. Оған қарама-қарсысы — көзге көрінбейтін ерікті Иерусалим, ол біздің рухани анамыз. Бұл Сараның жолы» (Ғал. 4:22–26).

Маған «бұл Сараның жолы» деген сөз қатты ұнайды. Қартайғанша ерекше сұлу болған әйел Мәсіхтегі шексіз, мәңгілік сұлулықтың бейнесі болды. Біз уәденің нәтижесінде рухани қайта туылдық.

Сенім әкесі Ыбырайым мен оның ханшайымы Сара – Мәсіх пен Оның қалыңдығы, қауымды бейнелейтін мысалдар. Біз өзімізді Иса Мәсіхке тәуелді етіп, Оған мойынсұнуға шақырылғанбыз. Ол біздің басшымыз және барлық сенушілер Мәсіхтің әміріне, билігіне және жетекшілігіне бағыну керек. Қорқынышқа бірде-бір себеп жоқ. Ол біздің күйеуіміз және жаратушымыз. Ол бізді өзінің сүйіспеншілігімен дүниеге келтірді.

Тығылуды доғарыңыз!

Егер Құдай жүрегіңізге бір қалау берсе, оны көтеріп, дүниеге әкелуге де күш береді. Құдай өміріңізге уәде алып келгенде, осы күшке кенелесіз. Бәлкім, бұл кітап Сараның қонақтарына ұқсас шығар. Мүмкін осы сөздер сіздің кім екеніңізді еске түсіру үшін келген шығар.

Құдайдың бізге тікелей тіл қатқанымен ештеңе тең келе алмайды. Мұның әсері қайталанбас. Бәрін тастап, келешек өміріңізді анықтайтын сұхбатқа жүгіріңіз. Әлем сізде бар нәрсеге мұқтаж. Қазіргі заман әйелдердің жасырынатын уақыты емес. Атыңызды ести сала, «Мен дәл осындамын! Тыңдағым келеді!» деп жүгіріп келетін кез келді.

Бәсекелессіз әрі теңдессіз өмір сүргіңіз келсе, жасырынғанды қойып, әңгімеге қатысып отырыңыз.

Бір жылда көп нәрсе өзгере алады. Сара үшін бұл жыл басқалардан бөлек болды. Бұл ғажап емес, өйткені ол Құдайдың қатысуымен ерекшеленеді.

Биылғы жыл сіз үшін де солай болуы мүмкін! Осыны түсінесіз бе? Биылғы жыл көлеңкеде, мысқылмен және өтірікпен басталса да, жүрегіңіздегі Құдайдың уәдесімен аяқталуы мүмкін.

«Тоқтай тұрыңыз, мен өтірік айтпаймын» деуіңіз мүмкін.

Жоқ, егер келесі сөздің бірін айтсаңыз, демек өтірік айтасыз:

«Тым кеш».

«Тым жаспын».

«Тым қартайдым».

«Қолымнан келмейді».

«Өмірімде тым көп қате жасадым».

«Ештеңенің қажеті жоқ, онсыз да өміріме ризамын».

«Маған арман керек емес».

Қазір бардан көп нәрсені қаламаймын деп өзіңізді алдамай-ақ қойыңыз. Армандаудан бас тартпаңыз, әйтпесе жүрегіңіздің есігі тарс жабылады да, алдымен мысқыл, сосын өтірік келеді.

Жүрегіңізді айқара ашып, сізге ұсынылған барлық кереметтерді қабылдаңыз. Құдайдың уәде еткен керемет, ғажайыптарға толы өміріне шақыруды естіп, іштей күлудің орнына, бізге берілген тамаша нәрселерге таңданып, шаттанайық! Өйткені, біз ертегідегі Күлбике сияқтымыз, ал айналадағы әлем зұлым өгей әпкелеріміз сияқты. Ханзада есік алдында тұрғанда, сынған ыдысқа қарап қашанғы жылай береміз? Оның арманына жету үшін сізге қажет нәрсенің бәрі өзіңізде бар. Неге тағдырыңызды сіз емес, басқа адамдар мен бұрынғы өмір шешіп жатыр?

Неден тығылып жүрсіз?

Қазір қандай арманды естіп, Сара сияқты іштей күлесіз? Сіздің үмітіңіз неде? Бассаң ауыратын, ескі жараларыңызды жауып қойғанда тұншықтыратын көз жасын сезіп пе едіңіз? Тыңдаңыз! Сіз бір уақытта бәрісіз және ештеңесіз! Мәсіхтің арқасында бұл уәде сіздікі!

Бәлкім, өміріңіз енді көз жасына толы емес шығар. Ауырғаны басылып, мылқаулық қана қалды. Құдай қолын тигізсе, көзіңізге жас келетін жер осы ма? Дүниеде іштері қаңырап бос қалған адамдар көп, сондықтан олар күледі. Күліп үмітті өшіруге тырысады.

Бәлкім, біз кейбір нәрселерді Құдай үшін тым қиын деп ойлаған кезде, әкеміз Ыбырайымға ұқсайтындықтан шығар? Жаратқан Иеге өміріңізді мағынаға толтыру шынымен қиын ба?

Сіздің әлеміңізді сүйіспеншілікке толтыру үшін кеш пе? Құдайға сіз үшін не істеу қиын деп ойлайсыз?

«Ал Құдай белгілеген уақыты жеткенде, Өзінің рухани Ұлын жіберді. Ол бір әйел арқылы арамызда туып, Таурат заңының қол астында болды. Заң бізді ұрлап алды, ал Құдайдың Ұлы бостандығымыздың ақысын өтеп, ерікті қылу үшін келді. Осылайша бізге мұра етілгенді алу үшін азат болдық. Енді біз рухани балалары болғандықтан, Құдай Өзінің рухани Ұлының Рухын жүрегімізге дарытты. Сол Рух бізді: «Абба, Әке!» — деп Құдайға сиындырады. Құдаймен жақын сырласу мәртебесіне

ие болғандықтан енді құл емес, рухани ұл екеніңді көріп отырсың ба? Ал рухани баласы болған соң, Құдай саған Өзінің уәде еткендерін сыйлайтын болады» (Ғал. 4:4-7, «The Message»).

Бір кездері, сізді, заңды мұрагерді, жау ұрлап әкетті. Бірақ содан кейін, күн төленіп, Әкеңіздің үйіне қайта оралдыңыз. Мәсіхтің айқыштағы өлімі арқылы біз үшін сатып алған игіліктерінің толықтығында өмір сүру — бұл тұрарлық, батыл әрекет. Құдайдың Сөзін тарихи кітап емес, сізге жазған хат сияқты оқығанда өзіңізге тиесілінің бәрін табасыз. Содан кейін оның Сөзін жүрегіңізге бекіту үшін дауысыңызды пайдаланыңыз. Қалай көрінсе де, сіз барсыз және өзіңіз туралы Құдай Сөзінде айтылғанның бәрі бар. Бүгін, дәл қазір, Құдай сізге жаңа есім беріп жатыр. Ол уәделерін орындап, өз перзенті ретіндегі лауазымыңызды растауда. Құдайдың өміріңізге деген жоспары және сіз туралы сөздері қазіргі жағдайыңызбен шектелмейді. Жаратқан Иенің сізге берген уәдесіне тең келер ештеңе жоқ. Одан тығылмаңыз.

Осыны кабылдаңыз.

Ойлануға арналған сұрақтар

1. Құдай сізді Мәсіх арқылы уәде еткендері арқылы дәл қазір Өз Ұлының құдайлық болмысына үлестес болуға шақырғанын білесіз бе?
2. Құдайдың сіздің өміріңізде уәдесін орындауы үшін кесіп тастауды немесе түзетуді қажет ететін, сізді үнемі мазалайтын сала немесе қарым-қатынас бар ма?
3. Тығылып жүрсіз бе? Неден?
4. Құдай сіздің тікелей қатысуыңызды қажет ететін әңгімелерді жасырын тыңдайсыз ба? Неліктен?
5. Қандай жағдайда үнсіздік мойынсұнбау болып табылады?

БӘСЕКЕДЕН ТЫС

6. Құдайдың сізге берген уәделерінің арасында сізді іштей күлдіретін, сосын өтірік айтқызатын уәде бар ма?
7. Тығылып тыңдайтын, алыстан аңдитын әдетіңізді өзгертіп, белсенді және құмар әрекет ету үшін қандай қадамдар жасай аласыз?

Салыстыра көрмеңіз!

«Салыстыру қуанышты ұрлайды».

ТЕОДОР РУЗВЕЛЬТ

Бұл тарауды бастар алдында ескерткенім жөн!
Сіз оқығалы тұрған нәрсе жаңа әрі өзгеше. Бұл менің басымнан өткен өкінішті ақиқат және сонымен бірге ыңғайсыз оқиға. Мен бастан өткерген және қазір сізге айтатын уақытша ессіздікті ешқайсымыз көрген емес деп үміттенемін. Бірақ егер бұл сіздің де басыңыздан өтсе... сіз жалғыз емессіз. Сонымен.

Сол бір күн әдеттегідей басталды. Қаңтардың аязды таңы. Пижамамның үстіне халатымды киіп, белін байладым. Джон бір сағат бұрын тұрып, кеңсесінде кітап оқып отырды. Ас бөлмеге барып, кофе жасай бастадым. Екі ұлымның үйден шығып бара жатқан көлеңкелерін көзім шалып қалды. Остин жұмысқа, Алекс мектепке кетті. Алдыңғы есік жабылғанда мен диванға отырып, екінші кофемді іштім. Кофемді кілегей, какао, даршын, қант және бір шымшым бұрыш қосып ішемін. Осындай эспрессоны қатты ұнатамын (барлық достарым осы кофеден дәм татса деймін!).

Күннің шуағы ауламызға енді түсе бастады. Жұқа көрпеге оранып алып диванға жайғастым. Қою көк көлеңкені ығыстырып бара жатқан күннің қызғылт жарығына қарап отырдым. Бүгін ұшаққа үлгеремін деп асығудың қажеті жоқ. Таңертеңгі жиналыс алдында душқа асығудың да қажеті жоқ. Бұл күнді өзіме ұнайтындай, баяу бастауыма болады. Терең дем алдым. Ішімді жылу толтырды. Рахаттанып отырмын. Ұйқым ашылып, бойыма қан жүгіргенін сездім. Айнала тым-тырыс.

Дәл осы сәтте қолыма Киелі Кітап алып, сол кезде оқып жүрген мінәжат пен әр күнге арналған аяттары бар кітабымды ашуым керек еді. Тіпті болмаса Құдайдың маған деген керемет рақымын ойлап отырсам да дұрысырақ болатын еді.

Телефонды қолыма алмас бұрын, ненің маңызды екенін ойласам ғой. Шынымды айтайын, енді оны білемін. Бұл менің бір кемшілігім, сонымен қатар артықшылығым да. Әлеуметтік желі маған достарыммен араласып отыруға мүмкіндік береді. Олардың суреттерін қарап, жазғандарын оқысам, өздерімен кездесіп қайтқандай боламын. Тиісті уақыт пен орын болса, достармен сөйлесудің еш жаманы жоқ. Бірақ бұл сәт дос-жаранның уақыты емес еді. Басқалармен кездеспес бұрын алдымен бір кофе ішіп, сосын Киелі Рухпен тілдесетін адамдардың бірімін.

Тізім

Твиттерді қарап отырып, достарымның барлығы дерлік өте ұқсас нәрселерді жазып шығарып қойғандарын көрдім. Мен білетін, жақсы көретін, тіпті қамқорлық жасайтын адамдарым бір әйелге оларды тізімге қосқаны үшін алғыс айтып жатты. Кез келген тізім емес, бір маңызды ТІЗІМ екен. Мен бұрыннан бері аңдып жүрген рейтинг. Одан бір күні өз атымды да тапсам деп қалайтынмын.

Осы тұста көбірек түсіндіріп кетейін.

Бұл рейтинг жыл сайын жаңартылып, жарияланып отырады. Соңғы бірнеше онжылдықта оны әртүрлі ұйымдар мен адамдар құрастырды.

Осы жолы оны ұйым емес, бір әйел құрастырған. Мен ол кісі туралы естігенмін, бірақ жеке таныс емеспін. Бір-бірімізді танымайтынымыз әлгі тізімге кіруге деген ынтамды азайтқан жоқ.

Мен барлық есімдерді қарап шықтым. Олар әліпби ретімен берілгендіктен, Б әрпінен басталатын фамилиямның жоқ екенін көріп, рейтингтен тағы да шет қалғанымды тез түсіндім.

Менің атым бұл тізімге еніп көрген емес. Бірақ бұл жолы онда менің барлық достарым болды. Оның ішінде оқушыларым да бар. Менің кітабымды испан тіліне аударған кісі де бар.

Маған сонша маңызды болған бұл не тізім деп ойлап отырған шығарсыз.

Бұл Америкадағы ең жақсы 100 әйел қызметкердің рейтингі.

Жүрегім лүпілдеп кетті. Ойыма қисынсыз сұрақтар мен салыстырулар келді. Мен неге бұл тізімде жоқпын?

Желіде әрдайым жаңа фотолар шығармағанымнан ба?

Қатты ойланып кеттім...

Мен жазған кітаптардың бір миллионнан астамы сатылды. Бүкіл әлемді аралап жиырма жылдан астам әйелдерге қызмет етіп келемін. Осының бәрі тізімге лайық болу үшін жеткілікті емес пе?

Мен жақсы доспын. Күйеуге шыққаныма отыз жылдан асты. Төрт ұл тәрбиелеп өсірдім. Бір-бірімен уақыт өткізуді ұнататын сүйкімді отбасымыз. Осының бәрі ше?

Тізімді құрастырған әйел ең соңында бір-екі ауыз сөз жазыпты. Тізімде болуға лайықты есімдер әлі көп, бірақ олардың барлығын қандай да себептен жаза алмағанын айтыпты. Бұл жағдайды түзету үшін ол басқа есімдерге орын қалдырды.

Мен соңына дейін бардым.

Өз атымды қосқан дұрыс па?

Шынымен осыны ойлап отырмын ба? Әрине дұрыс!

Мұны көмекшіме тапсырсам ба деп отырдым. Кенеттен ақымақ ойыма ұялып кеттім. Жасөспірім мектеп оқушысының өкпесі ғой тура. Жұбайымның кеңсесіне барайын дедім.

Бөлмесіне пижамамен кіріп, «Джон, мен тағы да тізімде жоқпын!» деп дауыстадым.

Күйеуім көзілдірігін киіп Киелі Кітап оқып отыр екен. Менің не туралы айтып жатқанымды түсінбей, көзілдірігінің үстінен біраз абдырап маған қарады. Джонның рейтингтен хабары жоқ. Бар шешендігімді, ым-ишарамды пайдалана отырып, істің мәнін түсіндіре бастадым. Ол креслосында қозғалмай отырды. Тізімде кім бар екенін және өз атымның жоқтығына налығанымды айттым. Бір кезде Джон Киелі Кітап аяттарының астын сызатын маркерін орнына қойып, қасын көтерді. Сөзімді аяқтағанымда, ол жайбарақат отыра беріп Киелі Жазбаның бірнеше үзіндісін қайталауға шақырды.

Бұл мен күткен жауап емес! Мен оның: «Лиза, бұл шынымен де қынжылтатын нәрсе екен. Келісемін, бұл бір жаман қате болды. Телефонымды әкел. Бәрін жөндеп, атыңды тізімге қосамын» деуін күтіп едім. Бірақ олай деген жоқ.

Ызам келіп «Сен айтып тұрған аяттарды мен жатқа білемін! Қазір оны оқудың қажеті жоқ! Дәл қазір маған керегі бұл емес! Түсінесің бе? Жасым елуден асты, мен бұл рейтингке ешқашан кіре алмаймын!» дедім.

Джон: «Оны жазған кім?» деп сұрады. Мен автордың атын айттым... Күйеуім оның кім екенін білмейді.

«Сен бұл әйелді танысың ба?»

Басымды шайқадым. Ол баяу Киелі Кітапқа көзін түсірді де, маған ұсынған аяттарын қайталап, күштірек әсер ету үшін оларға тағы біреуін қосып айтты.

Күйеуімнен ешқандай жанашырлық көрмедім. Мен кеңсесінен жүгіріп шығып: «Маған Киелі Кітапты оқып, қатемді бетіме басудың керегі жоқ! Қателескенімді білемін! Бірақ мұны білгеннің еш көмегі жоқ!» деп айқайладым.

Тізімді құрастырған әйелмен сөйлескім келді. Джон ренжігенімнің себебін тағы естімесін деп пижама киген бойда верандаға шықтым. Суық желді бірден сездім. Тым болмаса,

қоңырау шалмас бұрын тек жанашырлық танытпай, шындықты айтатын адаммен сөйлесу керек деп ойладым. Әңгімемді «Қателесіп тұрғанымды білемін...» деп бастадым, содан кейін бүкіл оқиғаны ретімен айтып бердім.

«Мен тізімде бармын ба?» — деп сұрады құрбым. «Әрине! Меннен басқаның бәрі бар!». «Сол тізіммен ешкімнің шаруасы жоқ. Алаңдама» — деп ол мені жұбатуға тырысты.

«Маған бәрібір емес. Әрине, сен алаңдамайсың, өйткені тізімде барсың», — дедім де: «Осылай күйінгенім дұрыс емес, білемін. Сонда да өзімді тоқтата алмаймын. Мұным қате екенін түсінемін, жай ғана біреумен бөлісуім керек. Джон маған Киелі Кітаптан бірнеше аят оқуды ұсынды...» деп шынымды айтып қостым.

Құрбым үндемеді.

Өзіңізді сырттан бақылап, бұл есі ауысқан әйел шығар деп ойлағаныңыз бар ма?

Осы сәтте дәл солай ойладым. Менің әрбір айтқан сөзім бұрынғысынан ақымақ болып естілді. Бұл әңгімені бастағаным өкініп, тезірек телефонды қоюға асықтым. «Жақын құрбыма мені алаңдатып жатқан жағдайды айтқым ғана келді. Басқаша ойлағым келеді. Басқаша ойлауым керек!» дедім.

Ол менімен толықтай келісті (менің қателескеніммен). Қоштастық. Мен ненің дұрыс екенін білдім. Күйеуім ненің дұрыс екенін білді. Құрбым ненің дұрыс екенін білді. Сонда да өзімді жаман сезіндім.

Енді «рейтингіге кіретін адамдарды қалай іріктеген өзі?» деп авторға ашулана бастадым. Солай істей ме екен адам деген? Тізімге тағы бір қарасам, есімдері енбеген көп әйелдер бар екен. Бәлкім, мұндай тізімді өзім жасауым керек шығар. Кірмей қалған әйелдерің бәрінің аттарын жаза аламын! Тізімді құрастырған әйелге қарағанда, твиттер мен фейсбукта менің парақшама жазылған адам саны әлдеқайда көп! Менің рейтингім оныкінен жаман ба? Осы тұста кідіріп, он секундтай ойланған шығармын. Жоқ, олай істей алмаймын!

Қанша тырыссам да, барлық лайықты үміткерлерді есіме түсіруге барымды салсам да, біреуді ұмытар едім. Өзім алысып әлек болып жатқан жағдайды олардың өміріне де әкелемін ғой сонда. (Осыны ойламай, тізімді шынымен жасай бастасам, бұл идеям соңғы жарты сағаттағы өкпе-ренішім сияқты таза ақымақтық болушы еді.)

Телефонды қойдым да, көзімді жұмып, терең дем алдым. Бұл жағдайға жабыспай, бос қоя бердім. Тыныштала бастаған кезде, Киелі Рұхтың маған ақырын сөйлеген дауысын естідім: «Лиза, тізімде сенің атың болса, дәл осылай ренжитін бе едің? Аты-жөнің жазылса, бұл салақ, шала-пұла жасалған тізім дер ме едің?».

Шындықты түсінген сәтім. Жоқ. Ашуланбас едім, қайта әлеуметтік желіде әлгі бейтаныс әйелге алғысымды білдіріп, басқалар да білсін деп, жаңалықты барлық парақшаларыма салатын едім.

Аң таң болдым.

Иә. Мен әйелмін, анамын, әжемін, бірақ өзімнің шынымен бірегей тұлға екенімді ұмытқанда, қайтадан өзімді басқалармен салыстырудың құрбанына айналамын. Рейтинг осы мәселені ашып көрсеткен сыйлық болды.

Бізді басқалар мақтасын, қаншалықты керемет екенімізді көрсін деп сырттан құптау іздегенімізде, сыртта тұрып, ұрланып есіктен сығалағандай боламыз. Шынымды айтсам, жер бетінде сізді құнды екеніңізге сендіре алатын адам жоқ. (Кешіріңіз, күйеуіңіз мінсіз болса да, оның қолынан келмейді.) Ешбір жетістік, ешбір тізім, ешбір марапат жүрегіңізге тек бір Құдай жаза алатын келесі сөзге тең келе алмайды:

Сүйікті, сұлу, баға жетпес, мінсіз... Менің қызым.

Қуанышты ұрлаушы

Сырт көзге қалай көрінсе де, әйелдің жүрегін не мазалайтынын бір Құдай біледі. Пижама киген ашулы әйелдерді жұбата алатын

да бір Құдай. Жоғарыдағы әңгімеге қарасақ, жаным тыныштық таппай тұрып, басқалармен салыстыру келді де, берекені ұрлап әкетті. Маған сеніңіз, бәсекені ойлап істегеніңіздің бәрі күшіңізді ұрлайды. Теодор Рузвельт бұл туралы өте жақсы айтқан: «Салыстыру қуанышты ұрлайды».

Сол күні таңертең ұрлықты байқадым. Өзімді қарапайым қызғаныштан туған мінезден жоғары тұрмын деп ойлап едім. Бірнеше жыл бойы олай ызаға булыққан емеспін! Бірақ сол күні таңертең жаныма қамқор болмағаным менопаузамен қосылғанда, жарылып кете жаздадым. Ішімдегі таза бұлақ бітеліп, жүрегімнің бағы арамшөпке оранып, дұрыс күтім қажет еткендіктен солай болса керек. Арамшөпті жақсылап отаудың орнына, оған еркіндік бергендей болдым.

Басқалармен өзіңді салыстыру адамды оңай қызықтырып, еліктіріп әкетеді. Оны тыймасаңыз, ол сізді шындықтан алыстатады. Салыстыру сізді ұшқалақ, алаңғасар, мақтаншақ қылады. Өзіңе деген сеніміңді шірітеді не менмендікті оятып, оны ісік тәрізді ұлғайтып жібереді. Екі жағдайда да тәртіп бұзылғанын тез-ақ байқайсыз. Сөйтіп сыртта тұрып, тығылып ішке қарайсыз.

Адамдарды өз шеңберімнен әдейі шығарып тастағанды ұнатпаймын. Бірақ іштегіні көру үшін кейде сырттан қарау пайдалы. Тізімді жасаған әйел жас, ақылды, сұлу. Мен онымен келісем де, келіспесем де, ол тізім ішімдегіні ашып көрсеткені үшін оған өте ризамын.

Шыдамды құрбыма хабар жібердім. Ол ақыл-есім дұрыстығына күмән келтіре бастаған шығар. Содан кейін кеңсеге барып, киелі күйеуімді құшақтадым. Сосын жатын бөлмеге кірдім де, есікті жауып, тізерлеп отырдым. Сондағы мінәжатымның бір бөлігі мынандай еді:



**Бәсекені ойлап
істегеніңіздің
бәрі күшіңізді
ұрлайды.**

Көктегі Әке!

Мінезімдегі кемшіліктерді көрсеткенің үшін рахмет.

*Мені кешіре гөр. Бұл арамшөптің тамырын аш, өтінемін.
Исаның атымен, аумин.*

Күн өз кезегімен жалғаса берді. Таңертең қалай ашуланғанымды ойлап, күліп жүрдім. Сосын түстен кейін көмекшіммен кездестім. Поштаны қарап отырып, күнде келе бермейтін бір нәрсені көрдік. Әйелдерге қолдау беретін іс-шаралардың біріне мені және тағы бірнеше әйелді құрметті қонақ ретінде шақырған екен.

Біз келе алмаған соң, ұйымдастырушылар бізге ұқсатып он екі пластик қуыршақ жасапты. Джон менің қуыршағымды өзінің кеңсесіне қойсын деген үмітпен біреуін бізге жіберіпті. Қуыршақты қолыма ұстап, әрі бері айналдырып көрдім. Мен сахнаға ешқашан кимейтін ақ джинсі кигізіп қойыпты. Дауыстап күліп жібердім. Қуыршақты бір жаққа ысырып қойдым. Осы кезде таныс сыбыр естілді: «Сені қуыршақ қылыпты. Енді ризасың ба?»

Ақ джинсы киген, микрофон ұстаған пластик ойыншыққа қарап басымды шайқадым. Әлгі тізім сияқты, қуыршақ өтірік болды. Тағы да күлдім. Оны тастай салайын деп едім, Джон қуыршақтың маған емес, өзіне жіберілгенін айтып, ойыншықты менен алып қойды. Тағы бір ақымақтық шығарсам, осы қуыршақты алып шығатын шығар.

Істеуге болмайтын үш нәрсе

Джон мен жатқа білетін қандай үзінділерді бірге оқуды ұсынды? Біріншісі, Қорынттықтарға арналған 2-хат (10:12):

«Сондай даңқ құғандармен өзімізді бір санатқа жатқызуға не салыстыруға біздің дәтіміз, әрине, бармайды: олар өздерін өзіндік үлгілерімен бағалап, өздерін өздерімен ғана салыстырады. Қандай ақымақтық!» (The Message).

Менен үйреніңіз! Адамдарды санаттарға бөліп, өзіңіздің кімнен артық, кімнен кем екеніңізді ойлап, салыстырма көрмеңіз. Даңқ қумаңыз. Неліктен? Салыстыру тәкаппарлықтан туады. Өзіңізді кемсітсеңіз де, оның түбірі менмендік. Менмендік — күйреудің басы, Асқақтық — құлаудың алды екенін бәріміз білеміз (Нақыл сөздер 16:18).

Осы тыйымға көңіл аудармасаңыз, қауіпті және кейде қорқынышты жерге тап боласыз.

Санатқа жатқызудың салдары

Дана жан өзінің кімнен артық, кімнен кем екенін ойламайды, және басқалардың олар туралы солай ойлағанын қаламайды. Мұнда еш тектілік жоқ. Мұның астарында адамның қымбат жаратылыс екенін елемей, санатқа жатқызу жатыр. Бұл сөздің синонимдері – сұрыптау, санаттарға бөлу, салыстыру, затбелгі жабыстыру, каталогқа енгізу және, бәлкім, ең жаманы, таңба басу. Мерриам Вебстердің ағылшын тіліндегі сөздігі затбелгі жабыстыру жайлы былай дейді: «Төмен санатқа жатқызу. Бұл әдетте, әлдененің барлық күрделілігін қамтымайды әрі оны жан-жақты сипаттай алмайды».

Өмірде төмен санат жоқ. Әрқайсымыз шытырман, шатасқан жағдайға түсіп көрдік. Шындық мынада, адамның өмірі көзге көрінгеннен әлдеқайда күрделі. Саналы адам өзіне не басқаға жануар құсатып белгі тақпайды ғой. Қазіргі таңда бізді шектейтін әрі теріс пиғылды арттыратын құралдар көп. Әлеуметтік желілер – сол құралдардың кеңінен қолданылып жатқаны.

Қазіргі уақытта өзіңізге үнемі бір маңызды сұрақ қойған жөн. «Қандай мұра тұрғызым келеді? Қандай із қалдырмақпын?»



**Адамдарды
санаттарға бөліп,
өзіңіздің кімнен
артық, кімнен
кем екеніңізді
ойлап, салыстыра
көрмеңіз. Даңқ
қумаңыз.**

Басқалар сияқты мені де сұрыптап, белгі тағып, бөлшектерге бөле берсін бе?». Менің көзіме түскен тізім белгілі бір стандарт орнатуға бағытталған әрекет болғанын білемін. Оған кейбір әйелдерің есімдері енді. Тізім жиі айтылмайтын салаға, яғни әйелдердің қызметтегі жетістіктеріне назар аудару үшін жасалды!

Бірақ бізді бір санатқа жатқызсын деп күтіп отырғанда, аяқ-қолымыз байланып қалады. Бір данышпан қария көп жыл бұрын күйеуіме былай ескертіп еді: «Адамдардың саған таңба басуына жол берме. Оған көнсең, сол таңбаға қарап, олар сені шеттетеді».

Айта кетейін, адамдардың көпшілігі сұрыптауға көнбейді. Адамдық қадір-қасиеті тапталған, қарым-қатынастан шеттетілген және басқа да қорлық көрген адамдар сізді де төмен санатқа жатқызуға дайын.

Салыстырудың салдары

Салыстыру оларды биікке көтерсе де, шынымен батылдардың салыстыруға дәті бармайды. Алда әлі талай нәрсе істелу керек екенін олар түсінеді. Олар мәңгілікке қарап, оған жердегі ешнәрсе тең келе алмайтынын біледі. Мәңгілік салтанатқа көз тігіп, олар одан сайын алға қарай ұмтылады. Басқалармен салыстыру – осыдан артық нәрсе бар екенін көруге батылы жетпейтін қорқақтардың үлесі.

Біз сонша тырмысып, қай таудың басына шығып бара жатырмыз? Атақ-даңқ па? Мәңгілік тұрғысынан қарасақ, бұл жай қоқыс қана. Киелі жазбаның сөзіне жақынырақ, Пауылдың жазғанын мысал етіп алсақ, ол иттің нәжісі (Філіп. 3:8-ді қараңыз). Оған ешкім көтерілмейді, әдетте оны айналып жүреді немесе басып өтеді. Мәселе мынада, тым көп сенушілер нәжіс қалдықтарын басып, жүрген жеріне жаман иіс алып келеді. Біз бұл иіске үйреніп қалдық. бірақ ол мәселені жеңілдетпейді.

Філіпіліктерге Пауылдың жазғанын оқиық:

«Алайда адамдардың марапат деп мақтан тұтатындарын мен жыртып, қоқысқа тастаймын. Бұрын артықшылығым деп санағанымның бәрі де солай. Неге олай істеймін? Мәсіхке бола. Иә, бұрын маңызды деп білгенімнің барлығынан арылдым. Баға жетпес қымбатты Ием Иса Мәсіхті танып білудің жанында, армандаған нәрселерім құндылығын жоғалтты. Оның бәрі иттің нәжісі. Исамен тығыз байланыста болу үшін бәрін қоқысқа тастадым» (Філіп. 3:7–9, The Message).

Иеміз Исаны тану мүмкіндігі – біздің баға жетпес қазынамыз. Телефон тұтқасын алғанымда, Мәсіхті жақынырақ танудың орнына, маңызды емес әрекетті таңдадым.

Атың көпшілікке белгілі болғанша, Құдайды білген әлдеқайда артық.

Даңқ қуғанмыздың салдары

Өз атымызды шығару ше? Кейбір жетістіктеріңізді анда-санда атап өтудің несі айып? Иә, тойлайтын, дамып-жетілгеніңе қуанатын уақыт бар. Бірақ бізге сыйлық қылып берілген нәрсені жеке жетістік ретінде қарастыратын болсақ, бұл мүлдем басқа мәселе. Жемістер өсіп шығады, ал сыйлықтар жай ғана қабылданады, сондықтан біз әлі де өзімізге сеніп тапсырылған Құдайдың сыйлықтарын басқарушылармыз.

Кейбір адамдар көз тоймастай сұлу. Басқалары ауқатты жанұяларда туып, кішкентайынан өмірдің игіліктерін көріп өседі. Дүниеге әрі сұлу, әрі бай болып келетін адамдар аз. Мүлдем қарама-қарсы жағдайда туғандар бар. Олар жоқшылық көріп, тамыр-таныстары жоқ отбасыларда есейеді. Сұлулықтан құр қалған адамдар бар. Көпшілігіміз осы екі ұштың арасындамыз. Алайда бұл жағдайлардың ешқайсысы өмірлік жолымыздың қандай боларына немесе тұлға ретіндегі құндылығымызға әсер етуге күші жоқ. Құдай бет-әлпетке қарамайды... Жүрекке қарайды. Бір ұрпақтың байлығы қас-қағымда ғайып болса, кейінгі ұрпаққа ештеңе қалмайды.

Менің ойымша, бұл әділетсіздік, бірақ бір нәрсені анық білемін: Құдай әділ. Ол әр жанның қиындығы мен артықшылығын алақанында таразылауды біледі. Әділ өлшем Құдайда ғана. Өзімізді басқалармен салыстырмауға бұл тағы бір жақсы себеп. Өйткені осы уақытша дүниеде құнды болып көрінетін нәрселер мәңгілікте құнсыз, тіпті зиянды болуы мүмкін.

Өзімізді басқалармен салыстырсақ, тығырыққа тірелеміз. Құдайды дәріптейтін нәрсенің орнына, адамды дәріптейтін бейне жасау қауіпін ұшыраймыз. Мұндай ойынға елігіп, өзімізге қажеті жоқ бәсекелес жасап аламыз. Қорынттықтарға арналған 2-хаттағы үзіндіміздің екінші жартысына оралайық (10:12):

«Олар өздерін өзіндік үлгілерімен бағалап, өздерін өздерімен ғана салыстырады. Қандай ақымақтық!»,

Бұл тұзаққа менің де түскенімді білетін шығарсыз. Оған бәріміз түстік десем қателеспеймін. Өзімізді әрдайым өлшеп, салыстырып отырамыз. Тәкаппарлықпен өздерін басқалармен салыстыратын адамдар бар. Ақымақ болып, салыстырудың кесірінен Құдайдың тамаша жоспарларын бұзатын адамдар да бар.

Тәкаппарлық мәселенің бір ұшын әлсіретсе, сенімсіздік екіншісіне тиеді. Екеуі де қауіпті. Бір ғана шынайы өлшем бар, ол өлшеусіз Мәсіх, патшалардың майланған Патшасы. Ол ғана қасиетті, пәк, құдіретті. Құмырсқа сияқтымыз. Құмырсқа жегіш бізден қорыққаннан жақындамайды деп ойлаймыз. Шын мәнінде илеуіміз арыстанның көлеңкесінде болғандықтан ғана құмырсқа жегіш маңайымызға келмейді. Қаншалықты еңбекқор немесе мақтауға лайық болсақ та, бізді қайта жаратқан Құдайға теңеуге жақын емеспіз.

Осында тағы бір аятты келтіргім келеді:

«Бір-біріңнен құрмет күтіп, жалғыз Құдайдан болатын шынайы құрметті іздемей жүресіңдер. Сонда сендер [...] қалайша сене аласыңдар?» (Жохан 5:44).

Теңдесі жоқ Құдайдың алдына шақырылсақ, неге қарсыластарымыздан мақтау күтіп уақыт жоғалтамыз?

Басқа адамдарға өмірімнің қандай болатынына әсер етуге рұқсат бергенде, Көктегі Әкеммен байланысымды үземін. Адамдардан өзім туралы естіген және көргеніме бола, әлемге деген көзқарасым бұрмалана бастайды. Құдайдың мен жайлы айтқанын ұмыта бастаймын. Кейде ақымақ әрекеттерім мен шектеулі түсінігім өзім де білмейтін салдарға әкелетініне таң қаламын.

Сол күнгі таңымды қалай өткізгеніме күліп, өзіңізді біреумен салыстыруға деген ниетіңізді сап тиясыз деп үміттенемін. Бұл бір рет болмай, күннен-күнге қайталанса, әбден шаршайтын едік. Өзімді басқалармен үнемі салыстыра бермеймін, өйткені жанымда күйеуім және адал құрбым бар. Олар маған сезімнің жетегінде кетпегуге көмектеседі.

Қауып, жеу

Әлеуметтік желілердің арқасында әрқайсымыздың кішкентай әлеміне көптеген адамдардың дауыстары мен пікірлері кіріп отыр. Мұның артықшылықтары көп, алайда осының кесірінен ниеті жаман кісілер де бізге жақындап, қауіп төндіре алады. Оларды жақсы көре алмасаңыз да, ең болмаса шекара белгілегеніңіз қажет. Егер біреудің сізді жақтырмайтынын байқасаңыз да, сыпайы қалпыңыздан айнымаңыз. Құдайдың рақымына ие болған ешкім дәрекі мінез танытпасын. «Өзіңді маңайыңдағы адаммен салыстырып, одан озып кету үшін қолдан келгеннің бәрін жаса» деп Киелі Кітапта еш жерде жазылмаған.

Пауыл былай деген: «Бүкіл Таурат заңын орындау мына бір бұйрыққа саяды: «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!» Ал егер бір-біріңді «қауып, жесеңдер», жойылып кетуден сақ болыңдар!» (ғал. 5:14, 15). Жағымсыз бейне. Аш жануарлар сияқты тістесіп, бір-бірін жұтып қойғанша жұлып жеу – күнәкар дүниеге тән. Мәсіхшілер арасында мұндай болмау керек. Дегенмен әлеуметтік желілерге кірсең, өздерін сенуші дейтіндер

бір-біріне тіл тигізіп, дау-дамай шығарып жатады. Телефон мен компьютер экранынан олай көрінбесе де, рухани әлемде кәдімгідей қанды шайқас жүріп жатады. Электрондық құрылғылар пайда болғанша, басқа адаммен қас қағымда тікелей сөйлесе бастау қазіргідей оңай болмайтын. Енді тез-ақ «қауып, жей беруге» болады. Өкінішке орай, мұны өзім жасағандықтан жақсы білемін.

Мен ырылдап, тістей бастасам, қай тұстарда әлі де жұмыс жасау керегі айқын ашылады. Егер біреудің ащы сөзі жаныма батып кетсе, өзімді қорғауға тырысып, жеңілгенімді көрсетемін. Телефонымды өшіріп, одан аулақ болуды үйрендім. Себебі ол оқталған мылтық сияқты қауіпті қару бола алады. Көбінесе адамдардың жай ғана көңіл-күйі нашар болады. Олар сөйлей берсін.

Басқаларға шабыт беру мен оларда қызғаныш тудырудың арасында үлкен айырмашылық бар. Араңызға басқаларды шақыру мен оларды әдейі шеттетудің арасында үлкен айырмашылық болғаны тәрізді. Егер әлеуметтік желіде біреудің парақшасына жазылып, оның шығарып қойғанына ызалансаңыз, немесе қызғансаңыз, немесе бойыңыздағы жағымсыз қасиеттерді байқасаңыз, оны кінәлаудың орнына, бір сәт кідіріп, «Бұл неден болды?» деп сұраған жөн.

Жау сізді құртуға тырысады. Бірақ оның қаруын Құдай жақсылық үшін қолдана алады. Осы жерде сіздің таңдауыңыз шешуші рөл атқарады. Дұрыс таңдай алмасаңыз, өзіңізді басқалармен салыстыру қолыңызда барды тонап кетеді. Киелі Кітаптың келесі аяты бәсекелестік көп болған кезде пайда болатын ортаны көрсетеді.

«Әрдайым тек өз қалағанымызды қуатын болсақ, өмірдің не болатыны белгілі: ұдайы сүйіспеншілігі жоқ арзан жыныстық қатынас; мағынасыз ой мен мәнсіз сезімнің жиіркенішті үйіндісі; қуаныштан ада қалып, аласұрып бақыт қуу; ойыншық жалған тәңірлерге табыну; сиқыр; жалғыздықтан қатты қорықса да, одан құтыла алмау; жұлып жейтін бәсеке; адамды толығымен билеп алатын, бірақ ешқашан қанағаттандырмайтын қалаулар; қираған отбасы мен күйреген өмір; ұсақ, болмашы ұмтылыстар; *бәсекеге бола адамды*

адам санамау; шектен шыққан құмарлықтар; қауымды келеке ететін сорақы сайқымазақ. Әрі қарай жалғастыра алар едім. Бұлар жайлы сендерге бұрын да ескерткенмін. Азаттығын осылай қолданатындарға Құдайдың Патшалығында орын жоқ» (Ғал. 5:19–21, The Message).

Бұл сөзді оқып жылағым келеді. Соңғы уақытта Пауылдың осында жазған көптеген нәрселерін көріп жүрміз. Мен әлемді айтып тұрған жоқпын. Ғалаттықтарға арналған хат қауымға жазылған. Адамды адам санамау дегеніміз не? Бұл оның бірегейлігінен, жеке қасиеттерінен, қайталанбас ерекшелігінен айыру деген сөз. Нацистер еврейлерді адам санамағаны соншалық, немістер оларға Құдайдың бейнесінде жаратылған адамдар ретінде қарамады... Олар адамдары емес, таза арий нәсілін құруына қиындық туғызатын кедергіні көрді. Өкінішке орай, бұл тактика бүгін қоғамда да, жеке қарым-қатынаста да қолданылады.

Адамдар бір-бірін сынап, бір-бірін жәбірлейтін сөзден тартынбайды. Бірақ бәріміздің жүрегіміз бар. Сөз бетпе-бет емес, интернетте айтылса да, ауыр тиюі мүмкін. Эзоп айтып кеткендей: «Қауіпсіз қашықтықта тұрып батыл болу оңай». Біздің әлеуметтік желілер «қауіпсіз қашықтық» береді. Мұны қорқақтар мен басқаларды сынауды ұнататындар адамды адам санамау үшін қолдана бастайды. Бұл адамдар ешқашан біреудің бетіне ондай сөздер айтпайды. Неге? Өйткені адамның көзіне жас шығып тұрғанын көргенде, алдыңызда сезімі жоқ робот тұр деп айту қиын. Мәсіхшілердің бір-бірін адасушы деп, жаман қарғыс сөз айтуға дейін барғанын көрдім... ол кезде шайтан күледі. Себебі оның істегенін істеп, жұмысын жеңілдетіп жатырмыз.

Қалай әшкерелеп, түзету керек

Кейбіреулеріңіз қарсы болады: «Егер адам қателессе, оны көпшілік алдында түзету керек емес пе?». Бұл қажет және мұны қалай істеу керектігі туралы Құдайдың ұсынысы бар.

«Сүйіспеншілігін жасырып, жалтарғаннан гөрі
Ренжіткенге ашық ескерту жасаған игі.
Досыңның сөгуі шынайы,
Дұшпаныңның сүйюі алдамшы» (Нақ. с. 27:5, 6).

Киелі Жазбадағы *ашық ескерту* нені білдіреді? Мұндағы негізгі сөз — ашық. Ескерту мен әшкерелеуді ашық жүрек, ашық құшақ және ашық жүзбен жасаған жөн. Сізге қалай ескертіп, сіздің қатеңізді қалай әшкерелесін десеңіз, өзіңіз де солай ескертіп, әшкерелеңіз. Бойымдағы жақсы қасиеттерді көретін адамдар мені түзеткенін қалаймын. Ең дұрысы сол, меніңше.

Киелі Жазба достар арасындағы сөгу туралы айтады, бірақ ол көшбасшы, мұғалім және жұмыс беруші тарапынан да орынды. Өйткені кез келген сөгіс сізді жақсы білетін және сізге қамқор болатын адамнан келсе, жақсы. Ең дұрысы, мұндай әңгіме бетпе-бет болсын. Бетпе-бет кездесе алмасаңыз, тым болмаса телефон арқылы сөйлесу керек.

(Жақша ішінде бір нәрсе қосқым келеді. Сөгіс, әшкерелеуді мәтін арқылы жасамаңыз. Бұдан тым көп түсініспеушілік тууы мүмкін. Мәтіннен дене тілі немесе дауыс ырғағы білінбейді. Джон екеуіміз сөйлесудің орнына мәтін арқылы хабарласып, бір-бірімізді дұрыс түсінбей қалғанымыздың кесірінен көптеген ыңғайсыз жағдайларды бастан өткердік. Біріміз, әдетте мен, сөзді бас әріппен жазамыз, сондықтан кісі АЙҚАЙЛАП тұрған сияқты болады және дұрыс қабылданбайды!)

Жабық сөгісті бәріміз бастан кешірген шығармыз. Мұнда адамдар сізбен тікелей сөйлеспей, сыртыңыздан ғана сөгіс айтады. Біреулер сіздің қатысуыңызсыз, әрекетіңізді немесе мінезіңізді түзеткісі келсе, олардың әшкерелеуі шын жүректен бе, жоқ па, осыған күмәнданар едім. Олар сіз жоқта шындықты айтса да, ол сіздің рухани өсуіңізге, тұлға ретінде дамуыңызға үлесін тигізбейді.

Шын мәнінде, түзетудің бұл түрі рухани өсіп-жетілуге кедергі келтіреді, өйткені адамдар сыртыңыздан түзеткен болғанда, сізді қорғануға мәжбүр етеді. Шынайы достың бетпе-бет айтқан «ашық

сөгісі» екі адамға да бір-біріне жауап беруге мүмкіндік береді. Сонда ғана рухани өсу орын алады.

Әлеуметтік желілер көпшілікке ашық болған соң, кейбіреулер интернет арқылы біреуді әшкерелеуге болады деп ойлайды. Әлеуметтік желілердің ашықтығы сөгістің ашықтығын білдірмейді. Бірнеше жақын достарым бар. Оларды жақсы көремін әрі құрметтеймін. Олардың өмірлерін білемін. Кейбір сыншысымақтар достарыма өтірік жала жабады. Жеке келіп, бетпе-бет наразылықтарын білдіруге олардың батылы жетпейді. Бұл туралы Киелі Кітапта анық жазылған:

«Қате ілім таратып, жік салатын әркімге бір-екі рет ескерту жасап, тыңдамаса байланыстарыңды үзіңдер. *Уақытты босқа жұмсамаңдар.* Әбден бүлінген мұндайдың күнә жасай беріп, өз үкімін өзі шығаратынын білесің» (Титке 3:10, 11, қазіргі аударма).

Бұлардың блогтарын оқымаңыз, олармен дауласпаңыз, Твиттер парақшаларына жазылмаңыз, Фейсбукта олармен дос болмаңыз... олармен шаруаңыз болмасын. Бұл сіз үшін зиянды. Жікке бөлінуді емес, шабыт іздеңіз.

«The Message» аудармасында тура осы аяттар былай жазылған:

«Жанжал шығаратын адамға бір-екі рет ескерт, содан кейін оған назар аударма. Мұндай адамның адасып, Құдайға қарсы шыққаны анық. Алауыздық тудырып, олар тек өздерін шеттетеді».

Жасым ұлғайған сайын, достарымның саны азайып барады. Достарым аз болса да, әрқайсысы керемет адал. Оларды мақтан тұтамын. Достарым маған кім болғым келетінін, ал жауларым кім болғым келмейтінін көрсетеді. Бәсекелестік өршіген орта ең алдымен бойымыздағы ең жаман қасиеттерді сыртқа шығарады. Біз тазарған кезде, Құдай араласып, мінезімізді нығайту үшін шайқасты пайдалана алады.

Нақыл сөздер кітабындағы келесі аятта одан да жақсы жол ұсынған:

«Тойынған балдан да бас тартар,
Ашыққанға ащы ас та балдай болар» (Нақ. с. 27:7).

Өмірімде тақуалықтың жемісін көргім келеді. Одан сайын өсіп-жетілу үшін рухани ашпын. Өмірімдегі ең үлкен қуаныштардың бірі – шындықты айтып ренжітуден қорықпайтын достарым. Жауларымыз бізді өтірік мақтауы немесе алдап зиян келтіруі мүмкін. Адамның құрастырған тізімдері мен сыйларын қанағат етпейік. Жүрегімізде бәсекелестік, мақтаншақтық немесе тәкаппар жалғыздық туғанда, тоқтап, Құдайдың алдында тізе бүгетін болайық. Көктегі Әкеміздің алдына келсек, бізді Өзіне жақындатпайтын кедергілерді Ол қуана-қуана жояды.

Ойлануға арналған сұрақтар

1. Сізге қандай да бір таңба басылған сәттер болды ма? (Әр түрлі мысалдар болуы мүмкін: жыныс, нәсіл, жасыңызға бола). Бұл таңбалар сізді қалай шектейді? Осындай санатқа жатқызудан қалай шығуға болады?
2. Өміріңіздің қай салаларында өзіңізді басқалармен салыстыру қуанышыңызды ұрлайды?
3. Санатқа жатқызсақ, салыстырсақ және кімнен артық, кімнен кем екенімізді ойласақ нені көрсетеміз? (Нақыл сөздер 29:25-ті еске түсіріңіз)
4. Әлеуметтік ортаңыз сізге шабыт береді ме әлде сізді кемсітеді ме? Әлеуметтік ортаңыз сізге жақсы әсер ету үшін не істей аласыз?
5. Жабық және ашық ескертудің астарында не жатқанын түсіндіріңіз.

Басқалар сізге бәсекелес ретінде қарағанда

«Кейбір қарсыластық адамға пайдалы.
Диірменнің қалақшалары желмен емес,
желге қарсы айналады».

ЛЬЮИС МАМФОРД

Жақында жан құрбыммен телефон арқылы сөйлестім. Оның күйеуі – дарынды музыкант және продюсер, ал өзі мықты қызметкер және жан-жақты қабілетті әйел. Соңғы кездері бұл жұп қиындық көрсе де, әрқашан таза, кішіпейіл, жанашыр жандар болып қала берді. Екеуіне көп рет жала жабылды, көпшілік оларға қарсы шықты және әділетсіз айып тақты.

Құрбым: «Олар бізді ғайбаттап жүр...» деп, бірнеше адамның аты-жөнін айтты. Мұқият тыңдап отырдым. Құрбыма жаным ашыды, себебі жағдайы мен сезімін жақсы түсіндім. Содан кейін назарым жұптың болашағына ауып кетті. Қазіргі оқиғаның салдары олардың болашағын тұрғызуда. Мұның бәрі қайда апаратынын

көрдім. Түсінгеніме көңілім толқығаны сонша, кенеттен: «Жарайды! Жауларың үшін Құдайға алғыс айт. Олардың сендерге деген ниеті бүгінгі өмірлеріңді мәрмәрдан қашап жатқандай» дедім.

Мені дұрыс түсініңіз, достарымның сонша зұлымдыққа ұшырағандарына емес, ол қастандыққа қалай жауап бергендеріне қуанамын.

Әрине, маған айту оңай, өйткені жағдайды сырттан ғана бақылап отырмын. Содан кейін былай қостым: «Маған біреу қарсы тұрғанда, оған риза болуды үйрендім».

Сол қиын күнде маған дәл осы әңгіме керек еді. Соның арқасында өзім де шабыт алдым. Ешқайсыңызға маған сияқты қате ілім таратушы деген айып тағылмайды деген үміттемін. Ешқайсыңыздан кешегі қолдаушыларыңыз теріс қарамайды деген үміттемін. Мұны бастан кешірсеңіз, оның қаншалықты ауыр екенін білесіз.

Бірақ тығылып, дәрменсіздікке бой берудің орнына, артқа қарап, Құдайдың шексіз адалдығын көруді үйрендім. Тағы бір күннің соңына қалай жетерімді білмей қиналғанымда, Құдай мені арқалап жеткізді. Құдайдың адалдығы туралы достарымнан емес, жауларымнан көбірек білдім. Тіпті өзім туралы достарымнан гөрі жауларымнан көбірек білдім.

Достарыңыз қолдау мен қорғау береді. Бұл жақсы, бірақ ол әрдайым өсуге апармайды. Достарыңыз сізді өмірдің дауылдарынан аман сақтағылары келеді, ал жауларыңыз сізді нәсер жаңбырдың астына итеріп шығару үшін барын салады. Құдай – сіздің ең үлкен панаңыз екенін үйрену үшін не керек? Қорғаныс емес, қауіп керек. Осындай кезеңде жаудың пайдасы бар.

Тірі болсақ, бәсекелестеріміз болады. Бұл өмірдің шындығы. Мұны жақсы білемін. Иә, мен де оны аса ұнатпаймын. Осыған қарамастан, бәсекелестердің өте нақты мақсаты бар. Бәсекелессіз өмір сүру дегеніміз олардың барлығын алып тастауды білдірмейді. Керісінше, Құдай бізді Өз мақсатына сай таңдап алғанда, барлық жағдайларда Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет ететінін

білдіреді. Бойымызда рухани өсу мен даналықты ояту үшін қарсыластарымыздың күшін пайдалана аламыз.

Дұрыс қарағанда, бәсекелестер катализатор ретінде қызмет етеді, біздің әлсіз жақтарымызды ашып, күшті жақтарымызды дамытуға түрткі болады. Олар бізді күшіміздің шегіне қарай итеріп, өзімізді жалғыз сезінгенде Құдайға қарауға мәжбүр етеді.

«Тоқтай тұр, мен Құдайдың бәсекелесі жоқ қызымын деп едің ғой. Теңдесі жоқ уәдеге ие болдым деп едің ғой. Еш қарсылассыз Құдайды дәріптеу үшін жаралдым деп едің ғой» деп ойлап отырған шығарсыз.

Иә, дәл солай. Құдайдың алдында ешбір бәсекелесіңіз жоқ. Жаратушыңызбен қарым-қатынасыңыз өзіңізге деген көзқарасыңызды қалыптастыру керек. Басқалармен *қарым-қатынас* жасағанда да, оны негіз қылып алуыңыз керек. Бірақ қарсыластар жоқ, уәде етілгеннің бәрі күрессіз қолға түсе қалады десеңіз, тым ақкөңілсіз. Исаның «дүниеге (Құдай жолын көрсететін) “нұрсыңдар”» (Матай 5:14) дегені қараңғылық жоқ екенін білдірмейді. Құдайдың бәсекелесі жоқ қызысың деу бәсекелестермен енді ешқашан кездеспейтініңізді білдірмейді. Бұл сіз нұрсыз деп, қараңғылықпен ешқашан кездеспейсіз деумен бірдей.

Бәсеке сөзінің түбірінен үш түрлі сөйлем мүшесін жасауға болады: зат есім – бәсекелес, сын есім – бәсекелесуші және етістік – бәсекелесу.

Зат есім ретінде бұл сөз құрдас, қатарлас, не бірдей деңгейдегі басқа да адамнан бастап, жау, қас, кесапат сияқты ауырлау мағынаға дейін барады.

Бәсекелесуші сын есімі жолдастық жарыстан бастап жаумен өмір үшін күреске дейінгінің бәрін сипаттайды. Етістік ретінде *бәсекелесу* сөзінің мағынасы бейбіт ұқсау, сәйкес келу немесе салыстырудан үстемдік ету, асып кету, қарсы тұру және көкірек керуге дейін барады.

Бәсекелестер шынымен бар. Білмесеңіз де, қазірдің өзінде

біреу сізге бәсекелес ретінде қарауы мүмкін. Көптеген адамдар өздері байқамай, басқалармен бәсекеге түседі. Бұл спорттық немесе академиялық жарыстар, сұлулық байқаулары, ғылыми зерттеулер немесе сайлаулардан есепке алмағанда. Ешкім жұмыста немесе қауымда бәсекелес болғанын күтпейді. Дегенмен, өмірдің барлық саласында дерлік бәсекелестер бар. Басқалардың бізге деген көзқарасын біз басқара алмаймыз. Кешіріңіз. Сіздің атыңыздан қоғаммен байланыс орнататын ең білікті мамандарды жалдасаңыз да, адамдардың ойын басқара алмайсыз. Мұны неғұрлым тез қабылдасаңыз, соғұрлым өзіңізге жақсы. Бір жақсы жаңалығым бар, басқаларға қалай қарайтыныңыз — толығымен өз билігіңізде. Кейде басқаларға деген көзқарасыңыз өзгергенде, олардың сізге деген көзқарасы да тұтастай өзгереді. Мұның өте нақты мысалдары көп. Ол туралы келесі тарауда толығырақ жазамын.

Қарсыластарыңыздың мақсаттарына қарамастан, сіз әрқашан бәсекені өз пайдаңызға айналдыра аласыз. Тек басқару туралы келесі екі негізгі шындықты есте сақтау керек:

1. Басқаның сөзін, ойын, ісін немесе сезімін сіз басқара алмайсыз. Бұл сіздің жауапкершілігіңіз емес.
2. Өз сөзіңізді, ойыңызды, ісіңізді және сезіміңізді сіз басқарасыз және оған жауаптысыз.

Қарсыластарымыздың бізге зиян тигізе алатынын бәріміз білеміз, бірақ бұл тарауда олардың қандай пайда әкеле алатынын талқылағым келеді.

Қарсыластар Құдайдың құдіретін ашады

Мұсаның тағдыры әу бастан қиын болды. Ол туған кезінде себетке жасырылған сәбиді патша әулеті құтқарып алды. Осылайша болашақта Исраилді Мысырдан бастап алып шыққан Мұса перғауынның үйінде өсті. Құдай оны тірі қалдыру үшін

осы жағдайлардың бәрін пайдаланды. Бірақ Мұса да біз сияқты тағдырдың жайлылықта емес, қақтығыста ашылатынын түсінді.

Мұса осы қиын жолды бәрін өз қолына алуға тырысқанда білді. Нәтижесінде ол өз халқын және осыған дейін білген өмірін тастап кетті. Оның шөл даладағы өмірі маған ұзақ көшпенділік үзіліс болып көрінеді. Мұса алыс шөлде босқын болып жүргенде, кенеттен Құдай келді. Міне, осында маңызды нәрсені көріп отырмыз. Өткенде бір нәрсені бүлдіріп алсаңыз, ол болашаққа жолыңыз жабық дегенді білдірмейді. Мұса өзінің не үшін тірі қалғанын білді. Құдайдың оны не үшін шақырғанын, не істеу керектігін және кім болу керектігін түсінді. Бірақ оған болашақ құтқарушының қасиеттері жетіспеді. Мұса сарайдағы өмірін жалғастырса, Құдайдың тапсырғанын орындауға қажет тереңдікке ие бола алмайтын еді. Бір күні көпшілік алдында істейтін ісіміз үшін Құдай бізді жасырын жерде дайындайды. Мұса ағасы һаронға, әпкесі Мәриямға және бүкіл Исраил халқына қайтып келгенде мүлде басқа адам еді. Уақыты келгенде Құдай оны перғауынмен кездесу үшін құтқарушы және хабаршы етіп майлады.

Мұсаның басында барғысы келмсе де, Құдай оны қарсыласы перғауынның алдына әкелді. Осы арқылы Мұсаның Исраилді азат ету туралы талабы бәріне мәлім болды. Құдай Мұсаны перғауынға жібергенде, патшаның оны тыңдамайтынын алдын-ала ескертті:

«Сен өзіңе бұйырғандарымның бәрін оған айтасың, ал һарон перғауынға өз елінен Исраил халқын босатып жіберсін деп айтуға тиіс. Алайда Мен перғауынның жүрегін қасарыстырып қоямын. Мен Мысыр елінде көптеген ғажап істер мен кереметтерім арқылы Өзімнің кім екенімді дәлелдесем де, перғауын сендерді тыңдамайтын болады. Сонда Мысырға



**Мұса тағдырдың
жайлылықта
емес, қақтығыста
ашылатынын
түсінді.**

қолымның құдіретін төндіріп, қатаң жазалар тартқызу арқылы өз жасағым — халқым Израилді Мысыр елінен алып шығамын. Осылайша Мысырға қолымды созып, ел ішінен Израил халқын алып кеткенімде, мысырлықтар Менің Жаратқан Ие екенімді білетін болады» (Мысырдан шығу 7:2-5).

Адами тұрғыдан қараса, бұл жоспар 100% сәтсіз болу керек. Бірақ Құдайдың нақты мақсаты болды. Сайып келгенде, перғауынның беделі ең соңында Құдайды дәріптеді. Перғауынның билігін Тәңір Ие жер бетіндегі халықтарға Өзінің даңқын көрсету үшін қолданды.

«Қаласам баяғыда қолымды созып-ақ өзінді де, халқыңды да індетке ұшыратып, жер бетінен жоқ қылған болар едім. Алайда саған (істейтінім арқылы) құдіретімді көрсетіп, бүкіл жер жүзіне атымды шығару үшін ғана сені патша етіп қойдым» (Мыс. ш. 9:15, 16).

Қарсылас Құдайдың құдіретін паш етті. Мысырмен қақтығыс пұтқа табынушылар арасында жалғыз тірі Құдайға ғибадат ететін халықты жоғары көтеруге қызмет етті. Сіздің өміріңізде де Құдай Өз құдіретін көрсету үшін қай қақтығысты қолдануы мүмкін? Қай тайталас арқылы сізді басқалардың езгісінен босата алады? Тағдырыңыздағы шайқастарға мұқият қараңыз, олардан қарсыласыңыздың тартқан сыйын көріп отырсыз ба?

Дәуіт патшаның атын кім шығарды? Пайғамбар ма, әкесі ме немесе досы ма? Жоқ, оның қарсыласы Ғолият.

Філістірлік қарсыласпен жекпе-жек болмаса, Дәуіт шөл далада белгісіз біреу болып қалуы мүмкін еді. Ойлап көріңіз, сегіз ағайындының кенжесі. Дәуітті Самуил пайғамбар патша етіп майлағанымен, ол патша болғанға дейін әлі де бірнеше қарсыластарын жеңуі керек еді. Майлау Дәуітті бөліп шығарды, ал Ғолиятпен айқасу басқалардың назарын аударды.

Філістірлік жауынгер шайқас алаңына шыққанда, Саулды жекпе-

жекке шақырғысы келгендей болды. Саул Ғолиятта бойы биік болмаса да, израилдіктер арасында жеңіскер, шебер жауынгер болған. Киелі Кітапта Саулдың денелі болғаны, басқа кез келген адамның бойы оның иығынан ғана келгені жазылған. Ғалымдар Саулдың бойы 6-6,6 фут аралығында болған деп есептейді. Ғолияттың бойы тоғыз футтан асқан.

Жауынгер Ғолият Саул патшаның алдында мұнарадай тұрды. Саул патша қойшы Дәуіттің алдында мұнарадай болды. Дәуітте жоқ ұзын бойдың орнын басқа бір нәрсе толтырды: батылдық. Адамда ерлік болса, ол өжет, ержүрек, қайсар болады, ештеңеден тайсалмайды. АҚШ-та Вест Пойнт атты әскери жоғарғы оқу орны бар. Ол жерге оқуға түсу қиын. Оқуды бітіріп шығу одан да қиын. Вест Пойнтте жақында жүргізілген зерттеулер батыл студенттер емтиханда жоғары ұпай алған студенттерге қарағанда озат екенін көрсетті. Оқу барысында курсанттарға 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша өздерінің батылдық деңгейін бағалау ұсынылды.

Дәуіттің батылдық көрсеткіші бес болған шығар. Батылдық болмаса, арыстан мен аюға қарусыз қалай қарсы шығасың. Ғолият алыппен жекпе-жектің соңы сәтті болатынына Дәуіт сенді. Саулдың бойы биік болса да, батылдық жағынан ол Дәуіттен әлдеқайда төмен болды деп ойлаймын. Батылдықсыз адамның аты аңызға айналмайды. Қарсыластардың күші тең болса, жекпе-жектегі жеңістің үлкен тарихи құндылығы жоқ. Барлығын естен тандыру үшін айтарлықтай теңсіздік болуы керек. Айқасты көргендер: «Ондай нәтижені күтпеп едім, бұл керемет болды» деп қайтуы керек. Дәуіттің атын бір күнде шулататын айбынды қарсылас керек болды. Әйгілі, бірақ жасқаншақ жауынгер Саулдың даңқы мен філістірлік алыптың алдындағы үрей Дәуітті теңдесі жоқ жауынгер етті.

«Дәуіт пен Ғолият: әлсіздер күштілерді қалай жеңеді» («David and Goliath: Underdogs, Misfits, and the Art of Battling Giants») кітабының авторы Малкольм Гладуелл былай деген:

«Дүниеде біз құнды деп санайтын нәрселердің көпшілігі қақтығыстан туады. Ол қақтығыстар біз еңсерілмейтін проблемаларға тап болған кезде пайда болады. Осының нәтижесінде өте құнды, әдемі, тамаша нәрселер шығады... Әлсіздердің, аутсайдерлердің, жеңіліп қалғандардың рөлі зор, біз оны жете түсінбейміз. Олардың арқасында жаңа мүмкіндіктер туады, жаңалықтар ашылады. Олардың ағартушы, үйретуші рөлдері де бар. Олардың арқасында бұрын елестете алмаған нәрселеріміз мүмкін бола бастайды».

Жеңілмейтін қарсыласпен бетпе-бет келгенде, екі жолыңыз бар: ұтылуға көніп, берілу немесе бойыңыздағы бар батылдықты жинап, еңсеңізді биік ұстау.

Дәуіт Саул берген барлық қару-жарақты тастап, сенімін Құдайына артты.

«Дәуіт оған былай деп жауап қайырды:

— Сен маған қарсы семсер, сүңгі, найзамен келесің. Ал мен саған *Әлемнің Иесінің атымен*, иә, өзің масқаралап отырған *исраилдік әскер саптарының Құдайының атымен* келе жатырмын! Бүгін Жаратқан Ие сені қолыма түсіреді. Сені өлтіріп, басыңды шауып тастаймын, әрі філістір әскерінің өліктерін жыртқыш құс пен аңға жемтік қылып беремін. Сонда бүкіл әлем Израилде (шынайы) Құдайдың бар екенін білетін болады!» (Патшалықтар 1-жазба 17:45, 46).

Ғолият Дәуіттің тағдырында маңызды рөл атқарып қана қойған жоқ. Оның және бүкіл філістірлік әскердің жеңіліске ұшырауы Құдайдың рухани құдіреті Израилге қонғанын бүкіл *жер бетіне* көрсетті. Дәуіт сияқты сіз де Құдайды мадақтауды аңсайсыз, оны білемін. Біздің әлемде әлі де ғолияттар бар. Олар бізді сынап, Құдайымызға тіл тигізгісі келеді. Бұл алыптар мектепте де, жұмыста да, қоғамдық орындарда да бұзақы кейпіне енеді. Тастардың артына тығылуды доғарайық,

Құдайдың Сөзін айтып, алға тұра ұмтылатын кез келді.


Мәсіхті өлілерден қайта тірілкен Рух сіздің бойыңызда да бар. Қарсыластар сізге шарт қойып, өз күшіңізбен күрескеніңізді қалайды. Берілмеңіз. Одан жоғары тұрып, одан мықты болуыңыз керек. Бәсекелестері жоқ Құдайдың перзенттері ретінде, біздің игі ісіміз – зұлымдықпен күресу. Сайып келгенде, біз мұны өз даңқымыз үшін емес, Құдайдың даңқы үшін істейміз.

Ғолият Дәуіттің атын шығарды. Әлеуметтік желілер адамды танымал ете алады. Бірақ даңқ оны патша етпейді. Даңқ, дұрыс қолданылмаған жағдайда, қызметкерлерді көтерудің орнына өзімшіл диктаторларға билік береді. Құдай өз халқын басқаруды Саул сияқты сенімсіз басшыға тапсырғысы келмеді. Құдай Өзіне құлшылық ететін және Оның құдіретін ашық көрсететін біреудің болғанын қалады. Тәңір Ие бізді Құдайға бағышталған қызметкерлердің патшалығы етті. Біз адамдарға танымал болуға емес, Иемізге ант береміз. Дәуіт Құдайдан, Саул адамнан қорқты.

Даңқтың кемшілігі мынада. Атақты адамның шәкірттері мен ізбасарлары емес, жанкүйерлері көп. Жанкүйерлердің көңіл-күйі құбылмалы болады. Бүгін олар сені жақсы көреді, ертең сені жек көреді. Дәуіт патшаға жанкүйерлер қажет емес еді. Оған өз өмірін құрбан етуге дайын адамдар керек болды. Құдайды дәріптейтін патшаларға дана кеңесшілер, адал әскер және сенімді қызметшілер қажет. Осының бәріне ие болу үшін Дәуіт сынақтан өту керек болды. Құдай Дәуіттің таққа отыруына көмектесу үшін қарсылас дайындап қойды.

Қарсыластар тағдырыңызды ашады

Қарсыластар атыңызды шығара алады немесе әйгілі атыңызды белгісіз ете алады. Жақсы жаңалық мынада, олар өміріңізде не істейтінін өзіңіз таңдай аласыз. Қарсыластар сізді жеңе ме, әлде жеңіске жеткізе ме? Дәл осы себептен қарсыласыңыз тағдырыңызды да аша алады.



**Қарсыластар
жеңе ме, әлде
сізді жеңіске
жеткізе ме?**

Дәуіт Құдайды мал бағып жүрген кезінде танып білді. Әкесінің қойын бағып, Таяу Шығыс жұлдыздарының астында Дәуіт Құдайға ғибадат етті. Қойшы айдалада жүріп, арыстан мен аюды жеңіп, қойларын аман алып қалды. Дәуіт жабайы аңның шабуылын жақсы біледі.

Саул патша ержүрек Дәуітті адамдардың арасынан Құдайдың алдына апарған тамаша жол болды. Дәл сол кезде Дәуіт майлануды алды, дәл сол кезде оның патшалық тағдыры анық болды.

Дәуіт пен Саулдың қарым-қатынасы басынан аяғына дейін қатты өзгерді. Саул алғашында Дәуітті жақсы көрді және оның өміріндегі Құдайдың құдіретін мойындады. Саул өзін осал сезініп, қиналған кезде Дәуітті қасына алды. Ол патшалық істерде Дәуітке сенім артқан. Бұл Киелі Кітапта қалай жазылғанын көрейік.

«Саул Дәуітті қай тапсырмамен жұмсамасын, ол бәрін де ақыл-парасатпен орындап шығатын. Сол себепті Саул оны бір топ сарбаздың басшысы етіп қойды. Бұл шешім бүкіл халыққа да, Саулдың нөкерлеріне де ұнады» (Пат. 1-ж. 18:5).

Саулдың Дәуіттен артық қолбасшысы болмады. Патшаны зұлым рух қинаған кезде, Дәуіт домбырасын тартты, патшаның жанын тыныштандыру үшін ән айтты. Бұл оқиға естеріңізде бар шығар.

«Дәуіт філістірдің көзін құртып, бүкіл жасақ елге қайтып келе жатқанда, Саул патшаны қарсы алу үшін Исаилдің барлық қалаларынан әйелдер алдарынан шықты. Олар ән айтып, би билеп, даңғыраларда ойнап, қуана әндетіп, үш ішекті аспаптарды шертіп ойнап жүрді. Әйелдер би билеп: «Саул мыңдаған жауын жеңіп жойды, Ал Дәуіттің жойғаны он мың болды!» — деп дауыстап ән салды. Ал Саул қатты ашуланып, бұл сөздерді тіпті жақтырмай: «Олар Дәуітке он мыңдаған, ал

маған не бары мыңдаған жеңілген жау үшін мақтау айтты! Енді оған жетпей тұрғаны патшалық билік қана!» — деп налыды. Сол күннен бастап Саул Дәуітке қызғанышпен қарайтын болды» (Пат. 1-ж. 18:6–9).

Шынымен өлтірген жауларының саны он мың болмаса да, бұл салыстыруға Сәул қамықты. Әйелдердің әні оның көзін ашқандай болды. Сонда ол аузын ашып, өзінің құлауы туралы пайғамбарлық сөз айтқан тәрізді. Әйелдер оны осы әнмен мазақтағандай болды, бірақ Сауыл әзілді күлкілі деп таппады. Бұл ән оның намысына тиді. Самуил пайғамбар Саулға ескертіп еді: патша мойынсұнбағаны үшін тағынан айырылатын болады. Ол ескертуден бері көп жыл өтті. Самуил патшалық Саулдан алынып, өзінен жақсы басқа біреуге берілетінін айтты (Патшалықтар 1-жазба 15:28 қараңыз). Осы әнмен Саулдың өмірінің жібі керіліп, үзіле бастады. Ол келесі патша Дәуіт екенін түсінгенде, бірнеше секундқа үрейге бой алдырды. Саулдың тақты бейбіт жолмен бере салғысы келмеді.

Ішкі сенімділік болмаған кезде, көзді ашып-жұмғанша, жағымсыз салыстыру досты қарсыласқа айналдырады. Саул бұдан былай Дәуіттің дәлелденген құндылығын қауіп ретінде көретін болды. Бір күнде бәрі өзгерді.

«Келесі күні Құдай жіберген қинайтын рух Саулға қайтадан бас салып, ол сарайында ерекше көңіл күйіне түсіп мазасызданды. Дәуіт оны тыныштандыру үшін бұрынғыша күй тартып отырды. Саулдың қолында сүңгісі бар болатын» (Пат. 1-ж. 18:10).

Барлығымыз үшін пайдалы ескерту... Құдай өз мақсатына жету үшін қалағанын пайдалана алады. Бұл жағдайда Ол патшаның қызғанышын шарықтау шегіне жеткізу үшін зұлым рухқа әрекет етуге рұқсат береді.

Сол күні Дәуіт әдеттегідей домбырасын тартып отырды. Бірақ

бұл жолы Саулдың қолында басқа зат бар, өйткені оның жүрегінде өзгеріс болды.

«Келесі күні Құдай жіберген қинайтын рух Саулға қайтадан бас салып, ол сарайында ерекше көңіл күйіне түсіп мазасызданды. Дәуіт оны тыныштандыру үшін бұрынғыша күй тартып отырды. Саулдың қолында сүңгісі бар болатын. «Дәуітті қабырғаға қадап тастайыншы!» деген оймен патша сүңгісін оған қарай лақтырып жіберді. Бірақ Дәуіт жалтарып үлгерді, екінші ретте де солай болды» (10, 11-аяттар).

Айтарлықтай айырмашылық, солай ма? Саул қолына қару алып, өршеленіп жатқанда, Дәуіт сабыр сақтап, аспабын шертіп отыр. Одан да күшті контрастты елестете аласыз ба? Үйінде қолына найзасын ұстап кім жүгіріп жүреді? Саул үңгір адамының деңгейіне түсті.

Қылыш тақырыбына кітап жазған болатынмын. Сондықтан үйіміздің бұрыш-бұрышында қылыштың алуан түрі жатыр. Бірақ олардың біреуіне қолым сирек тиеді. Тіпті ең нашар күннің өзінде, гормондарға бола қатты ашулансам да, олардың біреуін қолыма алуға батылым бармайды. Жағдай қыспақтап бара жатқанда, қолға түскеннің бәрін лақтырып, сындыруға дейін барасыз. (Өз тәжірибемнен айтып отырмын.) Дәуіт кеше ғана шайқас кезінде Саулдың жанында тұрды, қорықпай оған арқасын бұрды. Ал қазір онымен кездеспеу үшін жасырынуға мәжбүр болды. Дәуіттің бойындағы ең жақсы қасиеттер Саулдың ең жаман қасиеттерін сыртқа шығарды. Патша алдымен жайлап қауіптенсе, қазір бойын нағыз үрей билеп алды.

«Саул Дәуіттен қорқа бастады, себебі Жаратқан Иенің өзін тастап, Дәуітке жар болғанына көзі жетті. Оны қасынан алыстатып, мыңбасы етіп қойды. Бұдан былай Дәуіт сарбаздарын жорықтарға бастап жүрді. Ол қай істе де парасаттылық танытып отырды, өйткені Жаратқан Ие оған

жар болды. Дәуіттің табыстарын көргенде Саул одан бетер сескенді» (Пат. 1-ж. 18:12-5).

Дәуіттің әскери жетістіктері Саул патшаның жеңісі емес пе? Бірақ Саул Дәуіттің сәтті жорықтары өзі басқарған патшалықты нығайтады деудің орнына, әр шайқас оның билігін әлсіретіп жатқанына сенді. Саул бұдан былай Дәуітті ұлындай көрмеді; Жас батырдың қасында болуы Саулды енді тыныштандырмады. Ол Дәуіттің көзіне түспеуін қалады. Бірақ ол да жеткіліксіз болды. Дәуітті көрмесе де, патша оны ойынан шығара алмады. Саул патша Дәуіт жаудың қолынан өлетініне үміттеніп, оны шайқастың ең қызу жеріне жіберді. Бірақ бұдан да Дәуіт жеңіскер болып шықты. Саул оны жерлемек болғанда, Дәуіт қайта тірілді.

«Саул Жаратқан Иенің Дәуітке жар болғанын және өзінің қызы Михолдың оны жақсы көретінін түсініп, Дәуіттен бұрынғыдан бетер қорқатын болды. Оны өле-өлгенше өзінің қас жауындай көрді» (Патшалықтар 1-жазба 18:28, 29).

Аз уақыттың ішінде Саулдың Дәуітке деген көзқарасы күдік пен қорқыныштан өшпенділікке айналды. Өзінің сүйікті ұлы, соғыс қаһарманы және одақтасы саналған Дәуіт енді жоқ. Дәуіт елден қуылған қылмыскерге айналды. Ол патшаға еш жамандық жасамаса да, сарайдағы Саулдың мейірімі аяқталды. Оқиғаның бұлай өзгеруін күтпеген Дәуіт өмірін сақтап қалу үшін сарайдан қашып құтылады.

Патша сарайынан қашу Дәуіттің өміріндегі мүлдем жаңа кезеңнің басы болды. Даңқ пен мәртебенің орнына ол шөлде қиындық көрді. Шеттетіліп, аты қорланып, өлім қаупіне тап болды. Кейбір ғалымдар бұл кезең шамамен сегіз жылға созылды деп есептейді. Жылдар бойы жер аударылып, тақыр тауларды аралау Дәуітке Құдайдың көңілінен шыққан патша болуға көмектескен сабақ болды.

Дәуіт аяусыз қудаланды. Саул патша аш қасқырдай оны бір

үңгірден екінші үңгірге құды. Бірде Дәуітке діни қызметкерлер көмектескен болатын. Осыған бола Саул оларды отбасыларымен қоса қырып жойды. Мұны естіген Дәуіт қатты қайғырды. Ұзақ жылдар бойы жауласу мен қақтығысты көріп тастаған Дәуіт үңгірде болсын, сарайда болсын, Құдайға ұнамды өмір сүру бәрінен маңызды екенін білді. Оның өмірінде екінші Ғолият та болды.

Түсіндіріп кетейін.

Менің ойымша, Дәуіттің әкесіне қатысты шешілмеген мәселесі болды. Ол шөл далада Саул патшамен сөйлескен сайын, айқайлап, оны «әке» деп атайтын. Мұнда оның шарасыздығының бір шетін көре бастаймыз.

«Қараңызшы, әке, шапаныңыздың бір шеті, міне, менің қолымда! Оны жаңа ғана шапаныңыздан кесіп алдым, бірақ өзіңізді өлтірмедім. Содан менің сізге ешқандай қастық не бүлік жасамағанымды біліп алыңыз. Сізге істеген ешбір жамандығым жоқ, ал өзіңіз қалайда жанымды алу үшін артымнан қалмай жүрсіз» (Пат. 1-ж. 24:12).

Дәуіт пен әкесі Есейдің арасында қандай да бір теріс пиғыл болды деп айтуға себеп жоқ, бірақ отбасында сегізінші ұл болғандықтан, Дәуітке жеткілікті көңіл бөлінбегені ғажап емес. Дәуіт жеті ағасының көлеңкесінде өскен шығар. Барлық ұлдары сияқты, Дәуіт те әкесінің ықыласына ие болып, мақтан тұтатын ұлы болуға үміттенді. Дегенмен, Самуил пайғамбар Есейдің ұлдарын майлауға келгенде, әкесі оны шақыруды ұмытып кетті.

«Осылай Есей өзінің жеті ұлын да Самуилдің алдынан өткізді. Бірақ ол: «Жаратқан Ие бұлардың ешқайсысын таңдаған жоқ», — дей берді. Ақырында Самуил Есейден:

— Барлық ұлдарың осылар ма? — деп сұрады.

— Тағы бір кенже ұлым бар. Ол қой-ешкі бағып жүр.

— Кісі жіберіп, оны алдыртшы! Сол келмейінше құрбандық асына отырмаймыз, — деп тапсырды Самуил» (Пат. 1-ж. 16:10, 11).

Неліктен Самуил Есейден тағы ұлдары бар-жоғын сұрады? Есей пайғамбар келе салысымен Дәуітті шақыру керек еді. Құдай Дәуітті таңдай алатыны ойына кіріп-шықпағаны анық. Егер Самуил пайғамбар біздің үйге келсе, мен *бүкіл* отбасын жинауға бар күшімді салар едім. Оларға скайп арқылы, телефон арқылы қоңырау шалып, үйге тезірек келулерін сұраушы едім. Біреу қандай да бір себептен келе алмаса, жауапкершілік тек оның мойнында болады.

Дәуіттің әкесінің назары үшін таласқан жеті қарсыласы — ағалары болды. Киелі Жазбадан Дәуіт пен ағаларының сөйлескенін оқығанымызда, жылұлық пен қолдау сезілмейді. Оның үстіне, Дәуіттің үлкен ағалары оны мақтаншақ деп айыптап, әкесінің үйіндегі рөлін төмендетіп, оны өркөкірек әрі жүрегі зұлым екенін айтты (Пат. 1-ж. 17:28).

Сондықтан да болар, Дәуіттің жырларын оқығанда, жай сөз емес... жүректің зарын естимін. Тармақтардың арасында көп жылдар бойы жалғыздық пен бейнетте жиналған ауырлықты көремін. Дәуіт Саулға өзінің кінәсіз екенін үнемі дәлелдеп отырды, бірақ қақтығыс жалғаса берді.

Бір кезде Дәуіт адам соты оның айыбы жоқ екенін ешқашан мойындамайтынын түсінді. Саул Дәуітті ешқашан кешірмейді. Оны бір Құдай ғана кешіре алады. Патшадан қашып, жасырынып жүрген Дәуіт Құдайға жүгіріп, Одан пана табуды үйренді. Көптеген адамдар майлануды қалайды. Бірақ майлау жау барда орындалатын мақсат үшін келеді. Осы тұсы жиі ұмытылады.

Кейінірек Дәуіт Абессаломнан қашып бара жатып былай деген:

«Уа, Ием, жауларым сонша көбейді,
Көп адам маған қарсы көтерілді.
Жұрт: «Құдай құтқармайды сол кісіні»
Деп қатты күйзелтеді жан дүниемді.
Ал, Ием, алдымдағы қалқаным Сенсің,
Даңққа бөлеп, беделімді көтересің.
Жаратқанға дауыстап жалынам,

Ол жауап береді киелі тауынан.
Орныма жатып, ұйықтаймын бейқам,
Содан оянып, тұрамын қайтадан,
Себебі мені қорғайды Жаратқан.
Мен қорықпаймын өзіме жан-жақтан
Қарсы шыққан мыңдаған жауларымнан» (Заб. 3:2-7).

Сонда Дәуіттің жаулары қалай көбейді? Жақсы сұрақ. Құдай оларды неге жойып бермеді? Мысалы, құмды дауыл кезінде олардың барлығын шөл далада көміп жіберуге болады ғой.

Дәуіт Самуил пайғамбардан өзін патша етіп майлауын сұраған жоқ. Батыл Дәуіттің Құдай үшін өжет болудан басқа таңдауы болмады. Дәуіт Құдайдың аманат еткеніне адал ұл болғандықтан, патшасына да адал сарбаз болды. Жонатан мұндай дос туралы армандап та көрмеген шығар. Оның мінезінде, жүріс-тұрысында мін болмайтын. Дегенмен, өмір бойы Дәуіттің жаулары тек көбейе берді. Неліктен?

Міндетті түрде себебін тапқымыз келеді, өйткені себеп бар болса, Дәуіттің қиындықтары түсінікті болады. Бірақ мұның мағынасы жоқ сияқты.

Дәуіт осы сөзді жадына сақтап өмір сүрген көрінеді. Оның күресі басқа біреудің өміріндегі шайқастарды көрсетеді: бұл болашаққа, Исаның өміріне нұсқайды. Олай болса Дәуіттің жауларының көбейгеніне неге таң қалдық? Жаңа өсиеттегі Петірдің жазғанын оқиық.

«Қымбатты бауырластарым, өздеріңнің «от кешіп» ауыр азап шегіп, сыналғандарыңды оғаш нәрсе деп ойламаңдар. Қайта, неғұрлым көбірек Мәсіх секілді азап шексеңдер, соғұрлым көбірек қуаныңдар. Сонда Мәсіх салтанатты ұлылықпен қайта оралып, ашық көрінген кезде де шаттанып қуанатын боласыңдар» (Пет. 1-х. 4:12, 13).

Сыртқы қысым ішкі өзгерісті тудырады. Қарсыластар Құдайдың

бізге дайындаған тағдырын көрсетеді. Құдайдың ұлылығы өмірімізде арта түсуі үшін біз кішірейеміз. Қарсылас, негізінен сый болып табылады, өйткені ол — үйренудің, күш жинаудың және тазартудың бір бөлігі. Адами табиғатымыз қиындықтардан аулақ болуға бейім. Бірақ біз азап шеккенде, Исаның қайғысына ортақтасып қана қоймай, оның даңқын бөлісеміз. Себебі бұл арқылы Иса бізге тағдырымызды ашып көрсетеді.

Қарсыластар жүрегімізді таза сақтауға мәжбүр етеді

Ішімізде тас жүрек жарылғанда, оның орнына сезімтал жүрек келеді. Мағынасыз бәсекеге тап болған кезде, жүрегіңіз қатты соққы алғандай боласыз. Өзіңізге және сіздің ниетіңізге күмән тудыратын сұрақтар пайда болады. «Мүмкін мен қателесіп жүрген шығармын? Құдай, қайдасың? Неліктен бұл менімен болды? Бұл неге бітпейді?» деп ойлай бастайсыз.

Көбінесе сұрақтарымызға жалғыз жауап үнсіздік болады. Құдайдың бізді шынымен еститініне күмәндана бастаймыз. Енді түсінемін, егер Құдай үндемесе, бұл жай ғана уақытша үзіліс. Театрдағыдай сахна өзгермекші, кейіпкерлер өз орындарын алуда. Сергіп алыңыз. Өміріңізде жаңа кезең басталғалы жатыр. Өзіңізді тұрған жеріңізбен өлшеудің орнына, Құдайдың сізді неден алып шыққанын еске алыңыз.

Үнсіз тыңдағанымызда, өзгеріске дайынбыз. Құдайдың айтқанына сенеміз бе, әлде қарсыластарымыздың айыптаушы сөзін тыңдаймыз ба? Бізде игі ісін бастаған Құдай оны аяқтау үшін соңына дейін адал болады. Шабуыл жүрегімізді тастай қатты қылуы мүмкін. Құдай жүрегімізді сауықтыра алады. Қайсысына рұқсат береміз? Дұшпанның сөзіне мән береміз



**Шабуыл
жүрегімізді
тастай қатты
қылуы мүмкін.
Құдай жүрегімізді
сауықтыра
алады.
Қайсысына
рұқсат береміз?**

бе, әлде Жаратушының сөзіне құлақ асамыз ба?

«Балам, сөзімді жүрегіңе тоқып ал,
Айтқандарыма мұқият құлақ сал.
Сөзімді назарыңнан тыс қалдырмай,
Жүрегіңнің түкпіріне сақтап қой.
Шын өмір сыйлайды ол мәнісін тапқанға,
Денсаулық береді оның тұла бойына.
Ең бастысы, таза сақта жүрегіңді,
Өйткені ол — өміріңнің қайнар көзі» (Нақ. с. 4:20–23).

Басқаларға қарамаңыз. Олардың айтқандарын тыңдамаңыз. Қазіргі күйіңізді олардың өмірімен салыстырмаңыз. Жүрегіңізді таза сақтаңыз, Құдайдың сізге берген әрбір уәдесін жақсылап сақтап қойыңыз. Барлық кедергілерді алып тастаңыз және жағдайға қарамастан, Құдайдың дауысын есту қабілетіңізді дамытыңыз. Ол сізбен сөйлескісі келмесе, «Сөзімді мұқият тыңда» демес еді. Оның даусы жүрегіңізді қорғайды.

Өмірде әлі көптеген бөгеттер мен кедергілер болады. Сіз армандаған өмірді, Құдайдың сізге арнаған, бірегей, керемет өмірді қарапайым жолмен табу мүмкін емес. Бұл көптеген алаңдататын дауыстар мен заттардың арасында назардың басқаға аумай, бір жерде болғаны қажет. Назарымыз үшін таласатын кедергілерге тойтарыс бермесек, олар күшімізді де, зейінімізді де ұрлап әкетеді.

Мәсіхтің хабары — біздің басты назарымыз. Жаратушымыздың сөзінде бізге уәде етілгеннің бәрін орындауға құдірет бар. Өмір көзі жан мен тәнімізді нәрлендіреді және денсаулығымызды нығайтып, мақсатқа жетуге күш-қуат береді. Бәсеке емес, Құдайдың Сөзіне қарайтын адамның өмірі дұшпанның әрекетіне бағынбайды.

Біз тек Құдай Сөзіне, яғни тұқымға ғана назар аудармай, бағымызды яғни жүрегімізді де таза сақтауымыз керек.

Сақталған жүрек пен түрмеге қамалған жүректің арасында үлкен

айырмашылық бар. Бірінші жағдайда жүрек үлкен құндылық болса, екіншісінде құлыпталып, тарс жабылған зындандағы тұтқынға ұқсайды.

Көптеген адамдар жүректерін әдейі тас қылып қояды. Жандүниенің сауығуы басталмайынша жүректерін жақсылап сақтағылары келеді. Бұрын мен де жиі осылай істейтінмін. Бастапқыда кәдімгідей жеңілдеп қалатынмын. Өзімді ренжіткендерден теріс қарайтынмын. Жүрегімнің есігін тарс жаба бергенім сонша, ол ашылмайтындай жабылып қалатын. Оны мықтап жауып тастағанымнан, бір күні ол менің тұтқыныма айналды. Оның бәрін өзімді ащы өкініштен, қайғыдан, көңілім қалғанан қорғау үшін істедім. Бірақ сонымен бірге, қуанышты да сезбей қалатынымды түсіндім.

Сақталған жүрек түрмеде емес, сенімді қорғауда. Егер жүрегіңізді құлыптаған болсаңыз, дұға етуге уақыт бөліңіз. Құдайдан жүрегіңізді тас түрмеден босатуын және оны қуаныш пен қайғыны бірдей сезе алатын жаңа сезімтал жүрекпен ауыстыруын сұраңыз.

Бұл оңай емес екенін білемін, бірақ көз жасыңызды бекер төкпеңіз. Олар сіздің жүрегіңізді ылғалдандырып, жұмсартсын. Ауыр сезімді есірткіге немесе алкогольге батырудың қажеті жоқ, олар тек сезімдеріңізді бұзады және рухани құлауыңызға әкеледі. Кек алу туралы ой да санаңызды уламасын. Оны қайта-қайта ойлай бермеңіз, көзіңізге жас келген сайын отырып, әбден жылаңыз. Жалғыз отыра тұрып, ауыр сезімнен қашпай, оған орын беріңіз. Тынышталғанда, көкке қараңыз. Дауысыңызды қатты шығарып, Құдайға сиыныңыз. Күн сайын Құдайдың алдында сырын ақтарған Дәуіт сияқты істеңіз. Уайымыңызбен, қарсыласыңызбен Жаратушыға келіңіз.

Дәуіттің Құдайдың алдына қалай келгенін оқиық.

«Шаттық үнін маған қайтадан естірте гөр,
Сен әлсіреткен денемді қуанта гөр,
Күнәларыма енді назар аудармай,
Бар қылмыстарымды өшіріп тастай гөр.
Уа, Құдайым, жүрегімді тазарта гөр,

Рухымды берік қылып, жаңарта гөр.
Қасыңнан мені қуып шыға көрме,
Киелі Рухыңды менен ала көрме,
Мені құтқарғаныңа қуантып тағы,
Сыйлай гөр азғырылмайтын берік рухты» (Заб. 50:10-14).

Тас болып қатып қалған тұтқын жүрек керең болады, құрғап кеткен сүйектер жауап бере алмайды. Басқаларға үкім шығаратындар үнемі өз күнәларының ауырлығын сезеді. Тек Құдай ғана жүрегімізді барлық кірден тазартып, Оның алдына келуіміз үшін жүрегімізді түзете алады.

Тас жүректер Құдайдың құзырын көтере алмайды. Олар оқшауланады немесе сауығу жолын таңдағандардың қайғысын келеке етеді.

Тағы да ескерткім келеді, көптеген адамдар шын жүректен Құдайдың алдына келгенде, жүректерін сақтаудың орнына түрмеде ұстағанын түсінеді. Аяушылық пен жанашырлық жоғалады, олардың орнын қатыгездік пен енжарлық басады. Жүрегіңізді сақтау мен тарс жабудың арасында үлкен айырмашылық бар. Жүрегіңіз қаңырап бос қалса, тастай қатып қалса, нағыз Құдайды мадақтайтын кез. Саул азабынан құтыла алмаған соң, Дәуіт оған арнап күй тартты. Айналамыздағы мадақтау жағымсыз нәрселерді алыстатады, бірақ мадақтау ішімізден көтерілгенде, ерекше нәрсе болады. Тыңдап қана қоймай, өзіміз мадақтасақ, жүрегіміз ашылып, Жаратушымен байланыс орнатады.

Саул патшаның асығыс сөйлейтін, асығыс әрекет ететін әдеті бар еді. Жүрегіндегі уайым оның іс-әрекетінен байқалды. Дәуіт өз жүрегін тыныштандыруды үйренгендей, біз де өз жүрегімізді тыныштандыруды үйренуіміз керек.

«Қайта, ризамын, жан дүнием тыныштықта.
Бейқам жүр сәби анасының қасыңда,
Сол нәресте сықылды өз жаным да
Тыныш жатыр бейқам болып бойымда» (Заб. 130:2).

Сізге шынымды айтайын ба? Анасының қасында жатқан, еміп тойынған бөбек сияқты тыныш болудың орнына, өз дегенімді істеуге бейіммін. Көп жыл бұрын қауымда мадақтау кезінде үшінші забур жырын ән қылып айттық. Бала сияқты жыладым. Үйде осы әнді қосып қойып, билегенді ұнататынмын. Оны бәрі білетін. Қалай болғанда да, менің қайғым Дәуіттің забур жырын жазған кездегі сезімдерімен үйлесетін сияқты көрінді. Әрине, менің қиындығым оның азабынан әлдеқайда аз болды. Иә, кейде қиындық мені жұтып қоятындай көрінетін. Қайғым жаным терең еніп, жүрегімді толтырғандай болды.

Өткенге қарасам, ол оқиғаларды басқа қырынан көремін. Сол кездегі ауыртпалық болып көрінген нәрселер түк те қиын емес еді. Бір жерде жақындарымның маған көбірек назар аударғанын қаладым, бір жерде жаман сөз естіп қалдым, бір жерде күйеуіммен ұрысып қалдым. Осындай кішкентай азап үшін бәрін беруге дайын көптеген адамдар бар. Кейбір елдерде сенімі үшін күн сайын өлім қаупінде өмір сүретін батыл әйелдерді білемін. Қайда барсам да баласын асырау үшін жанын аямай еңбек етіп жүрген қайратты аналарды кездестіремін. Оған қоса, күн сайын зорлық-жәбір көріп жүргендер бар. Туыстары құлдыққа сатып жіберген жандар бар.

Сіздің ауыр сезіміңізді азайтып көрсетіп отырған жоқпын. Оның шынайы екенін білемін. Бірақ Құдайдың ең жаман жағдайларды да жақсылыққа айналдыратынын білген кезде, біз де Жүсіп сияқты былай дейміз:

«Сендер маған жамандық ойладыңдар, бірақ Құдай мұның бәрін жақсылыққа соқсын [деді]» (Жар. 50:20).

Қарсыластарыңызға басқаша қарасаңыз, Құдай ауыр сезімді алып тастайды. Сценарист Эдмонд Берк мұны былай суреттейді: «Бізбен күресетін адам күшімізді нығайтып, шеберлігімізді шыңдайды. Шынында жағымсыз кейіпкер — басты кейіпкердің көмекшісі».

Адаммен байланысымды үзу өз болашағымның есігін жабумен тең екенін түсіндім. Өзімізді басқалардан оқшаулауға тырысқанда, өзімізді қамап қоюдың қаупі туады. Ашық жүректер есіктерді ашады және басқаларды ашық құшаққа әкеледі. Құдай Исаны ешкім жоғалмайды деген үмітпен жіберді. Өз мәртебеңізді күзетіп отырудың орнына, жүрегіңізбен көп жұмыс жасаңыз, оны жақсылап сақтаңыз.

Көбісі көшбасшы болғысы келеді, бірақ биліктің жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Айналаңызда әрқашан сізді жақсы көретін, бірақ сізді шынымен білмейтін адамдар болады. Сізді жек көретін және сізді білмейін адамдар әрқашан болады. Бұл көрермендер. Олар бәсекелес емес, бірақ әр өзгерісті көріп бақылап отыр. Мұса перғауынмен бірге өсті. Дәуіт Саулдың баласындай болды. (Ғолият өміріндегі алыптардың бірі болды.) Көп жағдайда қарсылас — бір кездері сізді жақсы білген, жақын адам. Дәуіт қарсыласын былай сипаттады:

«Жауым қараласа соған төзер едім,
Дұшпаным бас көтерсе одан тығылар едім.
Алайда мұны істеген қатарласым
Сенсің, о, жаныма жақын сырлас досым!» (Заб. 54:12-14).

Жау өзін дос ретінде жасырған кезде мұны «жалған достық» деуге болады. Басқаша айтқанда, бәсекелес. Кімнің нағыз, кімнің жалған дос екенін ажырата білу үшін дарын қажет. Сонымен бірге бізді шынайы ететін – қарсыластарымыз. Бір нәрсені ұнатпайтын болсақ, ашулануға болады. Одан артығы, бәрін Құдайдың алдына әкелуге болады. Құдай қарсыласымызды бізді тазарту, қайта құру, нығайту үшін пайдаланғанын көріп, Тәңір Иемізге алғыс айтуға болады. Немесе ренжіп, өкпелеп қалуға болады. Наразылық білдіруге болады немесе дұға етіп, мадақтауға болады. Таңдау біздікі және оны бізден ешбір қарсылас тартып ала алмайды.

Ойлануға арналған сұрақтар

1. Қарсыласыңыз сізге бір нәрсені үйреткен жағдайларды еске түсіріңіз.
2. Қарсыласыңыз өміріңіз туралы нені ашып көрсетті?
3. Қай салаларда батылсыз?
4. Қай салаларда сізге батылдық жетіспейді?
5. Жанкүйерлер мен ізбасарлардың үш айырмашылығы неде?
6. Қолыңызға найза алып, үйде жүгіріп көрдіңіз бе? Ондай қауіптен қалай құтылар едіңіз?
7. Жүректі түрмеге қамамай қалай сақтауға болады?

Адам жынысы бәсекеге түспейді

«Адам өзінің нәсілі мен жынысын өзгерте алмайды. Біреуді нәсіліне немесе жынысына бола жәбірлеу — барып тұрған әділетсіздік. Бұған жайбарақат қарап отыра алмаймын».

АҒА ЕПИСКОП ДЕСМОНД ТУТУ

Жалғыз қалғанда Құдайға айтатын өз дұғаларым бар. Көбінесе қонақүйде немесе көлікте *жалғыз* қаламын. Көлігімнің ішінде отырғанда өте ерекше мінәжат ететінімді көп адамдар біледі. Мен үшін жанды баурап алатын мадақтау әндерінен артық ештеңе жоқ. Бірнеше жыл бұрын өмірім қам-қарекетке толы күйбең тіршілік еді. Кейде алға жүріп бара жатырмын ба, әлде кері шегініп бара жатырмын ба, соны да білмейтінмін. «Ана арыстанның оянуы» атты кітабым Иорданияда жүргенімде жарық көрді. Жылдың аяқталуына жақын қалды. Алғыс айту күні деген күзгі мейрамымыз жақындап қалды. Сондай былай дұға етіп едім:

Көктегі Әке, «Ана арыстанның оянуы» атты кітап

шығарғанымды білесің. Ол қазірдің өзінде бес тілде жарық көрді, бірақ бұл шынымен Сенің еркіңе сай болғанын білгім келеді. Осы жаңалығымды айту үшін мінәжат еткендеймін, бірақ Сен уақытпен шектеулі емессің, оны білемін. Осы еңбегімді Сен қолдайсың деген растау алғым келеді. Исаның атымен, амин».

Иә, біртүрлі шығар, бірақ солай болды. Осы уайымды жүрегімнен шығарып, Құдайға тапсыруым керек болды.

Көп ұзамай мен сұраған растау да келді. Бір күні кешкі сағат сегіз шамасында кенже ұлыма мектептегі жобасын жасауға көмектесіп отырдым. Үлкен ұлдарымның ескі жобаларын шығарып, қайсы пайдамызға жарайтынын қарап тұрдым. Бірақ кенже ұлым жобаны аяқтау үшін арнайы постер қажет екенін айтты. Сонда үлкен ұлдарым жобаны аяқтауға көмектессін деп, оларға ақша төлейін дедім.

Үйіміз шашылып жатты. Әр жерде журнал қиындылары, маркерлер мен қағаздар жатты. Бір ағасы компьютердің басында отырып, Арденнің айтқанын теріп жатты. Екіншісі плакатқа жапсыру үшін суреттерді қиып отырды. Мұның бәрін бір жерге жинау үшін тақта әкелдім. Осы кезде телефон шырылдады. Қарасам, Джон.

Дауысын естігенде, толқып тұрғанын түсіндім. Күйеуімді мұқият тыңдадым.

Ол бір адаммен танысқанын, менің онымен міндетті түрде сөйлесуім керектігін айтты. Джонның телефон арқылы мені бейтаныс адамдармен сөйлестіретін әдеті бар. Қалай екенін білмеймін, әйтеуір жиі болып тұратын, өзіме үйреншікті нәрсе. Бәлкім ол адамдар менімен сөйлескісі келмейтін де шығар, бірақ қандай да бір себептен Джон мен олармен сөзсіз хабарласуым керек деп ойлайды.

Басында мен қарсы болдым. Бірақ қазір, көп жыл өткен соң, мұны жай ғана қабылдайтын болдым. Ақылдылар үшін атап өтейін: күйеуіңіз маза бермейтін әдетін он жылдан кейін тастамаса, оны өзіңіз үшін сүйкімді дей салыңыз. Сонымен,

күйеуімнің мені бейтаныс адамдармен сөйлестіретін сүйкімді әдеті бар. Сол күні кешке ешкіммен сөйлескім келмеді.

— Джон, қазір бейтаныс адамдармен әңгімелесетін уақытым жоқ. Арденге мектеп жобасын жасауға көмектесіп жатырмын.

— Жақсы, дәл қазір сөйлесудің қажеті жоқ. Ол әскери офицер. Қазір қолы бос емес, сондықтан оған сенің нөміріңді бердім. Ол бүгін қоңырау шалғанда жауап беруді ұмытпа. Жарайды, шаруамды істейін, сау бол жаным, сені жақсы көремін!

Мен қарсылық білдіргенше ол телефонды қойып үлгерді.

Біз жоба бойынша жұмысты жалғастырдық. Бір сағаттан кейін телефон шырылдады. Ең шаршаған дауысыммен жауап беруді жөн көрдім.

— Сәлеметсіз бе, — дедім жайлап. Хабарласып тұрған кісі түсінбей қалды.

— Бұл Лиза Бивер ме?

— Иә...

— Лиза, бүгін кездесуде күйеуіңіз «Ана арыстанның оянуы» деген кітабыңызды көрсетті. Ол арыстан — ең мықты жыртқыш, ал ұрғашы арыстан — ең мықты аңшы екенін айтты.

Әрине, Джон солай айтқан шығар деп ойладымыз. Оның білетіні осы, өйткені бұл фактты оған өзім айттым... Күйеуім кітапты әлі оқып үлгермеген, оны білемін! Сонда менің сұхбаттасым: «Ол шынымен де солай. Ана арыстандар — ең жақсы аңшылар» деді.

Әңгімеміз қайда бара жатқанын түсінбедім. Маған күйеуімнен естігенін айту үшін қоңырау шалғаны ма? Джонға оны мен айттым, себебі кітапты жазған өзім. Жауабы көп ұзамай анық болды.

— Лиза, Ауғанстандағы соғыста біз жеңе алмаймыз. Осыны білесіз бе?

Күбірлеп, бірдеңе дей салдым. Колорадо-Спрингсте тұрамыз, ис-сапарларымнан үйге қайтқанда, менімен бірге ұшақта көптеген ер адамдар әскери қызметтен қайтып бара жатады.

— Біз неге жеңе алмайтынымызды білгіңіз келе ме?

— Әрине, — дедім.

— Біз Ауғанстандағы әйелдермен сөйлесе алмаймыз. Әйелдермен қарым-қатынас болмаса, олардың мәдениетін өзгерту мүмкін емес. Мәдениет өзгере алмаса, соғыста жеңу мүмкін емес.

Барынша ден қойып тыңдадым.

— Әскери базада не істейтінімді түсіндірейін. Мен жедел әскери бөлімшелермен жұмыс істеймін. Аумақ өте қауіпті болған соң, жедел бөлімшелер ең маңызды рөлді атқарады. Бірақ қазір ол жерге әскери әйелдерді де жібереміз. Олар ауған әйелдерімен сөйлесіп, олардың да дауысы мен құндылығы бар екенін түсіндіреді. Олар әйелдерге демократияның ұл-қыздарына қандай пайда әкелетінін айтады. Әйелдер медициналық қызметке қол жеткізіп, балаларын азаттықта өсіре алатынын түсіндіреді. Осы әйелдер жасағының атын білесіз бе?

— Жоқ, — дедім.

— Оларды «Ана арыстан бөлімі» дейміз. Жақын арада олар әскери тапсырма орындауға шығады. Ондағы әрбір жауынгер қызымызға сіздің кітабыңызды сыйласам болады ма?

— Әрине!

Бұл ана арыстандар барша қолдауға лайық, өйткені олар әйелдермен сөйлесіп, оларға жаңа үміт сыйлап, балалары үшін соғыс пен аштықтан басқа көп жақсы нәрсе бар екенін көрсетеді. Бұл ана арыстандар әскери бұйрықты орындап қана қоймай, мәңгілік үшін маңызды нәрсе істеп жатқандарын білулері керек. Олар тек жынысына байланысты оқшауланған және жиі елеусіз қалған әпке-сіңлілеріне сауығу мен өмір әкелу миссиясын орындап жатыр. Ер жауынгерлерге ауған әйелдерімен сөйлесуге тыйым салынады, бірақ әйел жауынгерлер үшін ол бұйрық.

Әлгі әскери адаммен қоштасқанда, әйелдердің араласуынсыз көп нәрсені жеңуге болмайтынын тағы бір рет түсіндім.

Егер Америка Құрама Штаттарының армиясы әйелдердің қатысуынсыз шайқасса да, жеңе алмайтынын білсе, қауымда да әйелдерді ер адамдармен қатар дайындайтын уақыт келген жоқ па?

Гендерлік бәсеке ерлерге, әйелдерге де белгілі, бірақ көбінесе оның зиянын әйелдер көреді. Отыз жылдан астам уақыт бойы мен гендерлік бәсекеден жараланған әйелдерді жүрегімде сақтап келемін. Кітап жазып, бұл мәселені айтпай кетсем, дұрыс болмас. Көптеген салаларда айтарлықтай прогреске қол жеткіздік, бірақ мен апта сайын некеде, отбасыда, жұмыста немесе қауымда жәбір көріп жатқан әйелдер туралы естимін. Әлеуметтік желіде үнемі әйелдерге деген жеккөрінішке толы пікірлерді оқимын. Оның өзінде сексуалдық құлдық, әйелдерді жынысына бола өлтіру және порнография мәселелерін қозғаған жоқпыз.

Өкінішке орай, гендерге байланысты ағат пікірлілік әлі де бар. Ол Ізгі хабар қалай уағыздалатынынан да білініп тұр. Нәтижесінде ер адамдарға толық ақталу мен еркіндік беріліп жатқанда, әйелдерге құтқарылудың тек шектеулі мөлшері қалады.

Діни жетекшілердің қоқан-лоққылары

Гендерге негізделген ағат пікірлілік тақырыбын қауымның құрылған кезеңінен бастап ашқым келеді. Ол кезде қауымның негізі жаңа қаланып жатты. Иса қайта тірілгеннен кейін көп уақыт өткен жоқ. Құдайдың рухы ерлер мен әйелдерге төгілді. Ізгі хабар Исаның қайта тірілгені жарияланған кезде сөзбен де, іспен де тарады. Қырық жыл бойы ақсақ болған адам сауығып кеткенде, ғибадатхана басшылары шуды басуға тырысып, Петір мен Жоханды тұтқынға алды.

«Әлгілерді шақырып алып, оларға:

— *Исаның атымен ешқандай уағыз айтпаңдар да, тәлім бермеңдер де!* — деп тыйым салды» (Елшілердің істері 4:18).

Елшілерді сол кездегі діни жетекшілер шақырып алып, Петір мен Жоханға қатаң ескертті. Бұл адамның сауығуы Исаның атынан жасалған керемет еді. Осы керемет қайта тірілген Құтқарушы Мәсіх туралы уағыздауға кең жол ашты. Яһуди жетекшілері лажсыз

жағдайға түсті, өйткені ақсақтың айығын жоққа шығару мүмкін емес. Олар өзара пікір алысты:

«Мына кісілерге не істесек екен? Олар арқылы бір кереметтің жасалғаны анық, бұл Иерусалимде тұрып жатқандардың бәріне белгілі, онымен таласа алмаймыз. Дегенмен бұл іс халыққа одан бетер тарап кетпес үшін, бұдан былай сол Есімді атап ешкімге сөйлемендер, олай етпеген күнде *жазаға тартамыз деп қатаң тыйым салайық*» (Елшілердің істері 4:16, 17).

Бұл екі шәкіртті қорқытудан нәтиже шықпағаны белгілі. Діни қызметкерлер керісінше елшілердің жігерін арттырды.

«Бірақ Петір мен Жохан оларға:

— Құдайды емес, сіздерді тыңдау Оның алдында жөн болар ма екен? Мұны өздеріңіз ойлап көріңіздерші! Ал біз көріп-естігендеріміз туралы үнсіз қала алмаймыз, — деп жауап берді (Елшілердің істері 4:19, 20).

Петір мен Жохан «діни жетекшілер бір-бірімен қалағандарынша дауласа берсін, бізді ол тоқтатпайды» деп шешті. Діни қызметкерлерді көндіруге тырысу – уақытты бекер жұмсау екенін олар түсінді. Елшілердің өздері білетін шындықты уағыздап үйретуден басқа амалдары қалмады. Үнсіздік мойынсұнбауға тең болатын жағдайлар бар екенін олар білді.

Бұл қорқытулар әлі күнге дейін естіледі. Бүгін олар басқалардың аузынан шығып жатыр. Бұрынғы діни жетекшілер Ғалилеядағы оқымаған балықшыларға уағыздауға тыйым салды. Бүгін жағдай өзгеше. Қазіргі қауіп-қатер әлемнің тас-талқанын шығарғысы келетін мәдени шабуылда көрінеді. Қоққан-лоққы басқаша естілгенімен, мақсаты өзгеріссіз қалды. Құдай туралы айта беріңіз, қалағаныңызша діншіл болыңыз, зайырлы әлем оған тыйым салмайды. Бірақ Исаның атын айтқанда қарсылық басталады.

Сондықтан дүние жүзі Исаның атымен тәлім беруге және

уағыздауға тыйым салғанда, қауым өз мүшелеріне кедергі болып, олардың дауысын өшіргенде таң қалмауымыз керек... Бұл баяғыдан бері келе жатқан шайқас.

Екі мың жылдан астам уақыт бойы діни жетекшілер қауымдағы мыңдаған Құдайдың қыздарын өз жерлерінде уағыз айтуына және тәлім беруіне шектеу қойып, кейде тыйым салды. Елшілердің істері кітабында не жазылғанын тағы бір оқып көрейік (4:18):

«Әлгілерді шақырып алып, оларға:

— Исаның атымен ешқандай уағыз айтпаңдар да, тәлім бермеңдер де! — деп тыйым салды».

Осы аятқа ой жүгірткенімде, Киелі Рухтың сыбырлағанын естідім: «Құдайдың көптеген қыздарына қызмет ету үшін рухани дарын бердім. Оларға берген ерекше тапсырмам бар. Бірақ, қауымда оны іске асыруға кедергі қойылып жатыр».

Діни жетекшілердің: «Әйелдер тек әйелдерге ғана тәлім бере алады, ер адамдарға ұстаз бола алмайды» дегенін естіген боларсыз. Немесе: «Әйелдер қауымда ойын бөліссін, бірақ сахнада тұрып уағыздамасын». Немесе: «Әйелдер көшбасшы бола алады, бірақ қауымда емес». Бұл жасырын қауіп-қатер ақылға қонымды болып көрінеді, бірақ нәтиже бірдей: Ізгі хабар еркін шыға алмай қалады. Сенімінде батыл әйелдерге қияңқы деп таңба басылады. Құдайына нық сенетін әйелдерді қателесіп жүрген, тым өршіл дейді. Бірақ соған қарамастан, Петір мен Жохан қойған сұраққа қайтып келейік. Құдайды емес, адамдарды тыңдау Оның алдында дұрыс бола ма? Құдай Өзінің ұлдары мен қыздарына не істеуді бұйырды? Жауапты Исаның қайта тірілгенге дейінгі сөзінен табамыз:

«Иса оларға тағы былай деді: «Бүкіл жер бетіндегі күллі адамдарға барып, Ізгі хабарды жариялаңдар! Кім сеніп, шомылдыру рәсімінен өтсе, сол құтқарылады. Ал кім сенбесе, сотталады. Сенушілер Құдайдың құдіретін көрсететін мынадай кереметтерді істемек: олар Менің атыммен жындарды қуып

шығарып, жаңа тілдерде сөйлейді. Егер де қолдарымен улы жылан ұстап не у ішіп қойса, содан ешқандай зақым көрмейді. Ауру адамдардың үстіне қолдарын қойса, олар сауығып кетеді». Сонымен Иеміз Иса олармен сөйлесіп болған соң көкке көтеріліп, Құдайдың оң жағына жайғасты» (Марқа 16:15-19).

Бұл әмір *барлық* сенушілерге берілген. Иса күллі адамдарға Ізгі хабар жариялауға рұқсат берді. Ол үшін арнайы ұйымдар мен ғимараттар керек емес. Бұл ер адамдарға да, әйелдерге де бірдей берілген тапсырма. Мәсіхте барлығы Құдай туралы Ізгі хабар уағыздауға шақырылған және еркін. Құдайдың еркіндігі мен шындығын білгендіктен, адамдардың қоқан-лоққыларының бізге әсер етуіне жол бермеуіміз керек.

Патшаға мойынсұну

Құдай – бәрінен жоғары және қасиетті Патшамыз. Ол бізге ерекше тапсырма берді. Оны орындауға күш те берді. Тәңір Иеміз бізге Өз халқына Оның атынан сөйлеуімізді бұйырды. Олай болса, Патшаның атынан жетекшілік ететіндер бізді қалай тоқтатсын? Әрқайсымыз Киелі Кітап хабарының тірі жаршысы болуымыз керек:

«Құдай Иенді терең қастерлеп, жалғыз Оған ғана қызмет ет!»
(Матай 4:10).

Патшаның қол астындағыларына бағынып, Патшаның Өзіне бағынбасақ, Патшамен тікелей қақтығысқа түсеміз. Мұны қалай шешуге болатынын Естердің әңгімесінен көрейк. Естеріңізде болса, парсы патшасы Естерді сарайға шақырмады және заң бойынша шақырусыз келген әркім өлім жазасына кесіледі. Бірақ Естер патшайым бұл жағдайда сарайдың заңына бағыну Құдайдың айтқанына қарсы болумен тең екенін түсінді. Естер үшін адамдарға ұнамай қалудан гөрі Құдайды терең қастерлеу маңызды еді. Сондықтан ол патшаның алдына келді. Естердің патшаға тіл қату үшін нақты стратегиясы болды. Мәселе көптеген

адамның өміріне келгенде, Естер үнсіз қала алмады. Бүгін әлем басқаша ма? Құдайдың көптеген қыздары қазір стратегиялық жерлерде, жағдайдың ішінде жасырынып жүр. Кейбіреулері тіпті басқа әйелдермен қосылып ораза ұстайды, дұға етеді, ара түсіп басқаларды қолдау үшін қолайлы сәтті күтеді.

Күйеуіңізге немесе қауым басшыларына қарсы шығыңыз демеймін. Үніңізді өшірсе де тоқтамайтын нағыз жау бар екенін түсінсеңіз болғаны. Ол сіздің және балаларыңыздың өмірін қиратқысы келеді.

Шындықты түсінетін сәт келді. Күйеуіңіз Ізгі хабарды уағыздауға тыйым салса, оған бағынасыз ба?

Аға бағушы ретінде мінберде тұрып, көпшілік алдында уағыз айтуды айтып отырған жоқпын. Сіз шынымен еркінсіз бе және куә бола аласыз ба? Осыны сұрап отырмын. Қауымдағы басқа әйелдің мұқтаждықтарынан теріс қарамауға, ол үшін дұға етуге немесе тәлімгерлік етуге дайынсыз ба?

Жақында Джон екеуміз осы тақырыпты қозғадық. Ол менен «Неге көптеген әйелдер Исаның елшісі болмау үшін сылтау іздеп жүргендей?» деп сұрады. «Көбісі басқалардың жағымсыз реакциясынан қорқатын шығар» деп пікірімді айттым. Сол аптада ұшақпен басқа қалаға кеткенімде, қасымда бір адам отырды. Ол біреудің мені артымнан жамандағанын айтты. «Ондайды бетіме де айтады!» дедім.

Қазір қаймығып, қолды қусырып отыратын кез емес. Құдайдың құдіретін алып жүрушілерге, ерлер мен әйелдерге қарсы соғыс жүріп жатыр. Осындай кезде бір-бірімізбен неге күресудеміз? Менің ойымша, көптеген әйелдер осыған шыншыл жауап беру үшін батылдық танытуы керек. Оларға мойынсұну дегеніміз үндемеу деп үйретсе керек. Құдай олардың аттарын өзгерткенін білмесе керек. Құдай сізді не істеуге шақырып жатыр? Мүмкін жаныңызда кеңесіңізді қажет ететін жас ана бар шығар? Үйіңізде дұға тобын немесе Киелі Кітапты зерттеу тобын бастау керек шығар? Құдайдың айтқанына қайшы келмесе, бағыну әйелдің күйеуіне құрмет әкеледі.

Басқа әйелдер өз күшінен қорқады, өйткені оны басқаруды оларға ешкім үйретпеген. Дұрыс әрекет етпеген әйелдерді бәріміз көрдік, өзіміз де солай істедік. (Кейде өзім де қателесетінімді білемін.) Бұл біреуге қиындық тудырғым келгендіктен емес, өз дауысымды басқаларға қалай естіртенімді білмегеннен солай істедім. Осылай кейбір мәселелермен бетпе-бет келуіміз керек, өйткені жақында ғана әлемде әйелдер аз болды.

Бізге керегі, әйелдердің үнін өшіру емес, әйелдерге тәлім беру. Өсуге мүмкіндігім болмаса, өспеймін. Өспесем, басқаларға орын бермеймін.

Бізге ашулы әйел деп таңба баса берсін бе? Әлде Көктегі Әкесінің сөзін айтатын әйел болу үшін ақылды боламыз ба? Жауаптың бір бөлігін білетіндер үнсіз қала берсін бе? Құдай сақтасын! Қыздарымызға Құдайға ұнамды өмір мен мойынсұнуды белсенді үйретуіміз керек. Петірдің 1-хатының 3-тарауында әйел мейірімді және сабырлы болуы керек деген сөз ше? Онымен толықтай келісемін! Осыған ұқсас қасиеттер Иса мен Мұсаның өмірінен өте нақты көрінген.

«Мұса жер бетіндегі барлық адамдардың ең кішіпейілі болатын» (Ру. сан. 12:3).

«Қамытымды бірге киісіп, үйреніңдер Өзімнен,
Өйткені жуас, кішіпейілмін шын жүректен,
Тыныштық табады сонда көңілдерің» (Матай 11:29).

Иса мен Мұса кішіпейілділіктің үлгісі болды.

Біздің «Әйелге мынау рұқсат па? Ер адамға мынау рұқсат па?» секілді кейбір сұрақтарымыз мүлдем ақымақ. Мен Джоннан «Құрбыларым болса бола ма?» деп сұрамаймын, ол «Гольф ойнасам бола ма?» деп сұрамайды. Тыңдауға дайын адамға Ізгі хабар айту үшін немесе қауымда жастар жиналысында уағыз айту үшін Джоннан рұқсат сұрамаймын. Біз күнді қалай өткізу керектігін емес, өзімізге де, отбасымызға да қатысты мәселелерді

талқылаймыз. Әрбір ұсақ-түйек туралы сұрасақ, бір-біріміздің мазасын алып бітетін едік. Ол маған сенеді, мен оған сенемін! Мен баласы емеспін, әйелімін.

Біз адамдарды қорқыныш билеген заманда өмір сүріп жатырмыз. Оларға сіз жүрегіңізде алып жүрген салтанаттың үміті керек.

Исаның тапсырмасын орындамағанымыз үшін тек өзімізді ғана кінәлауға болады. Иә, біреу бізді азғындырып, теріс жолға түсіруі мүмкін (Мат. 18:6; Марқа 9:42; Лұқа 17:2-ні қараңыз), бірақ Патшамызға мойынсұну — өз таңдауымыз. Бауырластарымыз Петір мен Жохан сияқты, біз де, Мәсіхтің жасаған кереметін естен шығармай жүруіміз керек. Исаны білетін адам Ол туралы үнсіз қала алмайды.

Ауызша шабуылдар

Қазіргі әлемде осы жолды таңдаған әйелдер Петір мен Жохан сияқты қудаланбауы мүмкін, бірақ басқалардың олардан аулақ болып, орталарынан аластатқысы келетіні сөзсіз. Бұл дегеніміз, сізді адамдар түсінбеуі мүмкін. Атыңызға кір келтіруі мүмкін.

Осыған қатысты Джон екеуіміздің пікіріміз әртүрлі. Ол өзі көрген қауымдардың көпшілігінде әйелдерге сахнадан уағыз айтуға ешкім тыйым салмайды деді. Дәлел ретінде үш әйел қызметкерді атады, олар АҚШ-та да, шетелде де танымал. Олар жетекшілік етеді, тәлім береді және уағыздайды. Джонға мұның теориялық тұрғыдан дұрыс екенін, бірақ іс жүзінде басқаша екенін айттым. Әйелдер жылына бір рет Аналар күніне ғана емес, үнемі уағыздауға болатын қауымдарды атауын сұрағанымда, ол оннан азын ғана атай алды.

Әңгімені жалғастырдық. «Қауымда жетекші немесе ұстаз әйелдерді қабылдай алмайтын қызметкерлер көп. Әйел ретінде сен олардың ойын өзгерте алмайсың» деді Джон. Оның орнына әйелдерге олардың уағыздау мүмкіндігі бар екенін айтуымды ұсынды. Басшылар үшін менің барлық дәлелдерім бос сөз болады.

Мен келістім. Мақсатым басшылармен сөйлесу емес. Өз күшіне сенбейтін, өзінің қауымдағы орны төмен деп санайтын әпкелерім мен сіңлілеріме көңілім толқып жазып отырмын. Әйелдерге қауымда тәлімгер болуға, дауыстарын шығаруға болатынын білмесе, оларға уағыз айтуды үйрету керек емес. Жазылған заң оларға зиянын тигізіп үлгерді. Құдайдың бірде-бір ақниет қызы Әкесінің еркін бұзғысы немесе Оған қарсы шыққысы келмейді. Жетекшілер тыйым салатын нәрсені жасауды олар әдейі барып үйренбейді. Қауымда беделі бар, Құдайдың билігін бейнелейтін адам өмір бойы әйел ретінде сіз ер адамнан төмен тұрғаныңызды айтса, сенесіз ғой. Егер бұрын көп қиындықтарды бастан өткерсеңіз, бұл өтірікті қабылдау әсіресе оңай.

Бұл өз басымнан өткендіктен білемін.

Өзіңізге деген сенім болмаса, өз қабілетіңіз мен құндылығыңызға күмәндана бересіз. Басқаларға пайда әкелуге деген хақыңызды қолданбайсыз. Құлағыңыздағы тығындыны, көздеріңіздегі таңғышты алып, нәзік жүректеріңізден заңшылдықтың бізгегін шығарғым келеді. Сонда басқалардың сауығуына көмектесе аласыз, Киелі Рухты тыңдай аласыз. Бәлкім, Киелі Рух сізді заң, медицина, бизнес, үкімет салаларында немесе ана ретінде Ізгі хабардың елшісі болуға шақырады. Қандай жұмыс болса да, Иеміз үшін істеп жүргендей жан-тәнімізбен атқарайық! Осы арқылы сенімге қатысы жоқ нәрселердің өзі киелі болады. Әлдекім Құдай өзіне тәлім беруді, уағыз айтуды, жетекшілік етуді тапсырғанын сезсе, Киелі Рух оған тікелей сөйлей алмайды деуге болмайды.

Жыныстың басқару қабілетіне еш қатысы жоқ. Маргарет Тэтчер әйел болғандықтан Ұлыбританияның ең мықты премьер-министрлерінің бірі болды ма? Жоқ, әрине. Мәселе жыныста емес. Алдымызда тұрған мәселе — тәкаппарлығымызды қолға алып, басқаларға үкім шығаратын әдетімізді қою. Мұның бәрі жақсы басшыны да соқыр етуі мүмкін. Кішіпейілділік, тәжірибе, адалдық, білім мен ақ пейіл басшыға қажет қасиеттердің кейбірі ғана, бірақ жетекшінің ер немесе әйел адам болуы шарт емес. Мәсіхсіз

бәріміздің кемшіліктеріміз жетіп жатыр. Бұл туралы Жазбада былай айтылған:

«Біз Мәсіх арқылы сендер жайында Құдайға нық сенгендіктен осылай дейміз. Бұл қызметке өзіміз қабілеттіміз деп ойлайтындай еш негізіміз жоқ. Біздегі бар қабілеттілік өзімізден емес, Құдайдан. Ол бізді жазылған заңдарға емес, Киелі Рухына негізделген Жаңа Келісімге сай қызмет етуге қабілетті қылды. Жазылған заңдар рухани өлім әкеледі, ал Киелі Рух шынайы өмір сыйлайды» (Қор. 2-хат 3:4-6).

Бір атақты бағушы Пауылдың 1-хаты, 2-тарауындағы Тімотеге айтқан сөзін былай түсіндірді: «Пауыл қауымдағы басшылыққа келгенде, әйелдер бұл рөлге сай емес деген, өйткені ер адамдарға қарағанда олар ақкөңіл және оңай алданып қалуы мүмкін».

Біраздан кейін Тімотеге арналған хатқа да жетеміз. Алдымен, осы дәйексөзді оқығаннан кейін қандай сезімде болғаныңызды анықтап алайық. Ойыңызға ұят, кінә, ережелерді бұзу келді ме? Әлде осыны естіп қайта жеңілдеп қалдыңыз ба?

Әрине, бұл сөздің қауымға қаншалықты қатты әсер еткенін жете түсінбейміз. Мен дәйексөздің кішкене бөлігін ғана келтірдім, бірақ оның астарында әйелдерге қарсы кең таралған пікірді көрсететін сана жатыр. Әрі қарай ол бағушы былай дейді: «Көптеген ашулы әйелдер Пауылдың жазғанымен келіспейді, оның сөзіне сене алмайды және оның тәліміне ере алмайды. Одан түйетінім — олар аналары Хауаға ұқсайды. Хауаның ниеті жақсы болса да, білімі жетпеді».

Келіспеушілікті білдіру үшін ашулануымыз керек пе? Күйеуіммен келіспесем де, оған ренжіп, ашулануым керек емес. Әріптестерімізбен келіспеуіміз мүмкін, бірақ оларға ренжімейміз ғой. Достармен де солай.

Әлгі бағушының сөзінен мынадай қорытынды шығады: әйелдер келіспесе, бұл біздің ашушаң және бейхабар болғанымызды көрсетеді. Біз Құдайға мойынсұнуға тырысатын, өзімізді басқаруға тырысатын, құдайшыл, ойлы, ізденгіш әйелдер бола аламыз деген

болжам да жоқ. Пауыл сол кездегі мәдениетке тән, бірақ біздің мәдениетімізде жоқ кейбір нәрселер туралы айтқан болуы мүмкін деген ойға да жол берілмейді.

Бұл түсініктеме сонымен қатар даралығымыз туралы да қате түсінік қалыптастырады. Біздің анамыз енді Хауа емес. Қайтадан туылғанда, біз бұрынғы күнәкар ата-анамыз Адам ата мен Хауа ананың балалары болуды доғардық. Енді Құдайдың перзенттеріміз.

Бұл кісінің сөзінен үнімізді өшіріп, ұятқа қалдырғысы келетінін естимін. Оның сөзінде әйел затын кемсітетін, оны жек көретін ой бар, ал Киелі Рухтың дауысы мүлде жоқ. Иса тәлім беріп, нұсқау бергенде, оны сүйіспеншілікпен және қабылдаумен жасайды. Ол қауымды Өзінің қалыңдығына ұқсатады. Бұл автордың сөзі жыланның әйелді жек көруін еске түсіреді.

Пауыл Тимотеге бірінші хатын жазғанда сол кездегі грек мәдениетінің ерекшеліктерін ескеріп жазған. Шәкірті қауым құрғанда қандай қиындыққа тап болатынын біліп, кеңес бергісі келді. Оларға қатысты нәрсенің бүгінгі сіз бен бізге, мүлде басқа мәдениет пен басқа қауым жиналыстарына қатысы бар ма? Мүмкін өзіңізге әлі толық сене алмайтын шығарсыз. Бәлкім, Құдайды қастерлеп, қауым жетекшілерінің сөзіне ешқашан күмән келтірмейтін шығарсыз. Сондықтан тағдырыңызға мойынсұнған боларсыз.

Әрі қарай жылжиық. Біреудің қызыңызға осы сөзді айтуына рұқсат бересіз бе? Біреу қызыңызға «Сен түкке жарамайсың, әр нәрсеге оңай сеніп қаласың, түк білмейсің» десе, жайбарақат отыра бересіз бе? Киелі Рухтан келген түзету, өмір сыйлайтын әшкерелеу осындай бола ма? Ер адам болсын, әйел адам болсын, оларға бұл сөз пайдасын тигізе ме әлде зиянды бола ма? Көктегі Әкеңіз өміріңіздің қандай да бір саласына қарап, ондағы кемістіктерді байқап отырғанын ойлап па едіңіз?

Түсінемін, өзіңізге осындай сөздер айтқан шығарсыз. Ұзақ уақыт бойы мәсіхші болсаңыз, қауымдағы басқа әйелдер туралы ұстаз немесе жетекші осыған ұқсас нәрсені айтқан болуы мүмкін. Жақында көп жылдар бойы қызмет еткен бір әйел біздің кеңсеге

қоңырау шалып, бағушысының сөгісіне байланысты өзінің қауымдағы қызметі Киелі Жазбаға қайшы ма деп күмәндана бастағанын айтты.

Сізге сөз беремін, қызым, әпкем және құрбым: Иеміз Иса ешқашан сіз туралы мұндай қорлайтын сөздер айтқан емес. Ол маған «Сен уағыздап Менің абыройымды түсірдің» деп ешқашан айтқан емес. Әрине, әр қауым жиналысынан кейін өз-өзіме баға беремін. Одан да жақсы қызметкер болуды үнемі ойлаймын. Маған сеніңіз, өмірімнің барлық саласында Киелі Рух мені түзетеді. Бірақ Құдай мені тағайындаған қызметке және Оның маған деген көзқарасына келгенде, әрқашан Иемнің жігер беретін дауысын естимін.

Оның біз туралы айтқанын тыңдаңыз: біз тамаша жаралғанбыз, Құдайдың ісіне жараймыз әрі қабілеттіміз. Ол сізге жаңа жүрек беріп, бойыңызға жаңа рух дарытты, бұл сізді дана етеді және нығайтады. Ол сізді Киелі Рухқа толтырып, сізге Өзінің Сөзін сеніп тапсырды. Енді сіз алданып жүрген біреу емессіз. Ол көкірек көзіңізді оятып, рухани нұрға кенелтті (Заб. 44:11; Езек. 36:26; 2 Қор. 3:6; Ефес. 1:18).

Оның қалыңдығы, қауым, ерлер мен әйелдерден тұрады. Өз Сөзімен ол бізді кірден тазартты және киелі қанымен ер мен әйелді бірдей құтқарды. Үйімде әйелдерге арналған Киелі Кітап зерттеу кездесулерін өткіземін. Онда Пауылдың Тимотеге жазған бірінші хатының екінші тарауын да талдайтынбыз. Сол тарауға жазылған кейбір түсіндірмелерді оқығанда, төбе шашым тік тұратын. Келген әйелдердің жүздерінен де таңданыс, үрей мен қорқынышты көрдім. «Елші солай десе, дұрыс шығар» деген ой келе бастайды. Мүмкін өздері де бұрын оңай сенгіш және түкке жарамайтын болған шығар. Басқалары бұл сөзді басқаша түсінуге болады деп ойламайды да.

Қыздарыңыз туралы сұрағанымда, ішіңізде қандай да бір сезім пайда болды ма? Ішіңізде күшті аңалық сезім көтерілді деп үміттенемін. Ал сіз ше? Сіз нені қалайсыз? Шектеуді ме немесе Мәсіх сіз үшін сатып алған еркіндікті ме? Қызыңыз үшін

шектеулерге жол бермесеңіз, өзіңізді де солай қорғауыңыз керек. Ефестіктерге 2:10-да былай делінген: «Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды да».

Сіз ешқашан лайықсыз, сенгіш және оңай алданатын болмайсыз деп үміттенемін және дұға етемін. Білім жетпесе, мұны өзін-өзі тәрбиелеу және оқу арқылы түзете аламыз. Мұны өзіме сынақ деп қабылдадым және барлық деректерді өзімнен ақылды адамдардан жинауды шештім. Алдымен, Пауылдың сөздерін қайтадан оқып көрейік.

«Әйелдер тыңдау керек кезде сөйлеспесін. Қызмет барысында кедергі болмай, сұрақтарды үйде күйеулеріне қойсын. Құдайдың Заң кітабы дұрыс әрекеттер мен әдет-ғұрыптарды көрсетеді. Әйелдерге ғибадат кезінде орынсыз әңгімелесуге жол берілмейді» (1 Қор. 14:34, 35, «The Message»).

«Әйелдер ерлерге үстемдік етіп, оларға не істеу керектігін айтпасын. Әйелдер басқалар сияқты үндемеуді және мойынсұнуды үйрену керек. Алдымен Адам, сосын Хауа: алдымен әйел алданып, күнәні бастады! Адам оның соңынан ерді. Екінші жағынан, аналық міндетін атқару Хауаға құтқару әкелді. Бірақ құтқарылу тек сенім, сүйіспеншілік, қасиеттілік пен ұстамдылықты ұстанудан келеді. Оған сенуге болады» (Тім. 1-х. 2:11–15, «The Message»).

Бұрын пұтқа табынған гректер енді мәсіхшілік дінін білу үшін жиналды. Әйелдер Диана ғибадатханасында діни қызметкер болған кезде, мүлдем басқа рөл атқарды. Пауыл Тимотеге хат жазып, қауымдағы әдет-ғұрып туралы айтқанда, заңды айтпайды. Исаның сөзін келтірмейді. Пауыл Тимотеге грек мәдениетінде жаңа сенушілермен қалай жұмыс істеу керектігін түсіндіріп отыр. Ол мәдениетте ерлер емес, әйелдер дін мәселесінде билікке ие болды.

Киелі Кітаптың арамей тілінен аударылған «The Passion» нұсқасы бар. Пауылдың сөзін содан оқып көрейік.

«Қауымға жаңадан келген әйелдер бағушыларға мойынсұнуды үйренсін және кезекпен сөйлесін. Жақында ғана дінге бет бұрған әйелдер ерлердің үстінен билік жүргізіп, қауымда тәлімгер болғанын құптамаймын. Үстем болудың орнына күйеулерімен бейбіт өмір сүруге тырыссын. Өйткені алдымен Құдай Адам атаны, сосын Хауа ананы жаратты. Хауа ананы адастырған Адам емес, Адам атаны адастырып, Құдайдың әмірін бұзған Хауа ана болды. Соған қарамастан, әйел абыройлы өмір сүріп, бала туып, оны сенім мен сүйіспеншілікте адал перзент етіп өсірсін».

Осы сөзді қазіргі тілмен айтқым келді. Ол үшін әйел адам қауымда уағыз айта алады ма деген сұраққа зерттеу жүргізген жетекшіге жүгіндім. Ол кісі — Уитон Колледжінің профессоры және Уиллоу Крик қауымының ақсақалы, доктор Гилберт Билезикян, теолог және бағушы. Бұл кісі қызметтегі әйелдер мәселесін зерттеуге бір жарым жыл жұмсады. Алғаш рет өзінің зерттеуін «Гендер рөлдерінен тыс» («Beyond Sex Roles») кітабында жариялады.


«Қорытындылай келе, күнәға дейін ер мен әйел Құдайдың бейнесін көрсеткен және Құдай жаратқан әлемге бірге қамқор болуға шақырылған билеушілер болған дей аламыз. Ер мен әйел өз қызметтерін Құдайдың даңқы үшін орындауға жауапты болды және бұл қызметті Құдайдың оларға берген мүмкіндіктері және өздерінің сенімдері рұқсат еткендей орындады. Өкінішке орай, күнәға бола бұл бірлік мәңгілікке созылмады. Алайда, Құдай Өзінің керемет рақымымен күнәға құрбан болған барлық нәрсені алғашқы кіршіксіз қалпына келтіре алады. Оның ішіне ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас та кіреді. Көптеген адал және білімді мәсіхшілер біздің ойымызбен келіспейді. Осы және басқа

мәселелерде Құдайдың кемел даналығынан қаншалықты ауытқығанымызды білетін күн келеді. Сол сәтке дейін мен кішіпейіл бірақ нық түрде осы ұстанымнан айнымаймын. Меніңше, Киелі Кітап әйелдердің барлық рухани дарынға ашық болуын талап етеді. Осы сөзді әйелдерге жеткізіп, шабыт беру үшін тәуекелге баруға дайынмын».

Егер әйел Құдайдың оны уағыздауға, тәлім беруге немесе жетекшілік етуге шақырғанын сезсе және Киелі Жазбада аталған барлық талаптарды орындап, лайықты өмір сүрсе, оған мүмкіндік беруге міндеттіміз. Ондай әйел білім алсын, уағыздасын, тәлім берсін, жетекші болсын. Құдай тапсырғанның бәрін орындауға мүмкіндігі болсын. Доктор Билезикянмен бірге мен кішіпейіл, бірақ нық түрде өз ұстанымымнан айнымаймын.

Хауа анаға раввиндік тұрғыдан көзқарас

Жақында мен тамаша мессиандық раввин Брайан Билечимен ұзақ сөйлестім. Құдайдың көптеген қыздары өздерінің кім екенін білмейтінін, осыған қатты алаңдайтынымды айттым. Құдайдың қыздарының даралығы мен қадір-қасиеті осы дүниелік рухтардың зұлым шабуылына ұшырайтыны барған сайын анық бола бастады. Көптеген қауымдар Құдайдың әйелдерге берген дарындарын қалай дамыту керектігін білмейді.



**Ер адам мен
әйел адамның
кейпі, мінезі мен
әрекеті әр түрлі
болса да, олар
бір мақсат үшін
жаралған.**

Еврей ғалымынан Құдайдың Өз қыздары туралы не ойлайтынын естігім келді. Одан Хауа ана мен Сарадан бастап, Мәсіхтің қалыңдығы, қауымға дейін барлық негізгі есімдерді атап өтуін сұрадым. Раввин маған көп нәрсені айтты. Мұнда оның негізгі ойларын қысқаша жеткізгім келеді. Осыны оқып өзіңіздің қайталанбас керемет жаратылыс екеніңізді түсінесіз деген үміттемін.

Құдай Адам атаны Хауа анадан артық жақсы көрмеді. Әу бастан-ақ Хауа әрқашан Адамның ішінде болды. Адам оған ат беріп, тіпті Хауаға мұқтаж болғанымен, Хауа әрқашан Құдайдың ойында болды. Құдай оған ерекше әйелдік көзқарас пен көрініс берді. Әйел әрқашан ер адамның ішінде болды, сондықтан ер адамға жалғыз болғаннан гөрі әйелмен бірге болу оңайырақ (Жар. 2:18 қараңыз). Хауа ананың пайда болуы Адамның күйін «жақсы еместен» «өте жақсыға» өзгертті.

Біз Киелі Кітаптан Құдайдың Адам атаны терең ұйқыға батырғанын, содан кейін қабырғасын алып, Хауаны жаратқанын білеміз (Жар. 2:21 қараңыз). Ер мен әйел ерекше түрде бөлінді, бірақ бұл олардың екі жарым-жарты жарытылыс болып қалғанын білдірмейді. Бұл екі тұтас тұлға. Ер адам мен әйел адамның кейпі, мінезі мен әрекеті әр түрлі болса да, олар бір мақсат үшін жаралған. Айта кетейін, күнәға дейін гендерлік рөлдерге бөліну болмаған. Сондықтан екеуі мақсаттары мен жүректерінде бір болып, физикалық жағынан да қосыла алады.

Бір қайғылы күні Хауа ана алданып, Адам ата Құдайға қарсы шықты. Хауа ананың таңдауынан қазір табиғаты бойынша барлық әйелдер алданып қалуға бейім деу қате. Бұл шындық болса, Адам атаның сатқындығынан барлық ерлер бүлік шығаруға бейім. Адам атаның күнәсі Хауа ананыкі сияқты ауыр емес деген пікірді жиі естимін. Мұны кейбіреулер «еркінсіз қылмыс» деп те атайды. Раввин Брайан Билечи онымен келіспейді. Ол Киелі Жазбадан бір үзінді келтірді:

«Бір кісінің Құдайға мойынсұнбауы көптеген адамдарды күнәкар етті. Дәл солай, басқа бір Кісінің Құдайға мойынсұнуы арқылы көптеген адамдар ақталады» (Рим. 5:19).

Адам атаның күнәсі еріксіз қылмыс емес. Ең жақсы жағдайда оны «қасақана бағынбау» деуге болады, бірақ кейбір ғалымдар оны сатқындық пен бүлік деп атайды.

Осында туатын тағы бір ой – Адам ата мен Хауа ана қандай да

бір жеке басын ұрлау әрекетін жасамақ болды ма? Олар Құдай болғысы келді ғой!

Біздің үйде балалар ата-анасының тыйымдарын әдейі елемей, оның орнына достарын тыңдаса, оны еріксіз әрекет демейміз. Мұны тікелей тіл алмаушылық деп атаймыз. Әскердегі жауынгер бұйрыққа бағынбаса, ол еріксіз әрекет жасады деп ешкім айтпайды, бұйрықты орындаудан бас тартты деп айтады.

Құдай Адам атаның күнәсі туралы не айтқанын көрейік.

«Әйеліңнің тілін алып, Мен тыйым салған ағаштың жемісінен жеген сенің кесіріңнен жердің топырағын қарғыс атты!» (Жар. 3:17).

Адам атаның күнәсін қорғаштап, оны жұмсартып көрсету қауымда белгілі бір жағдайларға байланысты пайда болды. (Бәріміз Мәсіхпен тығыз байланыста азат етілген болсақ, Адам атаның таңдауы мен іс-әрекетін неге біреулер қорғағысы келетінін түсінбеймін.)

Бұл қорғаушылар ер адамдарды көтерілуге және жақсы көшбасшы болуға шақырады, мен мұнымен толықтай келісіп, «Иә, Әумин!» деймін. Әлем ер адамдар үшін жақсы үлгі болатын адамдарға өте мұқтаж. Тек бұл шақыру қалай жасалатынымен келіспеймін. Неге екені белгісіз, осы үндеуді тастайтындар ерлер қауымда басшылық рөлін атқару үшін, әйелдердің үнін өшіргілері келеді. Едем бағындағы күнәні олар негіз қылып алады.

Бұл дәлелден мен көптеген кемшіліктерді табамын. Өйткені, Адам ата тік тұрып, шындықты айтса, көп зиянның алдын алар еді. Ол өзінің көрегендігі мен Құдайдың сөздеріне мұқият екенін Хау анамен емес, алдамшы жыланмен сөйлесуінде көрсетуі керек еді. Адамға дауысын көтеріп, жыланның үнін өшіруі керек еді. Өйткені, біз адам баласына қарсы күресіп жатқан жоқпыз ғой. Тура сол сияқты, қазір Құдай Өзінің бейнесінде жаратқан және өте жақсы деп атаған әйелдерді сөгудің орнына, жыланның үнін өшіру үшін ерлер дауыстарын көтеру керек.

Біреуді болашақ қателіктерден қорғаудың ең жақсы жолы — тыйым салу емес, ашық түсіндіріп, нұсқау беру. Өткенде Хауа ана үлкен қателік жасағаны үшін болашақта қыздары үнсіз отырмауы керек. Тура солай Адам атаның күнәсіне бола ұлдары оған байланып отырмау керек! Жиырма ғасырдан астам ерлер мен әйелдер қауымда қатар тұруды үйренді. Ең басынан бақты бірге өсіріп, оны бірге басқару үшін жаралдық емес пе? Мәсіхпен тығыз байланыста болып, кім екенімізді түсініп, иық тірестіре бірге көшбасшы болудың уақыты келді. Ер адам ер сияқты, ал әйел адам әйел сияқты жетекшілік ету керек.

Енді шайтанға қалай дұрыс жауап беру керектігін көрсеткен Исаның мысалын оқиық:

«Кет қасымнан, шайтан! «Құдай Иенді терең қастерлеп, жалғыз Оған ғана қызмет ет!» деп (Тауратта) жазылған ғой!»
(Матай 4:10).

Кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екенін айтып дау шығарудың орнына, Құдайдың сөзін қайталайық. Сенім бойынша өмір сүрудің тірі дәлелі болайық. Құдайға құлшыныспен қызмет етейік. Иса — басты үлгіміз. Ол қалай жүрсе, біз де солай жүрейік. Біз оған басқалардан көп, соның ішінде Пауыл елшіден де көбірек ұқсауға тырысуымыз керек. Пауылдың өзі: «Менің Мәсіхтен үлгі алғанымдай, сендер де менен үлгі алыңдар!» деген (Қор. 1-х. 11:1).

Шайтанның өтірігі. Құдайдың шипасы

Шайтан ерлер мен әйелдерден ұрлайды. Оның жік салатын сөзін тыңдап, бір жынысқа күш беріп, екіншісінен күшті тартып алғанымызда шайтан екі жыныстан да ұрлайды. Уақыт зымырап өтіп жатыр. Исаның тапсырмасын орындап, адасқандарды құтқаруды жалғастыратын кез келді (Лұқа 19:10 қараңыз). Айналадағы әлем — бұзылған, алауыздық билеген жер. Бірнеше ұлт, бірнеше ұрпақ бірге тұрып жатқан қоғамға қалай өмір сүру

керектігін көрсететін тірі үлгі қауым болсын. Ерлер мен әйелдерді бір мақсат үшін біріктіретін кез келді. Егер гендерлік мәселені шеше алмасақ, ерлер мен әйелдер екіге бөлініп, жандары жаралы болып қала береді. Құдай берген болмысымызды қалпына келтіргенде, екі жынысқа да рухани шипа келеді.

Кейде қауымда «ұят, ұят» дей берудің кесірінен, әйел әйел болып туғанына өкіне бастайды. «Шіркін, ер болып туылуым керек еді» деген ой келе бастайды. Жынысын өзгерткен, немесе өзгерткісі келетін, немесе екі жынысқа бірдей ие болғысы келетін адамдар көбейіп бара жатыр. Құдайдың Ишая пайғамбар арқылы не айтқанын тыңдаңыз:

«Сендер бәрін керісінше ойлайсыңдар! Құмырашыны саз балшықпен теңестіруге бола ма?! Жаратылған нәрсе өзін жаратқан туралы: «Ол мені жаратқан жоқ!» деп айта ала ма? Әлде бір ыдыс өзіне пішін беріп жасаған құмырашы жайлы: «Ол ештеңені білмейді!» дей ала ма?» (Ишая 29:16).

Баяғы сұраққа оралдық: Құдайға сенеміз бе? Оның қайырымды, дана екеніне, анамыздың құрсағында бізді қыз етіп жаратқанда қателеспегеніне сенеміз бе? Құдайдың ісінен көңіліміз қалса, мәселені өз қолымызға аламыз деп Ол елестете алар ма еді?

Маған сеніңіз, жараның қалай ауыратынын білемін. Түсінемін, көбісі мен ойлағаннан да қатты қиналып жатыр... Бірақ адамның қолы жетпегенді Құдай ұстап, емдейді. Әйел болғанымна қалай жиіркенгенім анық есімде. Мұның неліктен пайда болғанын білмеймін, бәлкім, анаммен жақын қарым-қатынастың жоқтығынан немесе өмірімдегі Құдайдың жоспарына кедергі жасағысы келген жаудың шабуылынан шығар. Себеп не болса да (өмірлік жағдайлар, әйелдермен қарым-қатынас немесе қауымдағы кездесулер) ең бастысы, әйел болып туылғанымна байланысты өзімнің әлсіз, осал тұстарымды жек көретінмін. Мен бұзақы қыз болып өстім, қыздарға қарағанда ұлдардың арасында достарым көп болды. Жігіттермен оңайырақ болды. Жыныстық

жетілу жасы келгенде, мен қызғылт сұлулық әлеміне түскен бөтен адам сияқты болдым. Қыздар мен түсінбейтін тұспал тілмен сөйледі, олардың қимыл-қозғалысы менде жоқ сұлулық пен сымбатқа толы болды. Орта мектепте мен әдемі дене бітімімнің жоқтығын және өз өзімді ұнатпағанымды жасыру үшін тек джинсы мен кең шалбар киетінмін.

Джонмен танысқанда, үйленгенге дейін оған денем – әйелдің денесі, миым – ер адамның миы деп айттым. (Джон бірден бұл мүмкін емес деді!) Екінші жағынан, Құдай мені осылай төрт ұлдың анасы болуға дайындаған шығар деп ойлаймын. Құдай жаныма шипасын берді. Миыма әйел болу – құндылық екенін сіңірді. Діннің кесірінен әйел болғаным үшін ұят жамылып жүргендей болдым. Бірақ Құдай ұяттың орнына үстіме әдемі киім кигізді. Ол жан дүниемнің түкпір-түкпіріне жетіп, анамның өзі байқамай санама сіңірген қорқыныш пен құрбандық санасының орнына батылдық пен күш-қуат берді. Денемді сыртқы келбеті үшін ғана емес, қабілеті үшін де жақсы көруді үйрендім. Бұл уақыт пен әрекетті қажет етті, бірақ енді мен басқаларға қалай сауыққаным туралы айта аламын.

Әйел екенімді қабылдай алмай жүргенімде, қазір сияқты жан-жақтан жыныс ауыстыру туралы үгіт-насихатты естіп жатсам ше? Біздің мәдениет маған «мәселені өз қолыңа ал, ер адам бол!» дейтін еді. Онда Құдайдың мені іштей сауықтыруы және берген бағалы сабақтарынан құр қалар едім. Өзімізді бір-бірімізбен салыстыруды тоқтатқан кезде, өзімізді барлық кемшіліктерімізбен қабылдай алатын боламыз.

Құдайға жан-дүниеңізді сауықтыруға рұқсат беру үшін не істеуге болады?

1. *Дұға етіңіз.* Киелі Рухтан сізге біртұтас, екіге бөлінбеген жүрек беруін сұраңыз. Қате ойлар мен мойынсұнбау бар жерлерді ашып көрсетуін сұраңыз. Гендерлік ағатпікірлік пен өз жынысымызға деген жағымсыз көзқарас бізді тұзаққа түсіріп, өзімізбен және бір-бірімізбен қарым-қатынасымызды

бұрмалауы мүмкін. Қарсы шығу емес, Құдаймен татуласу қызметін атқару үшін дұға етіңіз.

2. *Еркіңізді Құдайға бағындырыңыз.* Өз білгеніңізді, Киелі Жазбадан оқығаныңызды және дұғада сізге ашылған нәрсені орындаудың орнына, адам ережелерінің арасына жасырынып, тығылып жатқан шығарсыз. Мүмкін Құдайдың еркінен сізді алыс ұстап тұрған — адамдардың алдындағы қорқыныш (немесе әйел болу қорқынышы) шығар. Исаның күллі халыққа Ізгі хабарды жеткіз деген тапсырмасы өміріңіздің осы кезеңінде қалай жүзеге асуы керектігін сұраңыз. Басқа кезеңде ол басқаша іске аса алатынына дайын болыңыз.
3. *Жауыңызды біліңіз.* Біз адам баласына қарсы күреспейміз. Екіойлы болсақ, екі қарама-қарсы жаққа көмектескен боламыз. Жақып елші айтқандай, Құдайға мойынсұнып, әзәзіл шайтанға қарсы тұрсақ, ол бізден қашып кетеді.
4. *Өміріңізге және сөзіңізге назар аударыңыз.* Қандай сөзіңіз бен әрекетіңіз жынысқа қатысты ағат пікірлерді қолдайды? Киелі Рух өміріңіздің қандай да бір саласында жаумен ымыраға келгеніңізді көрсетсе, онда теріс пікірлер мен реніштер болуы мүмкін.
5. *Нық тұрыңыз.* Нық ұстанымы жоқтар кез-келген пікірге ере береді. Кімде-кім ерлер мен әйелдердің бірігіп жұмыс істеуіне қарсы болса, Құдайдың бастапқы жобасына қарсы шыққан болады.
6. *Мәсіхтің денесіндегі бірлік үшін күресіңіз.* Ерлер мен әйелдер бір-біріне бәсекелес емес. Біз бауырмыз, қорғаушымыз және одақтаспыз. Бауырластықта, өзара сыйластықта және бауырларға деген сүйіспеншілікте бірге жүруіміз керек. Құдайдың әрбірімізге берген рухани дарынын қолдауымыз керек. Құдай әйел үндемеу керек десе, оған дауыс бермес еді. Құдай Адам атаға және біздің әлемге әйелдің дауысы мен ықпалы керек екенін білді.

Міндетті және өзара тәуелді

Қыз немерелерім өздері ойланып, білім алып, ақиқатты танысын деймін. Сұрақ қоя білсін деймін. Басқа біреудің сенімімен емес, өз сенімдерімен өмір сүрсін деймін. Көптеген қауымдар әйелдердің рухани қайта туылуын қабылдаса да, әйелдер толығымен еркін болды дегенді құптамайды. Дәлірек айтқанда, әйелдердің көпшілігі Мәсіхтің тапсырмасымен емес, қауымның қойған шегімен ғана әрекет ете алады.

Ақымақ ерлер мен әйелдер Едем бағынан бері бір-бірін қателері үшін айыптап келеді. Кінәлау мен ұятқа қалдыру ешкімнің алға жылжуына көмектеспейді. Кінәлау мен ұятқа қалдыру тек суды лайлайды және Құдайдың ұл-қыздарының шынайы бейнесін көмескілейді. Бұл мінез-құлық Құдай Мәсіх арқылы тазартқан нәрсені қайтадан кірлетеді.

Еркек пен әйел жынысы Құдайдың салтанатты сұлулығын көрсету үшін жаратылған. Өкінішке орай, тек Құдай бере алатын мақтау мен разылықты бір-бірімізден іздеп, бір-бірімізді Құдай берген абырой мен құдіретімізден айырдық. Ер мен әйел арасындағы айырмашылықтар бізге қуаныш әкелу үшін бар. Олардың кесірінен бір-бірімізді менсінбей, қорлау үшін емес.

Мәсіхпен тығыз байланысқан біздің жалаңаштығымыз енді Исаның әділдігімен жабылған. Мәсіхті жақыннан танитын ерлер мен әйелдер жау емес, одақтас екенін есте ұстайды. Бір-бірімізге кім бола алатынымызды және кім болуымыз керек екенін Киелі Кітаптан оқиық. Қорынттықтарға арналған 1-хаттың 11-тарауындағы үш аятты жеке-жеке қарастырамыз.

10-аят: «Айтпақшы, ерлер мен әйелдердің арасындағы айырмашылықтарға тым көп назар аудармаңдар. Ешбір ер немесе әйел Құдайдың тапсырғанын жалғыз істей алмайды және бірі басқасынан гөрі маңызды дей алмайды».

Мәсіхпен тығыз байланыстағы ерлер мен әйелдер бір-

бірінен тәуелсіз емес, бір-біріне тәуелді. Біздің қайнар көзіміз тек Құдай, бірақ бұл аяттарда жыныстар шайқасы деп аталатын ұзақ уақыт бойы жалғасқан жекпе-жек туралы айтылады. Біздің айырмашылықтарымыз бір-бірін толықтыруға арналған. Өзара тәуелділік пен қабылдау бар жерде үстемдік пен иерархия жоғалады. Киелі Кітаптың «The Message» аудармасындағы әдемі сөз бәсекелестіктің мәнін ашуды жалғастырады.

11-аят: «Ер әуел бастан Құдайдың әдемі және ғажайып бейнесі ретінде жаратылған — бұл рас. Бірақ әйел басының сұлулығы оның «басының», яғни күйеуінің сұлулығынан асып түседі».

Бұл жерде Пауыл ер мен әйелден күйеуі мен әйелінің нақты анықтамасына ауысады. Маған құндылықтың екі жынысқа да құйылғаны ұнайды. Күйеуімнің Құдайға, маған және балаларымызға деген сүйіспеншілігінің арқасында сұлу болып көрінемін. Тура солай Құдайға, отбасымызға және өзіне деген сүйіспеншілігімнің арқасында ол да көрікті болсын. Осыдан кейін Пауыл неке тақырыбынан алыстап, жалпы жыныс тақырыбына оралады.

12-аят: «Алғашқы әйел еркектің сүйегінен жаратылды, иә. Бірақ содан кейін әрбір еркек әйелден туады!»

Әйел еркектің қабырғасынан жаралды, ал енді еркек әйелдің құрсағынан шығады. Әйел Адам атаның тұңғышы болды, енді бәріміз екінші Адам, Исадан рухани тудық. Содан кейін он екінші аятта Пауыл былай дейді:

«Екеуін де Құдай жаратқандықтан, «кім бірінші» деген бос сөзді доғарайық».

Кім бірінші және кім жақсы деген бәсекелестік біз Құдайдың кім екендігі туралы аян алған кезде тоқтауы керек. Құдай ғана киелі деген көзқарасты қалпына келтіруіміз керек. Ол бірінші және Ол соңғы, басы және соңы, біздің Альфа мен Омега. Бізді

ешкім Әкеміздей жақсы көрмейді. Әкеміздей қолымыздан ұстап жетектемейді. Құдай қыздарынан гөрі ұлдарын көп сүймейді. Құдай ерлер мен әйелдерді бірдей жақсы көрмейді. Ол әр бірімізді өз алдына жеке, ерекше, қайталанбас түрде жақсы көреді. Бірімізді басқасынан жоғары қоятын болсақ, Көктегі Әкемізден алыстаймыз. Өйткені адамның жынысы Құдайдың бір ерекше қасиетінің көрінісі.

Алғашқы қауымдағы ерлер мен әйелдер

Тарихымызды дұрыс түсінбесек, тағдырымызды жете түсінбейміз. Бірақ Киелі Рух түсінігімізді лайлауға тырысқан жаудың бүркеуін жұлып жатқанына күмәнім жоқ. Киелі Жазбаны оқи отырып, бірінші қауым — көпке ыңғайсыздық туғызған жойқын күш екенін түсінеміз. Мәдениет сенушілердің қозғалысын шектеуге тырысқанда, олар, керісінше, барып жаңа аумақтарға ие болды. Олар сол заманда билік еткен императорлардың бұйрығынан қорықпады, өйткені күні бұрын Құдайдың алдында тізе бүгіп қойған. Олар *күн сайын* Құдайдың құдіретінің белгілері мен ғажайыптарын көрді. Олар өздерінің билігі көрінбейтін әлемде екенін түсінді.

Оларды Құдай Өз Рухымен белгілеп, Өзі үшін басқа халықтардың арасынан бөліп шығарды. Мәсіхшілер бірге жиналғанда, ерлер бір жақта, әйелдер бөлек басқа жақта отырды деп ойламаңыз. Көбінесе олар үйлерде, базарларда, үңгірлердегі жасырын қауымдарда, тіпті кемелерде және түрмелерде қатар жүрді. Бұл сенушілердің халқы, ұлты, тілі әртүрлі болды. Бірақ оларды бір Киелі Рух біріктірді. Екі жыныс бір рухани дене, Мәсіхтің қалыңдығы сияқты бірге берік тұрды. Бірлігіміз жарасқанда Құдайдың жағы ғана бар, басқа ешкімдікі жоқ. Олар үйден үйге барып Ізгі хабар таратты. Елшілердің істері кітабында (2:42–44) біз бұл дененің табиғи түрде қалай өскенін көреміз:

«Сенушілер елшілердің беріп жүрген тәлімін, өзара қарым-қатынастарын, нан ұзу рәсімін және Құдайға сиынуды берік ұстанып, жалғастыра берді. Елдің бәрін үрей биледі, себебі елшілер арқылы Құдайдың құдіретін көрсеткен көптеген керемет істер болып жатты. Мәсіхке сенушілердің барлығы біртұтас қауым болып, заттарын ортақ ұстады».

«Заттарын ортақ ұстады» деген сөз тек материалдық қажеттіліктермен ғана шектелмейді, сонымен қатар ғибадаттағы, Құдайды қастерлеудегі, қарым-қатынастағы, дастархандағы, дұғадағы, мүлікті бөлісудегі ауызбірлікті қамтиды. «Ортақ» дегеніміз өзара, кең таралған, күнделікті және жалпы дегенді білдіреді.

Ерлер мен әйелдер қарым-қатынаста және оқуда бір-біріне жақын болды. Бір бірімізбен араласпай білім алу қауымды құра алмайды. Қауым мүшелері бір-біріне қамқор болу керек емес пе? Бәріміз бас қосып, пікір алыспасақ, тәлім алу тек менмендік туғызады әрі шындықты бұрмалайды. Шындықты білгеніміз сөз жүзінде емес, іс жүзінде дәлелденеді. Санасымен не істеу керектігін біліп, бірақ соны істемейтін адамдар өз өздерімен қақтығысқа түседі. Адал сенім сақтап, шындықта өмір сүру үшін туыстар мен достар керек.

Алғашқы қауымда әйелдердің дауыс беру құқығы болды. Олай болмаса, Анани мен Зәпираның жағдайы мүлде басқаша болар еді. Елшілердің істері кітабында (5:1–11) әйелі жоқ кезде Петір елшіге өтірік айтып, мерт болған ер адамның оқиғасы баяндалған. Үш сағаттан кейін әйелі келеді. Ол күйеуінің өлімі туралы ештеңе білмейді, бірақ елші қойған сұраққа қалай жауап беру керектігін біледі. Петір оған сұрақ қойғанда, Зәпира күйеуі екеуі алдын ала келіскен өтірігін қайталайды және өзі де тұрған жерінде жан тапсырады. Мұның барлығын қазіргі мойынсұнушылық ілімінің қаншалықты қате екенін көрсету үшін айтып отырмын. Сол тәлімгерлер әйел «күйеуінің қалауына қарсы шықпай, солайша оны құрметтесін» дейді. Бірақ Зәпира шындықты айтудың орнына өтірікті таңдағанда, құнын өз өмірімен төледі. Ол дауыс

беру құқығын теріс пайдаланды. Петір елшіге шындықты айтса, өлмейтін еді.

Мейірім пен рақымның керемет аянында әлдекімнің шет қалуы мүмкін емес. Ерлердің де, әйелдердің де үлестері бірдей. Алғашқы сенушілердің көбі мұны өмірлерінде бірінші рет бастан кешірді. Күнәнің нәтижесінде жойылған нәрсені Құдай қалпына келтіру үшін майлады. Ерлер мен әйелдер құдірет пен рақымға бөленіп «өз қалаларының егістік жерлерінде» бірге еңбек етіп, жердің шетіне дейін барды. Елшілердің істері кітабында бірінші қауым туралы былай делінген:

«Олар күн сайын ғибадатханада ниеттес көңілмен бірге болды; сонымен қатар өз үйлерінде де бас қосып, нан үзу рәсімін орындап, ақпейілмен қуана бірге тамақ ішіп отырды, әрі Құдайды мадақтап дәріптеді. Бүкіл халық оларды ұнатты, ал Иеміз күн сайын тағы басқа адамдарды құтқарып, қауымына қосып отырды» (Елшілердің істері 2:46, 47).

Бұл үзінді елшілер тірі кезіндегі қауымда күнделікті өмірді сипаттайды. Яһуди сенушілер ғибадатханаға бірге барды, үйлерінде жиналып, ризашылық пен жомарт жүректермен дастарханға отырды. Олардың өмірі Құдайды мадақтады және олар бүкіл халықтың ықыласына ие болды.

Неліктен біз кенеттен Исаның қалыңдығы, Оның қауымы әйелдерді сыртқа шығарып, қорлап, беделдерін түсірсін деп шештік? Неліктен әйелдер батыл емес деген өтірікті қабылдадық?

Ерлер мен әйелдер бірге бола алады деген ой тым ұзақ уақыт бойы жасырылып келеді. Өзімшілдік пен қаскүнемдікке толы өмірдің нәтижесінде ерлер де, әйелдер де қатты жараланды.

Бірақ бұл тарихымыздың соңы емес. Көктегі Патшалықта адамның жынысы — шабуылдың көздейтін нысанасы емес, билік үшін таласатын шайқас емес. Айырмашылықтарымыз бізді біріктіреді. Бөлек жүргеннен гөрі бірге күштіміз. Құдайдың ұлдары мен қыздарының біртұтас салтанаты жер бетінде әлі ашылуы

мүмкін. Біздің бірлігімізде Құдайдың бейнесі көрініс табады және Құдайдың даңқы керемет әсемдігімен жарқырайды.

Ойлануға арналған сұрақтар

1. Ер адамдар қандай шайқастарда жалғыз күресуге мәжбүр?
2. Әйел ретінде Құдайдың шақыруы мен адами салт-дәстүрдің шектеулері арасындағы қайшылықты бастан кешірдіңіз бе?
3. Өміріңізде Құдайдың Ізгі хабар тарату жайындағы тапсырмасы қалай жүзеге асуы тиіс?
4. Сізге біреу «жарамсыз», «сенгіш», «тым ақкөңіл» десе, қалай сезінер едіңіз?
5. Ізгі хабар арқылы дағдыларыңызды қалай жетілдіре аласыз?
6. Қандай салаларда «Кім кінәлі?» деген таласқа түстіңіз?

Қорқыныш пен сүйіспеншілік арасындағы бәсеке

«Сүйіспеншілік – жанның сұлулығы».

АВРЕЛИЙ АВГУСТИН

Бірде тамаша қауымда Джон екеуміз отбасы және неке тақырыбына сұрақ-жауап кешін өткіздік. Осы жексенбі кешінде отбасы құруды жоспарлағандардың барлығы жиналды. Кездесу аяқталуға жақын қалғанда, бәлкім, кештің ең маңызды сұрағы қойылды. «Үйленгеніңізге отыз жылдан көп болды. Өткенге көз тастап, әлденені өзгерткіңіз, немесе басқаша істегіңіз келе ме?». Бұл сұрақ маған қойылды. Уақыт өте шектеулі болғандықтан, шын жүректен әрі қысқа жауап бергім келді. Батылдығымды жинап: «Джонға қателесуге мүмкіндік берер едім және күйеуімді қорықпай жақсы көретін едім».

Осы кезде залдағылар қобалжып кетті. Отырған жерімнен ерлер мен әйелдердің көз жасын сүртіп жатқанын көрдім, көбісі терең дем алып, тек үнсіз бас изеп отырды. Қорқыныш —

махаббаттың ең үлкен жауы. Күш жағынан ол махабаттан еш кем емес. Қорқыныштың жойылу мен өлім әкелетін қабілеті бар.

Отбасылық өмірге қатысты қорқыныштарымның көпшілігі жүзеге асқан жоқ. Түнде мені қинаған уайымның бәрі тек бетімде әжім қалдырды. Шынында мен уайымдаған оқиғалардың бәрі шебер суретшінің бояуына ұқсас еді. Құдайдың өмірімдегі адалдығы жағымсыз нәрселердің өзін жақсылыққа айналдырды.

Мен қателескенді ұнатпаймын, бұл жағынан сіз бен біз ұқсаспыз. Бірақ қазір өткенге қарасам, көбірек тәуекелге барушы едім. Менің қорқынышымнан Джон екеуіміз қанша нәрседен айырылып қалғанымызды біле алмайтын шығармыз. Бір нәрсені анық білемін... Қорқыныш – жаман кеңесші. Ол адамды қимылдай алмайтын қылады. Сүйіспеншілік өмірімізде қозғағысы келетін барлық нәрсені қорқыныш тұншықтырып жібереді. Білсек те, білмесек те, сүйіспеншілік пен тәуекел қатар жүреді.

Басты қозғаушы күш махаббат емес, қорқыныш болатын отбасында туып-өстім. Ата-анамның отбасылық өмірінде қорқыныш шешуші рөл атқарды. Қорқыныш олардың жаңа адамдармен танысып, достасуына кедергі болды, сонымен бірге отбасымыздың қаражатын құртты. Нәтижесінде әрдайым ақша жетпейтін. Үнемі сүйіспеншілік жетпейтін. Қиындықтарымызды бөлісетін ешкім болған жоқ. Қорқыныш әдемі үйіміздің бөлмелерінде жаңғырық сияқты жүретін. Менің әкем құрылысшы болды. Қорқыныштың кесірінен біз жылуы мен жайлылығы жоқ үйде тұратынбыз. Көп түндер ағам екеуіміз төсегімізде тыныш жатып, ұйықтауға тырыстық, ал әке-шешеміз түннің бір уағына дейін ұрысатын. Түнгі шамның көмескі жарығында күнделік жазып, өзіме ант бердім. Асығыс жазғандарым мені қорғай алатындай көрінді. *Ешқашан* әлсіз, қорғансыз болмаймын деп өзіме ант бердім. Соңында ата-анам екі рет ажырасып, дос емес, жау ретінде екі бөлек жолға түсті.

Мәсіхші болған кезде жүрегім жай тапты. Бірақ әлі де өзімді қалай ұстау керектігін білмедім. Джонмен некеміздің басында

мен бала кезімде өзім ойлап тапқан тұзақтарыма түстім. Әлсіз, қорғансыз болудан бас тартсам, кешіре алмайды екенмін. Басқалардың мені кешіргенін қабылдай алмайды екенмін. Осы ауға түсіп қалдым, ол біздің некемізді құртып жібере жаздады. Күйеуім әкемнен тіпті басқаша болса да, мен анама ұқсамасам да, арамызда келіспеушілік туғанда, өзім байқамай әке-шешемнің бір-біріне айтқан ашулы, ренжітетін сөзін қайталайтынмын.

Олардың қорқыныш мұрасын болашағыма әкелдім. Қорқыныштың салдары үйімізді басып алмай тұрғанда тоқтауға тура келді. Джонның кемшіліктері өз кемшіліктерімді ап-анық ашып көрсетті. Осыған дұрыс жауап берудің орнына, бала кезімнен үйренгенім бойынша әрекет еттім.

Менің көп қателерім кешірілген болса да, Джонға деген өз мейірімім аз болатын. Осылайша некеміз сүйіспеншілігі жоқ келісім-шартқа айнала жаздады. Махаббат та тез жоғала бастады.

Джонды қорықпай жақсы көруден бас тарттым, өйткені мен қорықтым.

Өзімді қорғауға тырысып, өзімнің кішкентай әлемімде барған сайын оқшауланып қалдым. Джонның порнография мен мастурбацияға қатысты қиындықтарын некемізге алып келгені мен үшін күтпеген жаңалық болды. (Джон екеуіміз бұл туралы ашық айтамыз.) Джонның өзімнің өмірімдегіні түсініп, мені кешіргенін ұмытып, күйеуімнен алыстадым.

Неге екені белгісіз, күйеуімнің күнәсі туралы білген кезде, Исаның бізді кешіргені сияқты біз де басқаларды кешіруіміз керектігі ойымнан шығып кетті. Қорқатын, ұялатын болдым. Ол құмарлығымен жалғыздан жалғыз, ешкімнің қолдауынсыз күресуге мәжбүр болды. Сол кездегі ойымша, бұл *біздің* мәселе емес... оның мәселесі еді. Әрекет етпей, көмектесуге дайын болмағанымның бір себебі — өткен өмірімнің салмағын сездім. Қазіргі өмірден артығына мен лайық емеспін де шештім.

Екеуіміз жиі ұрысып қалатын болдық. Күйеуімнен эмоционалды түрде алшақтап, оның күресін шеттен бақылап отырдым. Бір

жағынан, оны іштей сөгіп, өзімді қауіпсіз сезінгендей болдым. Ол өзгермесе, оны кешіруге міндетті емеспін. Бұл өміріміздің басқа салаларындағы стресске әкеп соқты. Сондықтан да некеміздің алғашқы жылдары өте қиын болды. Мен басқаша әрекет етсем, ол кезең оңайырақ болушы еді.

Бір күні ыза мен үмітсіздіктен шаршап, Құдайға жалбарындым: «Джон өзгерген кезде, оны кешіремін».

Білуімше, ол кезде арамыздағы сенім толығымен жойылды. Тағы да көңілім қалатынынан қатты қорқтым. Құдай менің өткір сөзіме сұрақпен жауап берді. «Маған сенесің бе, Лиза?»

«Иә».

«Жақсы. Джонды кешіруің керек, сонда ол өзгере алады».

Содан кейін Құдай күйеуіме айтуым керек сөздерді жүрегіме салды: «Өзгергің келетініне сенемін. Сені кешірдім».

Бұл өз көзқарасыма мүлдем қарама-қайшы болды. Мен: «Сен өзгерген кезде ғана тәубе еткеніңе сенемін» деп айтатынмын.

Бұл ой мен білетін барлық нәрседен өзгеше болғандықтан, шынымен Құдайдың жетелеуі екенін түсіндім.

Мен Джонға сөзсіз рақым көрсеткен сәтте, екеуіміз де рухани сауыға бастадық. Ол ұяттың қараңғылығынан шығып, Құдайдың нұрына келу үшін күш тапты. Сонда ғана күйеуім күнәнің құлдығынан азат болды. Менің оған көзқарасым өзгерген кезде, бәрі өзгерді. Мен өзгермейтін Құдайға үміт арттым.

Қорықпайтын сүйіспеншілік

Қорықпайтын сүйіспеншілік адамның мінез-құлқына, не істеп, не істемейтініне емес, Құдайдың сүйіспеншілікке толы адалдығына негізделеді. Күнәларым мен қателерімді Әкемнің алдында Исаның атынан мойындағанымда, ұялудың қажеті жоқ. Ол маған жақсырақ тағдыр дайындады.

Адамдар бізді ренжіткен кезде, болашақта көңіліміз қалмасын деп, оларға деген ықыласымызды азайтуға тырысамыз. Мұнда

таңқалатын ештеңе жоқ. Барлығын тәуекелге тігуден қорқамыз... Сүйеге қорқамыз. К.С.Льюис өзінің «Сүйіспеншілік» кітабында мұның неге дұрыс еместігін түсіндіреді.

«Сүйіспеншілік дегеніміз әлсіздігіңді ашып көрсету. Өзіңді жүз пайыз сақтандыру мүмкін емес, махаббат қайғыға толы. Ғашық болған сәтте жүрегіңізге қауіп төнеді. Оны қорғағыңыз келсе, адамға да, жануарға да бермеңіз. Оны ұсақ-түйек ләззат пен қисынсыз назбен қоршап қойыңыз. Өзімшілдік қорабына қамаңыз. Осы сенімді, қараңғы, ауасыз табытта ол сынбайды. Енді оны жаралау, қолмен ұстау немесе құтқару мүмкін емес. Сүйіспеншілік дегеніміз – осал болу».

Осылай екен. *Сүю* — *осал болумен тең*. Бізге мұндай салыстыру ұнамайтын шығар, бірақ түсінуімше, одан аулақ болу мүмкін емес (және маған сеніңіз, мен оны істеп көрдім). Бірақ осал болғанда, тұтқынға немесе қорғайтын ешкімі жоқ құрбанға айналасыз деп ойламаңыз. Шын мәнінде, қазір сізді қорғайтын біреу бар, өйткені сүйіспеншілік ешқашан сарқылмайды.

Енді осал болсақ, қандай тәуекелге бел буатынымызды ойлайық. *Осал болудың* анықтамаларының бірі — толығымен көрінген кездегі ашықтық. *Осалдықты жалаңаш болумен* салыстыруға болады. Киімімді шешкенде, үлкен тәуекелге барамын, өйткені бірде-бір жасырын жерім қалмайды. Мүлдем қорғансыз боламын.

Сүйіспеншілік дегеніміз пана. Бұл қауіпсіз, жақсы қорғалған жер, онда шынымен өзіңіз бола аласыз. Толығымен жалаңаштанып, ұялмайсыз.

Әдеттегі түсінігімізде «жалаңаш» көбінесе сексуалдыққа қатысы бар сөз сияқты естіледі. Бірақ менің түсінігімде «жалаңаш болу» дегеніміз жүректі қорықпай ашу, сырынды ақтару, бүкіл ішкі жандүниені көрсету. Құдайдың алдында жүрегімізді айқара ашқанда ең мықты ұстанымға ие боламыз. Бұны түсіну қиын шығар, бірақ әлсіздіктеріңізді ұятпен немесе өзін-өзі ақтайтын киіммен

жасыруға тырысқанша, Құдайдың алдында қорғансыз, ашық болған әлдеқайда жақсы.

Иса Өзінің құдайлық болмысынан бас тартып, жерге адам кейпінде келгенде біз үшін осал болды. Біз кейіннен Иса сияқты болуымыз үшін, алдымен Ол біз сияқты болды. Иса бізге Құдайдың сүйіспеншілігін көрсету үшін осал болды. Осы себепті біздің сүйіспеншілігіміз батыл, сеніміміз берік және үмітіміз шексіз бола алады.

Жүрегінде қорқынышсыз сүйіспеншілік бар адамның әдеттегіден асып түсетін сенімі және сонау тереңге жететін үміті бар. Сонымен сенім, үміт, сүйіспеншілік: осы үшеуі әрқашан да қалады. Олар бір-бірімен тығыз байланысып, бір-біріне үйлесіп, бізге шыдауға күш береді. Сонымен бірге, сүйіспеншілік – жер бетіндегі ең үлкен күш. Сүйіспеншіліксіз шынайы сенім болмайды. Сүйіспеншіліксіз үміт жоқ.

Сүйіспеншілік — Құдайдан. Сүйіспеншілік мәңгілік. Сүйіспеншілік ешқашан сарқылмайды. Сүйіспеншілікке сеніп тапсырылған нәрсе ешқашан жоғалмайды және сүйіспеншіліктен туған нәрсе ешқашан өлмейді. Бірақ сүйіспеншілік өсе алмайтын жерлер бар; сүйіспеншілік өзінің қарсыласы, қорқынышпен бірге дами алмайды. Қорқыныш – тек тығырыққа тірейтін жол. Ол ешқайда апармайды. Қорқыныш — өз құрбанын азаптайтын арам рух. Қорқыныш үні күмән тұңғыығынан шығады, ал сүйіспеншілік сенім нұрынан даналықты алып шығады. Қорқыныш дауысын ұзақ тыңдасаңыз, сөзсіз тек сәтсіздікке ұшырайсыз.

Көптеген жылдар бұрын, өзімнің алғашқы кітабымды жазғанда, қорқыныштың қарама-қарсысы сенім емес, батылдық емес, сүйіспеншілік екенін түсіндім. Бала кезімде «Оз сиқыршысы» деген ертегіні оқып едім. Онда қорқақ арыстанды батыл қылған сүйіспеншілік болды. Сол сабақты жақсылап есте сақтауым керек еді. Қорынттықтарға арналған бірінші хатта сүйіспеншіліктің қасиеттері тізіп жазылған. Енді сүйіспеншіліктің орнына қорқыныш сөзін қойып, сөздердің қарама-қарсы мағынасын алсақ, өте анық түсінік қалыптасады. «Қорқыныш шыдамсыз да қайырымсыз, қызғанады,

мақтанады, паңданады. Әдепсіз, өзімшіл, ашушаң. Көрген жәбірін есінде сақтайды. Әділетсіздікті құптайды. Қорқыныш өтірікке сүйсінеді. Қорқыныш ешкімді қорғамайды, ештеңеге сенбейді, ешқашан үміт артпайды. Ештеңеге шыдамайды. Қорқыныш сарқылады».

Қорқыныштың жемісі мен қозғаушы күші сүйіспеншіліктің жолдарына тікелей қарама-қарсы. Жасаған бар жақсылығым, алған өмірлік сабақтарым қорқынышты жеңген кезімде ғана туды.


Қауіп-қатерге құмар, қорқынышты жағдайларға өздері барып ұрынатын, тәуекел іздейтін адамдар бар. Оларды батыл деуге болатын шығар. Бірақ біреуді жақсы көретін адамдарды ғана нағыз қорықпайтын адамдар деп атауға болады.

Сүйіспеншілік — Құдайдан. Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Құдай қорықпайды. Біз Құдайдың ұл-қыздарымыз. Бізге қорықпай сүю қабілеті берілген. Құдайдың қорықпайтын сүйіспеншілігін қабылдасақ, қорықпай сүйе аламыз. Қорықпай сүйген адам ғана қорықпай өмір сүреді.

Бұл өзінен өзі анық нәрсе сияқты. Алайда Құдайды әлдене таң қалдыра алады деп ойлайтындар бар. Құдайға ешкім тосын сый жасай алмайды. Біз көрген және естіген нәрселерге тітіркеніп, ашуланамыз. Құдайдың қатыгездікке, адамның жамандығы мен бақытсыздығына деген реакциясы дәл біздікіндей болуы керек сияқты. Бірақ бұл олай емес.

Мінсіз сүйіспеншілік

Сүйіспеншіліксіз тіпті ең батыл әрекеттің өзі түкке тұрмайды. Ондай әрекет сүйіспеншіліктің үлгісі емес, ол тек басқаларды таң қалдыру үшін жасалған. Ержүрек адам сияқты көріну жеткіліксіз, өйткені басқа адам үшін тәуекелге барғанда ғана, өзіме қауіп төндіргенде ғана шынайы батылдық көрінеді. Демек, ел қаһарманы



**Қорқыныштың
қарама-қарсысы
сенім емес,
батылдық емес,
сүйіспеншілік.**

атанудың орнына өзімді-өзім құрбан ететін кез болады.

«Адамның достарына көрсететін ең зор сүйіспеншілігі — олар үшін өмірін құрбан етуі» (Жохан 15:13).

«The Message» аудармасында былай делінген:

«Сүйіспеншілік достарың үшін жаныңды қиған кезде анық көрініс табады».

Басқалар көрсін деп емес, дос үшін. Қорынттықтарға арналған 1-хатта (13:3) сүйіспеншіліксіз батылдық пен құрбандық жайлы былай жазылған:

«Егер үлестірсем бар байлығымды
Бейшара жарлы-жақыбайларға,
Тіпті құрбан қылсам да жанымды,
Тәнімді қисам отқа жағуға,
Бірақ егер сүйіспеншілігім болмаса,
Маған келер пайда жоқ бұдан да».

Өмір бойы кедей болып қалуға ант берсем де, жанқиярлық ерлік жасасам да, сүйіспеншіліксіз бұл мағынасыз әрекеттер. Исаны Әкесі қатты жақсы көрді. Тұра солай Иса бізді сүюді таңдады. Сүйіспеншілік Оған сенімде табанды болу үшін күш берді. Иса жердегі еңбегін біз үшін жасады және бізге үлкен үміт артады.

Иса мені өткеніме қарамастан жақсы көрді. Болашақта қателесетінімнен Ол қорықпады. Біздің сүрінетініміз, қате жасайтынымыз Ол үшін жаңалық емес. Қателессеңіз де, сіздің өміріңіз – қате емес. «Мен – тұлға ретінде бір үлкен қателікпін» десеңіз... қателесесіз.

Мен күнә жасасам да, күнәкарға айналмаймын. Өзімді күнәкар сияқты сезінсем де, шын жүректен тәубе еткен соң ол сезім маңызды емес, өйткені Иса мені ақтап шықты. Осылайша

маған Мәсіх алдын-ала сенім көрсетті. Оған жауап ретінде өзімнің батылдығым мен сүйіспеншілігімді көрсеткім келсе, Құдайға мойынсұнып өмір сүре аламын. Сонда менің өмірім Құтқарушымды дәріптейтін болады.

«Тәңір Ие біздің күнәларымызды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Құдайдың алдында ақталдық» (Қор. 2-х. 5:21).

Иса біздің кез келген мәселемізден асып түсетін жауап болатынына уәде берді. Барлық уақытыңызды өткенге қарап күнәларыңызды шұқылаумен өткізсеңіз, көп ұзамай күнәдан басқа ештеңе көре алмайтын боласыз. Күнәкарлығыңыз ауыр жүк болады. Ол тым ауыр болғанда, назарыңыз басқалардың күнәларына ауып кетеді. Жасыратыны жоқ, басқаларға қатал талап қоятын басшылардың өздеріне деген талабы да жоғары. Өзіме қарасам, кемшіліктерді көремін; Мәсіхке қараған кезде, барлық кемшіліктерім Оның нұрында еріп кетеді. Құдайымның салтанатында тұрғанда, өзіме қарау да әлдеқайда жағымды.

*«Жаратқанға сиынып көз тіккендер жайнайды,
Олар шаттанып, еш масқара болмайды»* (Заб. 33:6).

Күнәларымыз Исаның сүйіспеншілігін бүркемесін. Өзімізді осал сезінгенде, ұяттан көзімізді жасырмай, үмітпен Құдайға қарайтын кез. Оның мінсіз сүйіспеншілігі біздің барлық қорқынышымызды жояды.

Ендеше, мен неге қорқыныштарыма Оның мінсіз сүйіспеншілігіне кедергі болуға жол беремін? Кейбір нәрселердің «неге» болып жатқанын әрдайым түсінбесем де, Құдайыма сене аламын. Оған күмәнім жоқ. Өйткені Құдайдың сүйіспеншілігіне тең келер ештеңе жоқ. Ол мені жақсы көрді, сондықтан мен Оған сенуді шештім. Өйткені Ол менің жалғыз үмітім. Забур жырларын ашайық.

«Өзімді сүйгенді Мен құтқарып аламын,
Өзімді мойындағанды қорғайтын боламын» (Заб. 90:14).

Құдайды сүйген, Оны мойындаған – сіз, қымбатты құрбым. Ойланып көріңізші... Сүйіспеншілік ешқашан сарқылмаса және жеңілмесе, бізге қалай қауіп төндіреді? Сүйіспеншілік өмірдегі кез келген жараны емдей алады.

Қорқынышсыз сүюдің көптеген жолдары бар.

Жарыңды қорықпай жақсы көру – соның бірі ғана. Балалар мен ата-аналарды да қорықпай жақсы көру керек. Достармен қарым-қатынас қызғаныш, көреалмаушылық, иемденушілік және қорқынышқа емес, сүйіспеншілікке негізделуі қажет. Өз мамандығыңызды және жұмыс істейтін жеріңізді жақсы көре аласыз. Өз қауымыңызды жақсы көре аласыз. Біреулер оқуды ұнатады, басқалары күлгенді ұнатады. Сүйіспеншілікті қай жерде тапсаңыз да, ертелі-кеш, қиындыққа тап боласыз.

Бұл бізді келесі қадамға әкеледі: жауларыңызды сүю. Неліктен Иса мұндай сөзді айтты?

Өйткені «қойлар» «серкелерден» бөлінгенде, осындай сүйіспеншілік пайда болады. Бізге жамандық тілейтіндерді жақсы көрсек, көпшіліктен ерекшеленеміз. Ренжітетін және зиян келтіре алатын адамдарды сүюді саналы түрде таңдаған кезімізде... бәрі өзгереді. Жағдай өзгермесе де, сіздің оларға тәуелділігіңіз жоқ болады, сіз азат боласыз.

АҚШ-тағы азаматтық соғыс кезінде бір құл қожайынымен бірге ұрыс алаңына түскен екен. Қожайыны жарақат алғанда, құл мүмкіндікті пайдаланып қашып кетудің орнына қожайынын тастамай, ауруханаға апарыпты. Бұл оңай таңдау болған жоқ. Бірақ құлдың шешімі оның шын мәнінде еркін екенін көрсетті. Осы әрекетінің арқасында ол Одақ әскері бүлікшілерді басып тастамас бұрын бостандыққа қол жеткізді.

Біреу өмір бойы еркінсің деп шабыт беруі мүмкін. Бірақ әлі де

саналы түрде өз еркіңмен құл болып қала беруге болады. Немесе бостандықты таңдасаң да, кейбіреулер сені өз меншігі деп қателеседі.

Әрине, құлдық сізге ешқашан әсер етпеуі мүмкін, оны түсінемін. Бірақ егер біреу сізді өзіне қарыз деп санаса, ол сізді құлдықта ұстағандай болады. Құл бола тұрып, өзін еркін санайтындар бар. Адамдардың сіз туралы айтқанын немесе сізді қалай қабылдайтынын басқару мүмкін емес. Бірақ қалай әрекет ететініңіз өз қолыңызда.

Сүйіспеншілік — бұл таңдау. Қорқыныш — бұл реакция.

Сүйіспеншілік — бұл еркіндік. Қорқыныш — бұл тәуелділік.

Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды.

Бәрібір сүй

Кент Киттің айтқан келесі сөзін жиі Тереза ана айтты деп жатады, өйткені Тереза ана оны үнемі еске салу үшін көз алдында ұстады. Бұл дәйексөзді естіген шығарсыз, бірақ қазір оны толығымен осында келтірмекпін.

«Адамдар көбінесе қисынсыз, ақылға қонымсыз және өзімшіл.

Оларды бәрібір сүй.

Жақсылық жасасаң ниетің жаман, өзімшілсің деген айып естисің.

Бәрібір жақсылық жаса.

Табысқа жетсең, жалған достарың мен шынайы жауларың болады.

Бәрібір табысқа жет.

Бүгінгі жасаған жақсылығың ертең ұмытылуы мүмкін.

Бәрібір жақсылық жаса.

Адалдық пен ашықтық сені қорғансыз етеді.

Бәрібір адал және ашық бол.

Ауқымды, керемет идеялары бар ұлы ерлер мен әйелдер санасы шектеулі кішкентай адамдардың құрбаны болуы мүмкін.

Бәрібір жанандық деңгейде ойлан.

Адамдар жеңілгендерді аяйды, бірақ тек жеңімпаздарға ереді.

Сонда да жеңілгендерді қорға.

Жылдар бойы салған нәрсең бір түнде жойылуы мүмкін.

Бәрі бір сал.

Адамдар шынымен көмекке мұқтаж, бірақ оларға көмек берсең, қолыңды тістеп алуы мүмкін.

Адамдарға бәрібір көмектес.

Қолыңнан келгеннің бәрін істесең де, таяқ жеп қалуың мүмкін.

Сонда да қолыңнан келгеннің бәрін істе».

Адамдар көңіліңізді қалдырады... Бәрібір оларды жақсы көріңіз. Қанша рет осы сөзді ойлап, оның қаншалықты рас екенін түсінгенімді білсеңіз ғой. Біреудің көңілін қалдырған кезіңіз болды ма? Менде болды. Бәлкім, олар бастарын шайқап: «Лизадан көңілім қалды» деп кетіп қалды. Дұшпандар, кейде достар сатқындық жасап, ренжітетін болады. Не істеу керектігін білесіз... Бәрібір оларды сүйіңіз. Қайталанбас өмір сүргіңіз келсе, онда өмірдің жаңа деңгейіне жетуіңіз керек. Ол мүмкіндік пен адам логикасының шегінен тыс.

Білемін, бұл алдымен мағынасыз болып көрінуі мүмкін. Бірақ егер адамдарға қателіктерінен сабақ алуға мүмкіндік берсеңіз, олардың болашақта жақсы адам болуына көмектесесіз.

Қаншалықты өкінішті болса да, қазір шағын, бірақ маңызды түсініктеме бергенім жөн. Мен айтып отырған қателіктер зорлық-зомбылық, сатқындық немесе заңсыз әрекеттерді қамтымайды. Мен айтып отырған қателер жаңылу, түсінбеушілік немесе қате пікір санатына жатады. Мұның адамның қасақана жасаған азғын әрекеттеріне, қатыгездік пен зұлымдыққа қатысы жоқ. Әрқайсымыз дұрыс бағытта келе жатқан кезде болатын мүлт кету мен адасулар туралы айтып отырмын.

Бәріміз адамбыз. Адамның ең әділі немесе ең күнәкары болсаңыз да маңызды емес. Бәріміз пендеміз. Тек бір айырмашылығы –

сүйіспеншілік ақталғандарды қайтадан аяққа тұруға итермелейді. Күнәкарлар жатып қалып, жиі өздерімен бірге басқаларды құлатуға тырысқанда, әділ адам орнынан тұрып, басқаларды көтеріп, жолын жалғастырады (Нақыл сөздер 24:16 қараңыз). Сүйіспеншілік әрқашан көтеріледі және басқаларды көтереді.

«Қайта, бір-бірімізге *шындықты сүйіспеншілікпен* айтамыз және қауымның Басы — Иса Мәсіхпен тығыз байланысымызда жан-жақты өсіп жетілеміз. Сонда мүшелері үйлесіп, бірігіп жұмыс істеп тұрған бұл біртұтас рухани дене түгелдей өзінің Басы — Мәсіхке бағынады. Әрбір мүшесі өз міндетін атқарса, бүкіл дене өсіп, сүйіспеншілік арқылы күшейе береді» (Ефес. 4:15, 16).

Шындықты сүйіспеншілікпен айтсақ, бұл Мәсіхтің рухани денесін қалыптастырады. Сүйіспеншілік өміріміздің барлық салаларында өсіп-жетілуге әкеледі. Жек көрінішті сөз тек әлсіздікті тудырып, өсуді тежейді. Сонда да сүйіспеншілік жек көрушілік пен қорқыныштан күшті.

Көңіліміз қалса, не істейміз

Көңілі қалу дегеніміз — үміттің алданып қалуы. Сүйіспеншілік ұдайы *сенеді*, бұл өздері ештеңе істемесе де, сізден бірдеңе күтетін және үнемі бірдеңені талап ететіндерден өте өзгеше. Сүйіспеншілік сөзсіз үмітке әкелетіні сияқты, біреуден әлдене күту тез арада талапқа айналады.

Күйеуіме сенемін, бірақ үмітім Құдайдан. Күйеуім екеуіміз бір-бірімізді жақсы көреміз, бірақ бір-бірімізден көңіліміз қалған кездер де болды... Өмір деген осы! Бірақ, көңілі қалған, ренжіген күйде қала беру қауіпті, сондықтан тезірек одан шығуға тырыстық. Басымыздан өткен жағдайдың арқасында қорытынды жасап, қателіктерімізден сабақ алып, жағдайдан жоғары көтеріліп, жолымызды жалғастыра алдық. Бір-бірімізден жаңа кемшілік іздеп, шұқылай берудің орнына, сол артық.

Маған сеніңіз, біз (әлде тек мен бе?) бұл өте жақсы идея деп ойлаған кездеріміз болды. Егер жасаған әрбір қателігімді барынша мұқият талдап, өзіме намысыма тиіп ұрыссам, ол қателікті қайталамаймын деп ойлайтынмын. (Өз қателерімді де, Джонның қателерін де осылай аямай сараптайтынмын.)

Бұл әдістің кемшілігі көп болып шықты, өйткені менің логикам қате болды. Мұның соңы не болғанын айтайын. Джон екеуіміз осы әдетке үйреніп қалғанымыз сонша, бір-бірімізден тапқан кемшіліктерді ғана көрдік. Жақсыға сенудің орнына бір-бірімізден жамандық күте бастадық. Нәтижесінде не күтсек, сол шындық болды.

Төрт баламды шексіз жақсы көремін. Олармен қарым-қатынаста көңіліміз қалған кез болды, әрине. Ол жиі болмаса да, (әрі көп жағдайда үмітті ақтамаған олар емес, мен болдым) бұл әлі қарым-қатынасымыздың ажырамас бөлігі болып табылады. Менен бірнеше рет көңілі қалған достарым да бар.

Көңіліңіз қалса, ол сүйіспеншілік ғайып болды дегенді білдірмейді; Киелі Рухтан кеңес сұрайтын уақыт дегенді білдіреді. Сүйіспеншілік — бұл 100% қатысу және берілгендік. Шынайы қатысу мен ыңғайсыз сұрақтарға жауап беруге дайын болғанымызда, осал болудан қорықпайтын сәт те пайда болады.

Алайда күйеуім, балаларым немесе достарым мен үшін Иса сияқты бола алмайды. Егер мен оларға құтқарушы рөлін беріп қателесем, олар мені ренжітеді, өйткені өзім олар үшін талапты тым жоғары қойдым.

Өзіңіз көріп отырғандай, мәселе оларда немесе олардың кемшіліктерінде емес, менің өрескел, жалған үмітімде.

Адамдардан көп нәрсені күтсеңіз, олар үмітіңізді ақтай алмауы мүмкін. Сонда көңіліңіз қалады. Бірақ адамның бойындағы ең жақсы қасиеттерге сенсеңіз, ол сәтсіздікке ұшыраған кезде, әлі бәрі алда екенін, әлі бұл соңы емес екенін түсінесіз.

Құдай өміріңізге жіберген адамдарды сөккіңіз келгенде, немесе олардан бас тартқыңыз келгенде, қорғаныс механизмі іске

қосылады. Иә, арада келісім болмағандықтан, кейбір адамдардан аулақ болған дұрыс. Олардан басқа сізден өздері бас тартатын адамдар бар. Бірақ көбінесе адамдар зардап шеккеннен кейін қайтадан ашылып, осал болғысы келмейтіндіктен кетіп қалады.

Құдай әрқашан мен туралы өзімнен гөрі жақсырақ ойлайды. Ол менің өткенім үшін мүлдем ұялмайды, өйткені менің болашағым Құдайдың қолында. Ол мендегі барлық жақсылықты ашып шығару үшін мені қорқыныш пен жасықтықтан шығарады. Пауылға Қорынт қауымындағы тым жоғары үміт мәселесімен күресуге тура келді.

«Сендерге барған кезімде қалаған жағдайда болмайсыңдар ма деп қамығамын, онда мен де өздерің қалағандай бола алмаймын. Араларыңда айтыс-керіс, қызғаныш, ашу-ыза, жікке бөліну, жала жабу, өсек-аяң, менмендік және тәртіпсіздік жайылуы мүмкін деп уайымдаймын» (2 Қор. 12:20).

Көңілім қалар ма екен деп қорықпаңыз, өйткені күткен нәрсеміз жүзеге асады. Адамдарға жоғары талап қойып, олар оны істемейінше, үмітімізді ақтамайынша мақтау мен мейірімді сөзімізді аясақ, бұл міндетті түрде ашуланып, өкініп, жалғыз қалуымызға әкеледі. Арманымыздан бас тартқанымызда тура солай үмітіміз жоғалады. Адамдар біз туралы қалай ойласын десек, біз де олар туралы солай ойлайық. Ең жақсысы әлі алда деп сенейік. Олардың жіберген қателері жай ғана жаңылу, абайсызда жасалған жаңсақтық дейік. Сіздің қателеріңіз тағдырыңызды шешпеу керек.

Исаның шақыруына жауап бере аласыз немесе өмірді баяғыдай жалғастыра аласыз. Таңдау сіздікі. Оны сіз үшін ешкім жасамайды.

Біз қол сілтеп, тезірек адамдармен қоштасуға асығамыз. Олардың қателерін кешіруге шыдамымыз жетпейді. Мейірімді тез ұмытамыз.

Қорқыныш жолы

Қорқыныш — өте қымбат нәрсе. Ол түк қалдырмай, бәрін тонап кетеді. Ол күш-қуатыңызды, армандарыңызды, жақындарыңызды, достарыңызды, сүйіктілеріңізді, қаржыңызды, сеніміңізді және үмітіңізді ұрлайды. Қорқыныш сүйіспеншіліктің жомарттықпен беретін барлық нәрсесін сізден алып қойғысы келеді. Қорқыныш үзіліс бермейді, ол үнемі шабуыл жасап, шабуылдарын күшейтіп отырады.

Қорқыныш шаршауға және демалуға мүмкіндік бермейді. Ол ұйқыңызға енеді. Тыныштық бермейді. Қорқыныш – Киелі Рухтың құдіретіне, сүйіспеншілігіне және ақыл-ойына қарамақайшы келетін рухани күш. Киелі Рух сізді азат ету үшін келгенде, қорқыныш сізді тырп еткізбей қатырып тастайды.

Қорқыныштың мақсаты сізді өсіп-жетілу үшін көптеген мүмкіндіктерден айыру ғана емес, сонымен бірге болашақ туралы ойыңызды да бұзып, бұрмалап жіберу. Қорқыныштың да, сүйіспеншіліктің де сізге және сіздің өміріңізге қатысты өз жоспарлары бар. Бірі игілік әкелсе, басқасы тек зиян тигізеді.

Сүйіспеншілік жолы


Сүйіспеншілік, керісінше, мейірім мен жомарттыққа толы. Сүйіспеншіліктің қолы ашық. Ол қарым-қатынастарыңызды, армандарыңыз бен үміттеріңізді қалпына келтіруге тырысады. Көктегі Әкеміздің бізге деген керемет сүйіспеншілігіне әрқайсымыз еркін қол жеткізе аламыз. Сонымен бірге, ескі қорқыныш топырағында жаңа сүйіспеншілік уәдесі көктеп шығады десеңіз, ол қате. Құдай жаңаны *жаңарғанмен* біріктіргісі келеді.

«Сондай-ақ, жас шарапты ескі торсыққа құймас. Олай етсе, быршып ашыған шарап торсықты жарып, ағып кетеді, торсық та пайдадан қалады. Керісінше, жас шарапты жаңа торсыққа құйған дұрыс. Сонда екеуі де сақталады» (Матай 9:17).

Ішіңізде қорқыныш басқысы келетін жаңа нәрсе бар. Оған жол бермеңіз. Қорқынышсыз сүйіспеншілікті тек мүлдем жаңа жерде, жаңа қаптамада сақтауға болады. Сүйіспеншіліктің жаңа шарабынан дәм татқаннан кейін, сіз бәріне басқаша қарайтын боласыз. Бұрын міндет, күнделікті парыз ретінде білгеніңіз енді қызмет ету мүмкіндігі болып ашылады. Қор жинаудың орнына жомарт болудың көбірек жолдарын іздейтін боласыз. Сүйіспеншілік қорқынышты жеңеді.

Қорықпайтын әйел

Өткен жылы бір жақын досым туған күніммен құтықтап, кішігірім хат жазды. Оны ұнатқаным сонша, күнде көз алдымда болсын деп айнаға іліп қойдым. Хатта түрлі-түсті шалбар киген қыз бейнеленген. Суреттің астында: «Мәселеде киімде емес, көзқараста» деген жазу бар. Басқаша айтқанда, не киетініңіз емес, оны қалай киетініңіз маңызды. Сүйіспеншілікті батыл түрде киген дұрыс. Сүйіспеншілік — жұмысты талап ететін нәрсе.



Анық шындықты айтайын: қорықпайтын әйелден тартымды ештеңе жоқ.

Абайсыз емес, қорықпайтын. Құдайдың қорықпайтын қыздары, Құдайдың уәделерін жамылып, сенімнен қолдау тапқан қыздар. Өзімізге қарағанымыз — табиғи нәрсе. Өзімізге Құдайдың көзқарасымен қараған жөн. Сонымен қатар, өзімізді менсінбей, төмен санап, өз құндылығымызды төмендетсек, бұл еш пайда әкелмейді.

Қорқыныштың жетегінде жүріп, бойымыздағы кемшіліктерді ғана көреміз. Сүйіспеншіліктің, қорықпайтын сүйіспеншіліктің бастауымен жүрсек, Құдайдың берген табиғаттан тыс қабілеттерінің қайнар көзін ашамыз.

Қорқыныш тұңғыыққа итереді, сүйіспеншілік нұрға тартады.

Тартымды болу нені білдіреді?

Маған сеніңіз, тартымдылық сыртқы келбеттен әлдеқайда маңызды нәрселерден тұрады. Жан түршігерлік жол апаттарына көз ала алмай қарап отырамыз. Қорқынышты оқиғаларға адамдар көп назар аударады. Ең алдымен, «тарту» етістігін қарастырайық. Оның мағынасы «өзіне қарай сүйреу, жақындату, қызығушылық тудыру, біреудің сезімін ояту немесе баурап алу».

Өміріңіз магнит сияқты, не жарылқауды, не қарғысты өзіне қарай тартады. Сондықтан өзіңізге сұрақ қойыңыз:

Мен неден қорқамын?

Сүйіспеншілік маған қандай қиындық туғызады?

«Ол адам өзгермейінше, оны кешірмеймін» деп біреу туралы ойлаймын ба? Жалпы алғанда адамдарды сүйсем де, нақты бір адамға келгенде, мейірімім мен сүйіспеншілігімді қатаң өлшеп беретінім бар ма?

Қорқыныш сөздерімен өзімді-өзім шатастырып, тұзаққа түссем ше?

Жағдайды өз пайдаңызға бұратын кез келді. Мұны істеу өте оңай. Жай ғана өміріңізді Құдайдың Сөзіне үйлесетін қылыңыз. Құдайдың өміріңізге жаудырғысы келетін кереметтерін қабылдаңыз. Мұны бастау оңай болсын деп Пауылдың Тімотеге жазған хатына негізделген дұға үлгісін беремін.

Сүйікті қызым, Құдай Әкеміз бен Иеміз Мәсіх Иса саған рақымы мен қайырымын жаудырып, тыныштығын сыйлай берсін. Сүйіспеншілікте өсіп-жетіле бер. Құдай өзіңе берген рухани дарынның жалынын қайта жақ. Өйткені Құдай саған қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және ақыл-парасат дарытатын Киелі Рухын сыйлады.

Сондықтан да Иемізді ашық мойындаудан ешқашан тартынба! Құдайдың құдіреті жайлы аяңды қарудай қолданып, зұлымдықты жең. Құдай бізді құтқарып, өз халқы ретінде қасиетті өмір сүруге шақырды. Ол мұны біздің жасаған игі істерімізге бола емес, Өзінің мақсаты мен рақымы бойынша істеді. Себебі Құдай бізге Иса

Мәсіх арқылы рақымын сыйлауға әлем басталмастан бұрын-ақ ниеттенген еді (Тім. 2-хат 1:2, 6–9 қараңыз).

Мұны орындалды деп қабылдаңыз. Оған сеніңіз.

Бұл сөзді өміріңіз үшін Құдайдың еркі ретінде қабылдаңыз. Дұға етейік.

Көктегі Әке!

Өміріме молынан төккен рақымыңды, сүйіспеншілігіңді, тыныштығыңды қабылдаймын. Маған берген рухани дарыныңды қайта жандандырамын. Ием, маған қорқыныш рухын бермегеніңді білемін, сондықтан оның кеңесін тыңдаудан және қорқыныштың айтқанын орындаудан бас тартамын. Әке, жаудың менен ұрлап алғанының бәрін қалпына келтіріп, қайтаратының үшін рахмет.

Мені Киелі Рухыңа кенелттің. Одан мен күш-қуат, билік, сүйіспеншілік және дұрыс пайымдай алатын ақыл-парасат аламын. Осы күннен бастап мен сүйіспеншілікті таңдаймын. Ізгі хабарды айтудан ұялмаймын, қорқыныштан дірілдемеймін. Қорықпай сүйемін.

Ойлануға арналған сұрақтар

1. Адамдарды қорықпай сүйу үшін қандай практикалық қадамдар жасай аласыз?
2. Отбасыңызда бір мәселе туралы «біздің» проблема деп емес, «оның» проблемасы деп айтылады ма?
3. Өміріңізде осалдықтың немесе ашықтықтың жоқтығы сүйіспеншіліктің болмауына әкелген кездер бар ма? Мұны өзгерту үшін не істей аласыз?
4. Өміріңізде бір жасалған қатенің кесірінен өзіңізді тұлға ретінде тұтастай қателік сияқты сезінген сәттеріңіз бар ма? Осы «мен жасаған қате = менің бар болғаным қате» деген теңдік қай жерде пайда болды?

БӘСЕКЕДЕН ТЫС

5. Құлағаннан (күнә жасағаннан) кейін тұруға қорыққан кезіңіз болды ма? Мүмкін бұл қазір болып жатқан шығар. Осы туралы досыңызбен немесе жұбайыңызбен ашық сөйлесуге тырысыңыз.
6. Қорықпайтын әйел мен абайсыз әйелді ажырата аласыз ба?



MessengerX


Күн сайынғы шәкіртшілігіңізге арналған қосымша

Толықтай тегін!

Мобильді құрылғыңызға жүктеп алыңыз да, пайдалана беріңіз! Немесе сайттағы веб-нұсқаны қолданыңыз:



MessengerX.com



125+ тілде және мұнымен шектелмейміз



125-тен астам тілдегі материалдарды көріп, жүктеп алыңыз.



Материалдарды достарыңызбен бөлісіңіз немесе оқу тобын бастаңыз.



Жаңа материалдарды үнемі қосып отырамыз.

Көріңіз. Оқыңыз. Тыңдаңыз.

Ресурстардың кең көлемді кітапханасына курстар, электронды кітаптар, аудиокітаптар, қысқа метражды фильмдер енді, қалағаныңызды тыңдауыңызға, оқуыңызға немесе көруіңізге болады.




Ең маңызды салаларда ілгерілеу

Отбасы, салауатты қарым-қатынас, өмірлік мақсатыңыз, порнографиядан азаттық, сенімді жетілдіру, Құдайдың даусын есту, кәсіптегі көшбасшылық және тағы басқа тақырыптарды терең зерттеңіз!

Өсіп-жетілу жолы


MessengerX -тің мақсаты – өмір жолындағы келесі қадамыңызды жасауыңызға көмектесу. Біз сізге шәкіртшіліктің сара жолын ұсынамыз. Осы жолда адаспауыңыз үшін керек құралдарды дайындап қойдық.



Қосымшаның тамаша функциялары көңіліңізден шығары сөзсіз!

- Осы материалдарды басқалармен бөлісуге және оқу топтарын ұйымдастыруға көмектесетін қолайлы құралдар.
- Chromecast пен AirPlay-ды пайдаланып, бейнежазбаларды смарт теледидарыңыздан көре аласыз.
- Ілгерілеуіңізді барлық құрылғыңызда сақтай аласыз. Өзіңіз ұнатқан материалдарды кітапханаңызға сақтап қойып, кез келген уақытта жылдам таба аласыз.
- Материалдарды құрылғыңызға жүктеп алып, офлайн көре аласыз.
- Қолайлы іздеу мен фильтрді пайдаланып, керегіңізді жылдам таба аласыз.
- Аудиокітаптардың, Киелі Кітаптың тарауларын, мадақтау әндерін автоматты түрде өз ретімен тыңдай аласыз!

MessengerX - 1-2-3 тәрізді оп-оңай!



- 1 MessengerX** қосымшасын App Store немесе Google Play-ден жүктеп алыңыз
- 2** Қосымшаға тіркеліп, материалдарды өз тіліңізде көріңіз
- 3** Өзіңіз ұнатқан материалдарды көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз, жүктеп алыңыз әрі басқалармен бөлісіңіз


Өзіңіз шәкірт болыңыз, басқаларды шәкірт етіңіз

MessengerX ұжымына қосылып, өзге тілдерге аударылған ресурстарды әлемнің әр түкпіріндегі адамдарға жеткізуге үлес қосыңыз.

Өйткені әрбір адам білім алуға лайық!



MessengerX.com



Терең құдықтар мен тілек құдықтары

«Сынақтар мен қиындықтар біздің шын мәнінде кім екенімізді түсінуге көмектеседі; олар біздің болмысымызды ашып, біздің неден жасалғанымызды көруге мүмкіндік береді».

ЧАРЛЬЗ СПЕРДЖЕН

Терең тұлға болғыңыз келеді деп ойлаймын. Бірақ өміріңіздің терең болуын қаласаңыз, қолға күрек алып, қаза бастауыңыз керек.

Чарльз Спердженмен келісемін: өмір сынақтарында шынымен де көп нәренің ашылары анық. Әйтеуір, өз өмірімде солай. Оларды ұстазымыз деп атайды, бірақ түптеп келгенде қандай шәкірт болатынымыз өзімізге байланысты. Төмен баға алған күндерім де болды. Ондайда алған бағамды түзетуге тырыстым. Шынымды айтсам, әрқашан мінсіз бола бермейтін шығармын, бірақ абыроймен өмір сүруге тырысамын. Және өмір сынақтарына деген көзқарасымның қандай боларын өзім таңдаймын. Мен

оларға хабаршы ретінде қараймын ба, әлде өзімді аяп, сорлы кейіпке түсемін бе?

Өмірімізде болып жатқан нәрселердің барлығын өз қалауымызша өзгерте алмаймыз, сондай-ақ басқалардың біз туралы айтатын сөздеріне тосқауыл қоя алмаймыз, дегенмен, осы немесе басқа жағдайларда өзімізді қалай ұстайтынымызға қатысты дәрменсіз емеспіз.

Бізде таңдау мүмкіндігі бар, ол бізге реакцияларымызды толық бақылауға мүмкіндік береді. Жоғарыда Спердженнің сөзінен үзінді келтірдік, ал енді оның сынаққа деген жауабымыздың қандай болуы керек екені жайлы не айтқанын қарастырайық.

«Мен өзімді Мәңгілік жартасына лақтыратын толқынды сүюді үйрендім».

Бұл – өмірімізде орын алатын оқыс жағдайларға деген стандартты емес, күтпеген реакция. Жақында немерем Софияның суда ойнағанын тамашалаудың сәті түсті. Ол толқындарға қарай қуана жүгіріп, суға түсті. Толқын оны қанша рет аяғынан шалып, суға құлатса да, мәз-мейрам... Өйткені, бұл жай ғана ойын. Аяғын жерге тірейді де, су бетіне қайта шығады, шаттана күліп, көзін уқалап, жаңа толқындарға қарай ұмтылады.

Спердженнің айтып отырғаны – адам құласа, мерт болатын немесе жарақат алатын жартасты жағалау емес, қайта, біздің құтқарылуымыздың жартасы, Мәсіх. Тағдыр соққысына деген реакциямыздың қандай боларын шешуге күн сайын жаңа мүмкіндігіміз бар. Қорғаныс позициясында тұруды таңдасақ, аяқтан шалатын мәселелерден сол күйі арыла алмай өтеріміз хақ. Ал егер кішіпейіл болсақ, бұл қиындықтар арқылы Киелі Рух өмірімізді тереңдікке толтырып, бізді шын мәнінде құдайшыл адам ете алады. Өмір сынақтары бізді кемітпейді, бірақ шын мәнінде кім екенімізді, ішкі дүниеміздің қандай екенін көрсетеді. Біздің болмысымыз бұрынғы немесе қазіргі жетістіктерімізге емес, Мәсіхке және Оның істегеніне негізделген. Сынақтан өткенімізде, Мәсіхке ұқсай түсеміз, нығайып, мызғымас боламыз. Шынында да, Мәсіх – менен

әлдеқайда асып түсетін, мызғымайтын Жартас. Ол өмірімнің өзегі әрі бағыты. Түнде тыныштық табатын Панам, таңертең тіреу болатын Жартас. Біздің үмітіміз де, тірегіміз де – Мәсіх қана.

Топырақты дайындау

Енді судан қатты жерге аяқ басайық. Мен Колорадоның ең әдемі жерінде тұрамын, өлкеміздің табиғаты кейде жасыл жамылады, бірақ көбінесе қуаң әрі құнарсыз. Сондықтан мен үшін өмірімді кеуіп кеткен топырақпен салыстыру қиын емес. Біздің өңірде ауа райы өте құрғақ болғандықтан, топырақ қатты. Бірақ бақшамның топырағы кеуіп қалса да, жүрегімнің жұмсақ болып қала бергенін қалаймын. Бір нәрсеге ренжісем, мейлі жеңіл-желпі нәрсе болсын, мейлі ол қауіп төндіретін нәрсе болсын, менің аумағыма біреу басып кіріп, жан дүниемнің тың топырағын жыртып кеткендей сезімде боламын. Жыртылған топырақтың арасынан жер астына қайта тығылмақ болып жыбырлған зиянды жәндіктерді байқаймын. Мен олардың жер астында жорғалап жүргенін көремін. Сосын олардың көзімнен таса қалып жүріп, некемнің тамырын кеміріп, достықтың өркенін әлсіретіп, өсуімнің үрдісін бәсеңдеткенін түсінемін. Мұндайда (және бұл мен қалағаннан әлдеқайда жиі орын алады), менің Әкеммен әңгімем келесідей болады:

«Жо-жоқ! Не деген сұмдық! Бұл қалай? Көктегі Әкем, көріп тұрсың ба? Сен менің жаңағы сөзімді естідің бе, санама қандай ой келгенін байқадың ба?» Ол былай деп жауап береді: «Лиза, бұл сен үшін аян болды, бірақ Мен үшін емес. Бұл құрттар көптен бері сенің жан дүниенді мекендеп алған. Сен олардың жүрегіңде қала бергенін, болашақ егіңіңе қауіп төндіргенін қалайсың ба? Осы сұраққа жауап беретін уақыт келді».

Зейін қоя қарасам, әлі көктеп шықпаған тұқымдарды байқаймын. Бұл – уақытты қажет ететін нәрселер. Яғни, менің өмірімде және отбасымда әлі орындалмаған Құдайдың терең

уәделері. Мен тіпті олардың бір күні көктеп шығатынына да күмәндана бастаймын. Әкем сабырмен түсіндіреді:

«Бұл індет өте тез таралуда. Таңдау әрқашан өзіңде, сылтау айтып, зиянкестердің істерін жылы жауып қоюға болады. Бірақ олар өздігінен құрып кетпейді. Егер жұқпалы аурудан құтылғың келсе, одан сөз жүзінде де, іс жүзінде де бас тартып, Маған оны жоюға рұқсат ет».

Сол зиянкестердің шын мәнінде қандай екенін көргенімде, адам баласына деген қызғаныштың, күмән мен қорқыныштың жеркенішті құрт-құмырсқасынан бас тартамын.

«Жарайсың! Ал енді, мына арамшөптерді көріп тұрсың ба? Оларды да жұлып тастайық. Топырақ жырттылып, қопсып тұрғанда, арамшөпті жұлу – оңайырақ. Енді оның орнына Менің Сөзімнің тұқымын себейік».

Тоқтай тұрыңыз! Бұл нағыз шайқас қой. Көзден таса, топырақтың астында жүрген құрттар бір жөн, алайда қылтиып көрінген әрбір жас өскінді жұлып тастап, уәденің орындалуын күту – бір басқа. Арамшөптерді әлі де біраз уақыт қалдыру керек пе деген ақымақ ойға келемін. Ең болмағанда, жаңа өскіндер пайда болғанша, тиіспесем қайтеді? Оларсыз мен шөбі жоқ жалаңаш жер тәріздімін. Мен сөз таластыра бастаймын:

«Ием, менің топырағым құнарсыз әрі бос көрінеді ғой».

«Лиза, жемісті көргің келе ме, әлде жемісті болғың келе ме?»

Бұл қазіргі ұрпаққа сұрақ. Сырт келбетіміз болмысымыздан маңыздырақ па? Тек жемісті болып көрінуге ғана ұмтылсақ, өсудің төрт кезеңін ымыраға аламыз. Жасырын егілген нәрсе бір күні анық болады. Мен ауыр күрсінемін.

«Жарайды, рахмет».

«Келістік».

Міне, мен көк желексіз жалаңаш қалған жер сияқтымын, бірақ ұялмаймын, өйткені енді менің ішімдегі уәделер кедергісіз өсетінін білемін. Сынақтар мен қиыншылықтар жерді тазартады және болашақ өсуге кедергі келтіретін барлық нәрселерді

жояды. Осындай кездесулер бізге болашақ әлеуетті тазарту және дайындау үшін қажет. Міне, «сынақ» сөзінің баламалары: тәжірибе, қиыншылық, емтихан, ауырсыну мен азап, қасірет, сыналу немесе сынға түсу.

Жоғарыда келтірілген тәжірибелерден қолайсыздықты сезінген кезде біз әлсіз және күшті жақтарымызды анықтаймыз. Бірге және бөлек бұл сынақтар жанымыздың құрғақ, тақыр жерлерін босатып, оны келесі жаңа кезеңге дайындауға көмектеседі. Маңызды дайындық жұмыстары болмаса, Құдай Сөзіндегі ылғалдың көп бөлігі өмірімізге сіңбейді. Біздің жүрегіміз суды сіңіре алмай, құрғақшылықтан қатып қалған топырақ сияқты болады. Құрғақ топырақ дайындалмаса, жаңбыр жауса да, молшылықтың ортасында отырып, қуаңшылықты бастан кешіреміз.

Сынақтар Құдайымыздың қандай екенін көрсетеді.

Сынақтардың мақсаты туралы бұрынырақ сөз қозғасақ, сіздің сол жайындағы пікіріңізбен толық келісер едім. Егер сіз Құдай Сөзіне сай өмір сүрсеңіз, ешбір жамандық көрмейсіз дер едім мен сол кезде. Мен де жас әрі ақымақ болдым, уақыт сынына төтеп бере алмайтын ілімдерге мен де сендім. Бұларды терең ілім деп ойладым, ал шын мәнінде мұндай ілімдер үстіртін деңгейде өмір сүргеніме себепші болды.

Маған өмір мен құдайшылдық үшін қажет нәрсенің бәрі шынымен де Құдай Сөзінде жасырылған, бірақ шындық өмірімізге еніп, өз жұмысын атқаруы үшін бізді тізе бүктіретін өмірдің қиындықтары. Осы тұрғыдан алғанда, Құдай Сөзі өмір сапасын жақсартуға арналған ұсыныстар жиынтығы емес, өмірдің шынайы сөздері.

Өміріңнің топырағын қопсыт

Менің өмірімде бір қысқа және түсініксіз кезең болды, өйткені мен кей нәрселерді жасыруды жөн көрдім. Исаны жақында ғана қабылдаған жас сенуші едім, тұрмысқа шықтым және өмірімнің топырағын қопсытуға әлі кіріспеген кезім. Тек бетінде көрінетін бірнеше сызаттар болды. Бірақ бәрі кенеттен өзгергені есімде.

Құдайға риясыз құлшылық етіп, сеніммен сиындым. Бағушының әйелі мәртебесіне ие болдым, демек, менің өмірімде шешуді қажет ететін еш мәселе жоқ деп ойладым. Керемет тыныштықпен мен Құдайды өмірімнің топырағын қопсытуға шақырдым. Бір күн өтер-өтпестен, бұл сөзіме өкіндім.

Құрметті Көктегі Әке!

Мен сенен өмірімнің топырағын қопсытуды сұрадым ба? Сөзімді қайтып алсам, болады ма? Эмоцияға беріліп, ағат сөйлеппін. Мен Сенен өмірімді бақ безендіргендей безендіруіңді ғана сұрамақ едім.

Сөзімді қайтып алуыма мүмкіндік берілмеді. Киелі Рухтың жетелеуімен мен «қопсыт» деген сөзді айттым. Көптеген басқа мәсіхшілер сияқты, менің де өмірім терең тілектер мен үстіртің дұғаларға толы еді. Осынау қауіпті сәтке дейін дұға еткенімде, жүрегім бос қалатын. Айтқан сөздерім өміріме өзгеріс әкелмеді, өйткені мен бағышталғандықтан емес, міндет ретінде дұға еттім. Басқалардың дұға еткенін естіп, мен де солай дұға еттім. Иә, олар маған дұға – Құдаймен сөйлесу екенін айтты, бірақ мен өзімнің Құдай тағының алдында, періштелердің арасында тұрғанымды ойлайтынмын. Және, менің ойымша, мінәжаттарым періштелерге ерсі көрінетін.

Бұл ойлар менің дұғаларымды жүрегімді дүбірлеткен үмітсіздік дауылынан сақтай алатын сөздерге айналдыруыма кедергі болды. Әлдебір зор нәрселерге құштармын, оның не екенін өзім де білмеймін.

Дұғаларымды тереңдету үшін Құдайдың сынақтарды қолданатынын енді білемін. Құдайға өмірімнің топырағын қопсытуға рұқсат бергенімде ғана, жүрегімде жұмыс істеуіне қалай мүмкіндік бере алатынымды білдім. Мен кез келген қиындыққа немесе сынаққа қарсыласатынмын! Қиындықтарды батыл түрде жеңудің орнына, ескі әдеттердің құрсауында қала беретінмін. Қиындықтан жеңіліп бара жатқанымды сезсем, қашып кететінмін. Егер қашу сәтсіз болса, қиындық әйтеуір өзінен-өзі сейіліп кетер

деген үмітпен бұғып қалуға тырысатын едім.

Өмірдің қиындығынан қорқып, әрі оған ашуланатынмын. Басқаларға да, өзіме қатал бола түсетінмін. Құрметті оқырманым, егер сіз де солай істесеңіз, мынаны біліңіз: өзіңізді қинаудың еш қажеті жоқ, өмір онсыз да тым ауыр. Бірнеше ондаған жылдар ішінде түсінгенім, Спердженның сөзі дұрыс екен. Өткен күндерге бұрылып қарасам, Құдай Сөзі біздің кім екенімізді айтып екен. Және сынақтарға берген жауабымызбен біз өзіміздің неден жасалғанымызды көрсетеміз. Өмірдің сынақтары бізді кім болғанымыздан, болғымыз келетін адамға айналдыратын күшке ие. Бірақ біз шайқасқа шықпай-ақ батыр атана аламыз деген өтірікке сеніп қалыппыз.

Терең құдықтар

Жан дүниесі таяз емес, тұңғыық терең адамдарды ұнатамын. Оларды терең құдықпен салыстыруға болады. Құдықтағы судың бетін ғана көреміз, алайда тұңғыықта сақталған сыр көп. Терең құдықтардың бөлісер сыры бар, айтары бар, мен олармен арадағы әңгімелерді өте ұнатамын. Бұл – талай сынақтан өткен адамдар. Ондай сынақтарда басқа құдықтар лайланып, ластанар еді. Бірақ мен айтып отырған адамдар суын мөлдір де таза күйінде сақтап қалған құдықтар іспетті. Терең құдықтар айналасындағыларға сергектік сыйлайтын субұрқақтарға айналады. Терең құдыққа үңілсең, су бетінен өз бейнеңді ап-анық көре аласың. Терең құдықпен сөйлескенде, сіз ол туралы емес, өзіңіз туралы талай нәрсені ұғасыз.

Сондай әйелдердің бірнешеуімен таныспын. Оларды жақынырақ білгіңіз келеді. Мен олардың жанында аздап жасқанамын, өйткені менің әлі де көптеген сұрақтарым бар. Олардың қасында өзім сөйлегеннен гөрі тыңдағанды ұнатамын. Олардың әрбір сөзін қалт жібермей тыңдауға тырысамын. Олар сияқты, мен де терең құдыққа айналсам деймін, бірақ құдықтан гөрі, шалшық суға ұқсайтын сәттерім әлі де көп.

Кейде терең құдықты тану үшін өз жүрегіммен жұмыс істеуім керек. Терең тұлғаларға менің қандай кітаптар жазғаным, қандай конференцияларда уағыз айтқаным қызық емес. Ондай жетістік өздерінде де бар. Олар тереңге үңіледі. Менің айналама берерім емес, жүрегімді немен толтыратыным қызық оларға. Олар менің жұбайым, балаларым мен немерелерім туралы сұрайды, жүрегімдегіні білгісі келеді. Қай тұсқа басу керектігін және қай есікті ашу керектігін біледі. Құлып атаулыны ашып, жүрегімдегіні түгел ақтарып шыққанымды өзім де байқамай қаламын. (Мұным күйеуіме ұнамайды.)

Сырымды ақтартатын – қысым емес, мейірім.

Осынау терең құдықтарды кездестіргенімде, көп нәрсені түсінемін. Мұндай адам болу үшін өмірге деген салауатты көзқарас керек. Тереңдікті сатып алу мүмкін емес, оған ұмтылу керек. Адал болуға батылымыз жеткенде ғана, осыған қол жеткіземіз. Осыған орай айтарым, тереңдік үзбей жаттығу арқылы шынығатын бұлшықетке ұқсайды.

Тілек құдықтары

Бірде Джон екеуімізге рекрутингтік агенттік хабарласты. Ойын-сауық телеарналарының бірі жаңа телешоу шығармақ екен. Қазіргі әлемдегі адамдарды ойландыратын кейбір өзекті мәселелерді рухани тұрғыдан қарастыруды ұйғарыпты. Мұндай ұсыныстар бұрын да түскен. Осындай реалити-шоуларға шақыру алғанымыз бар, мұндай бағдарламаның кейіпкері болғым келмейтінімді анық білдім. Оларға қатысуымның мән-мағынасы жоғын қызметкерлеріме де айттым. Бірақ қоңырау шалған адам оларды бұл жолы телешоу мүлдем басқа сипатта болатынына сендірді. Бағдарламаның мақсаты адамдар сұрақтарының жауабын, мәселерінің шешімін қауымнан іздейтін баяғы күндерді қайта жаңғырту екен. Зор құлықсыздықпен әйтеуір келістік.

Джон екеуіміз екі қалада едік, сондықтан студиямен байланысқа интернет арқылы шықтық. Бірнеше сұрақтар қойылды, біз оларға

шынайы және тікелей жауап бердік. Шынымды айтсам, олар бізге екінші рет қоңырау шалады деп ойламадым, бірақ олар бізге тағы хабарласты. Продюсер біздің ынта-ықыласымыз ұнағанын және бізден тағы да сұхбат алғысы келетінін айтты. Бұл жолы біз Skype арқылы бір сағат сөйлестік, сұхбатымыз жазылды. Қойылатын сұрақтардың тізімін алдын-ала жіберді. Бірінші сұрақ:

«Он алты жасар қызым өзінен үлкен және жыныстық тәжірибесі бар жігітпен жыныстық қатынаста. Ол оның өміріндегі бірінші адам. Мен ана ретінде оның дәрігерге көрінуін және контрацепцияны қолдануын сұрауым керек пе? Не істегенім дұрыс?»

Көп ойланудың қажеті болған жоқ, санамда бірден «жоқ» деген сөз пайда болды. Кәмелетке толмаған қыз бала ата-анасының үйінде тұрады. Мен ойланбастан жауап беріп, Киелі Кітаптың азғындықты қолдамайтынын, міндетіміз күнәдан қашу екенін түсіндірдім. Мен бұл отбасына бас қосып, қыз бен оның жігітіне бұдан былай кездесуге тыйым салынатынын, бұл тыйымның себебін түсіндіруге кеңес бердім...

Жауабымды аяқтамай тұрып, жүргізуші сөзімді бөліп жіберді. Сондағы айтқаны: а) олардың жыныстық қатынасы бәрібір жалғаса береді, б) олар біздің Киелі Кітаптан үзінді келтіргенімізді қаламайды, тек рухани кеңес алғысы келеді. Содан кейін ол сұрақтардың тізімін жасағанын және олардың бірі жеке өзіне қатысты екенін айтты. Бұл әйелдің сіңлісі ер адаммен жыныстық қатынаста екен, ал анасына не істеу керектігі туралы кеңес керек. Сұхбатты жалғастырудың қажеті жоқ екенін сол кезде түсіндік.

Бағдарлама продюсерлері біздің Киелі Кітаптан тәлім беретін ұстаз екенімізді біле тұра, Киелі Кітаптан үзінді келтіргенімізді қаламады. Олар бізден терең рухани жауаптар алмақ, бірақ Киелі Кітапқа жүгінгенімізге қарсы. Бұл шынымен де мүмкін бе? Құдайдың кеңесінен тыс шынайы даналық бар ма? Ал егер мен New Age-дің әлдебір сарапшысының сөздерін келтірсем, олар қарсы болмас еді.

Олар бізден құлаққа терең мағыналы естілетін, ал шын мәнінде үстіртін ғана жауаптар күтті, тілек құдығы деген – осы.

Олар қақтығысқа бармақ емес, Құдай салған тыйымдарды еске салып, көрермендерін ренжітуден аулақ. Бағдарлама жүргізушілері күнә жасайтындарға бата беріп, жамандықты ақтауымызды қалады. «Болар іс болды, адамдардың қатесін бетіне баспай-ақ, сыпайы сөздермен шектелейік» деп алдын-ала келісіп алған болса керек. Олар ымырашыл болуды жөн көрді, бірақ сонымен бірге шындыққа жақын нәрсені естігісі келді. Олар мәсіхшілік қағидаларының ашық емес, жасырын түрде жариялануын күтті. Иә, олар Құдайдың ұлы екендігімен келіседі, бірақ Иса мен Киелі Кітап есіктің ар жағында қалсын.

Басқаша айтқанда, олар менен келесідей бірдеңе естігісі келген: «Иә, ана ретінде қызыңызға қамқорлық жасаңыз, қызыңыз дереу ЖЖБИ-ге тексерілсін. Оған қажетсіз жүктіліктен қорғану үшін сақтық шараларын қабылдауды үйретіңіз. Келесіде оның жігіті келгенде, әкесі екеуіңіз қызыңызды қазына ретінде бағалайтыныңызды айтыңыз. Оған жасөспірім қызыңыздан жасы үлкен екенін, жыныстық қатынаста қызыңыздан гөрі тәжірибелі екенін құрметтейтініңізді айтыңыз. Ол сіздің отбасыңыздан сыйлық ретінде бір орама мүшеқап қабылдауға қалай қарайтынын сұраңыз. Сөйтіп, сіз оның қызыңызға жыныстық жолмен тарайтын ауру жұқтырмайтынына көз жеткізу үшін қолыңыздан келгеннің бәрін жасайсыз».

Бұл кеңестің қаншалықты өрескел екенін көріп тұрсыз ба? Дегенмен, продюсерлердің ойын түсінемін. Олар Киелі Кітаптағы шындықты естігісі келмеді, олар өз қалауының құдығына түсіп кетті. Олар Джон екеуімізге: «Біз сізге сұрақ қоямыз, ал сіз, адамдардың қалауын қанағаттандырыңыз. Олардың күнәсіне бата беріп, көңілін аулаңыз, өтінішіміз сол» дегендей.

Көптеген мәсіхшілер жан-дүниесін тереңдетудің орнына, өз қалауларының құдықтарын қазады деген күдігім бар. Көптеген әйелдердің қалауы терең, бірақ өмірлері – үстіртін. Олар өздері

ұстанатын дүниелік ақыл-кеңестер тек өз дауыстарының бос жаңғырығы екенін біледі, ал басқаны білгісі келмейді... Сондықтан олар бос қалау құдығына қанағаттанады. Өз өмірлеріне қатысты қалаулары мыналармен шектеледі:

Мұны айтпау.
 Мұны істемеу.
 Ана жігітке тұрмысқа шықпау.
 Мына жігітке тұрмысқа шығу.
 Мектепті бітіру.
 Көбірек дос табу.
 Пәленшеге ұқсау.
 Ана затты сатып алмау.
 Мына затты сатып алу.
 Көбірек дұға ету.
 Киелі кітапты көбірек оқу.
 Тәртіпті болу.
 Сабырлы болу.

Тек тілек арқылы бәрін алу мүмкін болса ғой...онда бәріміз әдемі, керемет, күшті және батыл болар едік. Уолт Дисней: «Түс – ұйықтап жатқанда жүректе пайда болатын қалау» деген екен. Бұл сөзбен толықтай келісемін, бірақ армандар мен тілектер оянып, әрекет еткенімізде ғана шындыққа айналады. Қалау армандарды қозғайды, біз істі қозғаймыз. Жақсы қалау жеткіліксіз, жақсы әрекет керек. Жан-дүниеміз сонда ғана тереңдейді.

Алданудың қаупі

«Ешкім өзін-өзі алдамасын! Араларыңдағы қайсыбіреуің данамын деп ойласа, ол күнәкар дүниенің пікірінше «ақымақ» болып Мәсіхтің ілімін ұстансын; сонда ол Құдайдың даналығына ие бола алады! Өйткені осы күнәкар дүние нені даналық деп есептесе, сол — Құдай алдында ақымақтық. Киелі

жазбада «Тәңір Ие данышпан делінгендерді қулықтарынан ұстап алады», — деп жазылған ғой. Жаратқан Ие данышпан делінгендердің «ойларының бекерлігін біледі де!» — деп те жазылған» (1-Қорынт. 3:18–20).

Иә, бұл жерде: «Ешкім өзін-өзі алдамасын» деп жазылған, бірақ әйел адам өзін-өзі оп-оңай алдай алатынын бәріміз білеміз. Неліктен адам, мейлі еркек болсын, мейлі әйел болсын, өзін-өзі алдауға құмар? Шын мәнінде, ешкім саналы түрде өзін алдағысы келмейді. Бірақ күйеуім жиі айтатындай: «Өтіріктің мәселесі – ол алдамшы».

Өтірік барлық заттарды, адамдарды, жағдайларды және кеңестерді бұрмалап көрсетеді. Өтірік Құдайға мойынсұнуды заңшылдықтың бұғауы етіп көрсетуі мүмкін. Ол жаныңның дұшпанын досыңның дауысымен сөйлетуі мүмкін. Өтірік шындықты бұрмалап, жамандықты жақсылыққа, ал жақсылықты жамандыққа ұқсас етіп көрсетеді. Өтірік, енді неге сенетініңізді ажырата алмай қалғаныңызша, суды лайлай береді. Осындай қауіп-қатерге тап болатынымызды алдын-ала білгендіктен, Құдай



**Бізге керегі не:
осы заманның
даналығы ма,
мәңгілік даналық
па?**

бізге қанша уақыт өтсе де, өзгермейтін және мәдениет пен адамдардың сезімдеріндегі өзгерістерге ұшырамайтын стандарт берді. Біздің стандартымыз – Құдайдың Сөзі, оны ұстанатын адамдар – нағыз әділ адамдар.

Таңдау – өзімізде. Бізге керегі не: осы заманның даналығы ма, мәңгілік даналық па? Қайсыбір жаратылыс өзін Жаратушысынан ақылды санаса, өзін-өзі алдау жолына түседі. Түрлі жағдайлар суды лайлап жатқанда, Құдай Сөзінің ғана айқындығы берер құдіреті бар. Киелі Жазбаға терең бойламасаңыз, ақымақтықты даналықтай көретін боласыз. Өтірікке сеніп, арамдықты адалдық деп, жымысқы ниетті ақпейілділік деп қателесесіз.

Есіңізде болсын, жыланның даналығы арамдық пен айлаға оранған. Айла өз құрбанын пайда көресің деп алдайды, бірақ іс

жүзінде ол мүлде басқа мақсатты көздейді. Жылан бетперде киіп, одақтас атын жамылып, Адам ата мен Хауа анаға құпия білім алып келді. Ол шынайы, жанашыр дос болып көрінді және Адам ата мен Хауа анаға Құдайға ұқсау жолын, жақсы мен жаманды ажырата білу құралын ұсынды. Осы дәрежеге Құдайдың хикметін тыңдамасаңдар да жетесіңдер деп уәде берді. Адам мен Хауа алданып қалуға ұмтылған жоқ, олар жыланның уәде еткеніне қол жеткізуді қалады. Олар жыланның сөздеріне сенуден бас тартудың орнына, Құдай оларға өтірік айтты деп сенуді таңдады. Жылан оларға құдайлар сияқты боласыңдар деп уәде берді, бірақ шын мәнінде олар Құдайдан ажырап қалды. Киелі Жазба былай деп ескертеді:

«... адамдардың барлығы бірдей өтірікші болса да, Құдай берген сөзінен таймайды» (Рим. 3:4).

Алданудан шығу жолы – тәубе етіп, адами даналығымызды ақымақтық деп мойындау, Мәңгі әрі Дана Құдайдың алдында кішіпейіл болу. Өтіріктен бас тартып, ақиқатты қабылдауға дайын болғанымызда, жүрегіміз тәубе етуге дайын болады.

Шайтанның алдамшы уәделері бүгінде бүкіл жер бетінде жаңғыруда. Бір кездері оның ұсынысы Құдайдың өсиетінен гөрі жұмсақ, мейірімді және әлдеқайда пайдалы болып көрінді. Сараптай келе, екеуінің қайсысы тиімді деп ойлайсыз? Жемісті жеп, ажал құшасың ба, әлде жемісті жеп, даналыққа жетесің бе? Жылан адамның менмендігі мен ақымақтығын өзіне қарсы пайдаланады. Өзі ойлағаннан да дана екеніне сенгісі келмейтін адам бар ма? Сондықтан шайтан бізге жағымпазданады. Шындық мынада, Мәсіхтен тыс даналық жоқ. Мәсіхтен тыс, уақыт пен жердегі тәжірибемен шектелген білім ғана бар.

«Құдай Рухы: «Соңғы дәуірде кейбіреулер сенімдерінен бас тартып, жалған рухтарға құлақ салып, жындар үйреткен ілімдерге еретін болады», — деп анық айтады» (1 Тім. 4:1).

Жалған рух әрқашан Құдай Сөзінен тыс білім бар деп айтады. Ол бізді қазіргі заман басқа, Құдай бір кезде айтқан сөздерін ұмытып кетті деген ойға сендіруге тырысады. Бұл рухтар жыланның сөздерін қайталайды: «Құдайды тыңдама, өз құдайың өзің бол». Көптеген адамдар мұны байқамайды, өйткені олар бақсылық пен шайтанға табынатындар ғана алданып қалады деп ойлайды. Алайда, көбінесе жалған рухтар мен жындар бізге бір нәрсені көрсетеді, ал олардың көздейтіні – мүлде басқа. Егер сіз мәсіхші болсаңыз, олар сіздің жаныңызды ала алмайды, сондықтан олар сіздің күшіңізді тартып алып, құдығыңызды ластау үшін бәрін жасайды. Қазіргі заманда дүниедегі құдайсыз нәрселердің көбі мақұлданған. Киелі Жазба былай деп ескертеді:

«Сол бір кексе әйелдердің бос аңыздарынан бойыңды аулақ ұстап, Құдайға ұнамды жүруге жаттыға бер» (1 Тім. 4:7, 8).

Мұндай әңгімелердің еш зияны жоқ, өйткені ол кексе әйелдер айтатын жай ғана бос аңыздар ғой деп ойласаңыз, қателесесіз. Шын мәнінде, олай емес. Көркем бейнелер арқылы тыңдаушыға әлдебір ақиқатты үйретуді көздейтін ертегі емес, бұл – жындардың ұрлап, сойып, құртуға арналған ілімдері.

Құдайдың кеңесінен тыс шынайы даналық жоқ.

Иса біз естігіміз келетін нәрсемен шектелмейді, ол тереңірек бойлап, нені естуіміз керектігін айтады.

Суды өз құдығыңнан ал

Әрқайсымыздың ішімізде нағыз құдық бар. Бұл біздің жанымыз, су алатын жеріміз. Еремия пайғамбар оны су қоймасы деп атайды.

«Себебі Менің халқым екі түрлі зұлымдық жасады: олар Мені, «тірі судың қайнар көзін», тастап кетті және өздеріне арнап «құдықтар» қазып алды. Сол «құдықтарының» жырық

тесіктері болғандықтан, оларда су сақталмайды» (Ер. 2:13).

Жан-дүниеміз терең құдық тәрізді де, таяз су сияқты да болуы мүмкін. Су деңгейі қабілетімізге қарай, көтерілуі немесе төмендеуі мүмкін. Құдық қанша терең болса да... Су қоймасында жарықшақ болса, ол суды ұстай алмайды. Уақыт өте келе құдықты тереңдетуге және нығайтуға болады. Біздің жанымыз да – құдық сияқты ыдыс. Бұл жерде біз өзіміздің ең терең тілектерімізді, қорқыныштарымызды және армандарымызды сақтаймыз.

Кейде құдығымдағы су ұзақ уақыт қозғалыссыз тұрып қалады. Кейде ағын пайда болғанын сеземін. Қалай болғанда да, құдықта әрқашан су бар, мейлі таяз болса да, құдықтың жартысына ғана жетсе де, асып төгілсе де. Ертеде жаулар құдықтарды көміп тастайтын немесе ластайтын болған, өйткені су өмірдің көзі екені бәріне мәлім. Дұрыс емделмеген жан жараларымыз сондай құдық іспетті.

Құдығымыздағы судың асып төгілгенін сезгенімізде, оны ашып, жүрегіміздің терең түкпіріндегі қайғылар мен армандардың сөйлеуіне мүмкіндік береміз. Құдығым бітеліп қалғандай күй кешкенде, кейде оны ашып, жанымды сергіту үшін ән ғана керек. Шат күлкі мен жақындарым және құдайшыл достарыммен бірге өткізген уақыт құдығымды мөлдір суға толтырады. Құдайдың Сөзін оқысам, күнделік жазсам немесе дұға етсем, ыстық күнде субұрқақтың жанында отырып, салқын сусын ішкендей сергіп қаламын.

Өткен-кеткені бар әйелдер

Барлығымыздың өткеніміз бар. Біреулердің өткен өмірі жарқын, енді біреулердікі – солғын. Кейбіреулердің өткені жақсы, басқалардыкі – қорқынышты. Мәселе өткен өміріңіздің мейірімді немесе қатыгез болғанында емес; Біз атақ-абыройдың немесе ұяттың көлеңкесінде өмір сүру үшін жаралған жоқпыз. Біз бүгінгі күннің нұрында, жарқын болашаққа көз тігіп, өмір сүру үшін жаралғанбыз. Әділдердің үлесі – осы.

Адами болмысымыз өткенге қарап, өткен-кеткенді айтуға

бейім екенін байқаймын, ал Құдай алға қарап, болашағымызды жариялайды. Адамдардың әңгімелерін тыңдау жақсы, бірақ жарқын болашаққа аяқ басу үшін олардың армандарын білу әлдеқайда маңызды.

Мен көп саяхаттап, көптеген қауымдарда қызмет етемін, мыңдаған әйелдерге үмітке толы уағыз айту мәртебесіне ие болдым. Жиналыс кезінде:

«Өміріңізге жасалған шабуылдар сіздің өткеніңізден емес, болашақтағы әлеуетіңізден туындайды»

– деп жариялағанымда, олардың жанары қалай жарқырайтынын көрсеңіз ғой. Кенеттен олар өздерінің өмірбаяны әлі аяқталмағанын түсінеді. Олар осы әлемге белгілі бір мақсатпен келгенін, өмірінің мәні бар екенін, сол себептен жаудың нысанасына айналғанын түсінеді. Олардың сол сәттегі түсінгенін сіздің де түсінуіңіз керек. Мәселе өткенде емес, мәселе әрқашанда тек болашағымызда. Иә, бізді жасаған таңдауымыздың салдары күтіп тұр. Мен оны түсінемін. Дегенмен, сіз қалай қателессеңіз де, Құдай қазірдің өзінде сіздің алдыңызда жүріп, жолсыздан жол жасауда.

Өткенге қарап, қате әрекетіммен алдымнан ашылған жалғыз есікті жауып тастадым деп уайымдайсыз. Білесіз бе? Бұл өтірік. Иә, бұл есік жабық, бірақ артқа қарасаңыз, сізге басқа есік ашылғанын көресіз. Бұл есік – басқа есік, оған кіру қиынырақ болуы мүмкін, бірақ егер сіз Құдаймен бірге әрекет етсеңіз, Ол сізді әрқашан қажет жерге апарады. Терең әрі берік құдық қазып, одан су алу үшін қажетті құралдарды әрқашан береді.

Мәселе мынада, көпшілігіміз жарылған және таяз құндықтың қасында отырып: «Қап, басқаша басқаша әрекет еткенімде ғой! Бәрін бүлдірдім-ау!» деп жылаймыз.

Бұл мүмкін емес! Сіз, қымбатты құрбым, соншалықты құдіретті емессіз. Өткені бар әйел болу болашағы жоқ әйел болу дегенді білдірмейді. Өткені бар әйел болу адамдарға сіздің

болашағыңызды басқару құқығын беру дегенді білдірмейді. Сіздің болашағыңыз тек Құдайдың қолында. Аврелий Августин құдықтарымызды тереңдету туралы жақсы кеңес береді: «Биікке көтеріліп, шарықтамақсыз ба? Төмендеуден бастаңыз. Аспанмен бой таластыраар мұнара салуды жоспарлап отырсыз ба? Оның негізін кішіпейілділіктен қала».

Иса бізбен ең төменгі нүктеде бір рет емес, бірнеше рет кездесуді қалайды. Көбінесе біз Исаны құтқарылудың бастапқы сәтінде кездестіруіміз керек екенін түсінеміз, ал содан кейін Ол өз тағдырымызды өзімізге таспырып, бізді тастап кетті деп ойлаймыз. Бұл түбегейлі қате пікір. Алдымен біз Оны Құтқарушы Иеміз ретінде кездестіреміз, содан кейін, кішіпейілділік таныта отырып, Оны жанымызды қалпына келтіретін және жүрегіміздегі саңылауларды түзететін Шипагеріміз ретінде кездестіреміз.

Таяз суға бату

Құтқарушылар курсында оқып жүргенімде мен жыл сайын адамдардың көпшілігі қауіпсіз жерге таяу суға батып кететінін білдім. Суға бататындар – көбінесе жас балалар (бес жасқа дейінгі), тәуекелшіл жастар (жиырма мен жиырма бес жас аралығындағы ерлер) және қарт адамдар (алпыстан асқан). Бір қызығы, суға батқандардың жартысына жуығы қауіпсіз жерден екі-ақ метр қашықтықта ажал құшады. Олар дүрбелеңге бой алдырып, құтылу амалын жасаудан жаңылады. Сондықтан адамдардың талайы тереңдігі бір метрден аспайтын таяз суда батып кетеді. Дүрбелеңге салынбай, сабыр сақтаса, аяғымен жер тіреп, көмек келгенше тік тұрар еді немесе суда тербеліп жатар еді. Суға кеткен адамды көбінесе тұңғыық емес, үрей өлтіреді. Бейқам адамдар судың қауіпті екенін түсінбейді және маған ешқашан еш қауіп тәнбейді деген ойды ұстанады.

Таяз суға батып кететін әйелдер қатарында болмайық. Киелі Рухтың топырағымызды терең қазуына мүмкіндік берейік.

Тірі құдық

Жердегі саяхатымыздың соңында бәріміз: «Жақсы» дегенді естігіміз келеді. «Жақсы» сөзі өзімізге тапсырылған істі қалай атқаратынымызды сипаттайды. Адам өмірі мен сүйіспеншілігі туралы айтатын болсақ, «мінсіз орындалды» деуге келетін ештеңе жоқ. Жұмысын жақсы атқаратын өзіміз сияқты адамдар ғана бар. «Жақсы» сөзі – бәрімізге берілетін сыйлық. Бұл сөз «сау әрі салауатты» дегенді білдіреді. Ол қателесіп, құлап қалатын, бірақ әр жолы қайта тұратын адамдарды сипаттайды. Неше рет құласақ та, әрқашан қайта тұруымыз керек.

Бізді қолдайтын тереңдікке қол жеткізбек болсақ, осындай көзқарасты дамытуымыз керек. Нақыл сөздер кітабында (24:16) жазылғанды қарастырайық:

«Жеті рет жығылса да әділ жан,
Қайта тұрып кетер орнынан,
Ал зұлым құрып кетер апаттан».

Қиындық пен қасірет – өмір мектебі. Құлағаныңызда қайта тұруға қанша күш жұмсайтыныңызға қарап, әр сыныптағы сабақтардың құнын білуге болады. Тұрыңыз, айнаға қараңыз да, қанша қиын болса да, қатенізді мойындаңыз. Ал күнәкарлар үшін құлау ажалмен тең.

«Ал зұлым құрып кетер апаттан».

Есіме екі бағушы түсіп отыр, екеуі де дарынды, нағыз көшбасшы, екеуі де сүрініп, құлаған болатын. Бірақ қайта түзелудің екі түрлі жолын таңдады.

Бір бағушы қауым жетекшілері мен кеңесшілер тобы ұсынған жоспарды орындады. Бұл адамға, оның әйеліне және бүкіл отбасына жоғары талаптар қойылды. Олар бәрін тастап, бұрынғы достарынан және ұзақ уақыт бойы өмір сүрген ортасынан алшақ басқа қалаға көшіп, өздері негізін қалаған қауымды тастап кетуге

мәжбүр болды. Олар жаңа рухани жанұя тапты, сол қауымның мүшелері оларға рухани сауығу жолында қолдау көрсетті. Бұл отбасы тек осындай түбегейлі өзгерістер ғана қалпына келуге көмектеседі деген нық сеніммен мүлдем жаңа өмір бастады.

Олар кейде өздеріне әділетсіздік жасалғанын, тым жоғары құн төлеуге мәжбүр болғанын сезінген болар деп ойлаймын. Бір кездері дос санаған адамдарынан қорлық та көрген болар. Қарым-қатынаста қателесу – әр адамға тән нәрсе. Бірақ бұл отбасы жүректерін реніштен сақтады, олар өткенге бұрылмай, болашаққа қарап өмір сүруге шешім қабылдады.

Бірде Джон сол бағушымен кездесіп, біраз сөйлескен еді. Ол кісінің қызметінде де, рухани өсу жолында да тыныштық орнаған кез болатын. Уақыт өте берді, олар алған бетінен таймады. Қазір бұл жұп толыққанды өмір сүріп жатыр, некелері берік, балалары табысты адам болып есейіп келеді. Олар Америкадағы қауым ұйымдастырумен айналысатын үлкен ұйыммен бірігіп жұмыс істейді. Осы қызметі арқылы олар алған өмірлік сабақтарын басқалармен ашық бөлісе алады, басқа жетекшілердің рухани сауығуына септігін тигізе алады және өздерін сүріндірген қателіктен басқаларды сақтандыра алады. Олар неше рет құласа да, қайта тұрды. Оңайға соқпаса да, қиындықты еңсерді.

Екінші бағушы басқа жолды таңдады. Джонның сол кісімен жазбаша пікірталасқа түскені есімде. Күйеуім оны қандай жағдай болмасын шыдамды болуға шақырды. Ол келісті. Бірақ бақытсыздық орын алып, бағушы мен оның әйелі басқаша әрекет етті. Олар өздеріне ұсынылған қалпына келтіру үдерісінен бас тартуға шешім қабылдады. Қауым жетекшілері олардан мағынасыз істерді талап етіп, әділетсіз талап қойды деп ойлады. Бір жағынан солай болған да шығар... бір Құдай біледі.

Ең өкініштісі – өкпе-ренішке беріліп, олар бұрынғы күнәларына қайта оралды. Олар өздеріне жасалған әділетсіздік атаулыны теріп, сөз етумен болды. Өкінішке орай, олар ешқандай сабақ алған жоқ.

Қатемізге сабақ емес, үкім ретінде қарайтын болсақ, көп

ұзамай, қайта сүрініп, тағы да құлаймыз. Бір рет құлағаныңыз сіздің сәтсіздікке ұшырағаныңызды білдірмейді. Жер басып жүрген әрбір адам қиындыққа кезігеді. Бұл ереже бәрімізге бірдей қатысты. Кейбір адамдар қайғы-қасірет пен қолайсыз жағдайға абыроймен төтеп береді, басқалары олай емес. Менің өмірлік тәжірибем аз емес, неше түрлі жағдайлар мен алуан түрлі адамдарды көрдім, не айтып отырғанымды білемін. Адамдар сізді ренжітіп, көңіліңізді қалдырады; кейбіреулері әдейі, басқалары білмей істейді. Өмір кейде қиыншылық, кейде қолайсыздыққа толы болады. Кез келген адам, қалай болғанда да, кей кезде сәтсіздікке ұшырайды. Дегенмен, тамаша бір ақиқат бар. Өмірімдегі кейбір қиындықтардың ауыр болғаны сонша, есімнен еш кетпес деп ойлаған едім. Бірақ олардың көбі ұмытылып кетті. Неліктен дейсіз ғой? Мен орнымнан тұрдым да, алға қарай жүре бердім. Жол-жөнекей жаңа қиындықтарға тап болдым. Содан бері талай жағдай басымнан өтті, отызымда жеңемін деп үміттенбеген сол бір апаттар елу жасымда магистр дәрежесіне жеткізді.

Әрбір сүрінуіміз әлдебір нәрсені үйреніп, өмірлік сабақ алуымызға мүмкіндік береді. Кедергілер мен қиындықтарды тани бастаймыз. Қауіпсіздік белдіктерінің мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін біз оларды тексереміз. Құдайдың Сөзіне терең бойлай береміз, ол жолымызды жарық етеді. Қайта тұрған сайын, қабілеттеріміз шыңдала түседі. Құдық тереңдеп, Киелі Рухтың тірі суына тола береді.

Адалдықпен мәреге жету

Ағылшын тілінде «жақсы» сөзі мен «құдық» сөзі бірдей жазылып, бірдей айтылады. Құдық та – бұлақ немесе субұрқақ сияқты су көзінің бір бейнесі. Өміріміз бен күш-қуатымыздың көзі – тірі судың бұлағында болса, басқа адамдарға сергектік сыйлай аламыз. Тірі судың терең құдықтары су көзінің сарқылмайтынын біледі. Сонда адамдар бізге қарап, таяз жылғаның түбінде шашылған тиындарды емес, Құдайдың ғажап адалдығын көреді.

«Жарайсың, жақсы да адал қызметшім» деген сөзді естуіміз жұмыстың аяқталғанын растайды. Киелі Кітап жақсы аяқталған немесе соңы жамандыққа соқтырған оқиғаларды және астарлы әңгімелерді көптеп баяндайды. Нұх пайғамбар ұзақ жылдарын кеме жасауға арнады. Самсон, көр соқыр болып қалса да, өмірлік сапарын Құдайдың құдіретін паш етумен аяқтады. Мәсіхті жоққа шығарушы Петір мен Мәсіхті құдалаушы Пауыл, сайып келгенде, Құдайдың құдіретімен қызмет етіп, таңғажайып жол жүріп өтті. Ал, шығынын есептемей-ақ үй салуға кіріскен тағы бір адам бар. Ол ісін жақсы бастады, бірақ жұмысын аяқтай алмай, жұртқа күлкі болды (Лұқа 14:27–29 қараңыз). Қожайынынан ат басындай бір күміс алған тағы бір қызметші бар еді, оны қожайын қайтып келгенше жерге көміп сақтауды жөн көрді. Алтын-күміс жерден өспейді, сондықтан күмісті қазып алғанда, оның қолындағы қаражат бастапқыдан бір мысқал да артық не кем болмады. Тапсырылған істі бастаған жерде аяқтап, қызметші зұлым әрі жалқау атанды, онымен қоймай, сыртқа, қара түнекке тасталды (Мат. 25:14–30 қараңыз).



**Өмірдің қарқыны
емес, жарысты
жақсы аяқтау
маңызды.**

Осы оқиғалардың үшеуінен де байқайтынымыз – өмірдің қарқыны емес, жарысты жақсы аяқтау маңызды. Табанды, адал, жүйелі мойынсұнушылық ара-тұра лап еткен ынта-жігер мен кей кезде ғана болып тұратын белсенділікті әрқашан жеңеді. Ал егер жолда сүрініп немесе тіпті құлап қалсақ, қайтсек те, қайта тұрып, дұрыс бағытта жүре беруіміз керек, сонда Құдай бізді мәреге жеткізеді.

Өмірлік жолымызды дұрыс жүріп өтуіміз үшін терең, берік құдық қазуымыз керек, бастаған ісімізді адал аяқтау үшін өмірімізді Құдайға толық бағыштауымыз қажет. Өз қалауының құдығын кез келген адам қаза алады, бірақ біздің жұмысымыз Құдай Сөзімен нығайтылған және Киелі Рухтың бастауынан мөлдір суға толған терең құдық қазу. Осы істе Жаратқан Иенің керемет

БӘСЕКЕДЕН ТЫС

сыйы — өмір мен Құдайың теңдесі жоқ уәделері табылмақ.

Ойлануға арналған сұрақтар

1. Қазіргі кезде Құдай өміріңіздің қай саласын «қопсытуда»?
2. Жан-дүниесі терең әйелді қалай сипаттар едіңіз?
3. Киелі Кітапқа жүгінбей, рухани адам болу мүмкін бе?
4. Құдығыңызды дұрыстап күту үшін не істегеніңіз жөн?

Бәсекелесі жоқ Құдайдың қызы

«Тиран дүние салып қуатынан айырылады,
шейіт дүние салып қуатына енді жетеді».

СЁРЕН КЪРКЕГОР

Бір әйел

- Дүниедегі ең құдіретті де қатыгез билеушіге ашық бағынбады.
- Ізгі хабарды асқан батылдықпен уағыздады.
- Көптеген құдалауға, азғыруға һәм қинауға төтеп беріп, Ізгі хабарға, жолдастарына және Құдайына деген адалдығын сақтап қалды.
- Түрмеге қамалды, бірақ қажымады.
- Бойдақ күйінде қалды, алайда еш жалғыз емес-ті.
- Елшілер қатарына енді, алғашқы қауымды зерттеген тарихшылар оның қызметін кереметтер тұрғысынан үздік атады.

Кім туралы айтып отырмыз деп ойлаған боларсыз. Таңқалсаңыз, түсінемін. Бұл әйел туралы өзім де жуырда ғана естідім. Қауымның

анасы атанғанымен де, аты уақыт өтісімен ұмытылды. Бірнеше рет сол бір әйелдің ержүректігі жайында естігенім бар-ды. Ол туралы көбірек білгім де келді. Осы аты аңызға айналған әйел туралы бірталай әңгіме естіп, қауым тарихы туралы бір кітапқа сай оның егжей-тегжейлі хикаясын құрастыра бастадым. Ізденісімнің барысында Киелі Кітап зерттеушілерімен хабарластым, интернеттің дерегін ақтардым және бірталай кітап сатып алдым. Атын білген бойда ол туралы біршама бейне қалыптастырып өмірін елестете алдым, енді сол бір әйелмен сізді де таныстырғым келеді.

Есімі Фотина, кейде оны Фотини деп те атайды. Бұл грек аты «ағартылған» дегенді білдіреді. Фотина есімін шомылдыру рәсімінен өткен кезде қабыл алды. Бәріміздің өмірлерімізді толтырғандай, Иса оның да өмірін нұрға толтырды. Табанды мәсіхші ретінде ол жоғарғы бөлмеде жиналған шәкірттердің арасында болды. Он екі шәкіртке Киелі Рухтың құдіреті қонғанда, Фотина оған куә болды. Оның да үстіне от тілі түскен сәт бар. Ол да басқалармен бірге Киелі Рухқа толып, өзге тілдер дарынына ие болды. Алғашқы өнім мейрамы күнінде Фотина да Ізгі хабарды жердің шетіне дейін уағыздау тапсырмасын алды.

Батыл әпкеміз өзін бұғағанның бәрінен кері айналып, жайлы өмірінен бас тарты да Африканың қиыр шетіне жетті. Ол жалғыз бармай, туыстарының барлығын дерлік өзімен бірге алып кеткен. Исамен кездесу өмірін өзгерткені сонша, ұлдарының екеуі де нәм бес әпкесі Иемізге бет бұрды. Фотинаның өзі, ұлы Жүсіп және апа-сіңлілері, Иса айтқандай, жердің шетіне дейін жолға аттанды (1:8).

Африкада олар адал еңбек етіп, Карфагенде Мәсіх туралы Ізгі хабарды таратып, керемет өнім әкелді. Император Неронның бүкіл империядағы мәсіхшілерді зорлық-зомбылықпен құдалап, түрмеге қамап жатқанын білгенде, Фотина Құдайдың даналығын іздей бастады. Иса түсінде көрініп, оған Римге барып, билеушінің алдына келуді бұйырды. Сондықтан Фотина, императордың қаһарынан жасырынудың орнына, ұлы мен әпкесімен қоса Карфагеннен келген көптеген сенушілерді ертіп, кемеге мініп Римге аттанды.

Олар сенімдерін ашық мойындаудың салдарынан хабардар-ды. Қасындағылар олардың сенімдерін жасырын сақтауларын өтінді де. Фотинаның ұлы Виктор римдік әскерде бір лауазымға ие еді. Басшысы Себастиан мен Виктор арасында мынадай сұхбат орын алды.

«Виктор, өзіңнің, анаңның және ағаңның Мәсіхтің соңынан еретіндеріңді білемін. Досың ретінде императордың еркіне бағынуыңды өтінемін. Мәсіхшілер жайлы шағым етсең, мүліктеріне ие боласың. Анаң мен ағаң хат жазып, Мәсіх туралы көпшілік алдында айтпауларын өтінемін. Сенімдерін жасырын түрде мойындасын». Виктор: «Ағам мен анам сияқты мәсіхші дінінің уағызшысы болуды қалаймын», — деп жауап берді. Себастиан: «Әттең, өзіңді, анаң мен ағаңды не қайғы күтіп тұрғанын екеуміз де білеміз», — деді.

Сеніміміз апатқа әкелетінін біле тұра, қайсымыз сенімінде табанды болып қала берер едік? Кейін Виктор анасының, ағасының және әпкесінің тағдырын бөлісті. Қарастырылған қолжазбада Фотинаның Нерон императормен кездесуі жайында мынадай сөздер жазылған:

«Фотинаның келіп жетуі және қызметі қалада бірталай қызығушылық тудырды. «Бұл әйел кім?» деген сұрақ халық ойынан шықпас-ты. «Ол көптеген ізбасарларын ертіп келіп Мәсіхті зор батылдықып уағыздайды», — дейтін сол елдің тұрғындары. Сарбаздар сол бір әйелді император алдына әкелу бұйырығын алды, Фотина болса оларды алдын ала күтетін. Сарбаздар оны ұлы Джозефпен және мәсіхші достарымен қоса Нерон алдына келтірді. Император келулерінің себебі жайында сауал қойғанда Фотина: «Сізге де Мәсіхшілік ілімін уағыздағалы келдік», — деп жауап берді. Рим империясының ақымақ билеушісі Фотинаның жүрегіне үрей қондырмады. Фотинаның императорды адал жолға түсіргісі келді!»

Неронның Ізгі хабарды қабылдамай қоюы таңырқатпас. Ол Исаның қолындамын дегендердің қолдарынан темір таяқпен ұруды бұйырды. Сарбаздар Фотинаны жолдастарымен қоса сенімдері үшін ұрып-соғуға әкетті. Үш сағат бойы олар

тұтқындардың қолдарынан темір таяқтармен ұрды, алайда сенушілер жазалаушылардың күші таусылғанша еш ауыртпалық сезбей забур жырларын әндетті.

Нерон ұрып-соғудың оларға әсер етпейтінін білгенде, сенушілерді түрмеге қамап, Фотина мен әпкелерін сенімнен бас тартуға көндіру жоспарын құрды. Бұл жолы император сенушілерді өз еркіне мейірімділік арқылы бағындыруды көздеді. Неронның бұйрығымен император сарайында алты тақ қойылды. Тақтардың алдарында Рим империясынан ғана табылар байлықтың түр-түрі қойылды. Император еш әйел қарсы тұра алмайтын зергерлік бұйымдар жинау үшін шығын аямады. Әр әйелдің алдына асыл әшекейлер мен керемет киімдер қойылды. Осылардың барлығы мен салтанатты өмірге жеткізер жол да оңай-ды: императордың тек талабы Фотина мен жолдастарының Мәсіхтен бас тартып Рим жалған тәңірлеріне бір құрбандық шалулары ғана еді. Ұсынысының жағымдылығын одан да асыру үшін Нерон қызы Домнинаны да іске тартты.

Домнина залға кіре салып Фотинаны жылы қарсы алды да, әңгімесінде Мәсіхтің есімін атап өтті. Фотина қателесіп Домнинаны мәсіхші сіңлісі санады. Қатты құшақтап, сенімдегі туысы сияқты оған Мәсіхтің сүйіспеншілігі мен ұлылығы туралы ашық айта бастады. Домнина шындығын жасыра алмады, алайда сенімге қарсы тұрудың орнына сенімді қабыл алды. Әңгімені ханшайымның күңдері де естіді, олар да Ізгі хабарды тыңдап, сенімге бет бұрды. Фотина Домнина мен қызметшілеріне әшекейлерді Рим көшелеріндегі қайыршыларға таратуды ұсынды. Домнина шомылдыру рәсімінен өтіп, жаңа есім алды.

Неронның ашуына шек болмады. Ол Фотинаны әпкелері мен ұлдарымен қоса отқа жағып өлтіруді бұйырды. Бұл үшін үлкен бір ошақ салынды, алайда сол ошақтың оты сенуші бауырластарымызға еш зиян тигізбеді. Бұдан кейін Нерон оларды үмен өлтіруді бұйырды. Жазалаушы келгенде, Фотина залалды сусынды өз еркімен бірінші болып ішеді, алайда ү не оған, не отбасына еш әсер етпеді. Сусынды әкелген кісі болса, адал жолға

бет бұрып мәсіхшілік іліміне берілді. Тұтқындар түрмеде тағы үш жыл кешті де үш жыл бойы зұлым императордың ойына келген қинаудан еш зиян шекпей өтумен болды.

Алайда императордың сенушілерді құртуға деген талпынысы неғұрлым артса, олар жайлы хабар соғұрлым кең тарай берді. Тұтқын сенушілердің табандылығы туралы сөз империяның түкпір-түкпіріне тарағанда сол бір түрме Құдайға ғибадат жеріне айналды. Рим тұрғындары Ізгі хабар есту үшін сенушілерге үнемі жолығып тұрды. Үш жыл бойы Рим түрмесінен Ізгі хабар уағыздалды, солайша көптеген римдіктер сенім жолына түсіп құтқарылды.

Нерон түрмеге қамалған бұрынғы қызметшілерінің бірін шақырып алды, сол адам да оған болған оқиғаны толығымен айтып берді. Бұдан кейін император Фотинадан басқа түрмедегі барлық мәсіхшілердің басын кесуді бұйырды. Фотинаның өзін болса, қайғы мен жалғыздық арқылы табандылығынан тандыруға үміттенді, сондықтан да оны түрмеден шығарып, терең, қараңғы әрі құрғақ бір құдыққа тастауды бұйырды. Кейбір дерек көздері бойынша, Фотина басында зор күйзеліске ұшырады. Бірнеше апта бойы ол ашық қабірде жалғыз-ды. Бұл Фотина үшін зұлмат күндер болды, алайда шеккен қайғысы отбасы мен жолдастарынан айырылғанынан емес-ті. Фотина олардың жердегі түрмеден босатылып, көктен баспана тапқанын білетін. Ол ұлдары мен әпкелері сияқты шейіт болу мәртебесінен айырылып, сол арқылы шейіттік тәжінен құр қалғанынан қынжылды. Оқығаныма сай, бұл кезең ол үшін ең қиын көрінеді.

Қарастырған тарихи дерек көздерінің барлығы да бұған куә. Бір нұсқаға сәйкес, ол құрғақ құдықтың түбінде ажалын тапты, алайда қайтыс болуына түрткі күйзелісі емес, өзінің шешімі еді. Ол Стефан сияқты түсінде Құтқарушы Иемізді көріп, жанын тапсыруды ұйғарды. Басқа жазбалар Фотина құдықтан көтеріліп қайта түрмеге жабылғаннан кейін ғана түсінде Құдайды көріп о дүниеге аттанды дейді.

Қалай болғанда да, Фотинаның өмірі көптеген адамдарға нәр берді, ол сергітетін тірі судың терең құдығы болды.

Қазіргі шейіттер

Фотинаның жанкүйерлері болмаған шығар; бұл әйелдің таратқан іліміне сенгендер құдаланды. Бұл әйелде менің қалаған бір нәрсем бар. Меңзегенім – келер күндерде бәрімізге қажет бір қасиет — шайқалмас табандылық. Дүние мәсіхшілік үшін қолайлы болғанда қауымдар өсіп-өнеді. Бірақ сынақ кезеңінде табанды шәкірттер пайда болады. Атақты католик тарихшысы Кристофер Генри Доусон былай жазды:

«Қауым жазалаушылардың таяқтары мен балталарының астында өсіп өркендеді, сенушілер азаптау мен өлім қаупінде өмір сүрді. Азапталу жайындағы ой ертедегі қауым тарихының ажырамас ерекшелігі еді. Алайда сенушілердің жүректерінде үрей емес, табандылық пен үміт ұялайтын. Сенімі үшін азап шеккендер кемел сенуші әрі қауымның ескі дүниемен қақтығысындағы қаһарманы саналатын. Тіпті сынаққа төзе алмай, діннен тайғандар да шейіттерді құтқарушылары әрі қорғаушылары ретінде көрді».

Біз азғындық пен зорлық-зомбылыққа толы заманда өмір сүрудеміз. Одан да нашарлай алмас деп ойлаған сайын... дүниеміз нашарлай береді. Сенушілер әлі де шейіт болып жатыр, алайда ашу-ыза толқынын көтерудің орнына, әлем бей-жай қалуда. Жүрегім ауырғанымен, еш таң қалмаймын. Жақында Америка топырағында мәсіхшілік мектеп оқушылары қарулы адамның шабуылы кезінде сенімдері үшін шейіт ретінде қайтыс болды, ол сенімге беріктердің басына, ал сенімнен бас тартқандардың аяғына оқ атты. Бұқаралық ақпарат құралдары мұны өшпенділік тұрғысынан жасалған қылмыс деп атаудың орнына, қаруды бақылау мәселесін талқылады.

Киелі кітапті дұрыс түсінетіндер жеңілдік пен азаттықтың әлемдік көшбасшылар тарапынан келмейтінін біледі. Алайда бұл қара түнек алдында үнсіз қалуымыз керек дегенді білдірмейді. Жоханның 1-хатында (4:4) жазылғандай, біздің тірі аян болуымыз керек:

«Ал, балаларым менің, сендер Құдайдансыңдар, жалған пайғамбарларды жеңіп шықтыңдар. Өйткені сендердегі Киелі Рух күнәкар дүниені билеп тұрған шайтаннан құдіретті».

Әлемнің түрлі елдерінде мәсіхшілердің басы кесілуде. Бұл жайттардың бейнежазбалары да айқышын арқалаған әркімге айтылған ескерту ретінде таратылуда. Бұған қарап, қылмыскерлер біздің кім екенімізді еске алды, алайда біз өз сипатымызды ұмытып кеттік деп ойлаймын.

Бірталай уақыт бұрын мұсылман сарбаздары Кениядағы мәсіхшілер таң дұғасы үшін жиналған колледждің ғимаратына басып кіріп, жиналғандардың бәрін атып тастаған. Одан кейін қарулы адамдар жатақханадағы студенттерге жақындап, діндерін сұрады. Бұл жолы да өзін мәсіхші деуге батылы жеткендердің барлығы өлімге кесілді. 150-ге жуық адам қаза тапты, басқа көптеген адамдар жарақат алды. Осы қазалар үшін жауапкершілікті алған ұйым әлеуметтік желілер арқылы сол бір жайттың тек бастама екенін мақтан етіп, айқышын арқалағандарға бұдан да көп азап келтіреміз уәде берді.

Мәсіх үшін азап шегуге дайындалатын уақыт келді. Қауіпсіз ұсталып, Одан бас тартқаннан гөрі табанды да батыл болып азапқа дайындалу жақсы. Біздің де азапқа шәкірттердің қарағандары сияқты қарауымыз керек.

«Жоғарғы кеңестен шыққан елшілер Иеміз Исаның аты үшін қорлық көруге лайық деп саналғандарына қуанды. Олар күн сайын ғибадатханада және үйлерде тәлім беріп, Исаның Мәсіх екендігін уағыздауларын тоқтатқан жоқ» (Елшілердің істері 5:41, 42).

Мәсікке деген сенімі үшін соққыға тап болған адамды кездестірдіңіз бе? Иеміздің есіміне бола қорлауды қабылдауға лайық болғанына қуанған адаммен сөйлесіп көрдіңіз бе? Өзім үшін жауап – иә. Бұл әулиелер зардаптарында тірі Исаны кездестірді, сондықтан да өмірлері жарқыраған қасиеттілікке толы. Олар мен аңсаған тәжге ие болды. Мәсіхшілік үшін өмірлерін қатерге тігіп еңбек сіңіргендермен кездескенім бар. Бұл адамдарға күн сайын дерлік қауіп төнеді. Көбінесе бұл кітаптарымызды аударудағы асыл аға-әпкелерім. Менің қатерсіздікте жазғанымды олар бастарына қатер төндіре аударады. Көбінесе олармен қатар еңбектенуге лайықсыз сезінемін. Олардың өмірі Пауыл елшінің Қорынттықтарға бірінші хатында жазған сөздерін есіме түсіреді:

«Біз де неге сағат сайын басымызды қауіп-қатерге тігеміз? Мен күн сайын өліммен бетпе-бет келемін. Бұл — нағыз шындық, бауырластарым, Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы өмірлеріңді мақтан тұтатын мен осыны айтамын» (15:30, 31).

Батыстың әлсіздігі

Ашық айтуыма рұқсат етіңіз. Батыс қауымының жағдайынан үрейленемін. Өкінішке орай, қазір оның есіміне кір келтіретіндерді жиі кездестіретін шығармыз. Кейде өзімнің енжарлығым мен өзімшілдігімнен мазасызданамын.

Жақында Джон екеуміз түскі ас үстінде бірнеше бағушымен сөйлескенбіз. Олар өз қауымдарында некеден тыс жыныстық қатынас — күнә екенін үнемі ескертетінін айтты. Қауымдағы сенушілер мұны естігенде таңқалып, сылтау айтады екен. Еркек пен әйел үйленбей-ақ бірге тұра береді де мұнысын бәрібір бір күні үйленеміз деп түсіндіреді. Олардың пікірінше қазір-ақ жыныстық қатынасқа түсуде еш күнә жоқ.

Басқа бір қызметкер әйелімен ажырасқалы жатқан әйгілі бір мәсіхші көшбасшы туралы ұайымдағанын айтты. Киелі Кітапта ажырасуға рұқсат беретін бірнеше шарт айтылған. Ол

көшбасшының некесінде ондай ешбір себеп жоқ. «Ажырасудың кесірінен әрі кетсе бір жылдай ғана уағыз айта алмаймын, бірақ кейін өмірім қалпына келер» деп санаған екен ол. Өкінішке орай, ол ойы дұрыс болып шыққан шығар. Адамнан қорқу бізді күнәдан сақтудан қалды. Зұлымдықтан аулақ болуымызға Құдайды терең қастерлеу ғана түрткі бола алады.

Киелі Рух құдіретін анық көрсете жүздеген әйелдерге айқыштарын көтеріп, Исаның соңынан еруді тапсырған бір қызметтен кейін аталмыш жетекші сахнаға шығып, жиналған әйелдерге сөз қатып, «Әлдене істеулерің керек емес, Құдайға сендердің бар болғандарың жеткілікті» депті. Сол сөзі дұрыс па екен?

Иеміз Иса құдайы тұлғасын тастап, өз еркімен біз үшін масқаралануға бел бұды. Сол үшін Иса Мәсіхке деген алғысым шексіз де сарықсыз. Қауымға қарап, оның дүниемен қаншалықты жақындасып та, тіпті, кейде, араласып кеткенін байқаған сайын әбден абыржимын.

Өткен-кеткені бар әйел

Фотинаның хикаясы басқа еді. Ол да бір кез күнәға батқан-ды, оның да қоғамнан тыс саналған кезі бар-ды. Ол заңның билігі астында өмір сүрген, оның өткен-кеткені игі болашаққа деген еш үміт қалдырмайтын.

Тарихи шежірелер осы бір әйелдің өткенін бізге анығырақ ашып көрсетеді. Алғаш танысқанымызда Фотина аты-жөні жоқ, ажырасқан, қоғамдағы игіліктерінен айырылған бір әйел-ді. Өмірі барлық жағынан сәтсіздікке ұшырады; Фотина да мұны түсініп, Ізгі хабарды сұрақтар мен болжамдар түрінде ғана айтты. Мүмкін сіз де, ол сияқты, айналадағыларыңыздың айыптауын сезініп, сеніміңізді тек кеңестер мен сұрақтар түрінде көрсететін боларсыз.

Оларды кешіріңіз.

Сізді өткен-кеткеніңізбен байланыстыратындар Құдайдың рақымы мен қайта туылу құдіреті жайлы аянды бастарынан өткермеген.

Өзіңізге бәлкім сұрақ қойып жатқан шығарсыз. Өзімнің басымнан өткергенім алдымнан бірталай сауал шығарды. Алайда өмірімнің кезінде ең лас жерлері құтқарылу отында тазартылып тұлғамның ең терең құдықтарына айналды. Сенімімізге жаңадан бет бұрғандар тез арада басшы лауазымдарына ие бола қоймасын дегеніміз дұрыс, алайда соған қарамастан да, барлық сенушілер құтқарушы күштің куәгерлері болуға шақырылсын. Исаның асыл рақымын қиянат етпейік те, күнәдан бас тартпауымызды ақтау үшін қолданбайық. (Рим. 6:1, 2 қараңыз). Керісінше, Құдайдың рақымы бізді өзгертсін де жаңа болмысқа ие қылып жігерлендірсін, осылай да өміріміз әділдіктің артуын көрсетіп, жаңа есімдерге куә болады.

Фотина «ағартылған» деген жаңа есімін алғанша оны біз тек ұлтына қарай білетінбіз. Оны Исамен екі арадағы жеке сұхбаты кезінде кездестірдік. Ол бізге таныс самариялық әйел. Кезінде бес күйеуі болған бұл әйелдің күні келгенде бес қарындасымен бірге жұмыс істер болғаны не ғажап! Хош бір жайт, Киелі Кітапта бес саны мейірімділікті білдіреді. Фотина рақым үстіне рақым көрді.

Бұл әйелді әрқашан ұнататынмын. Көп жылдар бойы оны әлеуеті зор әйел ретінде көретінмін. Ол терең бір құдық тәрізді бола тұра өмірінің таязын ғана кешетін. Фотинаның басынан өткерген сынақтары мен шешімдері жүрегінде терең, қараңғы нәм құрғақ бір ор қазып шықты. Дұшпанымыз сол бір ордың мәңгілік қаңыраған бос күйінде қалғанын да Фотинаның оқшау өмір сүріп, бар ниетінен түңілуін қалады.

Жохан жазған Ізгі хабардың төртінші тарауындағы осы әйелдің әңгімесін оқығанымда, әрқашан орнына өзімді қойып көремін. Шәкірттер әбден шаршаған Исаны құдық басында жалғыз қалдырғанды дұрыс көрген болса керек. Қойшылардың отарларын суға айдар кезі әлі келмеген, ал маңайдағы әйелдер суларын үйлеріне таң атысымен әкеліп қойған.

«...Жолдан шаршаған Иса демалу үшін құдық басына отырды. Сағат алтылар шамасында болды. Самариялық әйел су алу үшін құдыққа келді. Иса одан: “Жол жүріп шаршаған Иса құдықтың

қасына отыра кетті. Түс мезгілі болатын, ал шәкірттері қалаға тамақ алуға кеткен еді. Сол кезде құдықтан су алу үшін самариялық бір әйел келді. Иса одан: — Маған ішетін су берші, — деп сұрады. ал шәкірттері қалаға тамақ алуға кеткен еді» (Жохан 4:6–8).

Иса ұзақ жол мен парызшылдардың қоқан-лоққыларынан шаршады. Оның Жақып қазып шыққан ежелгі құдықтың шетінде отырғанын елестетемін. Таяу Шығыстың күндізгі шуағы еш аяусыз, алайда Иса терең құдықтан соққан салқынды сезді. Иса тереңге үңіліп, хикаясына ой жүгіртіп, өз күндеріндегі оқиғалармен салыстырады. Олардың Яһудеяға сапары кенеттен аяқталды; Діни көшбасшылар Исаның да халықты суға шомылдыру рәсімінен өткізетінен білгенде Оны Жақыппен салыстыра бастады, сондықтан да Иса суға шомылдыру қызметін тоқтатты (Жохан 1 қараңыз).

Діни көшбасшылар неліктен шындықты көрмеді? Иса мен Жақыптың мақсаты ортақ-ты. Екеуінің де қызметі көптеген адамдардың өмірлеріне әсер етті. Жылдарға созылған құрғақшылықтан кейін ел аштыққа ұшырады. Енді оларға пайғамбарлық сөз бен Құдай берген уәделердің орындалуы жаңа леп сыйлады. Шомылдыру рәсімінен өту кезінде өмірлері тәубе мен су ағындарында тазару арқылы қалпына келді.

Исаның қызметі қасиетті де үмітке толы еді, алайда айналадағылары бұл қызметтің қадірін білмеді. Сол себептен де Иса Иордан өзенінің жағасынан кетіп шөл далаға аттануға мәжбүр болды.

Иса көзін шаң мен күннен жасырды. Ол осы құдықта демалып, шәкірттерінің қайтып келуін күтуде. Бір кезде Ол Киелі Рухтың былай дегенін естиді: «Осы далада сенің бір мақсатың бар». Исаның санасында бір елес: егістік. Ол көзін ашып құдыққа бір самариялық әйелдің келе жатқанын көреді.

Әйелдің құрдастары таңертең суға келгенде таситындай бір ауыр құмырасы бар екен. Сол ыдысы тура жүрегіндей бос-ты. Бұл әйелдің тасаланғаны сонша, ол тіпті әйелдермен араласудан да

аулақ-ты. Киелі Кітап зерттеушілерінің айтуынша, осы әйелдің құдықтың жанына шалғай түсте келуінің себебі сол уақытта құдықтың жанында еш адамның болмауы еді.

Сонымен, Иса құдыққа келген әйелдің ісін бақылап отыр. Әйел болса, Исаға жалт қарап көзін жасыра қояды. Киімінен Исаның еврей екенін білді. Пайымымыздың кезінде яһудилер самариялықтармен еш араласпайтын, әрі кетсе, оларды менсінбей де қоятын. Құдыққа келген әйел жетердей ауырлыққа төзді, бұрынғы қателіктерін қайталмас.

Бәледен аулақ құдыққа арғы жақтан жақындайды да, ыдысын түсіріп, су алуға дайындалады. Иса оған көз салғанда әйел біраз абдырап сасып қалады. Иеміздің дауысы самариялық әйелді толығымен баурап алады. Талап етуден гөрі, ұсыныс жасағандай Иса әйелден су сұрайды. Аң-таң әйел былай деп тіл қатады:

«Яһуди бола тұра самариялық әйелден су сұрағаның қалай? Яһудилер тіпті самариялықтардың ыдыстарына да қол тигізе қоймайды ғой!» (Жохан 4:9, ағылшын тілінен аударма).

Менсінбеушіліктің күшті болғаны сонша, самариялықпен ыдыс бөліскен яһуди арамданған саналатын. Исаның сұхбаттасының самариялық болғаны жетпестей, ол әйел заты еді. Иса болса ыдысын бөлісуге дайын болды... Иса Жаратқан Иенің қаһарына толы ыдыстан ішуге дейін де барды. Айналадағылары сол әйелді өз ниеттері үшін пайдалануды көздейтін, Иса болса басқа еді. Иеміз оны танып білуді қалайтын. Бәлкім, сол әйелмен сөйлескісі де келген болар. Иса түсініктері таяз діни көшбасшылардың тәкаппарлығынан әбден шаршаған болар. Көпшілігіміз сияқты, Ол үшін де бейтаныс біреуге мұңын жару зор жұбаныш болған шығар.

«Иса: — Егер Құдайдың өзіңе не сыйлағысы келгенін және су сұраған Адамның кім екенін білсең, сен Оның Өзінен су сұрар едің. Сонда Ол саған «өмір суын» берер еді, — деп жауап қатты» (10-аят).

Әйел таң қалды. Жомарт Құдай туралы айтқан бұл адам кім? Бәлкім сол Адамның өзінің де бір құмырасы бар шығар. Бұл сөздерін айтуға құдықтың аузында отырған Адамның не сылтауы бар деп әйел құдықты айналып өтеді. Алайда әйел Исаның сөздеріне мән берер ештеңе көрмеді. Бұл сөздің әйел білетін басқа еркектердің сөзіндей бос болуы мүмкін бе? Қызыққан әйел Адамның тірі суды қалай тартатынын сұрайды.

«Мырза, құдықтан су алатын Сіздің ыдысыңыз жоқ, ал құдық терең ғой. Онда сол өмір суын қайдан аласыз» (11-аят).

Әйел сергітер су терең құдықтан келеді деп санады. Бұл Яһуди Жақыптың қазып шыққан құдығын келеке қылып отырғаны мүмкін бе екен? Бұл құдықтың тарихы да, тереңдігі де, басқалардыкінен әлдеқайда зор. Сонымен, сұхбат жалғаса түседі:

«Мына құдықты қалдырған арғы атамыз Жақыптан да ұлысыз ба?» (12-аят).

Бір қызығы, бұл құдық ғасырлар бойы Жақып құдығы деп аталатын. Жақып есімінің өзі «алдамшы, орынсыз қалдырушы, өкшеден ұстаушы» дегенді білдіреді. Құдай әйел заты мен жылан тұқымының арасындағы дұшпандық туралы пайғамбарлық еткенде, жылан оны өкшесінен шағады деді. Құдай кейінірек Жақыптың есімін Исраил деп өзгертті, ал бұл «Құдайдың әміршісі» дегенді білдіреді.

Бұл жерде ойландырар бір жайт бар: қажеттіліктерін қамтамасыз ете алады деп сенген еркектерден хикаямыздағы әйелдің бірталай рет көңілі қалған. Қазір болса, тұра сол әйел Жақыптың құдығының жанында Исраил халқына уәде етілген Дүние Әміршісімен сөйлесіп отыр. Әйел адасса да, Иса мақсатын жақсы біледі.

Бұл әңгіме құдықтың жағдайы туралы емес, шөлдеген әйелдің шарасыздығы туралы. Иса ең жақсы білгенін істейді... Әйелдің


сұрақтарын елемей тікелей терең қалауларына көшеді.

«Иса оған былай деді: — Мына судан ішкен адам тағы шөлдейді. Ал кімде-кім Мен беретін «судан» ішсе, ол мәңгі бақи шөлдемейтін болады. Мен беретін «су» оның ішінде мәңгілік өмір сыйлайтын, бұрқылдап жатқан «қайнарға» айналады» (Жохан 4:13, 14).

“Кімде-кім” деп Иса дүние бере алатыннан зорды қалайтындардың барлығын қамтиды. Онда яһудилер мен самариялықтар және қазіргі немесе болашақта құдыққа келетіндердің барлығы бар. Бұ дүниенің әрбір құдығы адамның шарасыз шөлінің бір көрінісі.

«The Passion» аудармасында былай жазылған:

«Жақыптың құдығынан ішкен әркім қайта-қайта шөлдей береді» (Жохан 4:13).



Бұ дүниенің әрбір құдығы адамның шарасыз шөлінің бір көрінісі.

Ескі дүниенің құдықтары адам шөлін мәңгіге қандырмайды. Бұл Құдайдың қолынан ғана келеді. Ежелгі құдықтар адамдарға толықтай көмектесе алмады – олардың көзі дүниелік жайттармен шектелген. Кез келген сәт жау дүниелік құдыққа у не лас тастай алады, оған қоса, құрғақшылық құдық көзін мүлдем сарқытып жібере алады.

Ескі құдық сияқты, заң да адам әмірімен уланар да адам ережелерімен ластанар. Самариялықтар Таураттың алғашқы бес кітабын ғана құптап, өз тауларында ғибатат ететін. Еврейлер заңның өзі адам қалаған өмірге жеткізбес деп дәлелдеді, алайда олар ескіше заң көлеңкесінде өмір кешуді жалғастырды. Ежелгі заң мен діни көшбасшылардың міндеті — адам баласының Киелі Рух дарытатын тірі суға деген мұқтаждығын көрсету. Тура сол заң белгілі бір ғибатат орнының болғанын талап етеді. Заң Құдайды

қолжетімсіз етеді. Сонымен, Құдайға табыну ережелер жинағын ұстануға айналады да өмірдің қайнар көзі болудан қалады. Заң билігінде еткен ғибадатымыз тұрақты емес, мерзімді ғана болады. Заң билігінде бола тұра Құдайды алыстан көруге болады да Құдайға жақындауға болмайды. Заң Синай тауын береді, сол жерден Құдай ұлылығын тамашалай аламыз, алайда Оның құшағына түсе алмаймыз.

Құдайға табынатын ғибадатханамыз ішімізде емес, айналамызда болса, бөгде қалу қаупіндеміз. Исаның самариялық әйелмен кездесуі заңның көптеген шекараларын бұзды. Бұл әйел заңға бағынбай, ер адаммен бір шатыр астында тұратын. Қазіргі біршама либералды қауымның өзінде ол «күнәға батқан» деп айтылар еді. Алайда, Иса оның ақауын елемей, жаралы жүрегіне тікелей сөйледі.

Заңның берерінен көрі, талабы артық. Тірі суды бір ыдысқа құю да өлшеу мүмкін емес, тірі су дегеніміз сұйық нұр. Өлі су да өзге. Жақыптың құдығынан ішіп қана қоймай суды өзіңізбен бірге алғыңыз келсе, бір ыдысты қажет етерсіз. Үйіңізге тасыған суыңыз да ыдысыңыздың сиымдылығынан еш аспас. Өлі су жарық шығармайды да өз салмағына ие. Күніне ұсынылған екі литр су ішесіз делік, ол деген екі килограмм. Тамақ дайындауға, үй жинауға, киім жууға, шомылуға төрт адамнан тұратын бір отбасы үшін суды тасып жүрсеңіз, күнде бір арқалағаныңыз он килограммнан асып тұр. Оған қоса ыдысыңыз да өз бетінше бір салмаққа ие, су тасу үшін де белгілі бір қашықтықты жүріп өту керек.

Суға барар жолды күн сайын қайта-қайта жүріп тұру керек. Иса тұрақты және басылмайтын шөл туралы айтады. Бұл әйел Таяу Шығыстың құрғақ шөлінде өсті де өмір бойы шөл білді. Суы қаншалықты салқын болса да, оның сүйіспеншілік, қамқорлық пен қарым-қатынасқа деген шөлін еш құдық қандырмас-ты. Жаны толығымен құрғап кетті. Ниетін толтырып, жанын сергітер нәрсе іздеуінде сол әйел қайта-қайта алдауға ғана тап болды. Әйелдің қалауы пәк-ті, алайда, көпшілігіміз сияқты, ол да аңсағанын бұрыс

жерлерден іздеді.

Сүйіспеншілік іздеудің еш айыбы жоқ.

Өміріңізді басқа адаммен жақын қарым-қатынаста құруды қалаудың еш айыбы жоқ.

Абыройлы өмір қалаудың еш айыбы жоқ.

Мақсатты өмір қалаудың еш айыбы жоқ.

Дос қалаудың еш айыбы жоқ.

Құдайға ғибадат етіп кешілген өмірді қалаудың еш айыбы жоқ.

Қалауы үшін Иса самариялық әйелді келекелемейді де менсінбей қоймайды да. Иеміз әйелдің шөлін қандырамын деп уәде береді де шөлі ақылға қонымды екенін растайды. Иса үмітсіздіктің орнына мәңгілік өмірді ұсынады. Жанының мұңды тұңғығынан Самариялық әйел былай деп жалынады:

«Мырза, бұдан былай шөлдеп, су алуға мұнда келе бермеуім үшін маған осы судан беріңізші» (Жохан 4:15).

Бұл шарасыз зарда мен үміт естимін. Сол әйелдің кейпінен өзімді танымын. Өтінемін, Иса, мені бұл жерге келе беруден азат ете гөр – бұл жер құлдырауымды есіме түсіреді. Ол сияқты мен де жастық кезімде заңға адал қала алмадым. Самариялық әйел сол бір сыйды еңбегінің арқасында тапқан жоқ – ол соны да білетін. Құмарлығына бар мүлкін ысырап етіп енді шөлінің құлдығында қалды.

Иса Самариялық әйелге тірі су беруге дайын еді, алайда алдымен әйелдің ескі болмысынан бас тартуы керек еді. Ол өткен-кеткенін шынымен де артында қалдырды ма? Әйелдің сол күнге дейін тасып жүрген өлі суы бірге тұрған ер адамдар еді – Иса да солар жайында айтты.

«Иса оған: — Барып, күйеуіңді шақыр, өзің де кел! — деді» (16-аят).

Бұнда Исаның билік көрсеткісі келді деп ойламаңыз. Керісінше Иеміз әйел шеккен азаптың түп тамырын айқын көрсетуге

ниеттенген еді. Әйелдің айтқалы ақиқаты раввиннің ықыласын азайта алатын, алайда әйел шындығын тасаламай жайып салды:

«Менің күйеуім жоқ» (17-тармақ).

Бұл ақиқат жүрегіне ауыр салмақ түсірген шығар. Әйел басынан бес сәтсіз некені кешкен-ді. Сонымен бірге ол еш кінә сезбей жүріс-тұрысын ақтауға бел бумайды – айтқаны жалаңаш та жексұрын ақиқат қана.

«Иса оған: — Күйеуім жоқ деп шынықты айттың. Бес рет күйеуге шыққансың, ал қазіргің күйеуің емес. Мұны дұрыс айттың, — деп жауап берді» (17, 18-аят).

Шындықты жасырмайтындар мен күналарын батылдықпен мойындайтындарға Иса қол ұшын созады. Әйел ақиқатын ашып салғанда Иса да өткергенінің хикаясын пайымдады. Бес ер адам оны әйелім атады да кейін тастап кетті. Кейде айналадағыларының сол бір әйелді сөккендерін түсіне қоймаймын. Әжем төрт рет үш ер адаммен шаңырақ құрды. Ол құрбан емес-ті; қате таңдау өзінен шыққанды. Алайда Самариялық әйелдің жағдайы басқа болуы мүмкін. Шындығын, әлбетте, білмеспіз. Әйел заң бойынша өмір сүретін, демек, күйеуі некесін өз қателігі санаса, әйелімен ажыраса алатын. Алайда, заң бойынша, әйел өз еркімен некесін аяқтай алмайтын. Қайтадан күйеуге шыққысы келсе, алдыңғы күйеуімен ажырасқанын дәлелдеуі қажет. Бес рет сәтсіз тұрмысқа шыққанын елестете аласыз ба? Бұл әйелдің жаны қатты жараланған болса керек, ол неке қимастан-ақ ер адаммен бірге тұруғы дайын-ды. Өмірі қанбас шөлге толы. Рухы күйреген, алайда үміті әлі де болатын.

«Сонда әйел:

— Мырза, Сіздің пайғамбар екеніңізге көзім жетіп тұр! — деді» (19-аят).

Көпке дейін бұл мойындаудың маңызын түсінбейтінмін.

Самариялықтар Мұса жалғыз пайғамбар деп сенетін, демек, осы сөздерін айтып әйел мүлдем жаңа бір дүниеге қадам басты. «Бір пайғамбарды Құдайдың хабаршысы болғандықтан қабылдағандар сол пайғамбар алатын сыйға ие болады» (Матай 10:41), демек, Иса Мәсіхті Құдайдың пайғамбары ретінде қабылдаған сәтте әйел пайғамбар сыйына қол жеткізді.

Сонымен, пайғамбар сыйы неде? Менің ойымша, бұл сыйлықты көптеген жолдармен көрсетуге болады, алайда тірі ақиқатты ашудан қымбат ештеңе жоқ. Пайғамбарларды кейде көріпкел деп те атайды. Иса барған жерінде адамдардың көздерін ашып түсініктерін кеңейтетін. Әйел Исаны пайғамбар ретінде қабылдағанда, болашағына көз тастап, қай жерде ғибадат ету керегін сұрады. Ескі өмірі мен жолдарынан қаншалықты қажығанын елестету қиын емес. Самариялық әйелдің өмірінде жаңа кезең басталғалы жатыр. Енді ең бастысы ғибадат орны емес, кімге ғибадат еткені.

«Айтқаным илан: көктегі Әкеге не осы таудың басында, не Иерусалимде сиынбайтын замандарың келе жатыр» (21-аят).

Арамей тілінен аударылған «The Passion» нұсқасы осы аятты жаңаша көрсетеді:

«Қымбаттым, Әкеге бұл тауда да, Иерусалимде де емес, жүректеріңде ғибадат ететін уақыттарың келеді».

Ол Исаны пайғамбар ретінде құрметтейді және Иса оған «қымбаттым» деп жауап береді – бұл шындыққа сәйкес келеді де. Бұл сөз «сүйікті, қымбат, қалаулы, баға жетпес, құнды» дегенді білдіреді. Самариялық әйел осындай жылы сөзді соңғы рет қашан естіген екен? Иса әйелдің болашақ тағдырын меңзейтін сөз айтып күйреген жүрегі мен жаралы рухын сауықтырды.

Әлі күнге дейін Исаның әрбір қызын: «баға жетпес қымбаттым да сүйіктім, сеніміңді маған арта ғой, сенің де уақытың келді» деп

шақырғанын естудемін. Бір сәт кідіре тұрыңыз. Иеміз рухыңызға нелерді сыбырлап тұр?

Құдайға ең жақын қылар жер – тау шыңы да, қала іші де, тіпті, қауым ғимараты да емес. Құдайдың қасиетті құзырынан сізді ешкім ада ете алмайды. Еш қателігіңіз де сізді ішкі дүниеңізді мекендеген Құдайдан алшақтата алмайды. Жүрегіңіздің тереңінен шыққан ғибадатты Иса аңсауда. Киелі Жазба Құдай бізге өз дауысымыз іспетті жақын дейді.

«Сенім жолымен ақталу жөнінде былай делінген: “Бұл сөз саған өте жақын, ол ауызыңда және жүрегіңде”» (Рим. 10:8).

Хикаямыздағы әйел ғұмыр орының түбінде қалғанда Иса оған түбегейлі жаңа бір түсінік дарытты. Еш жермен шектелмейтін Құдай туралы естіген біреу бар ма? Қайда барса да, онымен кездесуге дайын Құдайды білген біреу бар ма? Бұл хабардың шаттығын елестетіп көріңізші. Әйел өз елінің болсын, еврейлердің ішінде болсын, аластатылған бірі-ді, алайда Тірі Құдай оның жүрегінен орын алды. Құдаймен тілдескенде әйел батыл түрде ақиқатын ашып салды, Құдай Ұлы да оған Өзін көрсетті. Әйелдің жасаған таңдаулары оны өмірдің шет жағасында қалдырған сияқты. Иса оны өмірге қайта кіруге шақырды.

«Сендер өздерің білмейтін Біреуге табынып келесіңдер, ал біз Кімге ғибадат етіп жүргенімізді білеміз, өйткені Құдай яһудилер арқылы адамзатты құтқармақ. Нағыз сиынушылардың Құдайдың Рухына кенеліп, Әкеге шындап мойынсұнып сиынатын уақыты болады, ол тіпті жетіп те қалды: Әке Өзіне осылай мойынсұнып сиынушыларды қалайды. Құдайдың Өзі — Рух. Сондықтан Оған сиынатындар Оның Рухына кенеліп, шындықпен сиынуға тиіс» (Джон. 4:22-24).

Шындықты айтып, Иса әйелдің ойында зор сұрақ тудырды. Ұстаздың сөздері рас болса, Жаратқан Ие әйелдің өзі сияқты Рухқа кенеліп, шындықпен сиынатын табынушыларды қалайды.

Исаның осы айтқанын қазір шындық деп білеміз. Алайда, сол заманда Исаның айтқандары мүлдем жаңа түсінік әкелді. Әйел Құдай Әке жайында бұндай сөзді бұрын еш естімеген болған шығар. «The Passion» аудармасы бұл туралы былай дейді:

«Бұдан былай Әкеге құлшылық ету дұрыс жерді емес, дұрыс жүректі таңдауға байланысты болады. Құдай — Рух, Ол Рух пен шындықта Оған ғибадат ететін шынайы ғибадат табынушылардың болғанын қалайды» (Жохан 4:22, 23).

Құдай хикаядағы әйелмен жақындықты аңсайтын, әйел де Жаратқан Иемен жақындыққа қол жеткізе алатын. Дін үстемдігінде өмір кешіп келген әйел енді үмітке ие болды деп санаймын. Не нәрсеге сенетінін әйелдің өзі де білмеді, жүрегі үміт пен таңырқаумен соқты, бірақ білгенін ол батыл айтты:

«Мәсіх деген Құтқарушы Патшамыздың келетінін білемін. Ол келгенде бізге бәрін ашық айтып береді» (25-аят).

Менің ойымша, әйелдің балаша сенімі Исаның көңілінен шықты. Ол бұдан былай шындық туралы ізгі хабарды одан жасырмады. Әйелден көз алмай Иса былай деп сыбырлайды:

«Сенімен сөйлесіп тұрған Мен Соның Өзімін» (26-тармақ).

Әйелдің Мәсіхтен күткенін Иса дәл орындады... Иса әйелге әйелдің өзі туралы шындықты ашты. Кейде Құдайымыз бәрін айтпай-ақ, бәрін ашып салады. Сабырлы бол, қымбаттым. Мәсіх ғибадатқа қатысты сұрақтарымызға жиі өзіміз туралы шындықты айту арқылы жауап береді. Бір соққымен ол ақымақ дәстүрлерді әшкерелеп, ақиқат семсерімен адамның үкімін кесіп тастайды. Су құмырасын тастай салып, Оның соңынан кім ермейді? Иса сондай. Ол ұятқа қалғандардан ұялмайды. Оларды қанатының астына алып, парызшылдар (кейде тіпті шәкірттер де) тыңдаудан бас тартқан маңызды шындықтарды ашады.

Бұл сәт өттіп кетті. Шәкірттері қайтып оралды да, Исаның қорлауға лайық әйелмен сөйлесіп тұрғанын көріп, шошып кетті. Алайда әйел енді адамдардың көзқарасына мән бере қоймас. Құдай құптағаннан кейін... адамның менсінбеуі деген не? Бір қызығы, шәкірттердің ешқайсысы самариялықтарды Исаға келуге шақырмады. Бірақ ол да бөгет емес-ті, Иса Самарияға басқа бір елшісін жіберген. Енді кездестірген әйел жайында Иса бірталай ойлап шыққан еді.

«Әйел су алатын ыдысын қоя салып, қалаға қайта оралды да, жұртқа: «Жүріңдер, менің құпия іс-әрекеттерімнің бәрін дәл айтып берген Кісіні көріңдер! Ол Құдай жіберген Мәсіх емес пе екен?» — деді. Сонда жұрт қаладан шығып, Исаға қарай бет алды» (28–30-аяттар).

Мұқият қарасақ, әйелдің сөздерін абайлап таңдағанын байқаймыз. Әйел Исаны пайғамбар атамады да яһуди екенін айтпады, ол осы екі жайттың да қала тұрғындарын Исадан кері беттете алатынын білетін. Жолдарын ашу үшін ол өз күәлігімен бөліседі. Хикаямыздағы әйел халықты Исаның сөзін тыңдауға шақырғаннан көрі Өзіне көз тастауға шақырады; бұл да өзіме өте ұнайды. Көзіміз ашық болса, көргеніміз – сенгеніміз демек, мұндайда басқалардың да көргендерін қалаймыз.

Маған Исаның басқа адамдардың көзінше қарапайым, бұзылған да лас болған әйелге қымбат, маңызды да қасиетті нәрсені ашқаны ұнайды. Қоғамда ең төмен сатыда тұрғандарға Құдайдың сырларын ашу арқылы Иса бәрімізге есік ашады. Сондықтан да бұл әйелдің хикаясын кітаптарымның көбісінде айтып өтемін. Иса мен әйелдің арасындағы сұхбаттың жаңа қырларына әрдайым тап боламын да ешқашан немқұрайлы күйде қалмаймын.

Көптеген жылдар бойы мен әйелді жоғалған жаннан маңызды да адал адамға айналдырған бұл сұхбатты сүйсініп оқимын. Әйелдің есімі тіпті Киелі Китапқа енбей қалғаны да көңіліме жағатын – осы хикаяны оқыған сайын бос орынға өз атымды

қойып көретінмін. Бұл есімінің «ағартушы» дегенді білдіретін Фотина екенін білгеніме дейін болды. Сол күні ол Самарияда Ізгі хабарды уағыздай бастады, алайда қызметінің ауқымы осы аймақпен ғана шектелмегенін өзіңіз де білесіз.

Арамыздағы көптеген адам терең құдық бола тұра, таяз өмір кешуде; Фотинаның әңгімесі сондайларға жұбаныш та жігер берсін. Жезөкше әйелдің пайғамбармен ғибадат туралы сөйлесуін басқаша қалай түсіндіре аласыз? Оның құдығы терең ғана емес... құрғақ та еді. Оның бес күйеуі де екі ұлы болатын, алайда шөлі еш қанбас-ты. Орасан зор әлеуетке ие бұл әйел жан дүниесінің тереңдігін түгелімен өткіншіге бұды.

Кенеттен бәрі өзгерді. Ол сый жайында хабар алды. Иса оған тіл қатқанда ол батылдықпен өмір суын сұрап өтінді. Таңғажайып Мәсіх оны түгелімен білді де шексіз сүйді. Сонымен, теңдесі жоқ Құдайдың қызы, Исаның шақыруына жауап беріп, тірі суынан ішіп, ізгі хабарды таратушы Фотина елшіге айналды; уақыты келгенде ол таймас табандылықпен тәуекелге бел бұды.

Өткен-кеткені бар әйел, Фотинаның жолын қуасың ба?

Ойлануға арналған сұрақтар

1. Өміріңізде Құдайдың құдіретіне деген шөл бар ма?
2. Фотина туралы әңгіме қандай әсер қалдырды?
3. Фотина — құдық басындағы самариялық әйел екенін білгенде, ойыңызға не келді? Бұл оқиғада біз үшін қандай уәде бар?
4. Терең құдық бола тұра, таяз ғана өмір сүресіз бе? Ол қай салаларда білінеді?

Бәсекесіз өмір

«Жаңа мақсат қоюға немесе жаңа нәрсені армандауға ешқашан тым қарт емессіз».

С.С.ЛЬЮИС

Батылдық пен Құдайға бағышталғандықтың тағы бір ежелгі хикаясын бөліскім келеді. Ертеде сұлу да жас Текла есімді күйеуге тимеген бір ару өмір сүріпті. Бір күні ол көрші үйде Пауыл елшінің Ізгі хабарды уағыздап жатқанын естіді. Пауыл жас жігіттер мен қыздарды пәктік пен ізгілік арқылы Мәсіхті мадақтауға шақырған кезде, ол мұқият тыңдайтын. Текла атастырылған еді, алайда елшінің сөздерінен кейін ол алдағы некеден бас тартып, күндерін Құдайдың даңқы үшін арнайтынын шешті. Пауыл елші сөзінің Теклаға сонша әсер еткенін білмеді. Арудың анасы мен болашақ күйеуі, шешімін дұрыс деп санамады. Олар ашулы халықты Пауылға қарсы айдап салу үшін бар байланыстары мен ықпалын пайдаланды. Нәтижесінде елші Кония басшылығының алдында сотқа тартылып, соңында түрмеге жабылды.

Қатты қайғырған Текла әшекей бұйымдарын жинап алып,

түрме күзетшілеріне сый ретінде ұсынды. Осылай хикаядағы ару Пауыл елшімен жеке кездесіп Ізгі хабарды тыңдап шықты. Арудың туыстары жоғалған қыздарын Пауылдың түрмесінен тауып алғанда, екеуін де қала билеушісінің алдына әкелді. Қамалдағылар елшіні қамшымен ұрып қаладан қуып шықты. Текланың анасы қызын сот алдына қойды, ару өлім жазасына кесілді. Текла зор бүлік шығарды. Басқа арулар Теклаға еліктемесін деп, басшылар Текланы отқа өртеуге үкім шығарды.

Текла өлім жазасына кесілерде, Пауыл елші мен басқа сенушілер қала сыртындағы үңгірлерге жиналып, бірлікте дұға етті. Текла бағанаға байланған болатын, от жағылған кезде айбар жалындар оған еш зақым келтірмеді. Қас қағымда бұрын-соңды болмаған бір дауыл басталып кетті. Нәсер аруды жалмап қояр болған жалынды сөндіріп тастады, сонымен, Текла сұмдық ажалдан аман қалды. Грек халқы бұны өздері сенген пұттардан келген керемет көрініс санап үрейге батып, аруды босатып қана қоймай, қалаларынан да қуып шықты. Баспанасыз қалған Текла басқа жер аударылған мәсіхшілерге қосылды да Пауыл елшімен бірге Антиохияға аттанбақ болды.

Қауым қалаға кірген бойда Ескендір есімді бір беделді адам Теклаға қызығып оны Пауыл елшіден сатып алмақ болды. Ниетін орындай алмаған ол енді аруды күшке салып тұтқындамақ болды. Алайда, Текла ар-намысы үшін жан аямай күресіп, Ескендірдің басынан лавр гүлдестесін түсіріп тастады да жұрт көзінше ары итеріп Құдай жаратылысына тиісуші болмасын деп бұйырды.

Ашулы Ескендір оны Антиохия билеушісіне сүйреп апарады. Тергеу кезінде Текла Александрдың киімін жыртып, қашып кетпек болғанын мойындады. Және тағы өлім жазасына кесілді. Үкімнің іске асуы келесі күнге жоспарланған болатын. Бұл жолы оны жабайы аңдар жыртып тастамақ-ты.

Бұл жайт Антиохия әйелдерінің көңілдерінен шықпады. Теклаға шығарылған үкім оларға әділетсіз көрінді. Римдік текті бір әйел арудың пәктігін сақтап қаламын деп Текла үшін түрмеде емес, өз

үйінде түнеп шығуға рұқсатты талап етті. Бір кеш ішінде әйелдер жақын дос болды.

Келесі күні таңертең Текланы шынжырмен байлап, қаһарлы арыстанның алдына алып бара жатқанда, егде әйел көзіне жас алды. Жалаңаш қыз арыстан мен аю алаңына итеріп шығарылғанда, жиналған жұрт зор шу көтерді. Ұрғашы арыстан бірінші тап берді. Ол аруға шауып барды да, шабуылдаудың орнына Текланың алдында қорғаныс ретінде тұрып алды.

Аю да шапқанда, ұрғашы арыстан оны аруға жолатпай жыртып өлтірді. Еркек арыстан шабуылға келесі шықты, бірақ ұрғашы арыстан аруды тағы да сақтап қалды. Шайқас екі арыстанның да өлімімен аяқталды, денелері арудың алдында құлап түсті. Ойын ұйымдыстырушылары басқа жануарларды босатты, бірақ жауыз аңдар бірінен соң бірі күтпеген жерден шегініп, шабуыл жасаудан бас тартты. Жаңа ғана гүрілдеп тұрған халықты Құдай алдындағы үрей кернеді. Жиналғандар үндемей қалды. Сонда Текла дауысын көтеріп, батылдықпен дұға ете бастады.

Қала әмірі орнынан тұрып, ойындарды тоқтатты. Ол алдындағы ару мен оған дарытқан күшті білуді қалады. Текла былай деп жауап берді: «Мен тірі Құдайдың қызметшісімін... Құдай толықтай риза болған көктен келген Мәсіхке сендім. Өйткені Құтқарушы да мәңгілік өмірдің бастауы да – жалғыз Ол... Оған сенбеген өмір сүрмейді...».

Әмірші аруды киіндіріп босатуды бұйырды. Жүздеген, тіпті мыңдаған адамдар сол күні Мәсіхті қабылдады. Қауымның алғашқы жылнамаларында сай, Антиохия әйелдері дауыстарынан қала қабырғалары шайқалғанша бірауыздан Құдайды мадақтады.

Текла ұзақ, толыққанды өмір сүрді де тоқсан жасында қайтыс болғанға дейін Ізгі хабарды уағыздады.

Батыл өмір

Текла есімді әйелді соншалықты күшті еткен не? Ол жалаңаш болды да ұялмады, өйткені Иса Мәсіхтегі аян арқылы өзінің шынайы болмысын білді. Өте жас сенуші болса да, Құдай

Патшалығының сенімді елшісі болды. Алаңда дұға етіп дауысын көтергенде, өлім алдында ерлік көрсетті. Толық киінсе де мінберде уағыз айтуына тыйым салатын батыл ару сол қанды алаңда жабайы аңдардың арасында жалаңаш тұрып, көптеген жанды Жаратқан Иеге қарай бағыттады. Осындай әңгімелерді оқығанымда, мен Хауа ананың күлімсірегенін елестеткенді ұнатамын (Сараның да шаттанатын шығар!). Хауа ана қауіпсіз Едем бағында жеңілсе де, Құдайдың рухани қайта туылған қыздары дұшпанның арасында жүріп жеңіске жетті.

Жұрт өлім жазасын тамашалауға келді, алайда тұтқын қыздың толығымен ақталғанына куә болды. Біздің өмірлеріміз осы мұраны жалғастыра берсін. Күнделікті құтқарылуымыз бен бүкіл болмысымыз тек Мәсіхте және Оның өзінде екенін жариялағанда, Құдайдың құдіретін қабылдай аламыз әрі Исаның қайта оралуын тездетеміз.

Киелі Кітап туралы адамзат тарихындағы кез келген уақытта білгенімізден гөрі бүгін көбірек білеміз. Бұл білім бізді қайда апарды? Ақпараттымыз жеткілікті, алайда өзгеріс жоқ сияқты. Өмірдің көптеген салаларында Құдай Сөзі мен Киелі Рухтың басшылығынан гөрі адамдар ақыл да әлеуетті маңыздырақ көреді деп қорқамын.

Алайда қалауым бұдан зор. Рухымда сезетінім – Киелі Рухтың тегілуі мен теңдесі жоқ егін ору.

Бұл күйреген дүние Құдайдың құдіретін көруге тиіс. Ертедегі қауым секілді дұға етер заманымыз келіп қалған шығар, бәлкім.

«Ал енді, уа, Иеміз, олардың қоқан-лоқысын көріп, құлдарыңа Сенің сөзіңді зор батылдықпен уағыздайтын күш бере гөр! Қолыңды созып ауруларды сауықтыра гөр, қасиетті Қызметшің Исаның атынан кереметтер мен ғажап істер жасап құдіретіңді көрсете гөр!» (Елшілердің істері 4: 29, 30).

Мұндай дұғалар не оқиғаларға себеп болды екен?

«Олар сиынып болғаннан кейін өздері жиналып отырған жер қозғалып кетті. Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Құдай сөзін батылдықпен уағыздады» (31-аят).

Құдай Сөзін батылдықпен, еш кедергісіз жариялайтын уақытымыз келді. Бір қарасақ, Текланың тап болған бөгеттері біздікілерден онша айыр емес. Ол өзінен ешкім күтпеген таңдау жасап, толығымен Құдайға бағышталған өмір сүруге шешім қабылдағанда, ашу-ыза пайда болды. Отбасы мүшелері оны тежеуге тырысты, үкімет оны сенімін өзгертуге мәжбүрледі, ер адамдар оны күшпен басқаруға әрі бүлік деп санаған қарсылықты басуға тырысты. Алайда осының бәріне қарамастан, Текла шынымен еркін болды. Ол үшін өмір де, өлім де маңызсыз, ол өзінің Жаратқан Иенің құлы екенін жақсы білетін.

Теңдесі жоқ өмір

Біз барлық жерде дауыл тасып тұрған күнде өмір сүріп жатырмыз. Кім екеніңізді, кімдікі екеніңізді білсеңіз... табандылық сақтап түрегеп тұра бересіз. Біз теңдесі жоқ өмірді, Киелі Рух қана дарыта алатын өмірді таңдадық.

«Біз Киелі Рухтың арқасында жаңа өмірге ие болғандай, Оның жетекшілігімен өмір сүре берейік. Жеке басымызды қастерлеп, бір-бірімізді ашуландырып, күндеуге жол бермейік!» (Ғал. 5:25, 26).

Ендеше бастағанымыздай аяқтайық. Бірегейлігіңізді түсіне отырып, рухқа сәйкес өмір сүре бастаңыз. Біреудің көшірмесі болмай-ақ қойыңыз. Көктегі Әке өміріңіздің ең маңызды сәттерін алғашқы деміңізді алғанға дейін жазып қойған. Ол өміріңізді тірі әріптерімен жазды. Өміріңізді сіздің орныңызға ешкім де кеше алмайды. Хикаяңыз шындық болатын кез келді. Өзіңіздің емес, басқаның өмірін сүрсеңіз, Киелі Рух сізге тапсырғанды орындай алмай, сізге арнағанынан ада қаласыз. Әрқайсымыздың өз жолымыз да тағдырымыз бар. Теңдесі жоқ өмір сүруді қаласаңыз,

Киелі Рухтың басшылығы өте маңызды. Рухпен өмір сүру – бұл бұлыңғыр ғана түсінік не қиял емес. Бұл рухани тәртіп пен жеке құлшылықтың көрінісі. Көңіл көтеру емес, Құдайға бағышталған өмір. Жеке және қоғамдық саладағы мойынсұнушылықтың әрбір қадамымен Құдай өміріңіздің мақсатын түсіндіреді де даусын одан да анық естуіңізге қабілет береді.



**Біреудің
көшірмесі болу
үшін жаратылған
жоқсыз.
Құдайдың
Ұлы үшін
жаратылдығыңыз.**

Өміріңіз бен оның әлеуеті – Құдай берген құралдарыңыз. Бар байлығыңыз да дарыныңыз бейтаныс адамдардың ой-пікірлері мен үміттерінің астына көміліп жатса, өкінішті-ақ. Жер бетінде көрермен сияқты ғана жүре бермеңіз. Өміріңізде Құдай орындамақ көптеген маңызды да қызықты жайттар бар. Бұған көзіңізді жеткізер уақыт келді.

Болашағыңыз – дәл осы сәт.

Сізде бары – уақыттың дәл қазіргі нүктесі. Ешқайсымызда ертеңгі күннің кепілі жоқ. Бірақ дәл осы нүкте, осы жер де қазір – толықты меншігіңіз, оны сізден ешкім де тартып алмас. Таңдауыңыздың күші де соншама, ол келешек өміріңізді түгелімен өзгерте алады.

Тағдырыңыз Құдіретті Құдайдың уәделеріне толы да таңғажайып. Алайда өміріңіздің кітабы ашылмай қалады деген де мүмкіндік бар. Ашсаңыз да, беттеріне еш мән бермей, бірінен біріне көше біруіңіз де әбден ықтимал. Пауыл елшінің ғалаттықтарға жазғанына көз салайық:

«Әркім өз іс-әрекетін тексерсін, сонда өзін басқалармен салыстырмай, жетістіктерін мақтан ете алады. Өйткені әр адам өз міндетін атқаруға тиіс» (Ғал. 6: 4, 5).

Басқа біреудің тағдырына үңілумен болсаңыз, өз болмысыңызды тереңінен танып білу қиынға соғар. Ал әлсіремей әрі қарай жүргіңіз келсе, «Өмір» деген бұл саяхатта

тағдырыңыздан әбден хабардар болуыңыз шарт.

«Сонымен парасатсыз емес, ақыл-парасатпен өмір сүруге ерекше ден қойыңдар: жақсылық жасауға әр мүмкіндікті пайдаланыңдар, себебі қазіргі күндер зұлымдыққа толы» (Ефес. 5:15, 16).

Уақытыңызды алдын ала жоспарламасаңыз, қажеттіліктер мен есеңгіреу арасында жоғалып жүргенмен өмір зымырап өтеді. Оқып болғаныңызда қолыңызға бірден қалам мен қағаз алыңыз. Уақытты тиімді және ұқыпты пайдалану жолдарын белгілеп алыңыз, күндеріңіз немен өтіп жүргенін біліңіз де армандайтын уақытыңызды қайтарып алыңыз.

Мақсат пен армандарыңызды мұқият реттеңіз. Теңдесі жоқ қыздар, нені армандайсыздар? Кенеттен өміріңіздің қызықсыз немесе қарапайым екенін байқай аласыз. Бірақ оның қазір қандай күйде екені маңызды емес. Құмарлығыңыз не? Оны жоғалтып алсаңыз, Құдайдың алдына келіп және оны қайта тапқанша қалыңыз. Ойыңызды да, жүрегіңізді де тазартыңыз. Серуенге барыңыз, мадақтау әндерін тыңдаңыз, ғибадат етіңіз, жаныңыздың қайнар көзімен қайта байланыс орнатыңыз.

Мақсат қою мен армандау үшін ешқашан тым кәрі, тым кедей, тым бай, тым білімді не тым білімсіз емессіз. Сонымен бірге, бұлар үшін ешқашан тым жас та емессіз.

Сенуші әйелдерге қарап, өмірлерінде де, қызметтерінде де орнаған құлпырауды көргенімде әбден таң қаламын. Бүгін майданымызда әдемі, батыл, құдайшыл қыздардың көп болғаны сонша, жүрегім үмітке толады. Мен болсам, тырысып жоғар қарай қозғала беруім жетер, кішкене шегінуім де болар деп жақында ғана ойлап едім. Сонда Киелі Рухтың былай дегенін естідім: «Олардың пайда болғаны сенің артқа шегінуің керек дегенді білдірмейді. Табанды бол да алға қарай жүре бер. Олардың сені артқа итеруін жоспарлаған жоқпын, олар сені алға ғана итерсін».

Алға жылжуым әрдайым біркелкі бола бермейді, алайда

Құдайдың: «Басыңды төмен қарат та қолыңды төмен түсір» дегенін ешқашан естіген емеспін. Ол қайта: «Жоғары шық. Жігеріңді сақтап қал!» дейді. Құдайдың қыздары бірлікте болғанда, Жаратқан Иенің ұлылығы көрініс табады.

Ендеше, сүйіктім, мен сізбен құмарлығымды бөлісейін. Құмарлығым – сіз! Майланған Мәсіхтің сізде көрінуі үшін дұға етемін де мен еңбек сіңіремін. Бастапқыда жалғыз өзіңізге сеніп тапсырылғанды табу үшін, Құдай керектің бәрін берді. Мен сізге ең маңызды ізденісте — Иемізді іздеуде көмектескім келеді. Осы кітапты жазған кезде тым ауқымды тақырыпты қамтуға бел бұғанымды түсіндім – біз бәсекелестердің пайдамызға таласқан күні өмір сүріп жатырмыз. Пауыл елші басқа заманда өмір сүрді, алайда ол жақсы көретін қауым бірдей шайқастарды бастан өткерді.

«Сендерді Құдай берген қамқорлықпен қызғыштай қорғап келемін. Өздеріңді бір-ақ «Күйеу» — Мәсікке «айттырып қойдым», әрі пәк таза «қыз күйлеріңде» ұзатқым келеді. Өзәзіл жыланның құлықпен Хауа ананы алдап, азғырғанындай, кейбіреулер сендердің де ой-саналарыңды Мәсікке деген адалдық пен пәк берілгендіктеріңнен ауытқытып жүрмесін деп уайымдаймын. Себебі, біреулер сендерге келіп, біз уағыздағаннан өзге «Исаны» уағыздағанда, немесе өздерің қабылдаған Киелі Рухтан өзге рухты, яки қабыл алған Ізгі хабардан басқа біреуін насихаттағанда, сендер бұның бәріне оңайлықпен көне кетесіңдер» (Қор. 2-хат 11:2–4).

Киелі кітаптың «The Message» аудармасында былай жазылған:

«Мені ренжітетін де мен сонша уайымдайтын нәрсе — ішімде жанып тұрған Құдайдың құмарлығы! Иса Мәсіх үшін сендерді таза да кінәратсыз қалыңдық санап, сендерді Иеміз Исаға атастырып қойдым. Енді Хауа ананы жұмсақ сөздерімен алдаған сол бір жылан сендерді де арбап, Мәсікке деген сүйіспеншіліктеріңнің қарапайым тазалығынан алыстатып жібере ме деп қорқамын. Біреу сендерге біз ашқаннан басқа

Мәсіхті уағыздағандай – ал бұл деген басқа рухы бар басқа хабар. Сол жалған хабарға сеніп жүрген сияқтысыңдар».

Мені ана немесе әже ретінде тыңдаңыз: сіз ымыраға келу үшін, басқалардай болу үшін жаратылған жоқсыз. Жаратушы өзінің бірегейлігін сіздің ДНҚ-ға тоқыды. Тек сіз әлемге Оның сүйіспеншілігі мен даңқының қайталанбас көрінісін бере аласыз және мұның жемістері мен сыйлары мәңгілікке жалғасады.

Мәңгілік тәждер

Осы кітаптың басында сіздің кім екеніңізді, Құдайдың кім екенін және бізге берілген құралдарды пайдалана отырып, Онымен қалай жақын қарым-қатынас құруға болатынын түсіндірдім. Бізді Құдайдың болмысына ортақтас ететін өлшеусіз және құнды уәделерден басқа, билікті бейнелейтін әшекейлеріміз де бар.

Тарихы бар зергерлік бұйымдарды әсіресе ұнатамын. Неке жүзіктерім отбасымыздың тарихын бейнелейді. Ұлдарымның әрқайсысының дүниеге келгенінде сыйға алған жүзіктерім бар. Семсерге ұқсайтын алқам және жебе тәрізді білезігім бар. Қыздарша күресуді бейнелейтін тағы бір білезік те бар. Өмірімдегі маңызды оқиғаларға немесе өзгерістерге орай достарым сыйлаған зергерлік бұйымдарым бар. Сыйдың мағынасы мен берілген уақытына қарай ол зергерлік бұйым немесе жай әшекей болады.

Ханна Харнارد жазған «Маралдың шыңға көтерілуі» («Hinds' Feet on High Places») атты мәсіхшілік романды аса ұнатамын. Бұл шығарманы алғаш рет жиырма жасымда оқыдым, алайда ол әлі күнге дейін көз алдымда. Балаларыма оны жасөспірім кездерінде оқып бердім, қажет болғанда қазір де оқимын. Бұл шығарма жүрегінде қорқыныш болған жас қыздың үйден биіктерге, тауларға аттанғаны мен кемел сүйіспеншіліктің қорқынышты ығыстырып шығуы туралы. Саяхатында жас ару көптеген жайттар пен сынақтардан өтеді. Қиындыққа тап болған әр жерде құрбандық орнын тұрғызып, бір тас теріп, саяхатын жалғастырады. Бір

кезде көңілі түсіп, Құдайдың уәдесі соншалықты алыс болып көрінгендіктен, ол құрбандық жерінің тастарын пайдасыз нәрсе ретінде тастап кете жаздайды. Алайда біраз ой толғап, кейіпкеріміз тастарын ары қарай алып жүруге бел буады; онысы дұрыс болып шықты да – тастардың әрқайсысы соңында арудың киетін тәжінің бір әшекейіне айналады.

Киелі Жазба зерттеушілері Киелі Кітапта айтылған бес ерекше тәж бар деп есептейді. Күнәміз бен ұятымызды Мәсіхтің әділдігіне айырбастаған кезде әділдік тәжін аламыз. Қоршаған жайттарға қарамастан Құдайға құлшылық етіп, оны дәріптейтіндер үшін Қуаныш тәжі бар. Иеміздің керемет оралуын табанды күтетіндерге Даңқ тәжі беріледі. Кітаптың соңғы бірнеше бетінде қалған екі тәж туралы көбірек айтқым келеді.

Солмайтын тәж

Ол туралы Қорынттықтарға арналған бірінші хатта айтылған (9:24–27):

«Жарысқа түскен жүйріктердің бәрі жүгіріп, біреуі ғана жүлдеге ие болатынын білесіңдер. Сендер де «жұлдеге» ие болатындай Мәсіхтің жолымен «жүгіріңдер»! Әрбір жарыскер барлық жағынан қатаң ұстамдылық танытады. Оның алғысы келетіні — кейінірек солып қалатын гүлдестесі ғана, ал біздің алатынымыз — мәңгі солмайтын «жеңіс тәжі»! Сондықтан мен мақсатсыз жүгіріп жүрген жоқпын, жұдырығымен ауаны босқа ұрған боксшы сияқты да емеспін. Қайта, басқаларды рухани күреске шақырған мен «жұлде» бөліскенде құр алақан қалмау үшін, тәнімді ауыртпалықтарға душар еткізіп, өзіме бағындырып жатырмын».

Бұл тәж – жарыста алынған сый. Жарыста қалай жүгіретінімізге жаттыққанымыз әсер етеді. Жаттығу қызық емес, алайда ол жарыстан шығып қалу немесе жеңілу сияқты жағымсыз емес. Көп жағдайда жаттықтырушымыз – Киелі Рух.

«Осылай Құдайдың Киелі Рухын ренжітуден аулақ болыңдар! Онымен «таңбаландыңдар»: өмірлеріңнен орын алған Киелі Рух — бір күні жамандық атаулыдан азат етілулеріңнің кепілі» (Ефес. 4:30).

Не істесек те, еріктіміз, бірақ барлығы тиімді емес. Барлығы жарыста жеңуге көмектеспейтіні сияқты, бәрі де тақуа өмірге апармайды. Жарыста жақсы жүгіру үшін не керек екенін Құдай біледі. Қашан тезірек, қашан жайырақ жүгіру керектігін біледі. Кімге еріп, кімнен аулақ болу керектігін біледі. Оның нұсқауларын орындасақ, жеңеміз. Өткінші нәрсе үшін жарыспай, мәңгілікке ұмтыламыз.

«Жер бетінде өздеріңе дүние-байлық жинамаңдар! Оларды күйе жеп, тот басады немесе ұры бұзып кіріп, ұрлап кетеді. Қайта, өздеріңе байлықты көкте жинаңдар! Сол жерде оны не күйе жемейді, не тот та баспайды, ұры да бұзып кіріп, ұрлап кетпейді. Байлықтарың қайда болса, жүректерің де сонда» (Матай 6:19–21).

Жүрегіңіз көкте болса, жұмаққа жол табасыз. Қазынаңыз жүрегіңізде сақталып, сүйіспеншілікпен қорғалған. Сөздерге, идеяларға, кітаптарға, ойларға, әлеуметтік байланыстарға, сұлулыққа, шығармашылық пен даналыққа толы әлемде өмір сүреміз. Мұның көбі нағыз керемет. Алайда қауіпті бір нәрсе де бар, ол сізді міндетті түрде сүйреп әкетуге тырысады, сізге қысым түсіреді; бір сәтте жарысыңызды толығымен тастап кетуіңіз мүмкін. Құдай Сөзі былай деп ескертеді:

«Осы күнәлі дүниені және ондағы еш нәрсені сүймеңдер! Осы дүниені сүйгендердің көктегі Әкеге сүйіспеншілігі жоқ. Себебі осы дүниеге тән нәрселердің бәрі: күнәкар адамның құмарлықтары, көзінің қомағайлығы әрі тұрмысына мастануы көктегі Әкеден емес, осы дүниеден бастау алған. Осы дүние мен оның ләззаты өткінші, ал Құдайдың еркін орындаушылар мәңгі өмір сүреді» (Жоханның 1-хаты 2:15–17).

Міне, осының бәрі бізді бұ дүниемен байланыстырады.

Бұл дүниенің құмарлықтары үшке бөлінеді:

1. Тән құмарлығы немесе нәрселердің біз дегендей болуын қалау.
2. Көздің қомағайлығы немесе көзімізге түскеннің барлығын қалау.
3. Тұрмысқа мақтану немесе маңызды болып көрінуге ұмтылу.

Әрқайсымыз осы үшеуінің кем дегенде біреуімен күресетін боламыз. Олар өміріңізде сансыз жолмен көріне алады және олардың әрқайсысы өміріңіздің әртүрлі уақыттарында әртүрлі қалыпта болады. Күйеуім екеуіміз алғаш үйленіп, әлі балалы болмаған кезде өзімшіл болатынмын. Бәрінің меніңше болғанын қалайтынмын және дүкенде көргенімнің бәрін дерлік сатып алуға дайын едім десем, сізді алдамайтын шығармын. Құдайға шүкір, жиіркенішті мінез-құлқымды ынталандыратын ақшамыз жоқ еді, алайда әрдайым қызығар нәрселерге көзім түсетін және оларды қолға түсіруге тырысатынмын. Бұдан кейін үш балалы болдым, кейінгі бес жылдың ішінде тек қалағаным біраз ұйықтап алу болатын! Маңызды болып көріну ниетіне келсек, жасым ұлғайған сайын отбасымның, достарымның және бірнеше рухани қыздарымның алдындағы құндылығымды сезінуім жеткілікті деп ойлаймын.

Көбінесе мінез-құлқымызға әсер ететін бұл құмарлықтар мәңгілік алдында түкке тұрғысыз дүниеге байланысты.

Барлығы: БАҚ, музыка, жарнама және ойын-сауық тән құмарлығын қоздыруға бағытталған. Адамзат тарихында ешқашан бейтаныс адамдарға осыншама жақын болған емеспіз. Адамдар көзімен көріп отырған достарымен, туыстарымен қарым-қатынас жасауда қиындық көрсе, көрінбейтін Құдаймен қарым-қатынастың олар үшін үлкен сынақ болуы ғажап емес.

«Құдайдың еркін орындайтын адам мәңгі өмір сүреді»
(Жоханның 1-хаты 2:17).

Дүниеден ажырау үшін өз еркімізден бас тартамыз да Құдайдың еркін қабылдаймыз. Осы қауіпті байланыстардан емді Құдайымыздан табамыз.

«Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, бар күш-қуатыңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!» (Лұқа 10:27).

Өміріңізде Құдайға деген сүйіспеншілік мол болғанда, бұл дүниенің азғыруы азаяды. Құдай туралы ойланып, сүйіспеншілігіне берілгенімде, өзіме қарапайым қарайтынымды байқаймын. Өзіме қарапайым қарасам, айналадағыларымды жақсы көремін. Құдайға назар аударғанымда, басқаларға сүйіспеншілік танытқанымда, бос нәрселерді қууды қоямын, қарым-қатынасыма көңілім тояды.

«Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады» (Жақып 4:4).

Кейде Киелі Кітапты байыппен қабылдаймыз ба әлде оның рақымдылықпен тапсырылған міндетімізге қатысы болмай қалды ма деп ойлаймын. Адамның Жаратушысына қарсы шығуды саналы түрде таңдағанын елестету қиын. Пауыл елші заңда да, рақымда да өмір сүргісі келетін неке адалдығын бұзушылармен кездескен. Жақып елшінің бұл сөзі Жаратқан Иемен келісімдері бар, алайда, Лұт іспетті, бұ дүниемен араласатындарға арналған.

Назар аударыңыз, бұл ауысу жай ғана әлеммен дос болу ниетінен басталады, дәлірек айтсақ, дүниеге деген төзімділікпен. Жақып бұл жерде нақты не айтып тұр? Бұ дүниеде досқа ие болу, тіпті, дүниесал адамдармен дос болу күнакар дүниенің өзімен дос болумен бірдей емес. Әлемнің досы болуымыз керек, алайда күнәкар дүниемен достықтан аулақ болайық. Біріншісі біздің әлем халқына деген көзқарасымызды көрсетсе, екіншісі күнәкар құндылықтар жүйесімен достықты білдіреді. Сізге үстем болғанның үстінен ешқашан билік жүргізе алмайсыз. Біз дүниенің

күнәкар құндылықтарына ортақтасуға емес, дүниеге жанашырлық көрсетуге борыштымыз.

Бұл деген мынаны білдіреді:

1. Дүниемен бірге шешінудің орнына дүниенің жалаңаштарын киіндіру.
2. Дүниенің күнәсіна ашығудың орнына күнакар дүниенің ашынғандарын тойдыру.
3. Дүниемен төсек бөлісудің орнына керемет сауығудың елшісі болып, ауруынан қиналған дүниенің төсек басында отыру.
4. Адамдармен жеке деңгейде қарым-қатынас жасағанда да, Құдай Патшалығының өсиеттерін құрметтейтін елшілері ретінде әрекет ету. Бұл деген қарым-қатынастарға сын болатын күннің келетінін білдіреді.

Солмайтын тәжді алу үшін бәсекеден бас тартып, Құдайды сүйеге, басқаларды сүйеге және өзімізді сүйеге деген Құдайдың әмірін қабылдауымыз керек.

Өмір тәжі

Ақырында, соңғы тәж – өмір тәжі. Шамасы, оны азапталушы тәжі деп те атауға болады. Бұл тәжді еврей тілінде «сенім әкелері» аталған Киелі Кітап кейіпкерлері алды. Олардың ішінде Степан, Петір және есімдері белгісіз Мәсіхтің басқа да көптеген ізбасарлары. Осы адамдар барларын аямастан берді. Өмір тәжі теңдесі жоқ құнға алынады.

«Өлімге дейін Маған адал бол, сонда саған «мәңгілік өмір тәжін» сыйлаймын. Құлағы барлар Киелі Рухтың қауымдарға айтқандарын жақсылап тыңдап алсын! Жеңіп шыққан әркім «екінші өлімнен» зиян көрмейді» (Аян 2:10, 11).

Киелі Кітаптың «The Message» аудармасында бұл қалай жазылғанын ұнатамын: «Саған арналған да өзіңе шақ қылып

жасалған өмір тәжім бар, уақыты келгенде оған ие боласың».

Көп адамның жүрегі қорқыныштан су болатын заманда өмір сүрудеміз. Қатыгездік, ауру, аштық пен соғыс өлім қорқынышын туады. Жала жабу, айыптау, құдалау адам қорқынышын тудырады. Шайтанның бізді әрекетсіздік тұңғиығына батырғысы келетіні және бізді үнемі өзімізді қорғауға мәжбүрлейтіні анық. Ол Нерон сияқты бізді бір жағынан қатыгездікпен де сұмдықпен таң қалдырса, екінші жағынан байлық пен азғындықпен азғырмақ. Жауымыз құндықтың басында тұрып, ішіне тиын тастап, бос тілекпен ғана мәңгі шектелгенімізді қалайды. Алайда бұл тәжді алғысы келген терең суға сүңгуге тиіс.

Жақында бір күнде үш қорқынышты оқиғаға тап болдым. Екеуін рухани қызымның әлеуметтік парақшасынан оқыдым. Отбасымен бірге ол Израильдегі жыныстық құлдықпен күресіп жатқан ұйымды басқарды. Бірінші мақалада өз өмірлерін қиған жүз елуге жуық жас қыздар мен әйелдер жайында оқыдым. Барлығын ДАИШ лаңкестік ұйымыны тұтқындап, жыныстық құл ретінде ұстаған. Лаңкестер онсыз да ауыр (рухани де физикалық) жарақатқа қорлау қосу үшін тұтқындарының денелерін иттерге жем қылыпты. Өз көзіме сенбей, хабарламаны талай рет қайталап оқыдым. Мұндай ашық та ұятсыз зұлымдық қалай ғана жүзеге асты?! Осы жолдарды жазғанда көз алдымда бір сурет пайда болады: иттер жас әйелдердің денесін айуандықпен жыртып жатыр. Қиялым салған суреттерді көргенде үрейленіп, Аян кітабындағы сөздерді есіме алдым:

«Айдаһар әйелге долданып, оның өзге де ұрпақтарымен, яғни Құдайдың бұйрықтарына бағынып, Исаның шынайы хабарына адал болып жүргендерімен, шайқасуға аттанды» (Аян 12:17).

Мұндай әрекеттер адамның дәті бармайтын асқан қатыгездік... Бұған тек қаһарлы айдаһар ғана қабілетті. Бұл қаһар Иеміздің



**Бұл тәжді алғысы
келген терең суға
сүңгуге тиіс**

өсиеттерін орындайтын және Исаның куәлігін берік ұстанатын әйел мен балаларына бағытталған (Аян 12:17, «The Message» аудармасы). Соңғы он күнде бұл сурет мен үшін күңгірттеніп, орасан мөлшерге жетті.

Келесі мақалада Құран жаттаған еркектерді жыныстық құлдармен марапаттау туралы сөз болды. Кәпірлерді зорлау ғибадатпен теңестірілді. Оқып отырған кітабыңыз басылымға шыққанша бұл сұмдық жайттардың орнын одан бетер қатыгез қорлық басады деп үрейленемін.

Үшінші оқиға жұмыс электрондық адресіме келді. Қудалау немесе кедейлік адамдардың мәсіхшілік ақпаратқа қол жеткізуін шектейтін елдерде тегін мәсіхшілік медиа қорын ұйымдастырған бір негізгі қызметкеріміз бар. Таяу Шығыста жұмыс істейтін батыл достарымыздың бірі Сириядағы бауырластарымызға жасалған шабуылда қаза тапты. Бұл адамның қандай жағдайда қайтыс болғанын түсіндіріп, олар бізге былай деп жазды: «Біреулер көп берсе, басқалары бәрін береді».

Бұл жаңалыққа әбден таң қалдым. Кездесуге келе жатып, қызметтесіміздің кенеттен жесір қалған әйеліне ойша хат жазуға тырыстым. Не жазсам да, хатым өмірі мен жағдайын қорлау сияқты көрінетінін сездім. «Кешіріңіз» деу тым үстірт көрінді, «рахмет» деу бұл жағдайда орынсыз еді. Оған шейіт болуды білмей, үйде қауіпсіз отырып хат жазатынымды түсіндім. Қолымда әрқашан мәсіхшілік әуендер мен ғибадат бар, мәсіхшілік кітаптар мен Киелі Кітаптар толып жатыр. Қоймаларым тамаққа, шкафым киімге толы; немерелеріме қарасам, олар Мәсіхтегі бауырластарымыздың осындай азапты бастан кешіріп жатқанын білмей күліп ойнайды.

Ұялдым. Кенеттен өмірім бұзылғандай болды, өмірім бос қабықшадан қымбат емес, мен білгенім де иемденгенім кенеттен немерелерім үрлеген сабын көпіршіктері сияқты салмақсыз болды. Біреуге қоңырау шалғым келді. Ішімде толғанған сұрақтардың ешқайсысына жауап бере алмаса да, басымнан өткенімді түсінетін жасы үлкен, ақылды әйелге.

«Неге» деген сұрақтарыма шек жоқ-ты. Мұхиттың арғы жағындағы әйелдер тағы бір сәт өмір сүргенше, өмірлерін қиюға дайын тұрғанда, менде неге соншама нәрсе бар? Әділдік қайда? Бастан өткерген сол бір ауырсыну жайында бірдеңе жасағым келді. Салыстыра бастадым. Мұндай қарама-қайшылықты сезінудің кінәсі жоқ, алайда салыстыру езімен өзі еш пайдасыз. Бұл сұрақтарға жауап жоқ. Айдаһарға айналған жылан мен оның ықпалымен бір-біріне зұлымдық жасайтын адамдар бар. Сонда менде таңдау бар екенін түсіндім. Осы ашулы сұрақтарды қоя беру немесе өмірімдегі сұрақ белгілерінің леп белгісіне ауысуына жол беру арасында тұрғанымды түсіндім. Көз жасымды сұрттім де олардың өмірі мен үшін грамматика сабағы болып, өміріме тыныс белгілерін дұрыс қоюға көмектеседі деп шештім.

Мұндай қуғын-сүргін оқиғалары жаңалық емес — әр ғасырда бұндай жайттар бір емес, бірнеше рет болған. Елу бестегі мен жауап бере алмайтын сұрақтардың жауабын білетін әйелге айналуым тиіс. Негізінде мағынасы жоқ нәрсеге жастың бір өзі мән бере алмайды. Біз қазірдің өзінде мәреге жеттік, біздің күндеріміздегі оқиғалар мәңгілікті одан да салтанатты етеді. Сондықтан да мұндай мүмкіндік бар кезде аянбай еңбек еткеніміз абзал. Бұл оқиға мәңгілікте ғана мағынаға ие болады, бірақ әзірше, осы жерде және қазір дұға ете аламыз және жүрегіміз бәсекелестіктен, көреалмаушылықтан және салыстырудан таза болса, Құдай дұғаларымызды естиді деп сене аламыз.

«Бәріміз біртұтас рухани денеміз, Құдайдың Рухы да Біреу, сол сияқты Құдай сендерді шақырғанда бірдей үміт берді. Иеміз бір, бір сенімдеміз, шомылдыру рәсіміміз де бірдей. Барлығымыздың бір Құдай Әкеміз бар, Ол бәрімізден үстем және бәріміз арқылы әрекет етіп, бәріміздің жүрегімізден орын алды. Ал әрқайсымызға Мәсіхтің рақым етіп үлестіріп берген ерекше рухани дарындарымыз бар» (Ефес. 4:4—7).

Өз өміріңізді сүріңіз!

Бізге көп нәрсе берілді: біздің қайталанбас көзқарасымыз – сыйлығымыз, көргеніміз бен бастан кешіргеніміздің бәрі – тағы бір сыйлық. Таңдауымыз бар. Мұның бәріне бізді басып кетуіне жол беріп ештеңе істеместен бір орында отыра бере аламыз. Өмірдің бұл сыйлықтарын ұсақ-түйек ретінде қарастырып, көңілімізді қалдыра аламыз. Немесе бастан кешкен сәттердің құдіретіне ой жүгіртіп, алға жылжып, таңғажайып өмір сүре аламыз.

Соңғы он жылда жан тәрбиесінен гөрі арыстандар, қылыштар, айқыш арқалаған әйелдер мен арулар туралы, қыздарша күресу, көз жасы төгілгенше сүю туралы көбірек жаздым. Енді осы жолдарды жаза отырып, ішіңізде бүркелген орасан зор әлеует жүзеге асады деп үміттенемін. Себебі:

Теңдесі жоқ өмір сүруге шақырылған Құдайдың қызысыз.

Теңдесі жоқ Әкенің сүйіспеншілігіне иесіз.

Теңдесі жоқ заманда өмір сүріп жатырсыз.

Теңдесі жоқ елде тудыңыз.

Теңдесі жоқ құрбандық құнымен ақталдыңыз.

Сізге теңдесі жоқ есім сеніп тапсырылды.

Теңдесі жоқ рухани құдіретке иесіз.

Теңдесі жоқ тілде сөйлейсіз.

Теңдесі жоқ Дененің бөлігісіз.

Құдай сізге теңдесі жоқ тапсырма берді.

Теңдесі жоқ қаруға иесіз.

Теңдесі жоқ соғыста күресіп жатырсыз.

Теңдесі жоқ дұға етуге шақырылдыңыз.

Теңдесі жоқ егін оруға тағайындалдық, сондықтан да бәріміз теңдесі жоқ мүмкіндіктерге ие болдық.

Тағдырымыз – теңдесі жоқ мәңгілік.

Сұлулықпен, күшпен, ізгілікпен, ұлылықпен теңдесі жоқ өмір сүрейік... Біреулер көп берсе, басқалары бәрін береді.

Иеміздің алдында тұрыңыз, үмітіңіз нұрлансын, Оған адал қызмет етіңіз және Оны әрқашан және барлық жерде сүйіңіз. Өйткені, сіз, әпкем де досым, теңдесі жоқ тағдырға иесіз. Ендеше, сүйіспеншіліктен туған батылдықпен жүріп, тағдырыңызды батыл да табанды түрде жүзеге асырыңыз!

Ойлануға арналған сұрақтар

1. Текланың әңгімесінен не түйдіңіз?
2. Күнәкар дүниемен дос болу мен әлемнің досы болудың айырмашылығы неде?
3. Өміріңіздің қай салаларында тыныс белгілерін өзгерту керек?
4. Теңдесі жоқ өміріңізді қарсы алу үшін қандай қадам жасайсыз?

АЛҒЫСТАР

Әрқайсымыз қаншалық сүйікті де қымбат екенімізді түсінсек, әлемнің қандай болатынын елестетіп көріңіз. «Бәсекеден тыс» кітабында Лиза Бивер Құдай бізді сүйетінін әрі бізді теңдессіз жаратқанын біліп түсінуге шақырады. Тура осы себептен Құдайдың жоспарын орындауға әрқайсымыздың маңызды да шешуші рөлі бар. Бұл кітап Құдайдың Өзіне ұмтылуға және Оның сізге тапсырғанын орындауға шақырады.

– **Холли Вагнер**, бағушы және автор

Мәдениетіміз өздерінің кім екенін білмейтін, ол сұрақтың жауабын қате жерден іздеп жүрген, адасқан жандарға толы. Бұл кітап – ерлер мен әйелдерге өздерінің кім екенін көрсететін рухани қайнар көзге жол көрсететін компас. Біз Құдайдыкіміз. Ол бізді таңдап алды. Ол бізді ерекше жақсы көреді. Лиза осы мәңгілік ақиқаттарды тамаша түсіндірді. Бұл кітапты оқуыңыз керек!

– **Бреди Бойд**, Колорадо Спрингстегі «New Life Church» қауымының бағушысы, «*Addicted to Busy*» кітабының авторы

«Бәсекеден тыс» кітабында Лиза Бивер Құдай бізді кім қылып жаратқаны туралы терең ақиқатты көрсетіп, Құдай әрқайсымызды өз алдына жеке, қайталанбас түрде жақсы көретінін керемет

түсіндірді. Осы кітапты оқығаннан кейін Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігіне күмән келтірмейсіз.

– **Крис Ходжис**, «Church of Highlands» қауымының аға бағушысы және «*Fresh Air*», «*Four Cups*» кітаптарының авторы.

Жеке өміріңізде кризис болса, бұл кітап бәрін өзгертеді. Мәсіхпен тығыз байланысқанда, кім екенімізді анық түсініп, іштей өзгертін боламыз. Өзімізді қорғауға тырысудың орнына Құдайдың керемет жоспарынан өз орнымызды табамыз.

– **Шейла Уолш**, «*God Loves Broken People*» кітабының авторы және «*Women of Faith*» конференциясының спикеры.

«Бәсекеден тыс» кітабы маңызды ақиқаттарды ашып түсіндіреді. Ол осы ұрпаққа айтарлықтай ықпал ететініне сенімдімін. Лиза Бивер Құдайдың сүйіспеншілігін жаңаша суреттейді. Бұл бейненің сұлу да көрікті болғаны сонша, ол әр оқырманды сүйсіндіреді. Осы тамаша кітапты оқығанда, Құдайдың өзіңізге деген сүйіспеншілігін барған сайын жақсырақ түсінетін боласыз, сонымен қатар өз болмысыңыз Құдайдан табылатынына көз жеткізесіз.

– **Мэтью Барнетт**, «*Dream Center*» негізін қалаушылардың бірі

«Бәсекеден тыс» кітабы барлығымызға Құдайдың сүйіспеншілігін еске салады. Лиза бұл тақырыпты жаңаша қырынан ашып, ойын шеберлікпен жеткізді. Бұл шынымен әр оқырманға шабыт беретін кітап.

– **Кэролайн Барнетт**, «*Dream Center*» бағушыларының бірі

Күнде өзімізді басқалармен салыстырып, жарысып жатқанда, осы кітапты әр ана, қыз, бағушы және дос оқысын деймін. Өзімізді бір-бірімізбен салыстырудың орнына қол ұстасатын кез келді. Бір-бірімізге шыдаудың орнына, бірге қуанатын кез

келді. Бәсекелестеріміз жоқ. Сондықтан, әркімге табысқа жетуге мүмкіндік берейік.

– **Шарлот Гамбилл**, «LIFE Church» қауымының аға бағушысы, Бредфорд, Ұлыбритания

Қолыңыздан түк келмейді деп ойласаңыз, мақсатыңыз жоқ болса, «Бәсекеден тыс» кітабы ішіңіздегі критиктің үнін өшіреді. Айналадағы жағдай қандай болса да, Құдай сізді қанағат тауып өмір сүру үшін жаратқан. Өзіңізді басқалармен салыстыруға бой бермеңіз.

– **Бағушылар Стивен және Холли Фуртик**, «Elevation Church» қауымы

Сіз – Құдайдың керемет, бірегей жаратылысы екеніңізді түсінсеңіз, одан азаттық және сенімділік туады. Құдайдың сізге тапсырғанын орындау үшін қажеттің бәрі сізде бар екенін Лиза осы кітабында түсіндіреді.

– **Виктория Остин**, Хьюстон, Техастағы «Lakewood Church» қауымында бағушылардың бірі

Лизаның «Бәсекеден тыс» кітабы Мәсіхпен тығыз байланыста кім екеніңізді түсінуге көмектеседі. Кітап көрегендік пен Құдайдың даналығына толы. Ол Құдайдың сізге берген қайталанбас тапсырмасын орындау үшін қажет құралдарды беріп, шабыттандырады. Құдай тағдырыңыз туралы не дейтініне сәйкес өмір сүргіңіз келсе, бұл кітап сізге арналған! Шынымен оны оқуға кеңес беремін.

– **Крис Валлотон**, Реддинг, Калифорниядағы «Bethel Church» қауымында бағушының көмекшісі

Лиза Бивер – көп жылғы досымыз. Оның «Бәсекеден тыс» кітабында бөліскен даналығы көбіне азаттық әкеледі деп

сенеміз. Осы кітапты оқи отырып, мінәжат етіңіз. Құдай өзіңізді басқалармен салыстырудан азат етсін, сізді кім етіп жаратқанын ашып көрсетсін және оны қабылдауға көмектессін.

– **Джеймс Робисон**, «LIFE Outreach International» негізін қалаушысы және президенті

Лизаны жақсы көремін. Оның айтатыны өте өзекті. Осы кітапты бәрі оқып, оның хабарына сенсін деймін. Кім екеніңізді түсіну, әрі басқаларға мұқтаж екеніңізді білу өте маңызды. Бұл кітап сізді нығайтады. Құдай Әкеңіз шынымен кім екеніңізді көрсетіп, күш береді.

– **Дженн Джонсон**, «Bethel Music» мадақтау тобының жетекшісі және әндердің авторы

«Бәсекеден тыс» кітабы – үлкенді-кішіліні оянуға шақыратын тамаша кітап. Әрқайсымызды Құдай теңдессіз сүйеді деген хабар өте маңызды. Кітаптың әр бетінде Лизаның құлшынысы мен ынтасы сезіледі.

– **Алли Уортингтон**, «*Breaking busy*» кітабының авторы

Лизаның өте батыл, Киелі Рух берген сөзі әйелдерді өздерін басқалармен салыстырудан, менмендіктен және көреалмаушылықтан босатады. Ол уағыздағанына сәйкес өмір сүреді. Иса Мәсіхтің меншігі болғанда, бәсекеге түспейсіз.

– **Сара Бесси**, «*Jesus Feminist*» және «*Out of Sorts*» кітаптарының авторы

Лизаның жаңа кітабы — үлкен қазына! Құдай алақанымен бетімізді Өзіне бұрып, баяу да нық үнмен «Мен сені сүйемін» дегендей.

– **Лиза Харпер**, Киелі Кітап ұстазы және автор

Жүрегіңіз бен жаныңыз рухани өсіп-жетілсін, сау болсын десеңіз, Құдайға меншікті екеніңізді түсіну, Құдайдың отбасындағы ерекше орныңызды білу және Мәсіхтің мінезінен хабардар болу өте маңызды. Лиза Бивердің Киелі Кітап ақиқаттарын түсіндіруге деген керемет қабілеті бар. Мәңгілік қағидаларға келгенде, Лизаның ол туралы өзіне жеке ашылған аяны да бар. Өзіңіздің кім екеніңізді біліп қана қоймай, бәсекелесі жоқ құдіретті Құтқарушымыз Құдайдың кім екенін білетін боласыз.

– **Брайан және Бобби Хьюстон**, «Hillsong» дүниежүзілік қауымының негізін қалаушылары мен аға бағушылары

Әлемде әйелдерге өздерін бір-бірімен салыстыру мен бәсекелестік тән. Осындай әлемде Лиза Бивер жүрегімізге жақын келіп, «Құдайдың қызы, сен қымбатсың, себебі қайталанбас түрде сүйіктісің» деп сыбырайды. Осы сөзде қамқорлық, жұбату, нығайту, сауықтыруды сеземін. «Бәсекеден тыс» кітабы салыстыруды қажетсіз қылады. Құдай Әкеміздің жүрегіне еніп кетіп, Оның құшағына кірген сияқты боламыз. Қарым-қатынасын тереңдеткісі келетін, мақсатқа ұмтылатын, өзінің кім екенін білгісі келетін әр әйел осы кітапты оқуға міндетті.

– **Криста Блэк Глиффорд**, «*God Loves Ugly*» және «*Heart Made Whole*» кітаптарының авторы, уағыздаушы, марапат алған әндер авторы.

Лиза Бивердің жаңа «Бәсекеден тыс» кітабы Құдайдың әрқайсымызға деген қайталанбас сүйіспеншілігін тамаша сипаттайды. Бұл кітап Құдай бізді бірегей етіп жаратқандықтан және Өзіне байланыстырып керемет болмыс бергендіктен, бәсекелестеріміз жоқ екенін есімізге салады. Осы кітапты барлығы оқу керек!

– **Джентезен Франклин**, «Free Chapel» қауымының аға бағушысы, «New York Times–қа» сәйкес ең көп сатылған кітап жазған автор

Жан құрбым Лиза Бивер тағы да керемет нәрсе істеді. «Бәсекеден тыс» кітабы – күшті, пайғамбарлық, шабыт беретін кітап. Ол сіздің кім екеніңізді, Құдайдың қызы ретінде кімдікі екеніңізді ашып көрсетуге көмектеседі. Өзіңіз білетін барлық әйелдерге осы кітапты сыйлаңыз — мен де солай істеймін.

– **Кристин Кейн**, «A21» және «Propel Women» негізін қалаушысы

Құдай бізді бірдей емес, әрқайсымызды ерекше жақсы көреді. «Бәсекеден тыс» кітабында Лиза күш беретін, мақсат табуға көмектесетін ақиқаттарды ашып көрсетеді.

- **Марк Беттерсон**, «New York Times–қа» сәйкес ең көп сатылған «*The Circle Maker*» кітабының авторы, «National Community Church» қауымының бағушысы

СЕМСЕР ҰСТАҒАН ҚЫЗДАР

Семсеріңді ерлікпен алып жүр



Құдайдың Сөзі – семсер. Алайда, оны қолданудан гөрі зерттеуге бейіміз. Әйелдердің қолына семсер ұстататып, жер бетіне Аспан Патшалығын паш етуге мүмкіндік беретін кез келді. Әйелдерге деген теріс көзқарас бүкіл әлемде кең тараған. Әйелдер құқығын таптау, зорлық-зомбылық, қыздарды сексуалдық құлдыққа сату әлі жойылған жоқ. Әйелдердің өткен шақта кім болғаны маңызды емес, болашағы маңызды. Лиза Бивердің айтуынша, әйел затына деген өршеленген шабуыл олардың жарқын болашағын жоюды көздейді. «Семсер ұстаған қыздар» кітабында автор дұшпанның әйел затын барлық салада қарусыз қалдыруға тырысып бағатынын көрсетеді. Құдай әйелдерді батыр етіп жаратқан. Батылдық, көрегендік, кешірімділік, даналық берген. Қолымызға семсер алып, нағыз қаһарман болатын кезіміз келді.

АНА-АРЫСТАННЫҢ ОЯНУЫ

Оян да, әлемді өзгерт



Ана-арыстанның ұйқыдан оянуы – айбат пен әсем сұлулықтың тамаша бейнесі. Айналасындағы дүниеге иелік ету, жас ұрпақты қорғау, арыстанға шабыт сыйлау – ана-арыстанның табиғатында бар нәрселер. Бір үйірдегі ұрғашы арыстандар қашанда бірлесе әрекет етіп, айналасына ықпалын таратады.

Сіз де – ана-арыстансыз.


“Ана-арыстанның оянуы” кітабында Лиза Бивер ана-арыстанның өмірі мен бейнесін мықты да нәзік әйелдің баламасы ретінде ұсынады. Ғажап жаратылған арыстандардың өмірінің біз білмеген сырларын ашып, Лиза әйелдерді бір-біріне қамқор болуға, Құдайдың аманатын орындауға, мінәжатта табанды болуға шақырады. Кітаптағы жолдау әлсіздерді қорғауға, дәрменсіздердің сөзін сөйлуге жетелейді.

Тұз тағысының өмірінен көрнекті мысалдар келтіре отырып, Киелі Кітаптағы ана-арыстан туралы аяттарға терең үңіле отырып, “Ана-арыстанның оянуы” кітабы әйелдерді бірігіп, Жер бетіне Құдайдың құдіретін таратуға шақырады.

Мәсіх Яһуда руынан шыққан Арыстан болса, біз – ұйқыдан оянған ана-арыстандармыз.

X MessengerX

Барлық жерде, барлығына қолжетімді шәкіртшілік жол.




- Әлемнің 125-тен астам тіліне аударылған тегін материалдар
- Қосымшада және онлайн көруге болады
- Рухани өсіп-жетілуіңізге арналған ресурстар
- Шәкіртшілік өсу жолыңызды саралаңыз



Шәкіртшілік материалдары, электрондық кітаптары, аудиокітаптары, қысқа фильмдері, бейнесабақтары, Киелі Кітаптары және тағы басқасы бар «Мессенджердің» кітапханасына толығымен қол жеткізіңіз. Оны барлық құрылғыларыңыздан көріп, оқып, тыңдай аласыз.

MessengerX.com



Кез-келген жерде App Store және Google Play-ден жүктеп алуға болады

«Мәсіхпен тығыз байланысқанда кім болатынымыз үшін соғыс жүріп жатыр. «Бәсекеден тыс» кітабы осы бірегей мәртебемізді ашып көрсетеді».

— ДЖОЙС МАЙЕР

Киелі Кітап ұстазы және бестселлер жазған автор

Басқаларды бәсекелес ретінде көретініміз, басқалармен салыстырып өзімізді шектейтініміз бекер емес. Санамызға, еркімізге, сезімімізге қауіп төндіретін жау бар. Ол бізді өзімізге және жанымыздағыларға қарсы шығарғысы келеді. Осылайша жақындарымыздан алыстап, өз даралығымыз бен мақсатымыздан көз жазып қаламыз.

«Бәсекеден тыс» кітабында бірнеше бестселлердің авторы Лиза Бивер Құдайдың сүйіспеншілігі осы шырмауды қалай бұзатынын түсіндіреді. Басқаларды бәсекелес ретінде көруді доғарып, Жаратушыңызбен терең қарым-қатынас орнатуды үйренесіз. Бұл қарым-қатынас шынайы даралық пен жақындық туралы уәдені еске түсіреді. Осы Киелі Кітапқа негізделген тәлімде біздің заманда өзекті пайғамбарлық даналық бар. Лиза әзілмен әрі құлшыныспен сізді жігерлендіретін болады.

- Бәсекені артқа тастап, бойыңыздағы ең жақсы қасиеттерді көрсетіңіз.
- Кейбір әңгімелерге қатысуыңыз керек. Олардан қашуды қойыңыз.
- «Әйелдер түкке жарамайды, сенгіш, алаңғасар» деген сөзді теріске шығарыңыз.
- Ерлер мен әйелдер арасындағы бәсекеден бас тартып, ерлермен қатар еңбектеніңіз.

Алға қадам басып, бәсекеден тыс өмір сүретін кез келді.

Шыншыл, әсерлі, әзілді мәнерде **Лиза Бивер** Киелі Кітап ақиқатын іс жүзіндегі қолданыспен үйлестіріп түсіндіреді. Оның «Қыздарша күрес», «Ана арыстанның оянуы» және «Семсер ұстаған қыздар» атты кітаптары 65-тен астам тілге аударылып, дүниежүзінде миллиондаған данасы тарайды. Лиза және жұбайы Джон бестселлер кітаптар жазып, «Messenger International» қызметінің негізін қалады.



MessengerX.com-нан көбірек біліңіз



Бұл кітап – автордың сыйлығы.
Сатуға арналмаған.

Көбірек біліңіз неге ме?
Сканерлеңіз.

